

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

УДК 94(510) “1978/2021”

Қолжазба құқығында

АСЫЛ МӨЛДІР БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

ҚХР-ның модернизациясы жағдайында «сяокан» қоғамын құру үдерісі

8D02209 – Шығыстану (тарих ғылымдары)

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер

Отандық кеңесші:
PhD Д.Б. Дәуен

Шетелдік кеңесші:
PhD Ян Сяоцзюн
ҚХР, Гонконг қаласы

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1. «СЯОКАН ҚОҒАМЫ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ.....	20
1.1 Социалистік модернизация саясатының теориялық негіздерінің қалыптасуының алғышарттары: негізгі концепциялар мен идеялар.....	20
1.2 ҚХР-да социалистік модернизацияның ішкі саясатта жүзеге асырылуы және «сяокан» мақсатының қойылуы.....	32
1.3 «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасының тарихи қайнаркөзі мен заманауи интерпретациясы.....	48
2. ҚХР-ДА «СЯОКАН ҚОҒАМЫН» ҚҰРУ ҮДЕРІСІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	72
2.1 «Сяокан қоғамын» құрудың әлеуметтік-экономикалық факторлары.....	72
2.2 «Сяокан қоғамын» құру аясында кедейлікпен күрес саясатының жүзеге асырылуы	90
2.3 «Сяокан қоғамын» құрудың саяси аспектісі	101
3. ҚХР-ДА «СЯОКАН ҚОҒАМЫН» ҚҰРУ ҮДЕРІСІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ТӘЖІРИБЕСІ.....	115
3.1 Қытайда «сяокан қоғамын» құрудың негізгі нәтижелері мен қытайлық қоғамның болашақ даму бағыты.....	115
3.2 «Сяокан қоғамын» құру үдерісінің Қазақстан үшін тәжірибесі.....	135
ҚОРЫТЫНДЫ	146
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	150

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда келесі терминдер сәйкес анықтамаларымен қолданылады:

Модернизация – артта қалған елдердің алдыңғы қатардағы елдердің деңгейіне жетуге бағытталған мемлекеттің саясаты.

Социализм – әлеуметтік теңдік пен әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізуге бағытталған саяси, әлеуметтік және экономикалық философия.

Қытайлық ерекшелігі бар социализм – ғылыми социализмге, ғылыми коммунизмге және экономикалық теорияға негізделген Қытай Коммунистік партиясының ресми идеологиясының атауы, экономикада мемлекеттің едәуір үлесінің болуымен сипатталады, бірақ сонымен бірге нарықтық экономиканың барлық белгілері бар.

Датун – (Ұлы Бірігу) онтологиялық және әлеуметтік-саяси мағынаға ие қытай философиясының термині.

Эгалитаризм – әлеуметтік теңдік принципінің бір түрі; үкімет қызметінде әлеуметтік теңдік пен әлеуметтік саясат басымдық болып табылатын баршаға ортақ берекелі мемлекет теориясының негізгі қағидасы.

Қос жүзжылдық мақсаттары – ҚКП құрылуының 100-жылдығы мен ҚХР құрылуының 100-жылдығына арналып ұсынылған мақсаттар.

Қытайлық арман – Қытай Халық Республикасының ұраны және қазіргі таңдағы әлеуметтік-саяси бағыты.

Ортақ баю – әлеуметтік теңдік пен экономикалық әділдікті нығайтуды мақсат етіп қойған ҚКП ұраны.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚХР	– Қытай Халық Республикасы
ҚКП	– Қытай Коммунистік партиясы
ЖІӨ	– Жалпы ішкі өнім
ЖҰӨ	– Жалпы ұлттық өнім
ҚКП ОК	– Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитеті
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар ұйымы
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
БХӨЖ	– Бүкілқытайлық халықтар өкілдерінің жиналысы
COVID-19	– COronaVIrus Disease 2019
HDI	– Human Development Index (адамзаттың даму индексы)

КІРІСПЕ

Ғылыми жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысы Қытай Халық Республикасында жүзеге асырылып отырған социалистік модернизацияның концептуалдық жағына ерекше мән бере отырып, қытайлық ерекшелігі бар социализмді құрудың идеологиялық өзегі болып табылатын «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын зерттеуге арналады. Аталмыш диссертациялық жұмыс «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын зерттеудің жүйелі және кешенді ізденісі, сонымен қатар ҚХР-да «сяокан қоғамын» құру үдерісінің нәтижелерін жан-жақты талдауға арналған жұмысы болып табылады.

Диссертация тақырыбының өзектілігі.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі «дамушы Қытай» феноменімен байланысты. Ұлттық деңгейде жүзеге асырылып отырған модернизацияның қытайлық үлгісі ғылыми ортада өзіне деген зерттеушілік қызығушылықты арттыруда. 1978 жылдан бері қытайлық ерекшелігі бар социализм теориясына негізделіп жүргізіліп келе жатқан модернизация саясаты ресми түрде «социалистік модернизация» атына ие болып, қытайлық қоғамның бейнесін түбегейлі өзгертті. Модернизация барысында Қытай қарқынды дамуды көрсетіп, тарихи қысқа уақыт ішінде әлеуметтік және экономикалық салаларда үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Бұл жетістіктер модернизацияның батыстық үлгісінен бас тартып, дәстүрлерге негізделген қоғам мен мемлекеттің дамуының өзіндік моделінің қалыптасуының нәтижесінде мүмкін болды. Қытайды модернизациялаудың мемлекеттік саясаты марксизм-ленинизм идеяларына, батыстық ғылымға және дәстүрлі қытайлық философиялық ілімдерге арқа сүйеуде. Экономика мен әлеуметтік-саяси жүйені модернизациялау барысында қытайлық қоғамның заманауи моделі қалыптасты. Ол конфуцийшілдік дәстүр мен инновацияларды тиімді үйлестіре алды. Аталмыш модельдің негізгі қағидасына сай, Қытайдың мемлекеттік саясатының маңызды мақсаттарының бірі – конфуциандық «сяокан» идеалын жүзеге асыру болды. Конфуциандық «сяокан» идеалы қытайлық қоғамды саяси, экономикалық және мәдени модернизациялаудың стратегиялық жоспарларының негізін қалады.

«Сяокан қоғамы» тұжырымдамасы – орта дәулетті және үйлесімді қоғам құруға бағытталған қытайлық саяси және әлеуметтік дискурсының концепциясы. Социалистік модернизация контекстінде алғаш рет Дэн Сяопинмен қолданылған бұл дәстүрлі ұғым 1980-ші жылдардан бері Қытайдың ішкі әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясының басты мақсаты ретінде қарастырылуда. Бұл мақсатқа жету үшін ҚКП экономикалық, әлеуметтік, саяси және экологиялық аспектілерді қамтитын қоғамның барлық салаларында бірқатар саяси шаралар мен стратегияларды жүзеге асырды. Нәтижесінде, Қытай азаматтарының әл-ауқаты жақсарып, 2021 жылы 1 шілде күні Қытай Коммунистік партиясының құрылуының 100-жылдық мерейтойында ҚХР төрағасы Си Цзиньпин ресми түрде «бірінші жүзжылдықтың» мақсаты – «сяокан қоғамының» құрылысы аяқталғандығын жариялады [1]. Қытайдың мемлекеттік ЖІӨ көрсеткіші 101,6 трлн юань құрап, жан басына шаққандағы

ЖІӨ көрсеткіші 10 мың АҚШ долларынан асып, абсолютті кедейлік толығымен жойылды. Қытай кедей елден «орта дәулет қоғамына» өтудің тарихи трансформациясын ресми түрде аяқтады. Жоғарыда айтылғандар негізінде «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын ғылыми тұрғыдан зерделеу, оның негізгі ерекшеліктері мен тарихи мәртебесін, құрылуы барысында қытайлық қоғамда пайда болған қайшылықты мәселелерді сараптау зерттеудің өзектілігін құрайды. Бұл бүгінгі Қытайдың әлеуметтік-саяси өмірінің ерекшеліктерін тереңінен түсінуге сөзсіз ықпал етеді. Қытайлық қоғамның аталмыш моделінің ерекшеліктерін және теориялық негіздерін зерттеу ғылыми қауымдастықтың қызығушылығын тудыруда. Біріншіден, тәжірибе жүзінде іске асырылған әлеуметтік-экономикалық дамудың тиімді моделі ретінде. Екіншіден, Қытайдың орталықтанған экономикасының социалистік нарықтық экономика жүйесіне көшудің бірегей тәжірибесі ретінде.

«Сяокан қоғамы» концептісін зерттеу бірнеше себептерге байланысты ғылыми маңыздылыққа ие:

Біріншіден, «сяокан» ұғымы ғылыми ортада пайда болмаса да, оны таза саяси ұран ретінде ғана қабылдау үлкен қате. Бұл ұғымды Қытайды түсінуде сараптау үшін қолданылатын құрал ретінде қолданса болады, себебі дәстүрлі ұғымдар мен қағидалардың елдің модернизациясы мен трансформациясына тигізген әсерін тереңінен сараптаусыз бүгінгі таңда Қытайда орын алып жатқан модернизациялық үдерістердің мәнін және жүргізілген әлеуметтік-экономикалық реформалардың берген нәтижелерін ұғыну мүмкін емес. «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасын зерттеу арқылы Қытайдың даму траекториясын түсінуге, дамудың қазіргі деңгейіне Қытай қалайша жеткендігін ұғынуға болады.

Екіншіден, Дэн Сяопиннің «сяокан қоғамы» туралы көзқарасы мен кейінгі басшылардың бұл тұжырымдаманы дамытуы отандық тарихнамада кешенді тұрғыдан зерттелмеген. Көбінде «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы қарапайым деңгейде – мемлекеттің және жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткішінің статистикасына байланыстырылады. Ал шын мәнінде «сяокан қоғамы» тұжырымдамасының мазмұны шынайы саяси мақсаттармен тікелей байланысты және өз кезегінде Қытайдың ішкі дамуының басты күнтәртібінде тұрған, экономикалық дамудан тыс, әлеуметтік дамуды және адамдардың әл-ауқатының көтерілуін анықтайтын кешенді, кең мағыналы, терең мәнді тұжырымдама болып табылады.

Үшіншіден, Қытай дәстүрлі құндылықтары мен заманауи әлеуметтік-саяси жүйесі өзара синтезге түскен күрделі мемлекет болғандықтан, оның әлеуметтік және мәдени контекстісін тереңінен түсіну Қазақстан-Қытай арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың нығаюына үлкен септігін тигізеді. Қазақстан «Бір жол, бір белдеу» бастамасы аясында Қытаймен экономикалық байланыстарын нығайту бойынша жұмыс жүргізіп отырғандықтан және аймақтық тұрақтылық көрші елдердің, оның ішінде Қытайдың тұрақтылығына тәуелді болғандықтан, Қытайдың ішкі саясатының басымдылық бағыттарын жақсы біліп, сыртқы саясатына әсерін дұрыс бағалай білу және болжамдау алу

аса маңызды. Осы тұрғыдан Қытайдың ішкі реформаларының перспективаларын дұрыс деңгейде сараптай алу Қазақстанның Қытай тарапына қатысты саясатын ұтымды қалыптастыруға және екі жақты ынтымақтастықты дұрыс бағытта дамытуға көмегі тиері анық.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін құрайтын тағы бір мәселе – Қазақстан Республикасының өз ішінде модернизациялық үдерістердің бірқалыпты, бірізді өтпеуі. Егемендік алған кезеңнен бастап Қазақстан экономика жағынан ғана емес, әлеуметтік жағынан да ауыр кезеңді басынан кешіруде. Республикамыз үшін экономикалық жетістіктер мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдікті таба білу, халықтың тұрмыс деңгейін көтеру өте маңызды. Қоғамымыздың әлеуметтік жағдайы үкімет алдында әлеуметтік мемлекет құрудың моделін таңдау және алдыға қойылған мақсат – халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын көтерудің құралдарын анықтау мәселесін қойып отыр. Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылғандар мен қоғамның қорғалмаған топтарының өсу қаупі әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламасын қалыптастырудың және сәтті іске асырудың маңыздылығын арттыруда. Еліміз үшін өзге елдердегі жағдаймен танысып, әлемдік теориялық және практикалық тәжірибе негізінде «әл-ауқат қоғамының» ұлттық моделін құрастыру көкейкесті мәселенің бірі. Бұл саладағы Қытайдың тәжірибесі Қазақстан ғылымы мен әлеуметтік тәжірибесі үшін өте құнды.

«Сяокан қоғамы» тұжырымдамасы әлеуметтік аспекті ретінде және қоғамдық дамудың мемлекеттік стратегиясының негізі тұрғысынан аз зерттелгендіктен, жүйелі және кешенді жұмыстардың жетіспеушілігі себебінен зерттеу жұмысымыздың өзектілігін арттыра түсуде. Көтерілген мәселелерді жаңа тұрғыдан түсіну терең ғылыми талдаулардың қажеттілігін тұғызды және аталмыш тақырыпты таңдауға негіз болды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі.

Зерттеу жұмысын орындау барысында диссертациялық тақырыбымызға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері қарастырылып, сарапталды. Қытай Халық Республикасындағы (ҚХР) социалистік модернизация мен «сяокан қоғамын» құру мәселесі экономика, саясаттану, әлеуметтану, тарих, шығыстану сияқты әртүрлі салалардағы ғалымдардың зерттеу қызығушылығын тудырған мәселе және модернизация теориясы мен қытайлық ерекшелігі бар социализм теориясының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Тақырып аясында жүргізілген зерттеулер негізінен мамандандырылған сипатта және жеке аспектілер бойынша ғана жүргізілген.

Социалистік модернизация мен «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын ғылыми тұрғыдан зерттеу бірінші кезекте Қытайдың өз ішінде кеңінен жүргізілуде. Тақырыбымыздың ерекшелігіне байланысты зерттеу барысында Қытай Коммунистік партиясының құжаттары, партияның және мемлекеттің жоғарғы деңгейдегі қайраткерлерінің жинақтары мен ресми мәлімдемелері аса маңызды болды. Партиялық құжаттар социалистік модернизация үдерісінің, қытайлық ерекшелігі бар социализм құрылысының және «сяокан қоғамын» құрудың маңызды тұстарын ашып көрсететін ресми құжаттар болып табылады.

Зерттеу тақырыбы бойынша бірінші кезекте Дэн Сяопиннің ғылыми тұжырымдары іргелі маңыздылыққа ие. Дэн Сяопин теориясында саяси идеологияның дамуы, экономикалық философия, және басқа да көптеген аспектілер бойынша ойларды бөліп қарастыруға болады. Даму туралы Дэн Сяопин ойының негізін ҚХР модернизациясының социалистік сипаты, саясат пен экономиканың бірлігі туралы тұжырымдары қалайды. Бұл тұжырымдар Қытай дамуының социалистік жолының кепілдігі болғаны даусыз. 1979 жылы Дэн Сяопин алғаш рет «сяокан» ұғымын модернизацияның мақсаты ретінде қолдануы үкіметтің жұмысшы бөлімдерінің және ғылыми қауымдастықтың «сяокан» мәселесін теориялық тұрғыдан кең зерттеулеріне ықпал жасады. 1990-шы жылдары Қытай «вэньбао» деңгейіне жетіп, ресми түрде «сяокан» деңгейіне өтуді жариялағанда «сяокан қоғамы» мәселесіне зерттеушілік қызығушылық арта түсті. Қытайдың қоғамдық ғылымдар академиясының Әлеуметтану институты (CASS) «сяокан» ұғымының мазмұны, индекс жүйесі мен сандық стандарттары сияқты мәселелер бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бірқатар зерттеу еңбектерін жариялады. 1991 жылдан бастап Мемлекеттік статистикалық бюро да «сяокан қоғамының» көрсеткіштері бойынша зерттеу жүргізіп, 1992 жылы «Қытайдың сяокан көрсеткіштері» (中国小康标准) атты «сяокан» деңгейінің алғашқы индекстерін жариялады. Нәтижесінде «сяокан» ұғымының мазмұны, Дэн Сяопин теориясындағы орны, «сяокан қоғамы» тұжырымдамасының индекс жүйесі мен сандық стандарттары бойынша кең ауқымды теориялық ізденістер жүргізіліп, практикалық жұмыс үшін ауқымды база қалыптасты [2-8].

Қытайдың ғылыми ортасында «сяокан» тақырыбы Дэн Сяопин теориясы шеңберінде және марксизмнің қытайлануы тұрғысынан кең зерттелуде. Қазіргі қытайлық зерттеушілердің жұмыстарына қарастыратын болсақ, қытайлық ғалым Ху Аньган [9-10], Чжан И [11], Джо Люнг (梁祖彬), Сие Фучжан, Чжу Сяньчэнь, Ши Вэйлей және т.б. еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Ху Аньган өзінің «Қытай 2020: жан-жақты сяокан қоғамын құру» (2020 中国: 全面建成小康社会) атты еңбегінде Қытай дамуының стратегиясының қалыптасуы қандай бағытта жүріп жатқандығы жайлы түсінік беріп, «сяокан қоғамын» құру үдерісін сипаттауда негізгі 3 факторға ерекше көңіл бөледі: 1) модернизациялық факторлардың барған сайын күшеюі; 2) социализм факторларының үздіксіз күшеюі; 3) қытайлық мәдениет факторының пайдаланылуы [9]. Одан бөлек, автор «сяокан қоғамы» мақсатына жету үшін экономикалық даму әдістерінің трансформациясын жылдамдатып, мемлекеттік қызметтердің деңгейін аймақтар бойынша теңестіру қажеттілігін атап өтеді. 2021 жылы Ху Аньган басшылығымен «2050: Қытай ұлы модернизацияланған социалистік мемлекет» (2050 China Becoming a Great Modern Socialist Country) деген еңбек жарық көрді [10]. Бұл еңбекте авторлар Қытайдың социалистік модернизацияға апаратын жолының факторлары мен артықшылықтарын талдап, дамудың мақсаты мен Қытайдың модернизациясының негізгі логикасын зерттеп көрсеткен.

Қытай қоғамдық ғылымдар академиясының Әлеуметтік даму бойынша ұлттық институтының директоры Чжан И өзінің зерттеулерінде «сяокан қоғамы» концепциясы Қытайдың 1990-шы жылдардан бастап модернизацияны жүзеге асыруда маңызды басқарушылық қағида болғанын көрсетіп, бұл концепция материалдық дамумен шектеліп, Қытайдың дамуға деген қажеттілігін толықтай ашып көрсете алмады деп баға береді [11].

Чжу Сяньчэнь «Жалпыдан құрылғанға қарай: сяокан қоғамы идеясының логикалық даму жолы» (从“总体”到“建成”:小康社会思想的逻辑进路) [12] атты еңбегінде «сяокан» тұжырымдамасының эволюциясы қытайлық қоғамның дамуына негізделгендігін және теорияның сублимациясынан практиканың инновациясына, содан кейін теорияның дамуына байланысты екендігін атап өтеді. Ши Вэйлей өзінің «Орта табысты топ және сяокан қоғамы» (中等收入阶层与小康社会) [13] мақаласында «сяокан қоғамы» шын мәнісінде орта табысты қоғам екендігін түсіндіріп, «сяокан қоғамының» құрылуы орта таптың дамуына негіз қалыптастырып жатқандығын ашып көрсетеді.

Қытайлық ғалымдар Ян Чанфу, Хуан Сяолин және Лю Аньлинь мақалаларында [14-15] ҚКП-ның идеологиялық саясатының маңыздылығы, партияның «сяокан қоғамын» құру жолында атқарған істері мен негізгі бағыттарды жан-жақты қарастырылған. «Сяокан қоғамын» құрудың мақсаты саяси құрылысты да қамтитындығын айта отырып, авторлар партия мен мемлекет адамдардың қанағатын «сяокан қоғамының» негізгі стандарты ретінде қарастыру қажеттілігіне екпін қояды. Яғни заманға сай жаңа технологияларды пайдалана отырып әділ үкімет құруға тырысуы қажет деп көрсетеді. Цай Бей [16] болса өзінің мақаласында ҚКП-ның «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын жаңа билеуші идеология ретінде қолдануының мотивтерін ашып көрсетеді. Жалпы алғанда, Қытайлық ғалымдардың еңбектері мәселені «іштен» тануға жақсы негіз болғанымен, қытайлық ғалымдардың көзқарасы негізінен ресми мемлекеттік позиция мен идеологияны қайталауда.

«Сяокан» тұжырымдамасын Қытайдың модернизациясы контекстінде кеңінен зерттеп келе жатқан шетелдік ғалымдардың ішінен ресейлік ғалымдар тобын ерекше атап кету қажет. Себебі аталмыш тақырып аясында ғылыми зерттеулер саны жағынан Қытайдан кейін екінші орынды алатын ғылыми еңбектер ресейлік қытайтану аясында жүргізілген. Қытай модернизациясының мәселелері Я. М. Бергер [17], О. Н. Борох [18], А. В. Виноградов [19], Л. П. Делюсин [20], А. В. Ломанов, Э. П. Пивоварова, М. Л. Титаренко [21], Л. С. Васильев, А. Е. Лукьянов [22], В. В. Малявин, Л. С. Переломов [23-25], Д. Е. Мартынов [27], Д. Смирнов [28] және тағы басқа көптеген авторлардың еңбектерінде кеңінен қарастырылады. М. Л. Титаренко өз зерттеулерінде қытайлық реформаларды сараптап, сәтті өтуінің факторлары ретінде халыққа түсінікті реформа мақсаттарының қойылуын, саяси тұрақтылықты және ұлттық бірегейлікті нығайтуды көрсетеді.

Дәстүрлі конфуцийшілдіктің модернизациялық саясатқа әсерін Д. Е. Мартынов пен Л. С. Переломов тереңінен зерттеп көрсеткен. Д. Е. Мартынов өз еңбегінде қытайлық басшылық әр тарихи кезеңде орын алып жатқан

элеуметтік-мәдени дағдарыстан конфуцийшілдіктен қалған архаикалық формаларды пайдалана отырып оларға теориялық жаңашылдықтар енгізу арқылы шығып отырған деген тұжырым жасайды [27]. Ал Л.С.Переломов ҚХР үкіметінің антиконфуцийшілдік бағыттан конфуцийшілдікті қолдауға бетбұрысының себептерін жан-жақты сараптай келе Қытай модернизациясы «конфуцийшілдік социализм» құруға бағытталғандығын айтып, дәстүрлі конфуцийшілдік идеология реформалар саясатының, сондай-ақ, өзінде социалистік және дәстүрлі негіздерді біріктіретін Қытайдың қоғамдық даму бағытының қалыптасуына үлкен ықпал еткендігін ашып көрсетеді [23-24].

Қытайдың модернизациялық моделін сараптау және бағалау бойынша ғылыми жарияланымдар ішінен Л.В.Виноградовтың [19] жұмысы өзіне ерекше назар аударады. Зерттеу жұмысы XIX ғасыр аяғынан бастап XXI ғасыр басына дейінгі тарихи кезеңді қамтығанымен, 1978 жылдан басталған модернизациялық үдеріс тек ғылыми-теориялық аспектілер тұрғысынан ғана қарастырылып, бұл үдерістің практикалық жағынан тым аз мән беріледі.

Қытайдың модернизациясы аясында нақты «сяокан» тұжырымдамасының мәні мен мағынасын, құрылу үдерісін, негізгі ерекшеліктерін зерттеген авторлар қатарында келесі ресейлік ғалымдарды атаса болады: М.К.Барский, А.В. Островский, А.Е.Лукьянов, А.В. Ломанов, Э.П. Пивоварова, Л.Д. Бони, О.Б. Бальчиндоржиева, В.А.Никитюк, А.А.Войцехович, Н.А.Селищев және т.б. Қытайдың дамуындағы «сяокан» ұғымының алар орнын, осы тұжырымдама шеңберіндегі элеуметтік мәселелерді зерттеуде ресейлік ғалымдар соңғы жылдары кең көлемдегі зерттеулерін жариялау үстінде. М.К.Барский [28], О.Б.Бальчиндоржиева [29] «сяокан» ұғымын дәстүрлі мәдениет тұрғысынан қарастырып, оның тарихи ретроспективадағы даму эволюциясын көрсетсе, В.А.Никитюк [30] пен А.А.Войцехович [31] «сяокан» ұғымын «қытайлық ерекшелігі бар социализм» териясы шеңберінде және Дэн Сяопиннің бұл тұжырымдамаға деген көзқарасы тұрғысынан зерттеген. «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасының социалистік модернизацияның мақсаты ретіндегі элеуметтік-экономикалық мәселелер шеңберін негізінен экономикалық тұрғыдан А.В. Островский [32-34], А.С.Селищев [35] жан-жақты зерттеген. «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасымен тығыз байланысты Қытайдағы кедейлікпен күрес, ауылды өңірлерді жандандыру мәселелері Э.П. Пивоварова [36], Л.Д. Бони [37-38], И.Н.Наумов [39] зерттеулерінде кеңінен қарастырылған. Одан бөлек, Ресейдің Ғылым Академиясының Қиыр Шығыс Институтының, Саяси зерттеулер мен болжамдар Орталығының зерттеу жұмыстары ерекше атауға тұрарлық. Аталмыш ғылыми орталықтармен 2018 жылы «13-ші бесжылдық (2016-2020) – Қытайда орта дәулетті қоғам «сяоканды» құрудың маңызды кезеңі» атты мақалалар жинағы, ал 2020 жылы «Қытай мемлекеті «орта дәулетті қоғам» құрудың шешуші кезеңінде» атты ғылыми конференция материалдары басылып шығарылды.

Батыстық ғылыми ортада қытайлық модернизация үлгісінің қалыптасуына дәстүрлі қытайлық мәдениеттің тікелей ықпалы туралы ерекше айтылып, модернизация үдерісін мәдениет, өркениет және интеллектуалды тарих

тұрғысынан зерттеу белең алған. Бұл үрдістің бастауында тұрған саясаттанудың классиктері саналатын Л. Пай [40], Ш. Эйзенштадт [41], С.Хантингтон [42], Р.Инглехарт [43], Д.К.Фэйрбэнк сынды ғалымдар салыстырмалы тұрғыда зерттеулер жүргізіп, Қытайдың саяси мәдениетінің ерекшелігіне баса назар аударған болатын. Мысалы, Гарвард университетінің профессоры өзінің «Қытай: Дәстүр мен трансформация» атты еңбегінде дәстүрге, Қытайдың модернизациясы мен Ұлы қытайлық революцияға жаңа көзқараспен қарап, Қытай ұлттық мемлекеттен гөрі өркениеттік мемлекет екенін айтып, қытайлық тарих пен мәдениетте тұрақтылық пен сабақтастықтың басымдылығын айқындаған. Өзінің жұмысында Фэйрбэнк «Қытай үшін елді өзіндік үлгіде реформалау ең дұрыс таңдау» деп қорытындылайды [44].

Соңғы жылдары батыстық ғылыми ортада зерттеудің бұл бағытын жалғастырып келе жатқан бірқатар еңбектер жарық көрді. Жұмысымызды жазу барысында біз К.Мюльхан [45], А.Дессен [46], Яна С. Рошкер [47] Р.Бур [48], К.А.Смит [49] және т.б. сынды батыстық ғалымдардың еңбектеріне жүгіндік. Зерттеу мәселесін өзіндік тұрғыдан берген бұл авторлардың еңбектері диссертацияда қарастырылған мәселелер бойынша танымды кеңейтуге және толықтыруға мүмкіндік берді. Алайда, Батыстық ғылыми ортада «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын жеке теориялық жағынан зерттеген және құру үдерісін жүйелі түрде көрсеткен ғылыми жұмыстар азшылықты құрайды. Нақты «сяокан» тұжырымдамасына қатысты ағылшын тілді ғылыми жұмыстар авторларының қатарында Р.Бур, К.А.Смит, Р.Литзоу [50] есімдерін атауға болады.

Роланд Бур өзінің 2021 жылы шыққан «Қытайлық ерекшелігі бар социализм: шетелдіктер үшін нұсқаулық» (Socialism with Chinese characteristics: a guide for foreigners) атты еңбегінде Қытайдың әлеуметтік-экономикалық трансформациясының теориялық негізі мен нақты нәтижелерін сараптау арқылы, партия басшыларының бес буынының қосқан үлесі туралы жан-жақты зерттеу жүргізіп, партияның басқарушылық рөлін ерекше атап өткен. Автор «сяокан қоғамын» құру үдерісін «қытайлық ерекшелігі бар социализм» теориясы мен марксизмнің қытайлануы шеңберінде қарастырып, бүгінгі таңдағы Қытай дамуы үшін маңыздылығын ашып көрсеткен. К.А.Смит болса өзінің зерттеулерінде «сяокан» тұжырымдамасын «датун» тұжырымдамасымен салыстырмалы түрде қарастыра отырып, «сяоканның» ҚКП-ның негізгі тұжырымдамасы ретінде қалыптасуы партияның ішкі аудиториямен диалог жүргізу үшін қолданатын дискурсивті, практикалық және теориялық негіздерімен тікелей байданысты екенін ашып көрсетеді.

Зерттеу мәселесінің отандық тарихнамасына келетін болсақ, тәуелсіздік алғалы бері Қазақстанда Қытайды зерттеу қарқынды қолға алынғанын айта кету маңызды. Қытайды кешенді зерттеу бойынша елімізде ҚР Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты, Орталық Азия саяси зерттеулер агенттігі, Қытайды зерттеу бойынша Орталық, «Синопис» Қытай мен Орталық Азияны зерттеу орталығы және т.б. сияқты аналитикалық зерттеу ұйымдарымен қатар ЖОО-дағы қытайтану орталықтары да айналысуда.

Сарапшы-ғалымдар мен жекелеген қазақстандық қытайтанушы ғалымдардың ҚХР модернизациясы мен реформалар саясатының ерекшеліктері мен түрлі тұстарын зерттеу жұмыстарының маңызы зор.

Зерттеу университеті болып табылатын Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қытайтанушы ғалымдары қарастырып отырған тақырып айналасында бірқатар ғылыми еңбектер жариялады. ҚазҰУ ғалымдарының еңбектері қытай қоғамын бағалау мен модернизациялық үрдістердің қоғамға тигізген әсерін сипаттауда кеңінен қолданылды. Нақты айтсақ: Қытай модернизациясына кешенді зерттеу жүргізген отандық бірден бір еңбек – профессор Н.А. Алдабектің жетекшілігімен авторлар тобы әзірлеген «Модернизация Китая и Казахстан» монографиясы [51]. Бұл іргелі еңбекте Қытайдағы модернизация үдерісі тарихи ретроспективада сипатталуымен қатар, модернизацияның концептуалдық негіздері кешенді қарастырылады. Қытайтанушы ғалым, профессор Н.Мұқаметханұлы қытайтану кафедрасының жанындағы «Қазіргі Қытайды зерттеу орталығына» басшылық ете отырып Қытайдың ішкі-сыртқы саясатының дамуын кеңінен зерттеп, бірқатар сараптамалық мақалалар мен іргелі еңбектер шығарды. «Батыс және Қытайдағы модернизация концепциясы жөнінде» мақаласында профессор модернизация үдерісінің батыстық қоғам мен қытайлық қоғамдағы сипаттарын жан-жақты талдап, Қытайдағы модернизациялық тұжырымның негізін ашып көрсетті [52]. PhD докторы Д.Б.Дәуен Қытай модернизациясының теориялық және идеялық негіздерін, революционерлер мен реформаторлардың қызметін зерттеумен қатар өзінің ғылыми мақалаларында модернизациялық үдеріс барысындағы билеуші партияның рөлін де кең талқылайды [53]. «Социально-экономическое развитие Китая» [54] атты оқу құралында PhD докторы А.Е. Сериккалиева Қытайдың экономикалық дамуын қарастырып, экономикалық реформалардың мәні мен қытайлық қоғамның дамуы мәселелерін кең көлемде сипаттаған. Халықаралық қатынастар факультетінің PhD докторы Д.К.Жекенов «Қытай Халық Республикасы 4-ші буын басшыларының сыртқы саясаты (2003-2013)» монографиясында [55] Ху Цзиньтао ұсынған «гармониялық әлем» концепциясын талдаса, С.Т.Джакубаевамен бірігіп жазған «Overview Of The Modern Chinese Science Through The Prism Of The “Chinese Dream”» [56] мақаласында «Қытай арманы» концепциясына және оның негізгі бағыттарының бірі ғылым саласын дамыту стратегиясына шолу жасаған.

Жоғарыда аталған еңбектерден бөлек, отандық ғалымдардың Қытай мен Қазақстан модернизацияларын салыстырмалы тұрғыдан қарастырған еңбектерін де атап өтуге болады. Мысалы, Қ.С. Сұлтанов «Реформы в Казахстане и Китае» [57] атты жұмысында екі елдің реформаларының сәтті және сәтсіз тұстарын ашып көрсетуге тырысса, Сыроежкин К.С. «Китай ищет новую модель развития» [58] мақаласында Қытайдың даму перспективасын және қоғам ішінде сақталып отырған әлеуметтік мәселелерді сараптайды. К.Н.Бурханов пен С.Б.Булекбаев «Казахстанский путь в дилемме: Восток или Запад» [59] атты ортақ еңбектерінде батыстық және шығыстық модернизацияны өзара салыстыра отырып, Қазақстан үшін тиімді даму моделін

калыптастыру жолын зерттеуге тырысқан. Әлемдік экономика мен саясат институтының жанындағы Қытайды зерттеу орталығы А.С.Каукенов редакциясымен басып шығарған «Китай в XXI веке» [60] атты 2 томдық зерттеу еңбегі Қытайдың әлемдік көшбасшы ретінде қалыптасу үдерісі мен Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасын кеңінен зерттеген еңбек болып табылады. Қолданбалы саясаттану мен халықаралық зерттеулер орталығының басшысы А.М.Амребаев өзінің «40 лет «реформ и открытости» в Китае: уроки для Казахстана» [61] сараптамалық мақаласында қытайлық реформалардың ерекше тұстарын сипаттап, оларды қазақстандық қоғамда үлгі ретінде қолдану мүмкіндігін қарастырып өткен. С.С.Еспаевтың «Инновационная экономика Казахстана и Китая: опыт и перспективы» [62] атты еңбекте екі елдің экономикалық саясаты зерттеліп, ҚХР-дың экономикасының ерекшелігі, негізгі тәжірибелері мен басты мәселелері кеңінен көрсетіледі.

Отандық ғылымда Қытай модернизациясын жеке не салыстырмалы түрде зерттеген жұмыстар біршама болғанымен, зерттеу тақырыбымызбен тікелей байланысты «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын қажетті деңгейде зерттеп қарастырған еңбектер жоқ десек болады. Тек тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.О.Есеркепованың ««Сяокан» тұжырымдамасы және оның қазіргі Қытайлық көрінісі» атты мақаласында «сяокан» тұжырымдамасының концептуалды негіздері беріліп, Қытай экономикалық стратегиясындағы рөлін ашып көрсетуге тырысқанымен, тұжырымдаманың әлеуметтік-экономикалық аспектілері толыққанды көрсетілмеген.

Зерттеу мәселесіне тарихнамалық шолу жасай келе байқағанымыздай, ҚХР модернизациясына арналған бірқатар жұмыстардың барына қарамастан, қытайлық дәстүрлі әлеуметтік-философиялық ұғымдарды заманауи қоғамдық-саяси үдерістермен байланыстыра зерттеген, оның ішінде нақты «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын кешенді және жүйелі зерттеуге арналған жұмыстар саны өте аз, ал отандық еңбектер арасында мүлдем жоқ екендігін мойындауға тура келеді. Қытайда «сяокан қоғамын» құрудың практикалық тұстарын зерттеу мен тәжірибесін жалпылау, стратегиялық маңыздылығын зерделеу бойынша ғылыми жұмыстар әлі де жеткіліксіз. Сонымен қатар Қытайдың «сяокан қоғамын» құру тәжірибесін пайдалану мүмкіндігі мәселесі де терең зерттеуді қажет ететін қазақстандық шығыстану саласындағы өзекті мәселе болып табылады. Бұл мәселе осы бағыттағы ғылыми ізденістердің өзектілігін арттыра түседі.

Зерттеудің деректік негізі. Зерттеу жұмысында қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдеріндегі кең ауқымды тарихи және ғылыми-зерттеу материалдары, статистикалық және ақпараттық деректер қолданылды. Диссертациялық зерттеу барысында қолданылған деректер сипаттамаларына қарай келесі топтарға бөлінді:

1. Ресми құжаттар: ҚХР-да «сяокан қоғамын» құру үдерісін зерттеудің негізгі ақпараттық базасын Бүкілқытайлық халықтар өкілдерінің жиналысының (БХӨЖ) шешімдері, ҚХР Мемлекеттік кеңесінің құжаттары, Қытай Коммунистік партиясының 1978-2017 жылдар аралығында өткізген XI–XIX

съездері мен пленумдарының материалдары құрайды [63-67]. «Сяокан қоғамын» құрудың негізгі межелік көрсеткіштерін қамтыған 11-13-ші бесжылдық жоспарлары мен кедейлікті қысқартуға арналған арнайы бағдарламалар да сарапталды. Атап айтсақ: «Кедейлікпен күрес бойынша жеті жылдық бағдарлама (1994-2000 жж.)» (国家八七扶贫攻坚计划), 2001-2010 жылдарға және 2011-2020 жылдарға арналған «Қытайлық ауылдарды дамыту және кедейліктен арылту бағдарламасы». Бұл құжаттар Қытайдың социалистік модернизациясы үдерісімен тарихи ретроспективада танысып, әлеуметтік-экономикалық саясаттың басты бағыттарын, «сяокан қоғамын» құрудың кезеңдерін анықтауға мүмкіндік берді.

2. Қытай басшылары мен қоғам қайраткерлерінің жеке шығармалары, ресми жиындардағы сөйлеген сөздері, мемлекеттік басылымдарға берген сұхбаттары [68-74]. Бұл топқа ҚХР төрағалары Мао Цзэдун, Дэн Сяопин, Цзян Цзэмин, Ху Цзиньтао және Си Цзиньпиннің ресми баяндамалары да енгізілген. Бұл дереккөздерінде Қытайдағы модернизациялық үдеріске ресми көзқарас пен баға беріліп, «сяокан қоғамы» тұжырымдамасының модернизациялық үдерістегі рөлі толығымен ашылады.

3. Анықтамалық-статистикалық материалдар. Зерттеуге қажетті болған сандық материалдар ҚХР-дың Мемлекеттік статистикалық басқармасының ресми статистикалық басылымдарынан және халықаралық ұйымдардың мәліметтерінен алынды. Сонымен қатар ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің баспасөз кеңсесінің басып шығарған «Ақ тысты кітаптары» да кедейлікпен күрестің және «сяокан қоғамын» құрудың басты нәтижелері туралы кең көлемді ақпарат қамтиды. Статистикалық мәліметтер Қытайда «сяокан қоғамын» құрудың деңгейін анықтауға, әлеуметтік-экономикалық жағдайын объективті тұрғыдан бағалауға көмектесті [75-83].

4. ҚХР модернизациясы және «сяокан қоғамының» құрылысы мәселелеріне қатысты қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, ғылыми-тәжірибелік конференциялардың, арнайы ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының материалдары.

5. Мерзімді басылымдар мен электронды ақпарат құралдары. Отандық, шетелдік және қытайлық мерзімді басылымдар беттерінде жарияланған ресми мәліметтер, әсіресе қытай тіліндегі «Renmin ribao», «Qiushi» басылымдарында, орыс тіліндегі «Проблемы Дальнего Востока», «Китай», «Азия и Африка сегодня» сынды журналдарда жарияланған Қытайдағы модернизация мен «сяокан қоғамын» құруға байланысты деректер диссертация жұмысында кеңінен қолданылды.

Жалпы алғанда, бұл дереккөздер бай нақты материалдармен қамтамасыз етіп, Қытайда «сяокан қоғамын» құру үдерісінің негізгі кезеңдерін қарастыруға, жетекші тенденцияларын айқындауға және жалпы барысына шолу жасауға кең мүмкіндік берді.

Зерттеудің нысаны ретінде Қытай Халық Республикасында социалистік модернизацияны жүргізу барысында «сяокан қоғамын» құру үдерісі қарастырылады.

Зерттеудің пәні – «сяокан қоғамы» концептісінің мәні, философиялық-концептуалдық аспектілері мен әлеуметтік-экономикалық ерекшелігі.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – Қытайдың модернизациясы жағдайында «сяокан қоғамын» құру үдерісіне жүйелі және жан-жақты талдау жүргізу арқылы тарихи ретроспективада «сяокан қоғамы» концептісінің әлеуметтік-экономикалық реформалардағы рөлі мен орнын анықтау және жеткен нәтижелерге талдау жүргізу.

Осы мақсатты іске асыру үшін төмендегідей **міндеттерді** алға қойдық:

- «Сяокан қоғамын» құрудың мәдени және идеологиялық аспектілерін зерттеу негізінде концептінің Қытайды модернизациялау үдерісімен теориялық және практикалық байланысын зерттеу;

- «Сяокан» концептісінің тарихи дамуын қарастыру және ҚКП-ның ресми идеология шеңберіндегі заманауи интерпретациясын сараптау;

- Қытайда «сяокан қоғамын» құру үдерісінің сипаты мен ерекшелігін айқындау негізінде оның әлеуметтік-экономикалық аспектілерін анықтау;

- «Сяокан қоғамы» саясатын құрастыруда және жүзеге асыруда ҚКП-ның рөлін және ықпалын сараптау;

- Қытайда «сяокан қоғамын» құрудың деңгейін, негізгі нәтижелерін бағалау;

- Қытайдың «сяокан қоғамын» құру бойынша тәжірибесінен Қазақстан үшін үлгі болар тұстарын анықтау.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері. Диссертациялық жұмыста жүргізілген зерттеулер модернизациялық реформалар басталған 1978 жылдан «сяокан қоғамы» құрылысы аяқталған 2021 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Қаралатын мәселелердің ерекшелігіне байланысты жекелеген жағдайларда хронологиялық шегінуге, яғни неғұрлым ерте кезеңдегі тарихи оқиғаларды қарастыруға да жол беріледі.

Тақырыпты зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері қарастырылып отырған тақырыптың *пәнаралық* сипатынан туындап, ҚХР модернизациясына қатысты тарих, шығыстану, қытайтану, мәдениеттану, экономика, саясаттану, әлеуметтану сияқты түрлі салалардағы шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектері негізінде қаланды. Өз зерттеуімізде біз конфуцийшілдік ілімнің классикалық канондарына («Ши цзин», «Ли цзи»), Мао Цзэдун, Дэн Сяопиннің таңдамалы шығармаларына (қытайша және орысша нұсқасында) және ҚКП съездері мен пленумдарының материалдарына, сондай-ақ, ҚХР басшыларының баяндамалары мен ресми мәлімдемелеріне сүйендік.

Диссертациялық тақырыптың кешендік сипатын назарға алсақ, жұмыстың теориялық негізін модернизация теориясы мен қытайлық ерекшелігі бар социализм теориясы құрайды.

Зерттеу әдістерін таңдауда зерттеу сұрақтары, деректердің қолжетімділігі және зерттеу мақсаты мен міндеттері негізгі критерий болды. Зерттеудің әртүрлі әдістерінің үйлесімі ҚХР модернизациясы аясында «сяокан қоғамын» құру үдерісін жан-жақты және терең түсінуге кең мүмкіндік берді. Зерттеу

жұмысының әдістемелік негізі ретінде *анализ, салыстыру, синтез, индукция және дедукция, абстракция* сынды жалпы ғылыми әдістермен қатар *статистикалық анализ, ивент-анализ, контент-анализ* сынды арнайы әдістер де қолданылды. Зерттеудің негізін *ғылымилық және тарихилық* қағидалары құрады. Аталмыш қағидалар «сяокан қоғамын» құру кезеңдерін сипаттауда себеп-салдар қатынасының дұрыс құрылуына негіз берді.

Өркениеттік тәсілді қолдану заманауи контекстінде «сяокан қоғамы» тұжырымдамасының қалыптасуының мәдени-тарихи алғышарттарын бағалауға мүмкіндік берді.

Тарихи-жүйелік әдіс «сяокан» идеясының дамуын, тарихи жағдайын зерттеуге және дамуының негізгі кезеңдерінің сипаттамаларын беруге мүмкіндік жасады.

«Сяокан қоғамы» құрылысының үдерісіне әсер еткен жекеше факторларды қарастыру барысында *нақты-мәселелік* әдіс қолданылды.

Нақты мәтіндік және тарихи материалдарды қарастыру барысында *анализ бен синтез, салыстырмалы талдау, контент анализ* тәсілдері қолданылды. Бұл әдістер «сяокан» ұғымының бастапқы мағынасы мен заманауи кезеңдегі интерпретациясын салыстыра қарастыруға мүмкіндік берді. «Сяокан» ұғымының мағыналық интерпретациясын зерттеу барысында біз партия билеушілерінің әр біреуіне жеке тоқталып, олардың ойлары, теориялары мен идеологиялық жаңалықтарын қарастыру арқылы «сяокан» ұғымының Қытайдың әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланыстырылуының тарихи шарттарын түсінуге мүмкіндік алдық.

Қытайда «сяокан қоғамын» құру үдерісін және кезеңдерін зерттеу барысында *салыстырмалы-тарихи, хронологиялық, жүйелі-құрылымдық әдістерін* қолдану арқылы ретроспективті талдау жасалды. Аталған әдіс-тәсілдер «сяокан қоғамын» құрудың әр бір кезеңін өзара салыстыра отырып қарастыруға және әр кезеңде қойылған міндеттердің орындалу деңгейін бағалауға, негізгі жетістіктері мен қиындықтарын анықтауға мүмкіндік берді. «Сяокан қоғамы» құрылуының негізгі нәтижелері *SWOT-талдау* негізінде сарапталып, үдерістің мықты және әлсіз тұстары анықталды.

Диссертацияда ғылыми айналымға енгізілген сандық деректер БАҚ пен статистикалық ақпараттарды мониторинг жасау арқылы алынып, зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы отандық қытайтану тәжірибесінде алғаш рет Қытайда «сяокан қоғамын» құру үдерісіне кешенді және жүйелі тарихи талдау жасауға тырысқандығымен анықталады. Диссертация қытайлық және шетелдік ғылыми материалдарда, ресми құжаттарда және бұқаралық ақпарат құралдарында ұсынылған қытайлық модернизация мәселесін зерттеулерге негізделген және келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасы ҚХР модернизациясының идеялық-теориялық негізін құрайтындығы дәлелденді;

- «Сяокан» концептісінің тарихи эволюциясы жүйелі түрде беріліп, ҚХР модернизациясының динамикасын қамтамасыз етудегі тұжырымдаманың мазмұны мен рөлі анықталды;

- «Сяокан қоғамының» көрсеткіштер жүйесі қарастырылып, тұжырымдаманы жүзеге асырудың әлеуметтік-экономикалық факторларына талдау жасалды;

- «Сяокан қоғамын» құру үдерісі мен ҚКП-ның саяси легитимділігі арасындағы байланыс айқындалды;

- «Сяокан қоғамын» құру аясындағы кедейлікпен күрес саясатына шолу жасалып, негізгі әдіс-тәсілдерінің нәтижелері мен салдарына сараптама жүргізілді;

- «Сяокан қоғамын» құру үдерісінің негізгі нәтижелері SWOT-талдау негізінде бағаланды және қытайлық қоғамның ары қарайғы даму стратегиясы қарастырылды;

- Қытайдың «сяокан қоғамын» құрудағы тәжірибесінен Қазақстан үшін үлгі болар тұстары анықталды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.

1. «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасы өзінде өркениеттік бірегейлікті сақтаған және қытайлық ұлттық мүдделерге негізделген модернизацияны жүзеге асырудың аймақтық моделі болып табылады. Бұл тұжырымдама ғылыми-теориялық, саяси-бағдарламалық және практикалық тұрғыдан қарастыруға болатын, Қытайдың әлеуметтік-экономикалық даму бойынша стратегиясының маңызды құраушы бөлшегі.

2. «Сяокан» концептісі тарихи тұрғыдан «сяокан отбасы», «сяокан қоғамы» және «жан-жақты сяокан қоғамы» эволюциясынан өтіп, Қытайдың модернизациялану дәрежесіне сәйкес интерпретацияланды. Мемлекеттің шынайы саяси мақсаттарымен тығыз байланыстырылған тұжырымдама Қытайда орын алған саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге тікелей әсер етті. «Сяокан қоғамын» құру үдерісінің мазмұны ҚКП басшылығының социалистік модернизацияға деген көзқарасы негізінде ЖІӨ-ді еселеу, кедейлікті жою және халықтың әл-ауқатын көтеру тұрғысынан анықталды.

3. «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасында модернизация бірінші кезекте экономикалық өсім тұрғысынан түсініліп, алдыңғы орынға экономикалық өсімнің сандық көрсеткіштері қойылды. «Сяокан қоғамы» теориясын дамыта және жүзеге асыра отырып, тұжырымдаманың мазмұны кеңейе түсті және сандық даму сапалық дамуға ауысып, рухани даму, адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы, адамның өз ішіндегі үйлесімділік алдыңғы қатарға шығарыла бастады. Қытай басшылығы тек экономикалық даму мәселелеріне ғана емес, сонымен қатар саяси, мәдени, әлеуметтік және экологиялық мәселелерге де көңіл аударды. Яғни даму динамикасының өсімімен қатар «сяокан» стандарттары мен көрсеткіштері де жоғарылап отырды.

4. ҚКП билігінің легитимділігі әлеуметтік-экономикалық дамуға тікелей байланысты болғандықтан, «сяокан қоғамын» құру идеясы дамудың әлеуметтік аспектілеріне екпін қоюдан бөлек, билікті партиялық элита қолында сақтап

калуға да бағытталған. Астарында саяси мотив жатқан «сяокан қоғамын» құру үдерісі барысында ҚКП партия-мемлекет ретінде жүйе қалыптастырушы рөл атқарып, оның қызметі күрделене түсті және тиімділігі артты.

5. Кедейлікті жою – «сяокан қоғамын» құру үдерісінің маңызды құраушы бөлігі болып табылады. Кедейлікпен күрестің қытайлық тәсілі екі негізде жүргізілді: табыстардың деңгейін көтеруге бағытталған экономикалық реформалар мен үкімет, нарық және қоғам арасындағы тығыз байланыс негізінде қалыптасқан институционалды модель. Кедейлікті жою ісінде ҚХР үлкен жетістіктерге жеткенімен, кедейліктің ауылдық аймақтардағы абсолютті түрін ғана жойды. Салыстырмалы кедейлік әлеуметтік саланың өзекті мәселесі болып қала беруде. «Сяокан қоғамы» құрылысы аяқталған соң күрес моделі күрестен жеткен нәтижелерді бекітуге, абсолютті кедейлікпен күрестен салыстырмалы кедейлікпен күресуге, қарқынды күрестен сапалы күреске қарай өзгермек.

6. «Сяокан қоғамын» құру үдерісінің нәтижелерін талдау мақсаттық көрсеткіштердің сандық параметрлері орындалғанымен, сапалық параметрлері толықанды орындалмағандығын көрсетті. Экономикалық даму, кедейлікпен күрес саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізілгенімен, теңгерімді даму, табыстар айырмашылығы, экология мәселелері толыққанды шешімін таппады. «Сяокан қоғамы» бұл – статикалық тұжырымдама емес, керісінше дамудың үздіксіз үдерісін білдіретін тарихи өтпелі сипаттағы тұжырымдама. «Сяокан қоғамы» құрылып болған соң да Қытай реформалар мен дамуды ары қарай жалғастыра бермек. Тұрақты негізде табыстар мен ресурстардың теңдестірілген бөлінуіне қол жеткізу болашақ күн тәртібінің негізгі мәселесі болмақ. Бұл 14-ші бесжылдық жоспарында және Си Цзиньпин жариялаған «ортақ баю» мақсатында көрініс тапты.

7. Қытайдың «сяокан қоғамын» құру үдерісінің Қазақстан үшін үлгі болар тәжірибесін саралау бұл елдің дамуы тарихи, мәдени-өркениеттік факторлар мен әлеуметтік-экономикалық жағдайдың селбесуіне негізделгендігін көрсетті. «Сяокан қоғамын» құруды сәтті жүзеге асырудың басты факторларының бірі – қытайлық қоғамның бірлігі, халық пен үкімет арасындағы мемлекеттік дамудың түпкі мақсаттары туралы ортақ түсініктің болуы. Осы тұрғыдан қарағанда, Қазақстан дамудың стратегиясын құрастыруда ұлттық мәдениеттің философиялық негіздерін, ерекшеліктерін және қоғамның қажеттіліктерін жан-жақты қарастырып, есепке алса, реформалардың негізгі бағыты мен ақтық мақсаты бойынша қоғамдық консенсустың мықты іргетасын қалыптастырмақ. Қазақи мәдени бастауларды заманауи мазмұнмен толықтырып, кеңінен насихаттау тұрақты қоғамдық дамудың кепілдігі болары анық.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы.

Диссертациялық зерттеу барысында жасалған теориялық тұжырымдар Қытай Халық Республикасындағы социалистік модернизацияны жүзеге асырудың мәнін ашып көрсетуде өте маңызды. «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасын жүйелі зерттеу қытайлық қоғамның даму жолын тереңінен түсінуге мүмкіндік ашады. Зерттеу нәтижелері Қытайда әлеуметтік-

экономикалық даму мәселелерін қарастыруда, қытайлық үлгідегі модернизацияны теориялық тұрғыдан сараптауда қолданылуы мүмкін. Бұл диссертациялық зерттеу заманауи Қытайдағы өзгерістерді түсінуге, оның болашақ бағытын анықтауға, Қытайдың әлемнің негізгі ойыншысы деңгейіне көтерілуін интерпретациялауда теориялық негіз бере алады. Сонымен қатар зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік мәселелерді шешудің саяси бағдарламаларын талдауда пайдалы болмақ.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы алынған нәтижелердің әлеуметтік-саяси қызметте қолданылу мүмкіндігімен анықталады. Диссертацияның материалдары мен негізгі тұжырымдары білім беру қызметінде – қазіргі Қытайдың дамуындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша арнайы курстарды дайындауда, ғылыми-әдістемелік құралдар мен анықтамалар дайындауда, оқу құралдарын жазуда қолданылуы мүмкін.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қорытындылары.

Диссертациялық жұмыстың негізгі материалдары 7 ғылыми мақалада ғылыми мерзімдік басылымдар мен жинақтарда жарық көрді:

1. «Historical significance and current state of the "xiaokang society" creation in the People's Republic of China» // ҚазҰУ Хабаршысы: шығыстану сериясы - 2021. - №3 (98). - 112-119 б.;
2. «Xiaokang – the Chinese Model of Development» // ҚарМУ Хабаршысы: тарих, философия сериясы – 2022. - №2 (106). - 36-42 б.;
3. «Сяокан қоғамын құру барысындағы кедейлікпен күрес: қытайлық тәжірибе» // ҚазҰПУ Хабаршысы: тарихи және әлеуметтік-саяси ғылымдар сериясы – 2022. - №2 (73). - 111-122 б.;
4. «Қытайда орта дәулетті «сяокан» қоғамын құрудың теориялық негізі мен барысы» // «Фараби әлемі» студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы. – 2021. - 3-5 б.;
5. «Қытайдың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы «сяокан қоғамы» тұжырымдамасының рөлі» // «Қазақстан-Қытай: екі ел ынтымақтастығының қазіргі жағдайы мен болашағы» республикалық ғылыми-тәжірибелік ғылыми конференция материалдары. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы. – 2022. - 78-82 б.;
6. «The role and place of the Confucian concept of “xiaokang” in China's contemporary development» // Uzbekistan-China: Development Of Historical, Cultural, Scientific And Economic Relations» Proceedings of the international scientific conference. – Ташкент: ТМШУ баспасы. – 2022. - Т.1. - 249-253 б.;
7. «От Общества "Сяокан" К Обществу "Всеобщей Зажиточности": Развитие Политики Китайской Народной Республики По Искоренению Бедности» // Oriental Studies, Publisher: Kalmyk Scientific Centre of Russian Academy of Sciences, Q1, SJR 0,23. –2022. –Volume 15, Issue 4. - 636–648 p. DOI: 10.22162/2619-0990-2022-61-4-636-648

Зерттеудің құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші және екінші тарау 3 тараушадан, үшінші тарау 2 тараушадан құралған, жалпы көлемі 159 бет.

1. «СЯОКАН ҚОҒАМЫ» КОНЦЕПТІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

1.1 Социалистік модернизация саясатының теориялық негіздерінің қалыптасуының алғышарттары: негізгі концепциялар мен идеялар

Қытайда жүзеге асырылып отырған социалистік модернизация осы елдің қоғамдық ой-санасы үшін дәстүрлі – дамыған, үйлесімді мемлекет құру мақсатын алдыға қоюда. Қытайда әлеуметтік игілік жүйесінің дамуына өзара байланысты үш фактор әсер етуде: тарихи мұра, социалистік идеология және экономикалық модернизация. Осы себептен, диссертациялық жұмыстың тақырыбына қатысты мәселелерді зерттеу осы ұғымдарды қарастырудан басталады.

Қоғамда таптардың пайда болуы мен бай және кедейлерге жіктелу адамдардың қоғамдағы жағдайға көңіл толмаушылығын тудырды. Қалыптасқан жағдайға наразылық тек шаруалар мен кедейлер арасында ғана емес, халықтық қозғалыстар мен әлеуметтік қиындықтардың себептері туралы ой қозғаған бай және білімді адамдар арасында да болды. Қоғамды жалпы әділдік, үйлесімділік және ортақ ауқаттылық негізінде қайта құруға талпыныс утопиялық идеялардың пайда болуына, қоғамдық құрылыстың идеалды модельдерін іздестіруге алып келді. Соғыссыз, зорлық-зомбылықсыз, қоғамдық игіліктерді теңдей дәрежеде пайдаланатын идеалды қоғам туралы арман әр ұлтта болғаны анық. Алайда ол идеялар утопия түрінде қоғамның рухани өмірінің құраушы бөлігі ретінде қалып жатты. Идеалды қоғамды теориялық жағынан негіздеудің алғашқы талпыныстары Батыста жасалды.

Әлеуметтік танымның бір тәсілі ретінде утопия қоғамдық дамудың диалектикасын шынайы және міндетті, абсолютті және салыстырмалы, қолда бар және қалаулы, мүмкін және күтілетін категорияларда қарастыруға мүмкіндік береді. Даму барысында утопиялық идеялар әр кезеңнің бірегей ерекшеліктерін көрсетіп отырды. Әлеуметтік әл-ауқаттылықты қоғамның идеалды күйі ретінде көру және бұл күйге мемлекет дұрыс басқарылған жағдайда ғана жетуге болады деген алғашқы ойлар антикалық дәуірден бастама алған. Аристотель қоғамдық игіліктерді бөлудің идеалды тәсілі жайлы бірінші болып ой қозғаса, Платон «Мемлекет» деген шығармасында идеалды мемлекет туралы утопиялық көзқарасын сипаттаған. Дегенмен, зерттеушілер утопиялық дискурсы Қайта өрлеу дәуірінде (Ренессанс) (XV-XVII ғғ.) басталды деген ортақ пікірді ұстанады. Өзінің атақты «Утопия» еңбегінде Т.Мор XVI ғасырдағы ағылшын қоғамының әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымын сынап, әлеуметтік теңсіздіктің негізгі себептерін ашып көрсетуге тырысты. XVI–XVII ғасырларда итальяндық философ Т.Кампанелла «Күн қаласы» атты еңбегінде идеалды мемлекет образын берді. Ағартушылық дәуірінде (XVIII-XIX ғғ.) утопия ұғымы семантикалық жағынан түрленіп, утопия тарихи оптимизммен байланысқа түсе бастайды. Утопия бұл кезеңде теориялық гипотеза немесе саяси манифест, бағдарлама формасын қабылдай бастады. XVIII ғасырда замануи экономикалық теорияның негізін қалаушы А.

Смит «Халықтардың бай болуының себебі мен табиғаты туралы зерттеу» атты еңбегінде «бай» қоғам туралы жүйелі көзқарасын келтіреді. Экономисттің пікірі бойынша қоғам өркендеуінің басты көзі қоғамда тиімді еңбекті ұйымдастыру болып табылады [84:148].

Ресейлік ғалым Д.Е.Мартынов утопиялардың эволюциясын сараптай келе, XIX ғасырда утопиялық идеялар «мемлекеттік құрылыстың саяси жобаларына және саяси теорияларға» өзгере бастады деген пайымға келеді [85:85]. Утопизм социализм ұғымының синониміне айналды. XIX ғасырда утопизм өзінің дамуында «алтын ғасыр» кезеңін басынан өткеріп, үш негізгі формада дамыды: көркем шығармалардағы утопиялар, әлеуметтік теориялар және утопиялық қауымдастықтар. Біздің зерттеу тақырыбымызға байланысты біз үшін идеалды мемлекет пен қоғам туралы әлеуметтік теорияларды қарастыру маңызды. Бұл теориялар идеалды мемлекет пен қоғамның орталық мәселесі «әлеуметтік әлауқаттылық» деп қарастыра отырып, қоғамда материалдық игіліктерді тиімді бөлудің жолдарын зерттеуде.

К.А.Сен-Симон (1760-1825жж), Ш. Фурье (1772-1837 жж), Р. Оуэн (1771-1858 жж) сынды ойшылдар әлеуметтік теориялардың ішіндегі кең таралған утопиялық социализмді дамытты. Бұл ағымының белгілі өкілі Сен-Симон болашақ «индустриалды» қоғамның артықшылықтарын насихаттаумен танымал болды. Қоғамды қайта құру мәселесіне терең ой қозғаған Сен-Симон қоғамды өндіруші тап басқару керек және игіліктер жасаған еңбегіне қарай берілу керек деп пайымдаған. «Әр адам еңбек ету керек» деген қағиданы ұстанған ғалым қоғамдағы адамдарды еңбек етушілер, өндірушілер және сауық құрушылар деп үшке бөліп қарастыра отырып, өндірушілер қоғамның нағыз азаматтары екендігін айтты. Болашақ қоғамның сипаты ретінде ғалым ұжымшылдықты алдыңғы орынға шығарды. Сен-Симон социалистік типтегі қоғамды құру жоспарын ұсынды. Қоғам дамыған экономика және әлеуметтік теңдік негізінде құрылу керек деп санады [84:149.]. Ойшылдың болашақ қоғамы рационалды тәртіп пен қатаң жоспарлау жүйесіне негізделген технократтық қоғам болды. Сен-Симонның қоғам құрылысы туралы ойлары XIX-XX ғасырларда да дамытылып, басқармалы капитализм негізін қалады.

Утопиялар белгілі бір саяси мазмұнға ие болғандықтан, көптеген саясаткерлер, реформаторлар оларды халыққа идеологиялық және психологиялық ықпал етудің құралы ретінде пайдаланып келді. Алайда әлеуметтік утопияларға ортақ бір ерекшелік тән болды – адамдардың қалауындағы болашақ қоғам еркін түрде құрастырылған әлеуметтік идеал, абстрактты идеялар негізінде құралды. Неміс философы, экономист К.Маркс (1818-1883 жж.) болса әлеуметтік идеалды тәжірибеге, шынайы қарым-қатынастарға сүйеніп құрастыруды ұсынды. Маркс өз еңбектерінде ғылыми социализм мен утопиялық социализмнің ара жігін нақты айқындады. Досы Ф.Энгельспен (1820-1895 жж.) бірге жақсы қоғам құруға болатын қағидаларды анықтауға тырысты. Маркс пікірі бойынша, жаңа қоғам ескінің орнына жаңа формация түрінде пайда болу керек деп, қоғамның тарихи дамуының алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік және коммунистік

кезеңдерін бөліп қарастырды. К.Маркс идеалды қоғам туралы идеясын қоғамның таптық теориясы негізінде құрастырды. Қоғамды қанаушылар (буржуазия) мен еңбекшілер (пролетариат) деп екі топқа бөліп, капиталистік формацияның кемшіліктерін көрсете отырып, Маркс идеалды қоғам – қоғамдық әл-ауқаттылықтың ең жоғарғы кезеңі коммунизм деп санады.

Маркстің ғылыми социализм теориясы өндіріс құралдарына қоғамдық меншікке негізделген. Бұл идеалды қоғамның ерекше сипаттары – бірігіп даму, ортақ өркендеу, теңдік пен әділдік. К.Маркс пен Ф.Энгельс «шынайы (нақты) қоғамдастық» (wirkliche Gemeinschaft) концепциясын қалыптастырып, «шынайы қауымдастық жағдайында әр адам өзінің жеке одақтасы болып, жеке еркіндікке қолы жетеді...Ол жерде әр адамның еркін дамуы барлығының еркін дамуының шарты болып табылады» [84:157]. Маркс пен Энгельс бұл қоғам адамзат дамуының жетілген кезеңі деп санады. Бұл қоғамда таптар, ұлттық мемлекеттер, жеке меншік пен қанаушылық жоқ. «Шынайы қоғам» адамдардың бірлігін мойындап, «ортақ даму» негізінде жеке индивидтердің еркін дамуына жол берді. Адамның экономикалық және әлеуметтік қызметінің концепциясы ретінде «ортақ даму» адамдардың идеалды қоғамдағы жан-жақты дамуына қатысты жалпы ерік-жігері мен субъективтілік мәртебесін қамтиды. «Ортақ даму» концепциясы капиталистік өндіріс қатынастарымен сәйкес келмеді.

Қоғамдық ауқаттылыққа жету туралы сонымен қатар ағылшындық экономист Дж.М. Кейнс (1886–1943 жж.) «Еңбекпен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» атты еңбегінде келтіріп, капитализмге жаңа тұрғыдан қарау керектігін жазды [86: 34]. Экономиканың дұрыс қызметі үшін мемлекет қатысуы қажеттігін айтқан ғалымның теориясының негізінде жиынтық сұранысты мемлекеттік реттеу идеясы жатыр. Кейнс инвестициялар өндірістің өсіміне, ал бұл өз кезегінде табыстардың және жаңа жинақтардың өсіміне алып келетіндігін дәлелдеді. 1924 жылы жарық көрген «Ауқаттылықтың экономикалық теориясы» атты еңбегінде келесі бір ағылшындық экономист Артур Пигу (1877–1959 жж.) қоғамдық ауқаттылыққа жетудің практикалық құралдар жинағын қалыптастырды: мемлекет азаматтарының табыстарын қайта бөлуге қабілетті болу керек, негізінен халықтың бай бөлігі есебінен кедейлерге қолдау көрсету қажет [84:163].

Прогресс идеясымен тығыз байланыста болған «жақсы» қоғамды жүзеге асырудың нақты формасы модернизация болды. Модернизация үдеріс ретінде XVIII ғасырларда Еуропада Француз революциясы мен Ұлыбританиядағы өндірістік революциядан бастама алса, ал теориялық тұрғыдан Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін Америкада қалыптасты. «Модернизация» терминінің өзі түрлі тұрғыдан түсіндіріліп, бұл түсінікті үдеріс немесе тұжырымдама ретінде қабылдаудың үлкен дискурсы әлі күнге дейін де жалғасуда. Алайда, адамзат дамуындағы модернизациялық теорияның қалыптасу тарихы XIX ғасырдағы индустриаландыру дәуірінен бастама алатындығын аңғаруға болады. Модернизация ұғымы мағынасы жағынан екіұшты ұғымдардың бірі. Кең мағынасында кез-келген қоғамдық өзгерісті білдірсе, тар мағынасында белгілі бір саладағы өзгерісті меңзейді.

Модернизация ұғымы бүгінде «экономикалық даму», «индустриализация», «вестернизация» ұғымдарымен тең дәрежеде қолданылуда. Вебер модернизацияны құндылықтар бағдарындағы «дәстүрлі рационалдықтан» «практикалық рационалдылыққа» өзгеру деп түсіндірсе, Дюркгейм модернизацияны әлеуметтік құрылымның өзгерісі, яғни еңбек бөлінісінің өсуімен байланыстырды. Одан бергі кезеңде модернизация экономикалық өрлеудің алғышарттарының даму үдерісі деп түсіндірілді (У.У.Ростоу). Рэдфилд модернизацияны қалалық (урбандық) қоғамның қалыптасуы деп қарастырды [87:236].

Модернизация саяси тұрғыдан биліктің заманауи жүйесінің пайда болуымен сипатталады. Экономикалық тұрғыдан, модернизация бұл батыстық үлгідегі капитализмге өту. М.Вебер көрсетіп кеткендей, батыстық капитализм батыстық емес капитализмнен еңбек пен кәсіпкерлік этикаға негізделгенімен ерекшеленеді. Мәдениет тұрғысынан модернизация жаңа құндылықтар мен нормалардың қалыптасуымен, бірегейліктің ауысуымен сипатталады.

Модернизация терминін негізінен философиялық-социологиялық мағынада қарастырған жөн. Социологиялық мағынада бұл ұғым қоғамдық өзгерісті және онымен байланысты мәселелерді білдірсе, философиялық мағынада қоғамдық өзгерістердің материалдық емес факторларымен (құндылықтар, мәдени және рухани мұра) байланыстырылады. Сонымен қатар модернизация бұл статикалық ұғым емес, керісінше динамикалық. Бұл модернизацияны бір ғана оқиғамен немесе қозғалыспен сипаттауға келмейді деген сөз. Бұдан шағытан қорытынды, модернизация – бұл көп қырлы әрі динамикалық үдеріс.

Тарихи үдеріс ретінде модернизация әр елде белгілі бір уақыттық шеңберде жүргізіліп, дәстүрлі қоғамның заманауи түріне өзгеруіне алып келді. Модернизация үдерісі қоғам өмірінің барлық салаларындағы құрылымдық және функционалды өзгерістерді қамтыды. Экономикалық салада модернизация үдерісі міндетті түрде индустрияландыру, технологияның дамуы, еңбек бөлінісі, мүлікті жекешелендірумен және еркін нарықтың дамуымен анықталады. Мысалы, классикалық модернизация теориясының өкілі У.Ростоу қоғам модернизациялануы үшін ауыл шаруашылығында технологиялық революция, капитал мен ақшаның шоғырлануы, сыртқы сауданың кеңеюі және жеке кәсіпкерлердің пайда болуы қажет деп санаған [88].

Модернизация теориясының негізінде жатқан дамудың экономикаға бағытталған парадигмасы дамуды бірсызықтық үдеріс әрі дамудың мәні прогресте деп түсіндірді. Дамыған өркениеттің мысалы ретінде заманауи Батысеуропалық қоғамдарды алып отырған бұл парадигма капиталистік экономикалық жүйеге басымдылық беріп келді. Барлық қоғамдар «модернге» жақындау үшін индустрияланған Батыс мемлекеттерінің жолымен бұлжытпай даму керек деген ұстанымды алдыға тартты. Осы қағидаларды негізге алған классикалық модернизация теориясы модернизация үдерісін «қоғамның дәстүрлі аграрлық түрінен заманауи индустрияланған түріне көшу үдерісі» деп анықтады. С.Н. Айзенштадт модернизацияны: «Он жетінші және он

тоғызыншы ғасырлар аралығында Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкада қалыптасқан әлеуметтік, экономикалық және саяси жүйелердің сол типіне ауысу үдерісі», – деп анықтады [41:6]. Батыс емес қоғамдар таңдау мүмкіндігінен айырылып, оларға қойылған жоғары талаптарға мойынсынуға және «вестернизация» жолына түсуге мәжбүр болды.

1970-ші жылдары әлемде үлкен өзгерістер орын алды. Бұл кезең экономикалық және саяси дағдарыстың онжылдығы болғанымен, «суық соғыстың» шектеулерінен босап, тамырын тереңге жайған ортодоксалды көзқарастардан арылып, «үшінші әлем» елдерінің экономикалық және әлеуметтік дағдарыстан шығудың жаңа жолдарын іздестіру кезеңі болды. Әлемдік картада бірқатар жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы және сол елдердің басшылары өз қоғамдары мен экономикаларын модернизациялауға деген талпыныстары модернизацияның классикалық парадигмасында үлкен өзгерістер туындатты. Мұндай өзгерістерге бірден-бір себеп болған жағдай – Азиялық мемлекеттерде ерекше типтегі модернизация модельдерінің қалыптаса бастауында болды. Заманауи еуропалық қоғамға тән модернисті сипаттары азиялық қоғамдарға сай келмеді және сол қоғамдардың еуропалық материалдық мәдениетті меңгеруі батыстық әлеуметтік матрицаны айнытпай қайталайды деген тұжырымдаманың қателігін көрсетті. Дамудың «Батысқа еліктеу» аксиомасы қайта қарастырылып, жоққа шығарылды. Модернизация ендігі кезекте тек экономикалық концепция шеңберінде еуропалық типтегі әлеуметтік-экономикалық құрылымға жақындауды білдіруді қойып, дамудың ерекше түрін меңзей бастады. Модернизация жолындағы «жас» мемлекеттердің тәжірибесі модернизацияны одан ары тереңінен зерттеуге жаңа серпін берді.

Дәстүрден бас тартумен және қоғамның жаңа өмір тәртібіне көшумен байланысты модернизациялық үдерістің қиындығы оны дәстүрмен үйлестіру мүмкіндігі туралы идеялардың пайда болуына алып келді. Мәдениет, дәстүр мен ұлттық ерекшеліктерге бай елдер үшін модернизация барысында бірегейлігін ауыстыру ең қиын қадам болды. Сондықтан дәстүрі мықты азиялық елдерде модернизация дәстүр мен заманауилықтың симбиозы негізінде жүзеге асырылды. Модернизация «әмбебаптық» сипаттан айырылды. С.Хантингтон, Ш.Эйзенштант, Р.Инглхарт сынды көптеген модернизацияның беделді теоретиктері өркениеттік фактордың маңыздылығын ашып көрсете бастады. Көптеген елдердің модернизациялық тәжірибесіне сүйеніп, Р.Инглхарт «әлеуметтік-экономикалық даму қоғамды болжамды бағытта өзгерте алатындығымен, бұл өзгерістер қатаң түрде анықталып қойған деп санауға болмайды» деген тұжырымдама жасады [43:76]. Бинарлы оппозицияларды, яғни «дәстүр мен инновацияны, әлеуметтік өмірдің зайырлы сипаты мен мәдениеттегі діншілдікті, циклдік және прогрессивті дамуды, авторитаризм мен демократияны, ұжымшылдық пен индивидуализмді, аймақтық пен жаһандықты» үйлестіріп отырған қоғамдар «өзіндік болмысына негізделген модернизация» немесе «вестернизациясыз модернизация» туралы теориялардың дамуына түрткі болды [88:8]. Модернизация Батыстық модельді

негізге алған мегатрендтен мәдениет маңызды рөл ойнай бастаған жергілікті трендке айнала бастады.

Азиялық елдердің тәжірибесі әлемдік үдерістерге жаңа көзқараспен карауды талап етті. Кезінде М.Вебер модернизациялануға қабілеті аз деп саналған елдер, П.Бергер пікірі бойынша, модернизацияның жаңа моделін қалыптастырды [87:278]. Бұл елдерде орын алған үдерістер келесі феноменді көрсетті: ескі құндылықтар заманауилық институттарының қайнар көзіне айналды. Дамудың бұл түрі постмодернизация деп аталды, яғни мәдениет негізінде модернизациялану. Постмодернизация артта қалған елдерге батыстық дамудың кейбір кезеңдерін аттап өтуге, өз бірегейліктерін батыстық бірегейлікке ауыстыру үдерісінен бас тартуға мүмкіндік берді. Р.Инглехарт модернизацияны дін беделінен мемлекет беделіне қарай ауысу деп түсіндірсе, постмодернизацияны ол мемлекет беделінен мәдениет беделіне қарай ауысу үдерісі деп анықтады [89:383-385].

Қоғам дамуының біршама оңтайлы формасы – вестернизацияның белгілі бір деңгейінде қалыптасатын модернизацияның ұлттық моделі ғылыми дискурста енді. Бұл туралы айқын болмаса да өз еңбектерінде С.Хантингтон айтып өткен [90]. Хантингтон ойы бойынша вестернизацияның қандай да бір деңгейіне жеткенде модернизацияның өзіндік моделіне немесе ұлттық қажеттіліктерге негізделген даму түріне өту керек. Яғни батыстық тәжірибенің қажетті деңгейде меңгерілуі дамудың ұлттық модельдерінің қалыптасуына, модернизацияның көп түрлі типтеріне алып келеді. Өркениеттер қақтығысы туралы концепциясында Хантингтонның бұл ойы күмәнмен қабылданғанмен, кейінгі әлеуметтік өзгерістер оны толықтай растады. Модернизация теориясының ірі теоретигі Ш.Айзенштадт жаһандану жағдайында өзі де өзгеріске ұшырап отырған Батыс ендігі кезекте дамудың әмбебап үлгісі бола алмайтындығын дәлелдеді [87:279]. Әр қоғам өзіне модернизацияның қандай түрі қажет екендігін өзі таңдауға құқылы. Сондықтан да жергілікті деңгейлерде көптеген «модерндер» пайда болуда. Осы тұрғыда «даму батыстық үлгі бойынша жүзеге асырылу керек» және «даму толықтай бірегей үлгімен іске асу керек» деген көзқарастар бүгінгі таңда қате екендігін көрсетуде. Дамудың батыстық бағытын ұстану экономиканың, саясаттың, білім беру мен мәдениеттің тек жеке элементтерін игеруді меңзейді. Егер модернизацияның классикалық теориясы модернизация үдерісін басынан кешіріп отырған елдер батыстық үлгіден ауытқуын аяқталмаған немесе сәтсіз модернизация деп пайымдаса, ұлттық модернизацияның жаңа концепциясы әр елдің модернизацияларындағы ерекшеліктерді заңды әрі табиғи құбылыс деп қабылдап, бірыңғай үлгіні жоққа шығарды.

Модернизацияға жаңа тұрғыдан қарау модернизациялық зерттеулерде жаңаша тәсілдерді қолданып көптеген жаңа өзекті зерттеулер жүргізуге бастама болды. Ең танымал әдіс-тәсілдің бірі ол – салыстырмалы әдіс. Дәл осы әдісті біз де Қытайдағы модернизация үдерісін талдау үшін өз жұмысымызда қолданудамыз. Модернизацияны «вестернизация» бағытымен келе жатқан бір сызықтық үдеріс ретінде қарастырудың орнына, салыстырмалы әдіс

қарастырып отырған қоғам мен батыстық қоғам арасындағы құрылымдық жағдай мен институционалдық мұралар арасындағы айырмашылықтарға баса назар аударады [92:4]. Бұл әдіс көп жағдайда жеке елдерде өтіп жатқан модернизация үдерісінің түрлі модельдерін сараптауда қолданылуда. Зерттеудің салыстырмалы әдісі шеңберінде ең негізгі қарастырылатын мәселе – модернизация үдерісі қарастырылып отырған қоғамда қалай жүріп жатыр және оның жүру барысын қарқындатудың қандай жолдары бар. Бұл мәселелер төңірегінде: модернизация үдерісі ішкі немесе сыртқы факторлар әсерінен жүріп жатыр ма, үдерісті экономикалық немесе экономикалық емес факторлар қарқындатуда ма және модернизация үдерісінде мемлекет немесе нарық басым рөлге ие ме деген үш тақырып бойынша пікірталастар жүргізілуде. Мысалы, көптеген батыстық елдерде модернизация қоғам дамуының табиғи жалғасы, яғни эндогенді (ішкі) шарттар негізінде басталған үдеріс ретінде қарастырылса, дамушы елдерде бұл үдеріс керісінше экзогенді (сыртқы) факторларға тәуелді болып, жергілікті билік күшімен жүргізіле бастады [93:133]. Бұл дегеніміз, қарастырылып отырған қоғамдардағы модернизация үдерісінің әртүрлі бастама шарттары мен жағдайлары олардың дамуларының ерекшеліктеріне біршама әсер еткендігін білдіреді [41:2]. Сонымен қатар, ғалымдар арасында модернизация үдерісіне бастама болған эндогенді факторлар туралы да пікірлер сан түрлі. Мысалы, тарихи материализм мен экономикалық детерменизм концепциясына сүйенетін болсақ, марксистердің пікірі бойынша қоғамның әлеуметтік қондырғысын (өндіріс тәсілі, әлеуметтік жүйелер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас) өзгерте алатын бірден-бір күш ол – экономикалық базис (технологиялардың дамуы) [94:89]. Ғалымдардың енді бір тобы модернизация үдерісін анықтайтын маңызды факторлар қатарында экономикалық емес факторларды қарастырған. Веберлік пікірге сүйенсек, модернизация үдерісін анықтайтын нәрсе ол – сана. Мәдениеттегі дін мен экономика және әлеуметтік өмір арасындағы қарым-қатынасты саралай келе, М.Вебер капитализмнің дамуына протестанттық этиканың әсерін атап көрсетіп, «экономикаға әсер ететін өзгерткіштік күштер адам санасында» деген қорытынды жасайды [95: 126]. М.Вебер өзінің «Қытай діні» атты еңбегінде «дәстүлі қытайлық әлеуметтік құрылым капиталистік модернизацияға мүлдем сай емес» деп айтады. Вебер қытай қоғамын зерттей келе қытайлық конфуцийшілдік пен батыстық протестантизмді салыстырып: «Таза экономикалық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, Қытайда нағыз буржуазды өндірістік капитализмнің пайда болмауына оған сай ерекше менталитеттің жоқтығы себепкер», - деп жазады [96:100]. Вебердің конфуцийшілдік пен протестанттық этиканы салыстыруда біраз олқылықтары болғанымен, алайда оның бұл еңбегі күрделі қытайлық әлеуметтік жүйені зерттеу бойынша өз уақытында шын мәнісінде ынталандырушы еңбектердің бірі болды және Қытайдың әлеуметтік-экономикалық өзгерістерінің заңдылықтарын салыстырмалы зерттеу үшін үлкен негіз қалады. Салыстырмалы әдіс сонымен қатар модернизация үдерісінің түрлі модельдерін басқа да аспектілер тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік ашты.

Модернизация теориясына сәйкес, модернизацияның екі түрін бөліп қарастыруға болады. Бірі – эндогендік модернизация, яғни модернизация қоғамның өз ішінде саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларда орын алған табиғи өзгерістердің негізінде басталғандығы. Екіншісі – экзогенді модернизация, яғни сыртқы факторлар әсерінен, эндогенді модернизация нәтижесінде ұлттық байлық пен күш-қуатын нығайтқан елдер тарапынан қанаушылық немесе елдеріне басып кіруге деген әрекеттеріне ұлттық жауап ретінде басталған үдеріс[97:82]. Көптеген дамушы елдер, соның ішінде Қытай да, соңғы категорияға жатқызылады, себебі Қытайдағы ең ерте кезеңдегі модернизация үдерісі Цин династиясы (1644-1911жж.) билігінің соңғы кезеңінде Батыс елдері мен Жапониядан төнген әскери қауіпке жауап ретінде мәжбүрлі түрде басталған болатын. Осы себептен кейбір ғалымдар бұл кезеңдегі модернизацияны «қорғаныс модернизациясы» деп анықтайды [98:113]. Ерте модернизациядан өткен елдер тарапынан сыртқы қысымға ұжымдық жауап ретінде басталған экзогенді модернизация ұлттық дамуды нығайту үшін қуатты инструменттерге ие болды. Соның арқасында модернизация жолына кешігіп түскен елдер өзгеше даму жолдарын қалыптастырып жатты. Цин династиясы билігінің соңғы кезеңі, яғни ХІХ ғасырдың ортасынан бастап Қытайдың модернизациясы да бірегей траектория бойымен дамып келуде.

Саяси режимдердің ауысуына байланысты, Қытайдағы модернизацияны үш үлкен кезеңге бөлуге болады: Цин династиясының соңғы кезеңі, Қытай Республикасы кезеңі және Қытай Халық Республикасы кезеңі. Ал модернизацияны жүргізуге қатысты идеологиялық пікірталастар тұрғысынан қарастыратын болсақ, қытайлық ғалым Цай Вэнхуей қытайлық модернизация үдерісін төрт үлкен даму кезеңдеріне бөлген: 1) Еріксіз және қорғаныстық вестернизация (1840-1895); 2) Реформалар мен революция (1896-1911); 3) Билік дағдарысы мен ұйымшылдықсыздық (1912-1948); 4) Коммунистік және капиталистік әдістердің текетіресі (1949-дан бүгінгі күнге дейін) [83:33]. Фрэнсис Су болса қытайлық қоғам модернизацияны жүзеге асыруға бірнеше талпыныс жасағанын айтуда: әскери, саяси, бөлшектік, Кеңестік үлгімен және «төрттік модернизация». Қытайлық ғалым Ли Цзинсюань өзінің еңбектерінде қытайлық модернизацияның үш тұсын ерекше атап өткен: ұлттық тәуелсіздікке ұмтылыс, модернизацияның тарихи феномен ретіндегі қажеттілігі және модернизацияны жүргізу жолдарының алуандылығы [99:172]. Хэ Чуаньци елдегі модернизацияның 4 фазасын бөліп көрсетеді: дайындық, трансформация, модернизацияның өзі және халықаралық интеграция [100:32].

Цин династиясының соңғы кезеңі (1840-1911 жж.) мен 1978 жылға дейінгі кезеңде қытайлықтардың заманауи қоғамды құру бойынша талпыныстары негізінен басқа елдерден келген қауіпке төтеп бере алатын мықты мемлекет құруға, өзінің бұрынғы әлемдегі жоғарғы дәрежесіне «қайта оралуға» бағытталғандығын айтуға болады. 1978 жылға дейінгі жалпы тарихи, саяси және әлеуметтік алғышарттар реформалар кезеңінде іске асырыла бастаған модернизацияның ерекше сұлбасын қалыптастырды. Цин кезеңіндегі

модернизациялық үдеріс қытайлық зиялылардың мемлекетті күшейтудегі белсенділігінің артуына, ұлтты күшейту идеясына негізделген ұлтшылдық ағымының туындауына және дәстүрлі мәдениетінің негізгі квинтэссенциясы болып табылатын конфуцийшілдік ілім негізіндегі «қытайлық дәстүр» мен «модернизация» арақатынасы мәселесінің көтерілуіне серпін берді. Модернизация бұл күрделі стратегиялар мен шаралар іске қосылатын наразылық пен өзгерістердің үздіксіз үдерісі болып табылатындықтан, модернизацияның әр кезеңінде пайда болатын өзгерістер қабылданған стратегиялар мен қолданған шаралардың нәтижесі десек болады [41:7]. Модернизацияға ұмтылыс барысында қытайлық зиялылардың ұлтшылдық көңіл-күйі күшейе түсіп, ұлтты құтқаруға арналған түрлі идеологиялық доктриналар мен стратегиялар ұсынылған болатын. Осы кезеңнен бастап модернизация үдерісі барысында конфуцийшілдіктің рөлі қатты сынға алынып, конфуцийшілдік қоғамнан бірде шеттетілсе, бірде қайта оралып отырды. Сонымен бірге көптеген мыңжылдықтар бойында қалыптасқан қытайлық бірегейлік дағдарыс жағдайында бой көрсете бастады және модернизациялық үдеріске, оның жүру ерекшелігіне тікелей әсер етті, яғни мәдени бірегейлік пен модернизация үдерісі өзара текетіреске түсті десе болады. Американдық социология ғылымдарының профессоры М.Кастелс бірегейліктің пайда болуының үш жолын бөліп қарастырады: легитимдік бірегейлік, қарсылыққа негізделген бірегейлік және жобалық бірегейлік [101:62–63]. Легитимдік бірегейлік өзінің билігін нығайту мақсатында қоғамда мемлекеттік институттармен қалыптастырылса, қарсылыққа негізделген бірегейлік өздерін мәдени, саяси. әлеуметтік жағынан құқықтары бұзылған деп санайтын топтар арасында қалыптасады. Ал жобалық бірегейлік мәдени, тарихи және географиялық компоненттерге негізделіп, жаңа бірегейлікті және оған сәйкес жаңа болашақты жобалау арқылы қалыптасады. Ел ішіндегі көтерілістер мен шетелдіктерден төнген қауіптен абдырап қалған қытайлық ғалым-шенеуніктер империяның құлау мүмкіндігін түсініп, мықты жаңа Қытайды құрудың дұрыс жолын табуда қалыптасып үлгерген легитимдік бірегейлікті ұстанумен қатар, жобалық бірегейліктің қалыптасуына негіз салады. Осы кезеңнен бастап Қытайдың әр кезеңіндегі көшбасшылары мен зиялылары елді модернизациялау бойынша идеялары мен саяси бағыттары негізінен елдің артта қалушылығын жоюдың жолдары мен әдістерін іздестіруде жобалық бірегейлік алдыға шығады. Мысалы, мемлекеттіліктің жаңа формасын іздестіру мен елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйесін модернизациялау барысында Қытай халқы мен басшыларының басты миссиясы «ұлттық жандану» мен әлемдік көшбасшылық позицияға «қайта оралу» мәселелері алдыңғы қатарға шығады [102:8]. Модернизацияның бұл алғашқы кезеңі сонымен қатар Қытайдың болашақ дамуындағы басты бәсекелес – «Батыстық қоғам» образының қалыптасуының кезеңі де болды. Модернизация Қытай үшін жоғалтқан позициясына «қайта оралумен» қатар, «Батыстан келген қауіпті» жеңуді, батыс қоғамын басып озуды да білдірді. Бұл ойларын жүзеге асыру үшін Цин шенеуніктері мен зиялыларынан құралған топтар өзгерістерге деген екі түрлі

көзқарас ұстанды. Бір топ қарсылық білдіріп, дәстүрлі консервативті позицияны ұстанса, екінші топ модернизацияға жартылай бейімделуді, яғни «қытайлық ілім негізгі, батыстық ілім қолданбалы» (中学为体, 西学为用) деген ұстаным негізінде реформалар жүргізуді ұсынды. Дәстүрлі институттарды сақтай отырып, Батыс технологияларын енгізуге тырысып, бірнеше реформаларды жүргізуге тырысқанымен («Өзін-өзі күшейту саясаты», «Реформалардың 100 күні»), Қытайдың әскери және саяси модернизацияны жүзеге асыру талпыныстары сәтсіздікке ұшырады. Модернизацияның бұл бірінші кезеңінде батыстық мәдениет пен тарихи дамудың батыстық формалары арқасында қоғамды әлеуметтік-саяси дағдарыстан алып шығып, батыстық әлем бағытында дамуды іске асыру тенденциясы белең алды. Алайда Батыстың жетістіктерін ескі қоғам негізінде игеру қиынға соқты. Қалыптасқан жағдайды өзгертудің жалғыз жолы революциялық әдіс деп танылып, 1911 жылдың қазан айында Синьхай революциясы орын алып, Қытайдың ұзақ тарихындағы алғашқы республика құрылды.

Республикалық кезең үзік модернизация кезеңі деп сипаттасақ болады, себебі Қытай Республикасының орнауымен қытайлықтар саяси және экономикалық реформаларға, бейбітшілікке, халықтың өмір сүру деңгейінің көтерілуіне үміт артқанымен, саяси тұрақсыздық, жалғаспалы империализм мен интеллектуалды ыдыраушылық модернизация үдерісінің үзік-үзік сипатта жүруіне себеп болды. Елді аяғынан тұрғызып, дамытуға тырысқан бұл кезеңдегі зиялыларды екі үлкен топқа бөліп қарастыруға болады: модернизацияны жақтаған элита мен дәстүршілдер элитасы [83:20]. Яғни бұл кезеңде де «модернизация», «модерн» ұғымдары «дәстүр», «конфуцийшілдік» ұғымдарымен өзара идеялық текетіресте болды. Модернизацияны жақтаған зиялылар Қытайды дәстүрлі қоғамнан Еуропадағы батыстық заманауи қоғамға трансформациялау мақсатында мәдени модернизацияны жүргізуге талпыныс жасап, «Жаңа мәдениет үшін қозғалысты» жүргізген. Оның негізгі мәні дәстүрлі конфуцийшілдік мәдениетті шетке ысырып, қоғамға жаңа батыстық мәдениетті енгізу болды. Чэн Дусю пікірі бойынша, конфуцийшілдік мәдениет феодалдық қоғамның саясатына қызмет еткендіктен жаңа заманауи қоғамды құруға мүлдем сай келмейді, сондықтан одан бас тарқан жөн [103:498]. Бұл көзқарасты жақтап, атақты зиялылардың бірі Ху Ши: «Ұлт басқалардан үйреніп, оларға еліктемесе, онда құрдымға кетеді. Қытайдың ұлы кезеңдері басқалардан үйренуге талпынған кезеңдер болған... Қытайлық дәстүрлер заманауи қоғамға мүлдем сай келмейді. Қытайды құрып кетуден сақтаудың жалғыз жолы басқаларға еліктеу... Біз оларға еліктеуіміз керек», - деп айтқан болатын [83:21]. «Жаңа мәдениет үшін қозғалысты» мәдени модернизацияны жүргізуге талпыныс ретінде қарастыратын болсақ, оны Қытайдағы ағартушылық қозғалыс деп бағалауға болады және ол Қытайдың модернизациясына үлкен және терең әсер етті. Алайда оның кейбір ұмтылыстары мен ұрандары тым радикалды болып, Қытайдың дәстүрлі мәдениетін бұрыс жағынан қабылдаушылыққа алып келді. Дегенмен, бұл кезеңде Лян Цичао, Лян Шумин және т.б. сынды дәстүрлі мәдениеттің қорғаушылары қытайлық қоғамды

толығымен батыстандыруға болмайды деген пікір білдіріп, Қытай ұлты қайта жанданған конфуцийшілдік теориясына негізделіп мықты ұлт бола алады деп сенді [103: 569]. Қытайлық зиялылар Қытай үшін қандай батыстық идеялар, саяси теориялар мен экономикалық ілімдер сәйкес келетіндігі туралы ортақ ымыраға келе алмады. «4 мамыр» (1918 ж.) радикалды интеллектуалды қоғалысы бір жағынан дәстүрлі ой-сананың іргетасын шайқалтса, екінші жағынан батыстық ілімдердің енуіне жол ашты. Зиялы топтардың мақсаты бір болса да – қытай қоғамын дамыту, жаңғырту, алайда бұл мақсатқа жетудің жолдарын әр топ өзгеше көрді. Қытайды дамыту үшін капиталистік жолға түсу талпынысы сәтсіздікке ұшырады. Өндіргіш күштердің аздығы, ұлттық буржуазияның әлсіздігі, халықтың басым көпшілігінің кедейлігі, ішкі саяси топтардың алауыздығы Қытайды феодалдық қоғамнан капиталистік қоғамға өзгертуге үлкен кедергі болды. Ресейдегі Қазан төңкерісінің жеңісінің әсерімен Қытайға батыстық ілімнің ену үдерісін түбегейлі өзгертті. Көптеген зиялылар марксизм идеясына тартылды. Марксизм Қытайды еркін, тәуелсіз әрі заманауи ұлтқа айналдыра алады деп сенді. 1921 жылы Шанхайда Қытай Коммунистік партиясы (ККП) құрылып, партияның Бас хатшысы Мао Цзэдун мен оның жақтастары Қытай үшін дамудың социалистік жолы туралы ауқымды дискурстың негізін қалай бастады. Осы кезеңде марксизм мен коммунистік идеялар кең таралып, қытайлықтардың ой-санасын қалыптастыра бастады. Бұл кезең Қытайдың мәдени бірегейлігінде бетбұрыс кезеңі болды десе болады. Сырттан енген идеялар мен концепциялар дәстүрлі әлеуметтік-мәдени ортаға интеграциялану үрдісі байқалды. Марксизм мемлекеттік идеологияның негізі ретінде қарастырылды. Бұл кезеңдегі идеологиялық саладағы жетістіктің бірі – «қытайлық негізде өркениетті қайта жандандыру», «вестернизациясыз модернизация жүргізу» идеяларының пайда болуы. Қоғам дамуында мәдени факторлар маңыздылығы артты. Дәл осы кезеңде қытайлық өркениеттің бейімделгіштік қасиетіне назар аударыла бастады. Қаншама ғасырлар бойы өзінің болмысын жоғалтпаған, басқыншылар билігінің астына болған кезеңдерде де өзге мәдениетті қабылдамай, өз мәдениетіне, дәстүріне басқыншыларды ассимиляциялаған қытайлық өркениет модернизация үдерісіне де өз әсерін тигізбей қоймады. Ресейлік академик М.Л. Титаренко өз еңбектерінде қытайлық мәдениеттің өміршеңдігі туралы көп жазған болатын. Ол қытайлықтардың өзге өркениеттердің жетістіктерін қолданудың басты әдісі «қорыту» қағидасы немесе басқа сөзбен айтқанда «өзге мәдениетті қытайландыру» деп көрсеткен болатын [21:20-23]. ХХ ғасырда да бұл қағида өз өзектілігін жоғалтпай, модернизациялық үдерісте өз ролін ойнады. Мысалы, ұлтшылдар конфуцийшілдік ілімін «модерн» ұғымымен байланыстыруға тырысты. Екі «кемені» бір ағысқа түсіруге талпыныс жасалды. Коммунистік партияның мүшелері де марксизмнің Қытай жеріне сіңісіп кетуі үшін бұл ілімнің қытайлық қоғам мен конфуцийшілдікпен сәйкестігі туралы мәселені көтеріп, кең талқылай бастады. Социализмнің қытайлық нұсқасы көптеген факторларға негізделгенімен, олардың ішіндегі ең бастысы қытай ұлтының идеялық негізі – конфуцийшілдік болды. Қытай халқының социализмді

таңдауының да себебі конфуцийшілдік идеялардың ықпалы еді. Марксизмнің қытайлық мәдениетке ассимиляциясы үдерісінде қоғамның конфуцийшілдік идеалы («датун») ғана маңызды рөл ойнап қойған жоқ, сонымен қатар конфуцийшілдіктің «халық үстемдігі», «білім мен әрекеттің бірлігі» сияқты идеялары да социалистік идеялардың қытайлық жерге тез тарап, қоғам ішіне кедергісіз сіңуіне жақсы негіз болды. ҚКП басшысы Мао Цзэдунның өзі 1935 жылы өткен Цзуньши конференциясында марксизмді абстрактілі күйінде емес, «шынайылыққа нақты қарау» қағидасы негізінде «нақты жағдайдағы нақты күресте пайдаланатын» марксизм ретінде қабылдап, оны Қытай жеріне бейімдеп, «қытайландыру» қажеттігін айтып өткен [48:9]. Кейін, 1938 жылы Мао Цзэдун ресми түрде «марксизмді қытайландыру» мәселесін көтеріп, «Ұлттық соғыстағы ҚКП орны» атты еңбегінде марксизмге ұлттық форма беру қажеттілігі туралы өз ойын айқын білдірді: «Қазіргі Қытай елдің өткен дамуының нәтижесі. Біз – тарихқа марксистік көзқарасты жақтаушылармыз, (сондықтан) өзіміздің өткен тарихымыздан бас тарта алмаймыз...марксизмді біз тек еліміздің нақты ерекшеліктерін есере отырып және білгілі бір ұлттық форма арқылы ғана жүзеге асыра аламыз» [68:183]. Осы кезеңнен бастап қытайлық қоғам ішінде конфуцийшілдік пен марксизм арасындағы сәйкестік мәселесі кең талқылаудағы басты мәселеге айналды. Сол тарихи жағдайда пайда болған «марксизмді қытайландыру» доктринасы батыстық дүниені өзін жетілдіру үшін қолдану туралы қытайлықтардың дәстүрлі көзқарасына сәйкес келді және ҚКП-ның кең әлеуметтік қолдауға ие болуының басты кепілі болды. Алайда республикалық кезеңде модернизациялық үдеріс толыққанды жүзеге асырыла алмады және жетістіктері тым аз болды. 1937 жылғы Жапонияның басып кіруімен модернизациялық үдеріс сегіз жылдық антижапон соғысы мен одан кейінгі төртжылдық Гоминьдан партиясының ұлтшылдары мен коммунистер арасындағы ішкі азамат соғысымен үзіліп қалды. Коммунистер ұлтшылдарды жеңгеннен кейін материктік Қытайда жаңа қытайлық бірегейлік пайда болды – Коммунистік Қытай. Бұл қытайлық модернизацияның да жаңа кезеңге аяқ басқан кезеңі болды, мемлекет социалистік модернизация жолын қалыптастыра бастады.

1.2 ҚХР-да социалистік модернизацияның ішкі саясатта жүзеге асырылуы және «сяокан» мақсатының қойылуы

1949 жылы ҚХР құрылуымен модернизацияның келесі кезеңі бастама алды. Бұған дейінгі кезеңдерде Қытайда модернизация «дайындық» және «трансформация» кезеңдерінен өтсе, ҚХР құрылуымен мемлекет модернизацияны жүзеге асырудың нақты кезеңіне аяқ басты. Алайда Қытай бастапқы кезеңде әлі де даму жолын таңдау алдында тұрды: батыстық капиталистік жолды таңдау немесе социалистік жолға түсу. Себебі ол кезеңде модернизация міндеттерін шешудің тек кеңестік социализм моделі мен американдық капитализм моделінен басқа үшінші таңдау болмады. Кедей елді қайта құрудың жолында Мао Цзэдун капитализм мүлдем Қытай жағдайына жарамсыз деп танып, мемлекет социализм жолына түсу керек деген

қорытындыға келді. ҚХР билеушілерінің бірінші буыны капиталистік жолмен дамуды империалистік тонаушылық пен отаршылдық үстемдікке негізделген халықтың белгілі бір тобының ғана баюы деп қабылдады. Халқының басым бөлігі ауылды аймақтарда тұратын және негізінен шаруалардан құралатын Қытай үшін бұл жол мүлдем тиімсіз болды. Тек социалистік жолмен жүргізілген модернизация ғана тұтастай халықтың материалдық және мәдени өмірінің жақсаруына алып келеді деген қорытынды жасалды [48:143]. Мао Цзэдун ойы Қытайдың даму траекториясын анықтауда негізгі болып қабылданды. Саяси режим ауысып, Қытай аграрлы қоғамнан индустриалды қоғамға бет бұра бастады. Социалистік индустриаландыру мен модернизация жолдарын тереңінен зерттеу басталды. Жаңа Қытайды құру үдерісі марксизмнің революцияны жүргізудің нақты тәжірибесімен және конфуцийшілдік мәдениетпен үйлестіруді жалғастыру негізінде жүріп жатты. Партия коммунизмді қытай қоғамының дамуындағы ең соңғы кезең, яғни қытай халқы материалдық молшылыққа жетіп қана қоймай, демократиялық, үйлесімді, өзін-өзі басқаратын, әлеуметтік таптардан, қанаушылық пен соғыстардан азат кемелденген қоғамда өмір сүрудің идеалды кезеңі деп түсінді. Өндіргіш күштерді дамыту, халықтың өмір сүру деңгейін көтеру, ұлтты байытып күшейту идеялар конфуцийшілдіктің «датун» идеясымен тығыз байланыстырылды. Коммунизмге, немесе конфуцийшілдік «датунға» жетуде партияның жетекші рөлі ерекше аталып өтті. Қытай халқының авангарды ретінде Коммунистік партия қоғамдағы билікке өз монополиясын орнатып, барлық маңызды шешімдерді қабылдаушы орган қызметін атқара бастады. Қытайдың кейінгі даму траекториясын анықтауда да ҚКП негізгі күшке ие болды.

Он екі жылдық соғыс Қытай экономикасын қатты әлсіретті. Тежеусіз инфляция қалалық тұрғындарды жұтатып, ауылшаруашылық өндірісі Цин династиясының соңғы кезеңінің көрсеткіштерінен 25 пайызға төмен түсіп кетті. Фабрикалардағы өндіріс соғыс кезеңіне дейінгі деңгейден 53 пайызға төмендеп, өндірістік орындар қирандылар болып қалды. Білікті жұмысшылардың, техниктердің және қаражаттың жетіспеушілігі қатты байқалды [104:141].

Қытай басшыларының алдында тұрған негізгі мәселе модернизациясы кеш басталған елден заманауи социалистік мемлекетке трансформацияны қалайша оңтайлы және тез аяқтауға болады деген мәселе болды. Мао Цзэдун басшылығымен қытайлық көшбасшылар социалистік индустриализация мен модернизацияға жетудің жолдарын ойластыра бастады. Жаңа шаруашылық құрылысты және оған сәйкес саяси негіздемені қалыптастыру сол кезеңнің бірінші кезекте тұрған міндеті болды. 1945 жылы сәуір айында партияның VII съезінде жасаған «Коалициялық үкімет туралы» баяндамасында Мао Цзэдун модернизацияның басты мәні индустриализация екенін айтып кеткен болатын: «Жаңа демократияның саяси жағдайлары қамтамасыз етілгеннен кейін қытай халқы мен оның үкіметі бірнеше жылдар бойы ауыр және жеңіл өнеркәсіпті кезең-кезеңімен құру және Қытайды аграрлық елден индустриалды елге айналдыру үшін пәрменді шаралар қабылдауы керек... Біз, коммунистер,

барлық демократиялық партиялармен және де барлық іскер топтармен бірге осы мақсат үшін күресуге дайынбыз. Бұл міндетті орындаудағы ең үлкен рөл қытайлық жұмысшы табына беріледі» [68:1081]. Сол кезде айтылған ойын жүзеге асыру үшін елді индустриаландыру стратегиясын қалыптастыру қажеттілігі туындады. Социалистік жүйені қабылдаған Қытай социалистік мемлекеттердің халықаралық желісінің бір мүшесіне айналып, қарқынды ынтымақтастық орната бастады. Қытайлық қоғамға сол жаһандық байланыстардың әсері тереңінен ене бастады. Білім мен технологияларды алмасудан бөлек, жаңа институционалды құрылымдардың жиынтығын енгізу қажеттілігі де туындады [105:69-70]. Кеңес Одағы әлемде алғашқы мемлекет болып дамудың социалистік моделін қалыптастырғандықтан қалған социалистік елдер үшін жалғыз еліктеу моделі болды. Қытай да осы жолмен дамуды таңдады. 1953 жылы партияның өтпелі кезеңге ұсынған Бас жоспарының негізгі тақырыбы индустриаландыру болды. КСРО тәжірибесін қолданып, алғашқы бесжылдықты (1953-1957 жж.) сәтті өткізген Қытай үшін бұл кезең революцияның буржуазды-демократиялық сатысынан социалистік құрылыс дәуіріне ресми өтуді білдірді. Мао Цзэдун «Қытайдағы экономикалық өсудің қарқыны баяу емес, мүмкін, керісінше жылдам болып, Қытайдың гүлденуін жақын арада көре аламыз» деп есептеді [68:451]. Коммунистік идеология модернизацияның негізі ретінде жарияланып, модернизация стратегиясы тек материалдық өзгерістерді емес, негізінен құндылықтар мен адамдардың мінез-құлқында көрініс табатын қытайлық идеологияның өзгерісін мақсат етті. ҚКП эгалитарлы (өзара тең) қоғамды құруды басты міндет деп жариялады. Негізгі экономикалық форма – жоспарлы экономика жүйесі қалыптасып, «таптық күрес» қоғамдық құрылыстың басты тақырыбына айналды. Алайда КОКП-ның XX съездінің (1956 ж.) теориялық және саяси шешімдері Қытай басшылығын Кеңестік үлгідегі социалистік құрылыстың жолдарын қайта саралауға негізгі түрткі болды. Мао Цзэдун Кеңестік тәжірибеге толықтай сенім артып, риясыз бұлжытпай қайталауға болмайды деген шешімге келеді. КСРО үлгісі бойынша өндірісті индустриаландыру мен ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың қажеттілігінен бас тартпай, Мао төраға ҚХР-да өзінің түсінігіне сай социалистік қоғамды жеделдетілген қарқынмен құруға шешім қабылдады [106:20]. Дамудың коммунистік идеологиясына негізделген эксперименталды жолдары іске асырыла бастады, яғни Қытай социалистік теория шеңберінде өз тәжірибесін жүргізуге кірісті. Ауыр өнеркәсіптен гөрі ауылшаруашылығы Қытай экономикасының қаңқасын құрау керек Мао мемлекеттің экономикалық дамуы шағын ауылшаруашылық кәсіпорындар негізінде жүзеге асу керектігін алдыға тартты. Бұл мақсатта Қытай басшылығы “*Үлкен секіріс*” және халықтық коммуналарды құру саясатын жүзеге асырды. Алайда оның салдары Қытай үшін ауыр болды.

1950-1960-шы жылдар аралығында Қытайды модернизациялау бойынша болашақта үлкен мәнге ие болатын социалистік модернизациялық жоспардың концептуалды негізі қалыптаса бастады. Модернизация мақсаттары мен міндеттерін айқындау барысында партиялық басшылық «ортақ баю» (共同富裕)

мен «төрттік модернизация» (四个现代化) идеяларын ұсынды. 1953 жылы қыркүйек айында «Жэньминь жибао» (人民日报) газетінің беттерінде «Біріге отырып, біз еріктілік пен өзара пайда қағидаларына сәйкес, еңбек өнімділігін арттыру, астық өндірісін ұлғайту, табыстарды өсіру, ортақ байлық жағдайында өмір сүруге талпыну арқылы ұжымшылдық рухын өмірге келтіруге міндеттіміз...» деген жолдау жарияланды [107]. Желтоқсан айында жарияланған «Социализм жолы – ортақ баюдық жолы» (社会主义的路是农民共同富裕的路) деген мақалада «ортақ баю» тек ұжымдық меншік жағдайында ғана жүзеге асуы мүмкіндігі айқын жазылды. Мақалада «Өндіріс құралдары қоғамдық меншікте болғанда ғана адамдар бірін-бірі қанамайды» деп жазылды. Партиялық құжаттарда «ортақ баю» термині 1953 жылы 16 желтоқсанда жарияланған ҚКП ОК-ның «Ауылшаруашылық өндірістік кооперативтерді дамыту туралы» қаулысында алғаш рет кездесті. Мао Цзэдунның поляризацияға жол бермей, ортақ баюға социалистік жолмен жету ұраны партия мүшелерімен және халықпен жағымды қабылданды. «Ортақ баю» социалистік дамудың басты мақсаты ретінде қарастырыла бастады. Алайда Мао Цзэдун түсінігінде «ортақ баю» теңдей және бір мезгілде баюды меңзеді, бұл нәтижесінде эгалитаризм мен «үлкен күріш табақтарына» алып келіп, жұмысшылардың өнімділікке ынтасын төмендетті және халықты одан сайын кедейлендірді [108].

«Төрттік модернизация» идеясы 1950-1960 жылдарда Мао Цзэдун мен премьер-министр Чжоу Энлайдың сөздерінде алма-кезек көтерілді. Алғаш рет елді модернизациялау жоспары ретінде бұл тұжырымдама 1954 жылы Бүкілқытайлық халықтар өкілдерінің жиналысының (БХӨЖ) 1-ші шақырылымының 1-ші сессиясында Чжоу Энлайдың баяндамасында кездесті. БХӨЖ-дің ашылу салтанатында премьер Чжоу Энлай сөз сөйлеп, Жаңа Қытай алдында тұрған мақсат – «империализм, феодализм мен бюрократиялық капитализм туындатқан артта қалушылық пен кедейшіліктен арылу» деп баса назар аударды [109:258]. Премьер Чжоу Энлай елдің ауылшаруашылық, индустрия, коммуникация мен көлік, ұлттық қорғаныс салаларын модернизациялау керек деп, оған жетудің әдіс-тәсілдері: өндіргіш күштерді либерализациялау және экономикалық дамуды басты назарда ұстау деп ашып көрсетті. Бұл шаралардың басты мақсаты адамдардың материалдық және мәдени өмірлерін жақсартып, ұлттық тәуелсіздік пен қауіпсіздікті нығайту болды [48:140]. Кейін де елдің даму жоспары бойынша бірнеше құжаттарға бұл тұжырымдама алдыңғы қатарлы міндеттер ретінде енгізілді. Ұлттық экономика жоспарлы түрде дамып, ұлттық индустриаландыру барынша қарқынды жүзеге асырылу керек деген ұран сол кезеңдегі экономикалық құрылыстың негізі болды. Модернизация идеясының мазмұны біртіндеп айқындалып, нақтыланған түрінде 1964 жылдың 20 желтоқсаны мен 1965 жылдың 4 қаңтары аралығында өткізілген БХӨЖ-дің 3-ші шақырылымының бірінші сессиясында ұсынылды. Премьер-министр Чжоу Энлай «Үкіметтің жұмысы туралы» баяндамасында Қытай мықты социалистік елге айналу үшін өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, ұлттық қорғаныс, ғылым мен техника салаларында модернизация жүргізу

керектігін және дамыған елдерді басып озу үшін бұл шараны қарқынды түрде жүзеге асыру керектігін айтып, «төрттік модернизация» ұлттық міндетін ресми түрде жариялады. Бұл тұжырымдама партиялық және саяси шеңберлерде елдің даму жолына деген жаңа көзқарастардың пайда болғандығын білдірді. Социалистік құрылыстың стратегиялық міндетіне айналған «төрттік модернизация» тұжырымдамасы «ұлттық экономиканы жоспарлы негізде дамытуды; ұлттық индустриализацияны барынша тез жүзеге асыруды; кезең-кезеңімен ұлттық экономиканың техникалық түрленуін жүйелі түрде іске асыруды; және модернизацияланған өндірістің, ауыл аруашылығының, көлік өндірісінің және ұлттық қорғаныстың дамуын» меңзеген болатын [10:46]. Жұмыс «екі қадаммен» іске асырылады деп жоспарланды: алғашқы он бес жылда тәуелсіз өндіріс жүйесі және ұлттық экономикалық жүйе құрылу керек болды, кейін ХХ ғасырдың соңына дейін төрт саладағы кең көлемді модернизация жүргізілу керек болды. Алайда Мао Цзэдун кезіндегі «солшыл» саясат нәтижесінде жүргізілген «Мәдени революция» (1966-1976 жж.) «төрттік модернизацияны» капиталистік даму тәсілі деп санап, аталмыш жоспарды жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді.

Мао Цзэдун тұсындағы экономикалық саясатты қытайлық ғалым Цай Вэнхуей үлкен ауытқышулықтары мен бірізді болмауы себебінен «толқындар» топтамасы деп атады [83:42]. Бір «толқын» экономиканы көтерсе, бір «толқын» оны қайта құлдыратып жатты. Жалпы ҚХР-дың алғашқы отыз жылдық тарихы - ұмтылыстар мен сатқындықтардың, жаңа бастамалар мен ауыр зардаптардың, эксперименттер мен сәтсіздіктердің тарихы болды. Қалай дегенмен, Мао тұсында Қытай өз тарихында ең ауқымды әлеуметтік реформа жүргізіп, социалистік жүйені құрды. Көптеген экономикалық қателер жіберілсе де, бұл кезең ҚХР-ды ары қарай модернизациялауға үлкен теориялық негіз қалады – марксизм-ленинизм идеялары Қытайдың шынайы жағдайымен үйлестірілді. Мао Цзэдун тұсындағы Қытайды индустриаландыру жолдарындағы ізденістер шын мәнісінде Қытайды социалистік жолмен модернизациялау бойынша ізденістерінің негізін қалады.

1976 жылы Мао Цзэдун өлімімен «Маолық даму жол» тығырыққа тіреліп, ел модернизациясында жаңа тарихи кезең бастама алды. Мао Цзэдун мен Чжоу Эньлай мұрасын жалғастыру жауапкершілігі Орталық биліктің екінші буынының көшбасшысы Дэн Сяопин мойнына артылды. «Мәдени революцияның» нәтижелерін ой елегінен өткізіп, Дэн Сяопин «дүрбелең прогресске алып келмейді, керісінше құлдыратады..егер біз алдыға қарай жылжығымыз келсе жақсы тәртіп орнату қажет...тұрақтылық пен бірліксіз бүгінгі Қытайда ештеңеге қол жеткізуге болмайды» деген қорытындыға келеді [70:24]. «Дүрбелеңнен шығу үшін тәртіп орнату» (拨乱反正) саяси тұрақтылық пен қоғамдық тәртіптің орнауын қажет етті. Үкіметтің бұл ұраны әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің үдерісін іске қосты. Дэн Сяопин Қытайдың модернизациялық стратегиясына прагматизм тұрғысынан келіп, дамыған батыс елдерімен салыстырмалы контекстінде қарастырды. Жоспарлы экономикадан бас тартпай, керісінше оны нәтижелі жұмыс істетуге тырысқан Дэн Сяопин

бастапқы кезеңде «Мәдени революция» жылдарында бұзылған экономикалық жүйені қалпына келтіруге тырысты. Алайда ескі жүйені толықтай қалпына келтіру қиынға соққандықтан, институционалды өзгерістердің қажеттілігі айқын көріне бастайды. Марксизм идеяларынан таймай, Қытайдың шынайы жағдайын есепке ала отырып Дэн Сяопин экономикалық өзгерістердің жаңа идеологиясын ұсынады – реформалар мен ашықтық саясатын [110:113].

Қытайда реформалар дәуірі ресми түрде 1978 жылдың желтоқсан айында өткізілген ҚКП Орталық комитетінің 11-ші шақырылымының 3-ші пленумында жарияланды. Бұл пленум Қытайдың саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуында айтулы оқиға болды. Қытайды модернизациялау мақсатында көптеген жаңа бастамалар қолға алынып, мемлекеттің жалпы жағдайын сапалы өзгертуге және жақсартуға бағытталған жаңа саяси-экономикалық бағыт қалыптасты. Дэн Сяопин бастаған партияның орталық басшылығының екінші буыны мемлекеттің даму мәселесін түбегейлі қайта қарауға кірісті. Ресми түрде «социалистік модернизацияны жүзеге асыру мен «реформа мен ашықтық» саясатына көшу», экономикалық реформаларды жүзеге асыру мемлекеттің орталық мәселесіне айналды.

1980-ші жылдардың басында Қытайда модернизацияға деген көзқарас қайта қаралып, модернизацияның критерийлерін, оның мазмұнын, модернизацияны жүзеге асырудың жолдарын анықтау бойынша кең ауқымды теориялық ізденістер жаңа қарқынмен басталды. «Сиендайхуа» (модернизация) ұғымы жүйелі экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістермен анықталып, модернизация тұжырымдамасының ғылыми негізі елдің даму стратегиясымен тығыз байланыстырылды. Елді модернизациялаудың нақты мақсаттары мен міндеттер тізбегі айқындалды. Саяси дискурста «қытайлық үлгідегі модернизация», «социалистік модернизация», «қытайлық ерекшелігі бар социализм», «социализмнің алғашқы кезеңі», «сяокан қоғамы» терминдері кеңінен ене бастады. Чжоу Эньлай жолын жалғастырып, Дэн Сяопин «төрттік модернизация» концепциясын Қытайдың саяси күнтәртібінде бірінші орынға қойып, «дамудың» маңыздылығын ерекше атап өтіп, «байлық пен күш-қуатқа» апарар жол ретінде «төрттік модернизацияға» ерекше қарады. 1979 жылы 21 наурызда Қытай-Британ мәдени қауымдастығының атқару Комитетінің делегациясымен кездесуде Дэн Сяопин: «Біздің мақсатымыз осы ғасырдың аяғына қарай төрттік модернизацияға жету. Біздің идеямыз батыстан өзгеше. Мен оны жаңа терминмен сипаттауыма рұқсат етіңіздер – қытайлық үлгідегі төрттік модернизация». Бұл термин 20 ғасырдың аяғында Қытайдың модернизацияға деген ұмтылысының траекториясын және проекциясын анық көрсетті. Ғасыр соңына қарай жүзеге асырылуы тиісті бұл модернизация Дэн Сяопин үшін «Қытайдағы кедейшілік пен артта қалушылық жағдайын өзгертіп, қытай халқының өмір сүру деңгейін біртіндеп көтеріп, Қытайдың халықаралық қатынастардағы позициясын қалпына келтіруді және адамзат дамуына үлкен үлес қосуды» білдірді [70:237]. Социалистік модернизацияға қалай қол жеткізуге болады деген мәселеге партияның стратегиялық ойлауы риторикалық түрінен практикалық түрге, үстірт түрінен терең түрге қарай ауысты.

Партияның идеологиялық бағытын түзеу бойынша кең ауқымды жұмыстар басталды.

1979 жылы 30 наурызда өткен Партиялық теориялық жұмыстың негізгі мәселелері жөніндегі кеңесте Дэн Сяопин «Төрт қағиданы берік ұстану» тақырыбында баяндама жасап: «Еліміздің және ұлтымыздың болашағы төрт салада модернизацияны жүзеге асырылуына тікелей байланысты. Қытайдың қазіргі жағдайында төрт сала бойынша социалистік модернизацияны жүзеге асыру дегеніміз – марксизмді берік ұстанып, Мао Цзэдун идеяларының туын биік желбірету деген сөз... Социалистік модернизацияны жүзеге асыру бүгінгі күннің ең маңызды саясаты, себебі мұндай модернизация халықтың ең маңызды, ең байырғы мүдделерін толықтай көрсетеді. Қытайлық үлгідегі модернизация Қытайдың ерекшелігіне негізделу керек...», - деп айтқан [70:212]. Осы кезеңнен бастап «қытайлық үлгідегі модернизация» ұғымы партиялық құжаттарға ресми айналымға енді. «Төрттік модернизация» бұл Қытайды модернизациялау бойынша жоспар болса, «қытайлық үлгідегі модернизация» бұл осы жоспарды жүзеге асырудың жолы мен басқарушы қағидалардың жиынтығы болып табылды. Басқарушы қағидалар ретінде Дэн Сяопин «төрт негізгі қағиданы» (四个基本原则) ұсынды: социалистік жолды ұстану, пролетариат диктатурасы, ҚКП-ның басшылығы және марксизм-ленинизм мен Мао Цзэдун идеяларынан таймау. Дэн Сяопин бұл қағидаларды бұзбай, олардың мазмұнын өзгерту бойынша теориялық жұмыстың бастамасын салды. Қытайды реформалауға және модернизациялауға ықпал еткен ҚКП идеологиясы айтарлықтар өзгерістерге ұшырап, үнемі жаңару үдерісіне түсті.

Дэн Сяопин бастаған реформалар бірінші кезекте экономика саласын қамтыды. Бұл шаралар сол кезеңдегі жаһандық жағдайға сәйкес жүргізілді. 1970-ші жылдары әлем бойынша еркін нарыққа өтудің кең ауқымды қозғалысы жүріп жатты. «Әл-ауқат мемлекеті» мен социалистік идеяларға деген сенім күрт төмендеді. Еркін нарық идеясының таралуына сонымен қатар Кеңес Үкіметінің стагнациясы да себеп болды. Орталықтандырылған жоспар мен мемлекеттік құрылым бойынша әлеуметтік тәртіптің кеңестік моделі ендігі кезекте сәтті деп танылудан қалды. Қарқынды экономикалық өсім көрсетпесе де, тоқырауда тұрған, алайда тұрақты деп көрінген экономикалық әл-ауқат жүйесі Кеңес Үкіметі мен Шығыс Еуропа елдері үшін әлі де қолайлы болып отырды. Алайда заманауи өндірісті қажет еткен Қытай үшін бұл модель жарамсыз болды. Қарқынды дамудың моделін іздестіру барысында Қытай социалистік елдерден гөрі, көршілес Оңтүстік Корея, Жапония мен Тайваньға көп назар аудара бастады. Нарықты дамытуға бағытталған мемлекеттік стратегия бұл елдерді кедей деңгейден біршама өркендеген мемлекеттер деңгейіне көтере алды. Қытайда жүргізілген реформалар аталмыш елдердің модельдерін толықтай көшірмесі болмаса да, олардың негізгі әдіс-тәсілдерін қытайлық жағдайға бейімдеудің талпыныстары болды. «Нарық» идеясын социалистік идеологияға бейімдеу қажеттілігі туындады. Қытай Дэн Сяопин басшылығымен социализмнің әлемдік даму парадигмасына икемді моделін

калыптастыру бойынша кең ауқымды теориялық және практикалық жұмысты бастап кетті.

1980-ші жылдардың басындағы «тәжірибе – ақиқат өлшемі» мәселесі туралы пікірталас «ақыл-ойды босатуда» маңызды рөл атқарды. «Ақыл-ойды босату» және «ақиқатқа сүйену» идеологиялық желісі Қытайда социализмнің дамуына жаңа серпін берді. Дэн Сяопин «ақиқаттың өлшемі» мәселесінде ешқандай теориялар, тіпті марксистік-маолық болсын, егер олар халықтың өмірінің жақсаруы мен мемлекет күшінің өсуіне нақты ықпал жасамаса ешқандай мәнге ие емес деген қорытынды жасайды. Дэн Сяопиннің мұндай батыл қадам жасауына сол кезеңдегі ішкі жағдай себепкер болған еді. Марксизмнің басты қағидалары елдің ұзақ мерзімді дамуында өзінің үстемдік позициясын сақтап қалды. Алайда, реформалардың мақсаттары мен мазмұны марксизм туралы дәстүрлі көзқарастар (таптық күрес, пролетариат диктатурасы) шеңберінен ауытқып тұрды. Елде дамуға бағытталған кең көлемді социалистік модернизацияны жүзеге асыру үшін марксизмнің өзін де модернизациялау қажеттілігі туралы пікірталастар туындай бастады. Маркс, Энгельс пен Лениннің еңбектері зерттеліп, ұлттық тәжірибе мен революцияны және социалистік құрылысты қайта зерделеумен ұштастыра отырып, Қытайдың жүріп өткен жолына сыни көзқарас қалыптастырды. Маркстің экономикалық ілімінен тек елдің өндірістік күштерін дамытуға және халықтың өмірін жақсартуға көмектесетін тұстарын алынды. Марксизмге догматикалық тұрғыда қараудан бас тартыла бастады. Егер қандай да бір нақты экономикалық әдістер, олар капиталистік елдердің тәжірибесінен алынған болса да, өндірістік күштердің өсуіне септігін тигізсе, онда олар социализмге де, марксизмге де кереғар емес деген пікір кең таралды [20:52].

Атақты қытайлық экономист Чэнь Дайсунь өткен ғасырдың 80-ші жылдарында «қытайлық ғылыми қауымдастық 1950-ші жылдардағы кеңестік экономикалық модель мен экономикалық теорияны көшіруден оны толықтай жоққа шығаруға дейін, кейін өзіндік модель мен теорияны қалыптастыруға дейінгі ұзақ жолды жүріп өткендігі» туралы жазған болатын. Ол экономикалық реформаларды жүргізу үшін шетелдік концепцияларды қолдануда ұлттық ерекшелікті ескеруді қатаң талап етті. Ғалым: «Шетелдік теориялар мен модельдер тағам сияқты қорыту нәтижесінде игерілу керек, сонда ғана олар пайдалы болады», - деп жазды [78]. Сонымен қатар, Чэнь Дайсунь шетелдік идеяларды игеруде «көңілді өзіңе қою» (以我为主) және «елдегі жағдайға сәйкес» (以国情为主) қағидаларын қатаң ұстану керектігін айтып өткен болатын [68:7].

80-ші жылдардың басынан бастап Қытайда екі түрлі экономикалық жүйе қатар қызмет ете бастады. Халық шаруашылығының басым бөлігі социализм заңына сүйеніп жүргізілді: бес жылдық жоспарлар құрастырылып, жүзеге асырылып жатты, мемлекет стратегиялық «табиғи монополияларды», банктер, көлік қатынасын, ресурстарды бөлуді бақылауда ұстап, халықтың табысын қатаң қадағалады. Сонымен қатар Қытайдың теңіз жағалауындағы аудандарында ішкі және сыртқы сауданың либерализациясы жүріп, еңбек

өндірісі мен халық табысы өсіп жатты. Бұл жағдай партия ішінде идеологиялық қайшылықтарға алып келді. Реформаларды ары қарай жалғастыру үшін марксизм мен әлеуметтік-экономикалық тәжірибені бірге ұштастыратын және дамуға жаңа бағыт беретін теориялық формуланың қажеттілігі анық байқалды. XII съезд барысында (1982 ж. қыркүйек) Дэн Сяопин Қытайды модернизациялауды жүзеге асыруды жаңа идеялық-теориялық формуламен сипаттады. Реформисттер мен догматиктерді мәмілеге келтірген жаңа тұжырымдама «қытайлық ерекшелігі бар социализм» атына ие болды. Бұл съезде оқылған баяндамада: «1981 жылдан бастап жиырма жыл ішінде Қытайдың экономикалық құрылысының бас жоспары экономикалық пайданы үнемі ұлғайту арқылы ұлттық өндірістік және ауыл шаруашылық өнімнің көлемін төрт еселеу болып табылады», - деп жарияланды [48:58]. Бұл мақсатқа жету үшін съезд жүзеге асырудың екі қадамдық жоспарын қабылдады: бірінші қадам – алғашқы он жылдықта берік іргетас қалау, күш жинау және жағдай қалыптастыру, екінші қадам – кейінгі он жылдықта экономикалық жанданудың жаңа кезеңіне аяқ басу. 1983 жылы Ғылыми-техникалық саясат бойынша Пекиндік форумда Дэн Сяопин өз сөзінде: «Біз қытайлық үлгідегі модернизацияны жүзеге асырамыз, және біз құру үстіндегі социализм қытайлық ерекшелікке ие. Біз негізінен өзіміздің ішкі нақты жағдаймызға, өзіміздің ішкі шарттарымызға сүйеніп, барынша өзіміздің күшімізге бейімделудеміз, (сондықтан) бұл жайында ешбір күмән болмауы қажет», - деп айтқан [70:153]. Жаңа тұжырымдама халықтың өмір сүру деңгейін көтеруді мақсат тұтқан нарыққа бағытталған экономикалық саясатты жүргізуге қолайлы идеологиялық негіздеме болды. Дэн Сяопин бұл тұжырымдаманы қолдану арқылы партиялық билік пен социалистік құндылықтарға деген ұстанымды сақтай отырып нарықтың рөлін кеңейтуді, өндіріс, сауда, ғылым мен білім салаларында кең көлемді реформаларды іске асыруды ойластырды. Қытай экономикасына өсім беретін барлық әдіс-тәсілдер (нарық, бәсекелестік, кәсіпкерлік, акционерлік қоғамдар) социализм атрибуттары ретінде қабылдану керек болды. Осы орайда Дэн Сяопин былай деген болатын: «Коммунизмге жету үшін бірінші кезекте социализм кезеңінің міндеттерін толық орындау қажет. Бұл кезеңнің басты міндеті – өндірістік күштерді дамыту, коммунизмнің материалдық базасын қалыптастыру... біз социалистік өндіргіш күштерді дамыту үшін капиталистік елдердің құралдары мен техникасын қолдануымыз керек» [69:152]. «Қытайлық ерекшелігі бар социализм» деп атана бастаған жаңа тәртіп өзінде орталықтандырылған стратегиялық жоспарлау мен нарықтық бәсекелестікті, бұқаралық социалистік идеология мен жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруын біріктірді. Бұл тұжырымдама Қытайдың модернизациясының теориялық негізін және практикалық бағытын қалыптастырды. Дэн Сяопин социализмнің «икемді» моделін қалыптастырды, яғни сыртқы формасын өзгертпей, ішкі мазмұнын жаңа тұжырымдармен толықтырып, қоғамдық мүлік басымдылық жағдайында жеке сектор мен нарықтың дамуына жол ашты.

Қытайлық ерекшелігі бар социализм теориясын қалыптастыру барысында Дэн Сяопин Қытайда жүргізіп жатқан ұлттық даму науқаны ұлттық жағдайға

бейімделіп, бірегей қытайлық модернизация жолын қалыптастыруы керек деп ерекше атап өтті. Ол қытайлық модернизацияның ерекшеліктерін сипаттай отырып, модернизацияның аралық мақсаты ретінде дәстүрлі қытайлық «сяокан қоғамы» ұғымын ұсынды. 1984 жылы маусымда Қытай және Жапон үкіметтік емес қайраткерлері кеңесінің екінші отырысында Жапония Комитетінің делегациясымен кездескен Дэн Сяопин: «Біз төрт модернизация бағдарламасында орнатқан ең төменгі меже – осы ғасырдың соңына қарай сяокан қоғамын құру», - деп айтып өтті [11]. Қытай халқы үшін жақсы таныс «сяокан» ұғымын қолдану арқылы Дэн Сяопин Мао Цзэдунның кедейшілік социализмнің басты сипаты деген тезисін жоққа шығарып, байлық пен табыстар теңсіздігі дамудың басты көрсеткіштері екенін алға тартты. Кейін де Дэн Сяопин «сяокан» терминін басты стратегиялық мақсат ретінде көп рет қолданды. Артта қалушылық пен кедейлікті жою партияның басты міндеті деп жарияланды. Дэн Сяопин бірінші орынға өндірістік күштерді дамытуды қойды.

Қытай Коммунистік партиясының XIII съезді (1987 ж.) социалистік модернизация үдерісінде аса маңызды съездердің бірі болып табылады. Бұл съезде «қытайлық ерекшелігі бар социализм» тұжырымдамасының жүйеленген теориялық негізі қалыптасып, елді дамытудың стратегиялық жоспарлары қабылданды. Съезд барысында реформалар социализмді қолдауға бағытталғандығын және социализмнің жоғарғы деңгейі - коммунизмге жету мақсаты өз күшінде екенін айтып, мемлекет аталмыш мақсатқа жету үшін бір емес бірнеше жүзжылдықтар уақыты қажет екенін атап өтеді. Қытай әлі де дамушы ел және коммунизмге көшпес бұрын экономикалық даму мен модернизацияға назар аудару керектігін алдыға тартып, нарықтық реформалардың, сыртқы әлемге ашықтықтың және экономикалық өсуді ынталандыру үшін шетелдік инвестициялардың ұлғаюының маңыздылығы аталып өтеді. Нарықтық механизмдерді қолданудың теориялық негізін қамтамасыз ету үшін Қытай «социализмнің бастапқы кезеңінде» тұрғандығы туралы айтылып, «жоспарлау басты болмау керек» идеясы алға тартылады [109:503]. Бұл жерде айта кететін жағдай, социалистік дамуды диахрондық және процессуалды түсіну ретіндегі «бастапқы кезең» теориясы «сяокан қоғамы» тұжырымдамасының әсерінен пайда болды деуге болады. Социализмнің бастапқы кезеңіндегі партияның басты міндеті халықты толықтай Қытайды гүлденген, мықты, демократиялық, мәдени дамыған және үйлесімді заманауи социалистік мемлекетке айналдыру үшін алға жетелу болды. осыған орай Дэн Сяопин «төрт модернизацияны» жүзеге асырудың жоспарланған мерзіміне түзетулер енгізіп, мерзімдік шегін XX ғасыр соңынан XXI ғасыр ортасына қарай ауыстырып, социалистік модернизация үдерісінің бірқалыпты жүруін қамтамасыз ету үшін «үш қадамдық» даму стратегиясын ұсынды: бірінші қадам 1990 жылға қарай орындалып, ЖІӨ-нің 1980-ші жылмен салыстырғанда екі еселенуін және халықты жеткізікті тамақ пен киім-кешекпен қамтамасыз етуді, яғни «*вэньбао*» деңгейіне (жан басына шаққандағы ЖІӨ 500 АҚШ долл.) жетуді меңзеді; екінші қадам XX ғасырдың соңында аяқталып, ЖІӨ-нің ары қарай екі еселенуін және халықтың өмір сүру деңгейін «сяокан»

деңгейіне (жан басына шаққандағы ЖІӨ 1000 АҚШ долл.), яғни «орташа дәулетті» деңгейге жеткізуді меңзеді; үшінші қадам болса ХХІ ғасырдың ортасында аяқталып, жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші орташа дамыған елдер деңгейіне жетіп (жан басына шаққандағы ЖІӨ 4000 АҚШ долл.), халықтың өмірі «фуюй» (байыған) деңгейге жеткенде модернизацияның түбегейлі және толыққанды жүзеге асырылуын меңзеді. ХХ ғасыр аяғында «төрт модернизацияны» жүзеге асырудың бастапқы мақсаты «сяокан» деңгейіне жету мақсатымен ауыстырылды. Бұдан Дэн Сяопиннің негізгі мақсаты жаңа ғасыр басында «сяокан қоғамы» деңгейіне жетіп, «сяокан қоғамын» құру барысында елдің экономикалық және қоғамдық даму деңгейін орташа дамыған елдердің деңгейіне жеткізу арқылы Қытайдың жалпы экономикасы мен мемлекеттік күшін әлемнің алдыңғы қатарына шығару болып табылғандығын көреміз. Осы кезеңнен бастап «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы партия мен қытай халқының ұзақ мерзімді стратегиялық мақсатына айналды. Нәтижесінде модернизация моделі де өзгеріске ұшырап, әлеуметтік-саяси факторларды қолданған идеократиялық түрінен әлеуметтік-мәдени дәстүрді қолдануға дайын прагматикалық түрге ауысты. Нәтижесінде, қытай басшылары социалистік модернизацияны қытайлық ерекшелігі бар социализмді құру теориясына, үздіксіз экономикалық даму мен конфуцийшілдіктен алынған «сяокан» қоғамы туралы дәстүрлі түсінікке негізделген модернизацияның ерекше түрі ретінде қабылдай бастады.

Дэн Сяопин елді модернизациялаудың концептуалды негізі және модернизациялық үдерістің маңызды бір кезеңі ретінде «сяокан» ұғымын қолдану арқылы мемлекетті қайтадан конфуцийшілдік жолға қайтарды десе болады. Социализмнің «қытайлық ерекшелігі» Қытайдың шынайы жағдайына қарап әрекет етуде ғана болған жоқ, сонымен қатар марксизм идеяларының қытайлық мәдениетпен, оның ішінде конфуцийшілдік философиямен терең және тығыз синтезінде болды деп айтсақ болады [20:216]. «Мәдени революция» жылдарында Мао Цзэдун дәстүрлі қоғамның нормаларынан азат жастардың қолымен ескі дәстүрлердің әсерін бейтараптандырғысы келді. Алайда іс жүзінде дәстүрдің жоғалуымен қатар әлеуметтік-саяси тұрақтылық та жоғала бастады. «Мәдени революцияның» осы тұсынан сабақ алған Дэн Сяопин мемлекеттік басқаруда дәстүрлерді жандандырудың маңыздылығын дер кезінде түсінді. Қытайдағы өзгерістер мәдени мұра мәселесіне жаңа бастама берді. Модернизация үдерісінің басталуы ел үшін қиын кезең болды және бұл кезеңдегі модернизация жолында пайда болған мәселе қоғамды жұмылдыру және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері болды. Дәл осы кезеңде ҚХР-дың саяси және мәдени сахнасына мәдени мұраның қайта оралуы аса маңызды еді. 1980-ші жылдардан бастап мәдени мұра Қытайдың саяси өмірінде орталық орынды иеленіп, қоғамдық назарға іліне бастады. Дәстүрлі мәдениетке модернизациялық роль беру ҚКП-ның басты міндетіне айналды. Осы жағдайда конфуцийшілдік прогрессивті идеология ретінде Қытайда саяси және экономикалық радикалды және прогрессивті өзгертулерді іске асыру талпынысында билікке аса қажетті болған теориялық негіздемені қалыптастыра

алды. Атақты американдық қытайтанушы Л. Пай «прагматизм құндылықтар мен идеологиядан бөлек болмайтындығын» кезінде байқаған болатын [40:75]. «Сяокан» идеясына негізделген прагматикалық көзқарас алдыға қойылған экономикалық қайта құрулардың мықты әлеуметтік негізін қалыптастырудың кепілдігі болды. 1980 жылы АҚШ-тың Жапониядағы сол кездегі елшісі Э.Райшауэр «Азиялық жолбарыстар» (Оңтүстік Корея, Сингапур, Гонконг, Тайвань) өздерінің экономикалық гүлденуіне елдерінің негізгі философиясы болған конфуцийшілдікке қарыздар деген батыстық ғалымдар қатарында болды. Сол кезеңде Қытай экономикасының бір орында «тапталып» тұруының негізгі себебін Райшауэр мен оның әріптестері дәстүрлі мәдениет пен конфуцийшілдіктен бас тартуында деп түсіндірген болатын [111:24]. Бұл ойдың дұрыстығын Қытайда дәстүрлі мәдениет пен құндылықтарды қайта қарастырып, қоғамдық дамудағы орнын қалпына келтіргеннен кейінгі қарқынды экономикалық өсу факторы растай алады.

«Қытайлық ерекшелігі бар социализмнің» теориялық жүйесі әлі де даму мен толығу үдерісінде болса да, негізгі институционалды сипаттарын қалыптастырып үлгерді. Қытайлық ерекшелігі бар социалистік экономикалық жүйе, басқа сөзбен айтқанда социалистік нарықтық жүйе қоғамдық мүлік негізіндегі жоспарлы тауарлы экономикалық жүйе деп анықталды. Қытайдың реформалар саясаты социалистік экономика жүйесіне капиталистік экономикалық дамудың негізгі қағидасы болып табылған еркін сауданы енгізіп, реформалардың ішіндегі маңызды қадамды жасады. Нарық табиғи және адами ресурстарды жұмылдыруда және баға бағдарын белгілеуде мемлекеттік жоспарлаудың орнын басты. Социалистік мәдениеттің негізін марксизм қағидалары құрап, қытайлық ерекшелігі бар социализмнің негізгі мақсаты «ортақ баюға» жету деп жарияланды. Дэн Сяопин «кедейлік социализм емес» екенін баса айтып, социализм кедейлікті жою керектігін алдыға тартты, сонымен қатар «эгалитаризм де социализм емес» деп жалғастырып, кейбір адамдар мен аудандарды бірінші болып баюға ынталандыру керектігін ерекше айтты [107]. Сонда ғана «ортақ баю» жүзеге асырылады деп сендірді. Оның пікірі бойынша, социализмнің басты мәні өндіріс күштерді босату мен дамытуда, қанаушылықты жою мен әлеуметтік поляризацияны болдырмауда және нәтижесінде «ортақ баюды» жүзеге асыруда [70:325]. Қытайлық ерекшелігі бар социализмнің басты талабы әлеуметтік теңдік пен әділдікке қол жеткізу, ал негізгі кепілі Қытай Коммунистік партиясының билігі деп айқындалды. Қытайлық реформалар Мао тұсында қалыптасып үлгерген мықты коммунистік партиялық мемлекет негізінде жүргізілді. Қытайдың модернизациясы партия-мемлекет басшылығымен жүзеге асырылды. Бұл кезеңдегі модернизацияны бастаған да, жүру барысын анықтаған да үкіметтің саясаты мен институттары болды. Мемлекеттік аппарат белгілі бір экономикалық бағдарламаларды енгізу, реформалардың жылдамдығы мен жүйелілігін бақылау, өз саясатына түзетулер мен қажет жағдайларда тіпті одан бас тарту арқылы дамудың ең қуатты агентіне айнала алды [112:16].

Қытайлық ерекшелігі бар социализм теориясы ресми мемлекеттік идеология ретінде бекітіліп, ҚХР Ата заңына социалистік модернизацияның негізі ретінде енгізілді. Алайда модернизациялық үдеріс пен реформалардың жүруі барысында әрдайым өңделіп, жаңа теориялық тұжырымдамалармен толықтырылып отыруда.

Дэн Сяопин реформалары оның ізбасарлары, партиялық биліктің келесі буындары - Цзян Цзэминь (1989-2002), Ху Цзиньтао (2002-2012) және Си Цзиньпинмен (2012 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін) жалғастырылды. Социалистік модернизация жолын ұстана отырып Қытай үкіметі «үш қадамды» даму стратегиясын толықтай жүзеге асыруды қолға алды. «Социалистік модернизация», «қытайлық ерекшелігі бар социализм», «социализмнің бастапқы кезеңі», «сяокан қоғамы» терминдері келесі буын басшыларының саясатының да басты тақырыптарына айналып, ресми саяси дискурстың маңызды мазмұнын құрады. 1990-шы жылдары қытай қоғамы «вэньбао» (күнкөріс деңгейі) деңгейіне жетіп, «сяокан» деңгейіне жету бойынша талпыныстарын тоқтатпады. Цзян Цзэминь мен Ху Цзиньтао тұсында партия Қытайдың конфуцийшілдік дәстүрі мен «қытайлық ерекшелігі бар социализм» арақатынасын қайта анықтап, ағашпен салыстыра отырып, дәстүрлі мәдениет ағаш тамыры, марксизм-ленинизм ағаш діңгегі, түрлі мәдениеттердің көрнекті бөліктері ағаш бұтақтары деп аналогия жүргізді [109:507]. Үкіметтің ресми мәлімдемелерінде коммунизмге жету мақсатына екпін қою бәсеңдеп, тәртіп пен тұрақтылықты сақтаудың, өсімнің жоғарғы дәрежесіне жетудің мақсаты «сяокан қоғамын» құру мен ұлттық жандану деп көрсетіле бастады.

Партиялық билеушілердің үшінші буыны Цзян Цзэминьнің билік ету кезеңі жаһандану үдерісінің кең ауқымында Қытай экономикасының әлемдік экономикамен интеграциялану дәрежесінің сапалы өзгеріс уақытына келіп түсті. Бұл кезең негізінен алдыңғы саяси-қоғамдық идеяларды одан ары жалғастыру кезеңі болды. 1997 жылы партияның XV-ші съезінде, ғасырлар тоғысында, Цзян Цзэминь «Дэн Сяопин теориясының туын жоғары ұстап, қытайлық ерекшелігі бар социализм құрылысын ХХІ ғасыр жолына көшіру» атты баяндамасында Дэн Сяопин теориясының тарихи орны мен басқарушылық рөлі туралы ерекше атап өтіп, съезд шешімімен Дэн Сяопин теориясы ҚКП «Жарғысына» марксизм-ленинизм, Мао Цзэдун идеяларымен қатар партияның басқарушы идеясы ретінде кіргізілді. Сонымен қатар съезд жұмысы барысында социалистік экономикалық жүйеге қосымша ретінде ғана қарастырылған жеке кәсіпкерлік экономиканың құрамдас бөліктерінің бірі деп танылды. Халықтың тұрмыс жағдайын ары қарай жақсарту мақсаты қойылып, ҚКП ХХІ ғасырдың бірінші жарты жылдығына арналған «жаңа үш қадамдық» экономикалық даму стратегиясын ұсынды: бірінші қадам – 2010 жылға қарай 2000 жылмен салыстырған ЖІӨ көрсеткішін екі еселеу және толыққанды социалистік нарықтың экономиканы құру; екінші қадам – 2020 жылға қарай 2010 жылмен салыстырғанда ЖІӨ көрсеткішін екі еселеу және экономиканы ары қарай дамыту және жүйені жетілдіру; үшінші қадам – 2050 жылға қарай Қытайды мықты, демократиялық және мәдени дамыған заманауи социалистік мемлекетке

айналдыру [63:714-717]. Съезд социализмнің бастапқы кезеңіндегі партияның негізгі бағдарламасын ұсынып, ауыл экономикасын дамытуға, шаруалардың табыстарын көтеруге мән беру қажеттілігін бірінші орынға қою керектігін айтты. Ұсынылған бағдарлама ауылды аймақтарда «сяокан қоғамын» құруды ғасыраралық мақсат деп жариялады. Бұл ауылды аймақтарда «сяокан қоғамын» құру ресми түрде ұлттық даму стратегиясының маңызды бөлігі ретінде танылғандығын білдірді. ХХІ ғасырға да Қытай социалистік модернизацияны жүзеге асыруда «сяокан қоғамын» құрудың мақсатымен бірге аяқ басты.

ҚКП-нің XVI съездінен бастап (8–14 желтоқсан 2002 жыл) Қытайда модернизация жана белеске көтерілді. Модернизацияның ендігі міндеті экономикалық және әлеуметтік дамуды қатар алып жүру деп анықталды. Модернизацияны одан ары ілгерілетудің импульсы ретінде ендігі кезекте әлеуметтік құрылыс пен үйлесімді даму басты деп танылды. [71]. Съезд халық «сяокан» деңгейіне жеткенімен, «сяокан қоғамы» толыққанды құрылып болмағандығын алдыға тартып, құрылыстың аяқталу мерзімін 2000 жылдан 2020 жылға жылжытты. Съезд барысында сонымен қатар «сяокан қоғамын» «жалпы» түрде емес, «жан-жақты» түрде жүргізу қажеттігін, сол арқылы қытайлық ерекшелігі бар социализмге жаңа жағдай қалыптастыру қажеттілігі мәлімделді. Одан бөлек съезде 1997 жылы Цзян Цзэминь алғаш рет сөз еткен «қос жүзжылдықтың мақсаттары» ресми түрде қабылданып, партия «Жарғысына» енгізді: бірінші жүзжылдықтың мақсаты – 2020 жылға қарай «сяокан қоғамын» құру, екінші жүзжылдықтың мақсаты – ғасыр ортасына қарай социалистік модернизацияны толығымен аяқтау. Ендігі кезекте үкімет пен қоғам алдына келесідей міндеттер қойылды: ЖІӨ-ді 2000 жылғы көрсеткішке қарағанда 2020 жылға қарай екі еселеу; халықаралық бәсекелестікті және ұлттық қуатты нығайту; демократияны жетілдіру және заң жүйесін реформалау; азаматтардың моральдық, білім беру және денсаулық деңгейлерін жетілдіру; адам мен табиғаттың үйлесімді дамуына ықпал ету үшін әлеуетті арттыру және ресурстарды жұмылдыру [11: 140].

Ху Цзиньтао билігінің кезеңі социалистік модернизацияның идеялық-саяси негіздерінің эволюциясының келесі кезеңі болып табылды. Бұл кезең алдағы кезеңдердегі даму нәтижесінде пайда болған дисбалансты реттеумен сипатталады. Дэн Сяопин мен Цзян Цзэминь тұстарында даму мәселесінде негізгі екпін экономикалық өсуге берілсе, бұл кезеңде әлеуметтік мәселеге, оның ішінде әлеуметтік теңсіздік мәселесіне, аймақтар арасындағы, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтарды жою мәселесіне көңіл бөліне бастады. Ху Цзиньтаодың билік кезеңі социалистік модернизация үдерісіне үйлесімділікті орнатуға тырысып, «үйлесімді қоғам» және «дамуға ғылыми көзқарас» тұжырымдамаларының пайда болуымен сипатталады. Бұл дегеніміз, социалистік модернизация үдерісі инклюзивті дамуды алдыға тарта отырып, «адам – негіз» қағидасын ұстана бастағандығын білдірді.

Үйлесімділік (хэ) туралы идея «сяокан» ұғымының әлеуметтік бағытталуын күшейте түсті және Қытайдың заманауи даму концепциясын жаңа мазмұнмен толтырды. «Дамуға ғылыми көзқарас» тұжырымдамасы болса өз

кезегінде тек экономикалық көрсеткіштерге екпін қою стратегиясын қайта қарастырып, әлеуметтік мәселелерге де көңіл бөлінуін талап етті. Тұрақты даму мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Негізгі екпін «сяокан қоғамын» толыққанды құруға, мүліктік теңсіздікті жоюға қойылды. Яғни «үйлесімді қоғам» және «дамуға ғылыми көзқарас» тұжырымдамалары «сяокан қоғамы» шеңберінде экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің коэволюциясын жетілдірудің талпынысы десе де болады. «Дамуға ғылыми көзқарасты» ұстану негізінде «сяокан қоғамын» құру қала мен ауыл, аймақтар, экономикалық және әлеуметтік даму, адам мен табиғат, ішкі даму мен сыртқа «ашықтық» араларындағы «бес теңгерімді» даму мақсатына жетуге бағытталды.

Партия басшылығының жаңа бесінші буыны социалистік модернизация үдерісін қарқындату мен мерзіміне сай аяқтауды билігінің негізгі мазмұнына айналдырды. 2012 жылы партияның XVIII съезінде социалистік модернизацияның XXI ғасырдың бірінші жартысына арналған жалпы міндеттері айқындалды және жаңа тұжырымдамалармен толықтырылды. Бұл кезеңде төраға Си Цзиньпин басшылығымен социалистік модернизация шеңберінде дамудың «бес саланы бірге алып жүру» (әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени және экологиялық) кешенді жоспары іске қосылды. Басты екпін «жан-жақты сяокан қоғамын» құруды аяқтау міндетіне қойылды. Модернизацияны жүзеге асыру барысында «сяокан қоғамын» құрудың теориясы мен тәжірибесі тереңдей түскен кезеңде Си Цзиньпин төраға ұлттық даму теориясын кеңейтуге талпыныс жасап «Қытайлық арман» (Zhongguo meng) тұжырымдамасын ұсынды.

2013 жылдың 17 наурызында БХӨЖ-дың 12-ші шақырылымының бірінші сессиясында Си төраға ұлттық жандануға жетудің ұзақ мерзімді стратегиясы болып табылатын «Қытайлық арман» тұжырымдамасын жүйелі түрде таныстырды. Басты мақсат – елдің гүлденуі, ұлттың жандануы мен халықтың бақыты. Қытай халқының ұлы жандануы XXI ғасыр соңына қарай жүзеге асырылады деп белгіленді [56]. «Қытайлық арман» тұжырымдамасы «сяокан қоғамы» идеясы негізінде құрастырылып, неғұрлым мықты, неғұрлым инновациялық, ашық және әділ қоғамның құрылуына бағытталды. «Сяокан қоғамын» құру «қытайлық арманға» жетудің басты шарты деп қабылданды және оны құру мерзімі Қытай коммунистік партиясының 100-жылдық мерейтойына қарай, яғни 2021 жыл деп белгіленді. «Қос жүзжылдықтың мақсаттарына» қол жеткізуді меңзеген «Қытайлық арман» тұжырымдамасы Қытай модернизациясының жаңа тарихи шеңберін қалыптастырды: 1842-2049 жылдар, бұл жердегі 1842 жыл Қытайдың «әлсіреген» кезеңге аяқ басып, модернизация қажеттілігін ұғынған кезеңнің бастамасын білдірсе, 2049 жыл халықаралық саяси сахнаға жанданған әрі мықты Қытайдың оралуын білдіреді. Жалпы осы кезеңде және кейін де қабылданған барлық саяси бағдарламалар дамудың «үш кезеңдік» стратегиясын жүзеге асыру мақсатында қабылданған қадамдар мен шаралар болды.

2014 жылы бас хатшы Си Цзиньпин социалистік модернизация үдерісін ары қарай ілгерілетудің жетекші тұжырымдамасы ретінде «Төрт жақты кешенді

стратегиясын» (四个全面战略 *sige quanmian zhanlue*) ұсынды. «Төрт жақты кешенді стратегия» ҚКП мен мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуына қатысты жалпы жоспар болып табылады. Алайда бұл кезеңде ол «жан-жақты сяокан қоғамын» құруды аяқтау үшін енгізілді. Бұл мақсатқа мерзімінде жету үшін реформаларды тереңдету, Қытайды заң негізінде басқару мен партиялық басқаруды нығайту үш негізгі стратегиялық шаралар ролін атқару керек болды.

2017 жылы өткен партияның XIX съезді алдыңғы съезде қабылданған шешімдерді нақтылап, жалғастыру кезеңі болды. Партия «Жарғысына» XXI ғасырдың бірінші жартысындағы социалистік модернизацияның жалпы міндеттерін қосқан өзгертулер енгізілді [73]. Съезд барысында «Си Цзиньпин ойы» ретінде кеңінен танымал болған жаңа концептуалды-идеологиялық теория ұсынылды – «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшелігі бар социализм». Бұл теория қытайлық ерекшелігі бар социализмнің дамуында жаңа кезеңнің бастамасын білдірді және Қытайдың болашақ дамуының жол картасы ретінде қабылданды. Теория «қытайлық арманға» қол жеткізудің және қытай ұлтының жандануын жүзеге асырудың маңыздылығын ерекше атап өтуде. Си Цзиньпиннің «жаңа дәуірдегі қытайлық ерешелігі бар социализм» туралы теориясы өзінде бірнеше маңызды элементтерді қамтыды: сандық дамудан сапалық дамуға көшуді талап ететін дамудың жаңа философиясын; белгілі бір секторларда артық қуатты азайту, қаржылық тәуекелдерді төмендету, қытай өндірісінің бәсекелестікке қабілеттілігін көтеруді талап ететін құрылымдық реформаларды; Қытай мен басқа елдер арасындағы инфрақұрылымды өалыптастырып, экономикалық және мәдени қатынастарды дамытуды мақсат ететін «Бір жол, бір белдеу» инициативасын; ұлттық қауіпсіздікті; ҚКП билігін нығайтуды. Жалпы, Си Цзиньпиннің бұл теориясы Қытайдың болашақ даму жолын көрсетіп, экономикалық өсім мен әлеуметтік тұрақсыздыққа, мәдениеттің дамуына, қоршаған ортаның қорғалуына және ұлттың жандануына қол жеткізуге бағытталған.

2017 жылы Си Цзиньпин баяндамасының төртінші бөлімінде болашақ даму перспективасын талқылауда «сяокан қоғамы» құрылуы тиісті 2021 жыл мен мықты заманауи социалистік мемлекет құрылуы тиісті 2050 жылдан бөлек, аралық 2035 жыл туралы айтып, 2021-2050 жылдар аралығында «екі кезеңдік» даму стратегиясын ұсынады [73]. Жаңа мерзім ҚХР-да социалистік модернизацияның базалық қағидаларының жүзеге асырылуын білдірді.

Көріп отырғанымыздай, Дэн Сяопиннен бастап Си Цзиньпинге дейінгі қытай басшыларының барлығы өздерінің саяси мақсаттарын анықтауда «сяокан қоғамы» концепциясына сілтеме жасап отырды. ҚКП өзінің легитимділігінің негізінде экономикалық даму жатқандығын айқын ұғынып, «қос жүзжылдықтың» мақсаттарын орындауға барынша күш-жігерін салуда. ҚКП басшылығы өзінің саяси жүйесі халықтың бақытқа жету жолында кедергі деген нарративті жоюға тырысты. Жүзжылдықтың мақсатына жету үшін Си Цзиньпин қаржылық тәуекелдерге төтеп беріп, абсолютті кедейлік мәселесін шешіп, қоршаған ортаның ластануымен күреске басты назар аудару керектігін айтып өтті. Бас хатшы партияның XIX съезінде оқыған баяндамасында

сонымен қатар: «Бастапқы мақсатты ұмытпау, міндетті естен шығармау, қытайлық ерекшелікке ие социализмнің ұлы туын биікке көтеру, сяокан қоғамын құруды толық жүзеге асыру, жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшелікке ие социализмнің ұлы жеңісіне қол жеткізу, Қытай халқының ұлы қайта өркендеу арманын жүзеге асыру үшін үздіксіз күресу қажет», - деп айтты [50].

Қытайдың тарихи логикасы еңсесін көтермей баюға болмайтындығын, ал байымай тұрып күшею мүмкін еместігін көрсетті. Қытайдың социалистік модернизациясының негізінде еңсесін көтеру, баю және күшею кезеңдерінің тарихи сабақтастығы жатқандығы анық. «Төрт модернизация» - Қытай халқы еңсесін көтергеннен кейін алға қойылған ұлттық стратегиялық мақсат болса, социалистік модернизация – қытай халқының қайта өркендеуін жүзеге асыратын негізгі мазмұн болып табылады.

Соңғы қырық жылдан астам уақыт ішінде Қытай утопиялық социализм идеясынан қытайлық ерекшелігі бар социализмді құру теориясының негізіндегі «сяокан қоғамын» құру идеясына қарай эволюциялық дамудың ұзақ жолын өтіп шықты. Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін партиялық билеушілерінің бірнеше буынының күш-жігері қажет болды. Қытайлық ерекшелігі бар социализм теориясы мен социалистік модернизациясының стратегиясы негізінде Қытай көптеген көрсеткіштері бойынша алдағы қатарлы бес ел қатарына кіретін мемлекетке айналды. ҚХР жетістіктері қытайлық басшылардың елді модернизациялауды жүзеге асыру бойынша дәйекті саяси бағытының нәтижесі екені сөзсіз. Қытайлық ерекшелігі бар социализм теориясы модернизация саясатымен бірге әлі де кемелдену мен толығу үрдісінде. Дегенмен, Қытай елдің өзіндік жағдайын социалистік идеалдармен ұштастыру негізінде үлкен жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндігін дәлелдеп, марксизм қағидаларын Қытайдың шынайы жағдайымен ұштастыра отырып, партия «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын теориялық тұрғыдан байытып қана қоймай, іс жүзінде де сәтті орындап шықты.

1.3 «Сяокан қоғамы» концептісінің тарихи қайнаркөзі мен заманауи интерпретациясы

Бұл тарауда біз «сяокан» концептісінің дәстүрлі философиялық деңгейден Қытайдың заманауи кезеңіндегі модернизацияның идеологиялық негізіне бейімделу мен синтездеу үдерісін зерттеуді мақсат етіп қойдық. Конфуцийшілдіктің «Ши цзин», «Ли цзи» канондарына, Дэн Сяопин еңбектеріне мәтіндік сараптама жасау арқылы, «сяокан» ұғымының бастапқы контекстіндегі мағынасын және заманауи интерпретациясын саралау негізінде дәстүрлі Қытай мәдениетінің бүгінгі таңдағы қытайлық қоғамдағы құрылым түзуші және бейімделгіш күшін ашып көрсетуге тырыстық. «Сяокан» ұғымының шығу тарихын, концепцияның эволюциясын қарастыра отырып, бүгінде коннотациясы жағынан кең, мазмұны жағынан терең және мәні жағынан маңызды болып отырған осы ұғымның интерпретациясының өзгеру барысын шолып өтеміз. Ұғымның кең ауқымдылығына байланысты аударма

толыққанды мағынасын бере алмайтындығынан «сяокан» терминін транслитерацияда қолдануды дұрыс деп санаймыз.

Тарихтың бұрмалаң кезеңдерінде, әсіресе саяси, әлеуметтік, экономикалық дағдарыстар кезеңдерінде, қоғамды біріктіруші, үйлестіруші идеялар мен идеалдардың рөлі қашан да арта түседі. Осындай қиын-қыстау жағдайларында өркениеттік фактор, әсіресе мәдени код үлкен маңыздылыққа ие. Қытай мысалында айтатын болсақ, бұл елдің сәтті модернизацияны іске асыруының бірден-бір кепілі мықты мәдени фактор болғанын айтсақ болады, себебі Қытай өзінің дәстүрлі мәдениетін қолдана отырып, модернизацияны қарапайым жолмен емес, керісінше, өзіндік күрделі даму теориясын қалыптастыра отырып жүргізіп келуде.

Таптық қоғамның пайда болуы мен адамдардың байлар мен кедейлерге, ақсүйектер мен қарапайым адамдарға бөлінуі қоғамдық тәртіпке деген көңіл толмаушылықты туындатты. Зорлық-зомбылық, соғыс жоқ, адамдардың барлығы тең деңгейде қоғамдық игіліктерді қолдана алатын мінсіз қоғам туралы арман әрбір халықта бар. Қытай ұлты да бұл үрдістен тыс қалған жоқ. Ежелгі ғасырлардан бері көптеген қытайлық ойшылдар әлеуметтік үйлесімділікке қол жеткізуге тырысып, әлемнің мінсіз құрылымы туралы түрлі идеяларды ұсынып отырды.

Қытайда ұзақ уақыт бойында мәдениеттің мызғымас негізін «үш ілім» (三教) деп аталып кеткен конфуцийшілдік, буддизм мен даосизм ілімдері құрап келді. Бұл ежелгі философиялық ілімдер әлемде үйлесімділік жоқ, адамдар жақсылық пен әділдік ұғымдарынан айырылды деген ортақ ойға келіп, әр ілім қоғамды ретке келтіріп, тыныштық пен үйлесімділікті, қоғамдық консенсусты орнату жолдарын ұсынуға тырысты. Алайда негізінен конфуцийшілдік идеология өзінің моральдық-ізгілікті басқару идеясы, мемлекеттің өзін-өзі нығайтуы туралы идеясы, «халық-негіз» концепциясы және т.б. практикалық қағидаларымен қытайлық өркениеттің өміршеңдігін қамтамасыз етті. Конфуцийшілдік Қытайдың қоғамдық ой-санасының, утопиялық талпыныстарының негізін қалады. Сондықтан бүгінгі таңның өзінде заманауи Қытай қоғамының өткір әлеуметтік мәселелерін шешуде конфуцийшілдіктің потенциалы қаншалықты деген мәселе өте өзекті. Конфуцийшілдіктің интеллектуалды импульсы қытай ұлтының тұрақты болашағының кепілдігі болды және саяси теория ретінде Қытай үшін ұлттық қоғамдық-саяси идеалдардың интеграциялық негізін қалады.

Ресейлік қытайтанушы ғалым Л. С. Переломов қытайлық саяси мәдениеттің ерекшелігін әрдайым ескеріп отыру керектігіне баса назар аударады. Әсіресе ғалым ежелгі уақытта пайда болған негізгі терминдер мен ұғымдардың көп мағыналылығын ерекше атап өтеді [24:3]. Бұл терминдердің көп мағыналылығы канондық мәтіндерді жақсы білетін қытайлық саясаткер қолында жақсы саяси маневр қаруы болуына әбден мүмкін. «Ішкі қолданыс» пен сыртқы әлеммен қарым-қатынаста өзіне керекті интерпретацияны қолдана отырып, саясаткер конфуцийшілдік мәдени аймаққа керекті әсерін бере алады. Сондай маңызды терминдердің қатарына «сяокан» (小康) ұғымын жатқызсақ

болады. «Сяокан» ұғымы қытайлық саяси лексиконда маңызды орын алып, ҚХР-дың социалистік модернизациясының ерекшелігін ашып көрсететін терминнің бірі. Бұл термин мемлекеттік ауқымда жүргізілген реформалар мен модернизацияның негіздемесін қалады және Қытайда соңғы онжылдықтарда орын алған үдерістердің ерекшелігін ұғыну үшін міндетті түрде аталмыш ұғымның тарихына үңілу қажет.

Қытайдың дәстүрлі мәдениетіндегі «сяокан» ұғымы.

«Сяокан қоғамы» - бұл қытайлық әлеуметтік сипаттамаларға ие маңызды теориялық категория болып табылады. Ол қытай халқы ұзақ ғасырлар бойы аңсаған әлеуметтік идеал және оның тарихи-мәдени тамырлары тереңде жатыр. Чуньцю дәуірінен (б.з.д. 770-476 жж.) қазіргі заманға дейін «сяокан» ұғымы бірнеше даму кезеңдерінен өтіп, қарапайым ұғымнан күрделі, кешенді ұғымға қарай эволюция үдерісін басынан кешірді. «Кішігірім өркендеу», «кішігірім тыныштық» деген мағына беретін «小康-сяокан» терминінің этимологиялық тамырын қарастыратын болсақ, «小- сяо» иероглифі «кішкентай, кішігірім» деген мағынаны берсе, «康 - кан» иероглифі «кеңдік, үйлесімділік, тыныштық» деген мағыналарды білдіреді. «康 - кан» иероглифінің мағыналық мазмұны қытайлықтарда жақсы ассоциацияларды туғызады. Аспан рақымшылығын тілеп, қытайлық императорлар бұл иероглифті өздерінің билік ету ұрандарының құраушы бөлігі ретінде де таңдаған болатын (мысалы 康熙 Канси) [28:45].

«Сяокан» ұғымы алғаш рет б.ғ.д X–VI ғасырларда құрастырылған ежелгі «Ши цзин» (诗经, өлеңдер кітабы) ескерткішінде кездеседі. Сыма Цянь жазбаларына сенетін болсақ, Конфуцийдің өзі бұл ескерткішті редакциялап, 305 өлеңді іріктеп алған, сондықтан бұл еңбек конфуцийшілдік канондарының негізгісінің бірі болып саналады. «Да я» (Ұлы жырлар) бөлімінің «Минлао» (Халық қиналуда) жырында келесі шумақтар жазылған: «民亦劳止, 汔可小康» (Min yi lao zhi, qi ke xiaokang)/ еңбектен әбден қажыған халыққа кішкене дамылдауға болмай ма [113]. Әрине, алғашқы қолдануында «сяокан» ұғымы әлеуметтік идеал ұғымынан алыстау болды. Өлеңнің негізгі тақырыбы – сарай қызметкерінің патшасына өсиеті. Өлеңде сол кезеңдегі әлеуметтік жағдай кеңінен сипатталады: жоғары салықтар, халықты қажытқан ауыр жұмыс, әлсіздерді қанаушылық, арам пиғылды, қатыгез адамдардың көптігі, бітпес соғыстар. Ежелгі кезеңде соғыс үлкен әлеуметтік проблема болып, көптеген ойшылдардың әлеуметтік қарсылығының басты тақырыбына айналған болатын. Өлең бес шумаққа бөлінген және әрбір шумақтың басында халық қажырлы еңбекпен «小康 (xiaokang) кішігірім тыныштық», «小安 (xiao'an) кішігірім бейбітшілік» дәрежесіне жеткісі келетіндігі, патша өз жерін қорғап, төрт төңіректі тыныштандыра алса, халық арасында біршама жақсы өмір орнайтындығы туралы айтылады. Бұл өлеңде жоғарыдағы екі тіркестен бөлек «小休 (xiaoxiu) «аздап тынығу», «小息 (xiaoxi) «аздап тыныстау», «小愒 (xiaohu) «аздап дәмету» сөз тіркестері кездеседі. Бұл синонимдік ұғымдардың өлең жолдарында қолданылуы «сяокан» ұғымы соғыстар мен ауыр жұмыстан

қажыған халықтың «кішігірім тыныштық пен бейбітшіліктің, аздап дамылдаудың» аңсайтындығын көрсетеді. Жалпы өлеңде «сяокан» сөзі қарапайым халықтың әлеуметтік көзқарасымен тығыз баланысты және шаруалардың ауыр өміріне немқұрайлы қарамау туралы өсиетті білдіретіндігін аңғаруға болады. Ресейлік қытайтанушы А.Е. Лукьянов пікірі бойынша бұл өлең мемлекетті басқарудың моделін сипаттайды және мемлекетті басқаруда іске асырылуы тиісті бес бағдарламаны сипаттап көрсетеді: сыртқы саяси бағдарлама – мемлекет айналасындағы төрт төңіректі тыныштандыру; мәдени бағдарлама – мемлекет барлық халықтардың шоғырлану орны; ішкі саяси үкіметтік бағдарлама – мемлекет астанасы айналасындағы ішкі өңірлерді тыныштандыру және интеграцияландыру; моральді-этикалық бағдарлама – мемлекет тұрғындарының психикалық тепе-теңдігі мен тыныштығы; мемлекет тұтастығы бағдарламасы – елдің тұтастығын қамтамасыз ету [22:97]. Ең алғашқы нұсқада «кішігірім тыныштықты» білдірген «сяокан» ұғымы кейінгі ойшылдардың интерпретациясы, қайта өңдеуінен өтіп, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени сипатқа ие бола бастап, қытайлық өркениеттің маңызды құраушы бөлігіне айналды.

Ұласпалы соғыстарға қарсылық білдіріп, сол кезеңдегі философиялық мектептер соғыстан кейінгі қоғамды қалыпқа келтіру бойынша өздерінің түрлі ойларын білдіріп жатты. Хань Фэй «хаос заң негізінде басқарылу керек» десе, Конфуций қоғам чжоулық салттарды сақтау негізінде қызмет ету керек деген позиция білдірген. Чуньцю, Чжаньго (б.з.д. 403 — 221 жж.) кезеңінде халық негізінен тапшылықта өмір сүргендіктен «идеалды қоғамға» талпыныс аса жоғары болды. Әр философиялық мектеп өзінің идеалды қоғамын ұсынып жатты. Алайда олардың ішінде ең танымал болғаны конфуцийшілдік «Датун» мен «Сяокан» атты қоғамдық формациялары еді. Конфуцийшілдік канон «Ли цзи» (礼记, Әдет-ғұрыптар кітабы) еңбегінде Аспанасты елінің гүлденген шақтан күйреген жағдайға дейінгі қозғалысы сипатталып, қоғамдық тәртіптің «Датун» (大同) және «Сяокан» атты екі формасы берілген. «Лиюнь» (礼运 Рәсімнің қолданысы) тарауында бұл екі ұғым келесідей сипатталады: «大道之行也，天下为公。选贤与能，讲信修睦。故人不独亲其亲，不独子其子；使老有所终，壮有所用，幼有所长，矜寡孤独废疾者皆有所养；男有分，女有归。货恶其弃于地也，不必藏于己；力恶其不出于身也，不必为己。是故谋闭而不兴，盗窃乱贼而不作，故外户而不闭。是谓“大同”» [114]. «Ұлы жолмен (Дадао) жүрген кезде Аспанасты барлығына ортақ болды, [басқару үшін] ақылды және қабілеттілерді таңдап, адалдыққа тәрбиелеп, мейірімділікті жетілдірді. Сондықтан адамға тек өз туысқандары ғана жақын болмады, тек өз балалары ғана бала деп есептелмеді. Қарияларда жақсы кәрілік, ересектерде жақсы мүмкіндіктер, жастарда жақсы тәрбие болды. Барлық жалғыз бастылар, жесір-жетімдер, ауру-сырқаулар қамқорлықта болды. Ерлерде өз еншісі, әйелерде өз панасы болды. Дүниені бекер шашу мен тығып жинау құпталмады; күштің өзінен шықпағаны және өзің үшін ғана жұмсалғаны құпталмады. Осы себептен арам ойлар болмады, ұрлық пен тонау, бүліктер мен көтерілістер болмады, ел үйлерінің есіктеріне құлып салмады. Бұл Ұлы Бірігу – Датун деп

аталды» [115:100]. Бұл бөлікте «Датун» жалпы теңдікті аңсайтын мінсіз қоғамның, коммунизмнің сипатын беретіндігін аңғаруымызға болады.

Дәл осы «Лиюн» тарауында «сяокан» қоғамының сипаты келесідей беріледі: «今大道既隐，天下为家。各亲其亲，各子其子；货力为己；大人世及以为礼，城郭沟池以为固；礼义以为纪——以正君臣，以笃父子，以睦兄弟，以和夫妇；以设制度，以立田里；以贤勇知，以功为己。故谋用是作，而兵由此起。禹、汤、文、武、成王、周公，由此其选也。此六君子者，未有不谨于礼者也。以著其义，以考其信，著有过，刑仁讲让，示民有常。如有不由此者，在執者去，众以为殃。是谓“小康”» [116]. «Ұлы жол (Дадао) ғайып болып, Аспанасты отбасыға тиесілі болып қалды. Әркім өз туысын және балаларын ғана өзінікі деп таныды; еңбек те, мүлік те жеке қолда ғана болды. Билік мұрагерлікке беріліп, рәсімге айналды, ал қалалар мен арықтар қорғаныс үшін салынды. Рәсім мен парыз билеуші мен қызметкерлер, әке мен бала, аға мен іні, ері мен әйелі арасындағы қатынасты реттеуде негізгі болды. Олардың көмегімен тәртіп орнатылып, егістік пен қауымдастықтардың шекарасы бекітіліп, қайсарлы әрі ақылдыларды құрметтеп, адамдарды еңбегіне қарай дәріптеді. Оларды өз пиғылында қолданып, сол үшін қару да көтерілді.<...> Рәсіммен өзінің әділдігін тексерді, оның негізінде өздерінің адалдықтарын құрды, кінәсін тексерді, қайырымдылықтарын заңдастырды, бағыныштылыққа үйретті, сол арқылы адамдарға өздерінің тұрақтылығын көрсетті... Мұның барлығы Кіші Тыныштық – Сяокан деп аталды)» [115:101].

«Ли цзи» еңбегін классикалық конфуциандық канон ретінде қабылдау қоғамда тұрақталып қалса да, ғалымдар бұл еңбектің жазылу уақыты мен авторлығы туралы пікірталастарды әлі де жүргізуде. Сәйкессіздіктер «Лиюн» тарауына да қатысты. Басты пікірталас еңбектің қаншалықты конфуцийшілдік ілім шеңберінде жазылғандығында. Қытайлық ғалымдардың бір тобы бұл еңбек даосизм философиясының негізінде жазылды десе, бір тобы Мо-цзы мектебінің философиясын айқын сипаттайды деп өз дәлелдерін келтіруде [28: 47]. Бұл пікірталастар «датун-сяокан» концепциясын Конфуций өзі ойлап шығарды ма, әлде өзінен ертерек кезеңнен мұрагерлікке алды ма, жалпы Конфуцийдің бұл концепцияларға қатысы бар ма екендігін нақты анықтауға қиындықтар туғызып, ашық сауал ретінде қалдыруда. Қалай дегенмен де, бұл концепциялар классикалық конфуцийшілдік ілімге тереңінен еніп, конфуцийшілдік ұғымдармен тығыз байланысқа түскен және де конфуцийшілдік ілім шеңберінде одан ары дамыған.

«Датун» қоғамы мәтінде алғашқы тоғыз иероглифтен тұратын «Да дао чжи син е, Тянь ся вей гун» / Ұлы жолмен (Дадао) жүрген кезде Аспанасты барлығына ортақ болды/ деген сөздермен, ал «сяокан» «Цзинь да дао цзи инь, Тянь ся вей цзя» / Ұлы жол (Дадао) ғайып болып, Аспанасты отбасыға тиесілі болып қалды/ деп сипатталады. «Ұлы жолмен жүргенде» және «Ұлы жол ғайып болғанда», сонымен қатар «ортақ» және «отбасы» деген оппозициялық ұғымдармен берілгендіктен, «датун» мен «сяокан» ұғымдары бір-біріне қарсы қойылған болатын. «Ли юнь» тарауында келтірілген үзіндіден екі қоғам түрі сипаты жағынан да өзара қарама-қарсы мағынада болғандығы айқын: датун

қоғамы ортақ меншікпен, саяси демократиямен, өркениетті қоғам, сенімді әлеуметтік қоғаныс және тұрақты қоғамдық тәртіппен сипатталса, сяокан қоғамы жеке меншікке негізделген, иерархиялық, отбасылық қоғам деп сипатталады. Жалпы, «датун» және «сяокан» қоғамдары басқару жүйесі мен сабақтастық жүйесі жақтарынан бір-бірінен қатты ерекшеленді. Кейбір аудармашылар бұл мәтіндерді аударғанда «цзя» терминін бір ғана отбасы, яғни императорлық отбасы деп түсіндірген. Мұндай түсіндірмені мысалы батыстық аудармашы Дж.Нидэм мен ресейлік аудармашы И.С.Лисевич ұстанған: «Аспанасты бір отбасына тиесілі болып қалды» [117:90]. Мұндай бөліну билікті берудің династиялық қағидасына көшуді меңзеуі де мүмкін деген қорытынды жасауға болады, яғни империялық биліктің орнатылуы. Яғни «сяокан» қоғамындағы билікті бөлу жүйесі мұрагерлікке негізделген жүйенің, патриархалдық жүйенің және феодалдық жүйенің үштігінен құрылды деген пайым жасауға болады.

«Ли цзи» еңбегінде «сяокан» ұғымы жаңа мазмұнмен толықтырылып, мәдени-өркениеттік тұрғыдан қалыптасқан «сяокан қоғамы» концептуалдық жағынан біршама ауқымды сипаттарға ие болған: саяси тұрғыдан бұл «рәсім мен әділдікке» негізделген таптық тәртіп; экономикалық тұрғыдан қарайтын болсақ, әрбір адам пайдаға ұмтылған жеке меншік үстемдік еткен қоғам; әлеуметтік қамсыздандыру тұрғысынан «әркім өз туысын ғана туыс деп қабылдаған, өз баласын ғана балам деп таныған» туысқандық және отбасылық қолдауға негізделген жүйе. «Сяокан» ұғымының адамгершілік негіздерін қарастыратын болсақ, бұл қоғам рәсім мен парызға негізделгендігін байқаймыз, яғни қоғам конфуцийшілдік нормалар мен моральға (ли) және де парызға (и) аса үлкен мән беріп, осы арқылы «билеуші мен қызметкерлері, әке мен бала, аға мен іні, ері мен әйелі арасындағы қарым-қатынас ретке келтіріліп отырды».

«Ұлы жолдың» ғайып болуы, «датун» қоғамының тым мінсіз сипаты оны Фуси мен Шунь тұсындағы «алтын ғасырмен» теңестірілуі конфуцийшілдік ілімде бұл қоғам өткенде қалып қойды, келмеске кетті деген көзқарасты қалыптастырып, оны утопиялық қоғам қатарына жатқызды. Ал «сяокан» қоғамына біршама реалистік көзқарас орнады, себебі бұл қоғам түрі конфуцийшілдік ілімі кеңінен насихаттаған әлеуметтік иерархия мен рәсімге негізделген қоғам болды. Конфуций «датун» қоғамын жоғары бағалағанымен, «сяокан» қоғамын шынайылыққа жақын болғандығынан қоғамдық тәртіпті орнатудың әлеуметтік мақсаты болу керек деп пайымдады. Ол «сяокан» қоғамының негізінде өзі өмір сүрген Чуньцю кезеңіндегі патшалықтарда орын алған аласапыран жағдайды ретке келтіруді ойлады. Сондықтан Конфуций насихаттаған «датун» мен «сяокан» қоғамдары бір жағынан тарихи кезеңдерді сипаттаса, бір жағынан әлеуметтік даму үлгілерін сипаттады [118:250]. Конфуцийшілдік ілімі Қытайдың ежелгі экономикалық және әлеуметтік дәстүрлерімен терең практикалық байланыста болғандықтан, сол кезеңдегі кейбір философиялық доктриналардың идеализмі мен метафизикалық қиялынан алыс болды. Қоғамдағы дәстүрдің, ережелердің қатаң сақталуын насихаттаған бұл ілім феодалдық билеушілердің ғана емес, қарапайым

халықтың да арасында кеңінен таралды. Қоғамдық прогресті ілгерілету үшін тарихи маңызы үлкен болған «сяокан» қоғамы идеалы уақыт өте қытайлықтар қол жеткізуге тырысқан әлеуметтік модельдің біріне айналды.

«Сяокан» мазмұнының дамуы мен байытылуы ұзақ мерзімді қажет еткен үдеріс болды. Бастапқыда «сяокан» ұғымы қоғамдық құрылыстың жалпы негізі мен қарапайым прототипі болса, кейіннен ол айқын сипаттарға ие болып, нақты әлеуметтік-экономикалық мазмұнмен толықтырыла бастады. Ұзақ мерзімді қамтыған феодалдық Қытайда «сяокан» ұғымының мазмұны конфуцийшілдік ілімінің ізбасарларымен әрдайым кеңейтіліп, дамытылып, кемелденіп отырды. «Сяокан» ұғымының әлеуметтік мәнге ие мазмұнының кемелденуіне тікелей әсер еткен конфуцийшіл ғалым Мэнцзы (б.з.д. 372—289 жж шамасы) болды.

Өзінің ұстазы Конфуцийдің концепциясын одан ары дамыта отырып, Мэнцзы «сяокан қоғамында» қандай әлеуметтік топтар қалайша өркендей алатындығын нақты сипаттау арқылы «сяокан» ұғымының экономикалық мазмұнын күшейтті. Дамыған қоғам идеалының негізіне «халықты байыту» идеясы қосылды. Алайда бұл контекстіндегі «бай» ұғымы жеткілікті көлемдегі тамақ пен киім-кешектің болуын білдірді. Мэнцзы осы «байлық» ұғымды «сяокан отбасы» идеясында дамытқан алғашқы философ болды. Халықты «байытудың» Мэнцзы екі жолын көрсетті: біріншісі – «құдықтық егістік жүйесі» (井田) деп аталатын халықтық мүлікті қалыптастыру, екіншісі – басшының «салық пен айыппұлдарды азайтуы». «Құдықтық егістік жүйесі» келесі схема бойынша қызмет ету керек болды: сегіз отбасының әр отбасысына жеке жердің үлесі (шамамен 100 му), сондай-ақ бір жалпы жердің үлесі бөліну керек. Жалпы жерден алынған өнім мемлекетке салық төлеуге немесе қоғамдастықтың қоғамдық шығындарына жұмсалуды керек. Сегіз отбасы егіншілік маусымында өз жерінде және ортақ жерде еңбек етіп, мемлекет қажеттілігін және өздерінің жеке отбасылық қажеттіліктерін толықтай қанағаттандыруға мүмкіндік алады [119].

«Сяокан» туралы өз ойын Мэнцзы «адамгершілік басқару» туралы ілімінде одан әрі өрбітті. Мэнцзының «сяокан отбасын» сипаттауы, әсіресе шағын шаруа қожалықтарын және олардың әлеуметтік өмірлерін сипаттауы «сяокан қоғамы» концептісінің мазмұнын кеңейтіп, тек салыстырмалы әлеуметтік тұрақтылықты ғана емес, сонымен қатар кедейшіліктен арылған, бай болмаса да, біршама дәулетті өмірді меңзей бастады [120:63]. «Мэнцзы» еңбегінде: “五亩之宅，树之以桑，五十者可以衣帛矣。鸡豚狗彘之畜，无失其时，七十者可以食肉矣。百亩之田，勿夺其时，数口之家可以无饥矣。谨庠序之教，申之以孝悌之义，颁白者不负戴于道路矣。七十者衣帛食肉，黎民不饥不寒，然而不王者，未之有也”， - деп жазылған [119]. Яғни Мэнцзының «Бес му жерге үй салынып, тұт ағашы егілсе, елуге келген адам жібек киім кие алады. Тауық, шошқа, ит асыралып, уақытылы көбейіп отырса, жетпістегі адам ет жей алады. Жүз му жері бар отбасы уақытын бекерге жоғалтпай, жер өңдеумен айналысса, бірнеше адамнан тұратын отбасы аш қалмайды. Жақсы білім беріліп, кішіге құрмет, үлкенге ізет үйретіліп, жақсы тәрбие берілсе, қарттар жұмыс істемес еді. Жетпіске келгендер жібек киім киіп, ет жеп, қарапайым адамдар

ашаршылық пен жоқшылықтан азап шекпеген уақыт әлі болмады» деген сөздері «сяокан» қоғамы негізіндегі отбасылық жүйені анық сипаттады. Осылайша «сяокан» сөзінің мағыналық өзгерісі бұл ұғымды екі деңгейде қолдануға мүмкіндік ашты: мемлекет ішінде – бейбітшілік пен экономикалық өсімнің белгісі, отбасы ішінде – кедейліктен арылған, тамақ пен киімнен таршылықсыз өмірдің нышаны болды. Халықтың күнделікті сөздік қорына конфуцийшілдік канондардан енген «сяокан» және «сяокан отбасы» сөздері ұзақ уақыт бойында кедейшілік пен жоқшылықта өмір сүрген қарапайым халықтың жақсы өмірге деген ұмтылысын білдіріп, өзіне еліктіріп келді.

Чуньцю, Чжаньго және Цинь (б.з.д 221 — 207 жж.) империясы тұсындағы толассыз соғыстар қоғамдық идеалдың орнауына еш мүмкіндік бермеді. Тек Хань (б.з.д 206 — б.з. 220 жж.) мен Тан (618-907 жж.) династияларының тұсында ғана «сяокан» идеясы өзінің ары қарайғы дамуын жалғастыра алды. Хань және Таң династияларының әлеуметтік шығу тегі өте ұқсас болды. Екі династия да шаруалар көтерілісінің нәтижесінде пайда болып, негізін қалаушы императорлар мен генералдар бұл әлеуметтік қозғалыстарға тікелей қатысқандар қатарында болды. Шаруалар ортасынан шыққандықтан олар төсменгі тап өкілдеріне ерекше ілтипатпен қарап, әлеуметтік саясатқа үлкен көңіл бөлді. Хань династиясының тұсында салық көлемі біршама азайтылып, ел ішінде тыныштық орнатылып, тамақ пен киім мәселесі шешімін тапқан кезең болды. Хань династиясының жылнамасы «Хань шу» еңбегінде Хань династиясы гүлденген кезең болғандығы, халықтың демалып, қатаңдықтан арылғандығы жазылады [121:37]. Қытайлық ғалымдардың пікірі бойынша Хань династиясының кезеңі «сяокан» идеалын іс жүзінде жүзеге асырған кезең болған. «Сяокан қоғамы» идеясының жүзеге асырылуының келесі кезеңі Таң династиясы тұсында орын алды. Таң династиясы билігінің бастапқы кезеңінде Ли юань және оның ұлы «У вэй» (无为) және «халықты қорғау» (保民) қағидаларын ұстанып «сяокан қоғамын» құруға талпыныс жасады. Салықтар мен айыппұлдардың көлемін азайтқаннан бөлек бұл кезеңде «теңестірілген егін алқаптары жүйесінің» (均田制) енгізілуі маңызды шаралардың бірі болды. Әр бір еңбекке жарамды ер адамға бір цин (100 му) жер пайдалануға берілді, оның 2/10 бөлігі жеке меншікке берілді, ал қалғаны шаруа қайтыс болған соң мемлекетке қайтарылуы тиісті болды. Бұл жүйенің арқасында Таң династиясы тұсында қоғам жоғары даму қарқынына ие болып, халық негізінен киімі бүтін, тамағы тоқ «сяокан» деңгейінде өмір сүрді [121:39].

Орта ғасырлардағы тарихи және әлеуметтік жағдай «сяокан» ұғымының белгілі бір сипатының қалыптасып, халық санасында тұрақтап қалуына негіз салды. Қарапайым халық «сяокан» ұғымын белгілі бір жер теліміне иелік етуді, жер өнімін пайдалануды, бір ірі қара малдың болуын, отбасылық қажеттіліктерді өтей алу мүмкіндігіне ие болу ретінде қабылдады және осы деңгейге жетуге тырысты.

Кейінгі ғасырларда бұл ұғымның дамуында ешбір өзгерістер болмады. Тек ХІХ ғасырдың аяғында қытайлық утопияның дамуында маңызды өзгерістер орын алды. Батыстық өркениет пен Қытайлық өркениет текетіреске келген

кезеңде утопияның жаңа түрі пайда бола бастады. Батыстан келген прогресс, тарихтың даму барысы туралы түсініктері негізінде дәстүрлі қытайлық ескерткіштерде сақталған «алтын ғасыр» туралы идеялар одан ары ілгері дамытылды. Жаңа тарихи жағдайлар Қытайдың қоғамдық ойшылдарын конфуцийшілдіктің дәстүрлі концепцияларына сыни көзқараспен қарауға түрткі болды. Алғашқы болып мұны Кан Ювэй (1858–1927 жж.) жасады.

XIX–XX ғғ. конфуцийшілдік негізде білім алған бірде-бір қытайлық реформатор өзінің әлеуметтік-саяси ілімін дамытуда Конфуцийдің әлеуметтік утопиясын назарынан сырт қалдыра алмады, себебі тек конфуцийшілдіктің қоғамдық құрылым туралы ілімі елдің болашақ дамуы туралы тарихи заңдылықтың халық санасында қалыптасып қойған символы болды. Осы себептен де елдің модернизациясы мақсатында басталған қоғамдық қозғалыс барысында «сяокан» ұғымы тарихи сахнаға қайта оралды. Мәдени бірегейлікті сақтай отырып елді модернизациялауды мақсат тұтқан Кан Ювэй батыстық әлеуметтік прогресс теориясының баламасын классикалық конфуцийшілдік әдебиеттерден іздеді. Елде модернизация мен реформаны жүргізу мақсатында ежелгі жүйені өзгерту үшін Кан Ювэй конфуциандық «датун» және «сяокан» қоғамдық идеалдарын жаңа интерпретацияда қолданды. Конфуциандық әлеуметтік идеалы мен заманауи қоғамның моделі арасындағы қатынас туралы терең ой қозғаған ойшыл өзінің «Датун шу» («Ұлы Бірігу туралы кітап») еңбегінде ежелгі категориялар негізінде қоғам эволюциясының жаңа тұжырымдамасын құруға тырысып, қытай философиясына тән интерпретациялық-комментарийлік мәнерде өз ойын жеткізуге тырысты. Өзінің алдындағы ойшылдардың мұрасына сүйеніп, Кан Ювэй өзінің реформаторлық ойларын дамытты. Ол сияқты «Чуньцю дәуірінің жылнамасының» Гунъян редакциясындағы «жаңа мәтінін» және «Ли цзи» еңбегіндегі «сяокан» мен «датун» туралы идеяны біріктіріп «үш кезең туралы ілімді» дамытты. Эволюционизм теориясынан алған әсерінің негізінде Кан Ювэй адамзат қоғамын әрдайым өзгеру, даму, прогресс үстінде деп көрсетіп, өз дамуында «дүрбелең мен қиыншылықтар» (цзюйлуань ши), «қалыптасу» (шэнпин ши) және «ұлы тыныштық» (тайпин ши) атты үш кезеңнен өтетіндігін атап өтті [122]. Қоғамдық дамуға деген Кан Ювэйдің көзқарасының қалыптасуына буржуаздық идеялар әсер еткендігі де айқын байқалады. Оның жүйесінде әр кезеңге өндіргіш күштердің дамуының, саяси жүйенің белгілі-бір дәрежесі сәйкес келіп отырды. Кан Ювэй бөліп көрсеткен үш кезең саяси режимдердің үш түрімен сәйкестендірілді: монархия, конституциялық монархия және демократия. «Цзюйлуань кезеңі», немесе аласапыран кезеңі, адамзат дамуындағы алғашқы кезең деп сипатталып, оның экономикалық ерекшелігі «ұлы аграрлы дәуір», мәдени ерекшелігі «мәдениет пен білім жоқ», саяси ерекшелігі «қолдағы абсолютті билік» болды. Даму сатысындағы екінші кезең – «шэнпин кезеңі» өндірістің қарқынды дамуымен және мәдениет пен ағартушылықтың пайда болуымен сипатталатын конституциялық монархия режимін меңзеді. Ал «тайпин кезеңі» адамзат дамуындағы шарықтау шегі деп сипатталып, мәдениет пен білім кеңінен таралған, адамдар өзара тең, билік

ететін патша жоқ кезең деп сипатталды. «Жүз күндік реформаны» жүргізу барысында Кан Ювэй Қытай қоғамы алғашқы екі кезеңнен өтіп кетті, ендігі мақсат «датун»-ға жету үшін қоғамды реформалау керек деп ойласа, «Да тун шу» еңбегін жазу барысында өз ойларын қайта ой елегінен өткізіп, Қытай тарихы тек аласапыран пен құлдыраулардан тұрды, ал «шэнпин» мен «тайпин» Қытайда әлі орнаған емес деген пікір білдірді. Кан Ювэй «датун» мен «сяокан» ұғымдарын ашық қолданып, үш кезеңнің екеуін тікелей осы ұғымдармен байланыстырды. Ойшыл «сяокан» қоғамын «шэнпин» («кішігірім тыныштық кезеңі») кезеңіне, ал «датун» қоғамын одан кейін орнайтын «тайпин» («Ұлы Бірігу кезеңі») кезеңіне сәйкестендіріп, «сяокан» да, «датун» да Қытай тарихында өтіп кеткен кезеңдер емес, керісінше алда күтіп тұрған даму сатылары деп қорытындылады, яғни Қытайдың мінсіз қоғам туралы образы болашаққа қатысты қолдана бастады. [123:299]. Кан Ювэй қытай қоғамының ең биік арманы «Датун» қоғамы, алайда оған жету үшін міндетті түрде «сяокан» кезеңінен өту керек деп санады. Сондықтан да «сяоканға» жету бірінші кезектегі міндет деп пайымдады. Осы негізде «сяокан» концепциясы конституциялық монархия үшін жаңартылған қозғалыстың философиялық негізін қаласа, «датун» биліктің демократиялық қағидаларын жүзеге асырумен тығыз байланыстырды. Кан Ювэй сонымен қатар «датун» қоғамын барлығы тең өмір сүретін социализммен (коммунизммен), ал «сяокан» қоғамын материалдық байлық дамыған капитализмге де теңеген болатын [26:69]. Жалпы айтатын болсақ, Кан Ювэй конфуцийшілдікті жалау ете отырып буржуазиялық құндылықтарды пайдалану арқылы дәстүрлі «сяокан» ұғымын өзгерту арқылы әлеуметтік өзгерістерге жол ашты. Ол «сяокан» идеясын конфуцийшілдік шеңберінен шығарып, «сяокан» концептінің дамуына жаңа серпіліс берді.

Гоминьдан партиясының негізін қалаушы Сунь Ятсен бағдарламасында да «датун» коммунизмнің құрылуын бейнелеген революцияның ең биік идеалы болды. Өзінің бір дәрісінде Сунь Ятсен: ««Халық игілігі» қағидасы» социализмнің нақ өзі, немесе басқа сөзбен айтқанда, коммунизм, яғни Ұлы Бірігу (Датун)», - деп айтқан болатын [28:46]. Сунь Ятсенді «датун» концепциясы «Аспанасты барлығына ортақ» идеясымен қатты қызықтырды. Теңдік оның «үш халықтық принциптерінің» негізін қалады. Сунь Ятсен «сяокан» сөзін көп қолданбаса да, алайда оның мемлекетті құру және ұлтты көтеру бойынша бағдарламасы осы ұғымды қамтып отырды. Ол кедейлікті халықтың бақытсыздығының негізгі себебі деп бағалап, «үш халықтық принциптер» «баю идеясын қамтитындығын» ашық айтқан. «Сяокан» идеясын өзінше пайымдаған Сунь Ятсен: «Бірінші кезекте халық толығымен тамақпен, киіммен, тұрғын үймен қамтылуын қолға алу керек, ол үшін ауыл шаруашылығының, жеңіл өнеркәсіптің дамуын және тұрғын үйлердің салынуын қамтамасыз ету керек», - деп жазған [124:232]. Жалпы, Кан Ювэй мен Сунь Ятсеннің социалистік утопияларының ерекше тұсы ұлттық бастауларды әлеуметтік мәселелермен біріктіруі: елдің тәуелсіздігі үшін жағдайларды қалыптастырып, экономикалық дамуы үшін оңтайлы жолдың негізін қалау. Кан Ювэй де, Сунь Ятсен де «датун» идеалын әлеуметтік-саяси

мағынамен толықтыра отырып, ұлт-азаттық демократиялық күрестің өсуіне бастама салды. «Датун» идеалының дамуымен қатар «сяокан» ұғымы да даму үстінде болды.

«Сяокан» ұғымының тарихи даму эволюциясына көз тастайтын болсақ, ҚХР кезеңіне дейін тұжырымдаманың мазмұны келесі аспектілерді қамтығандығын байқауымызға болады:

1. Сяокан – «Шицзин» еңбегінде көрсетілген «кішігірім тыныштық»;

2. Сяокан – «Ли цзи» еңбегінде сипатталған адамдар өзінің және отбасының игілі үшін еңбек етіп, мүлік жинақтауға тырысатын, ынтымақтастық пен өзара көмек қағидаларына негізделген қоғам түрі;

3. Сяокан – қарапайым халықтың «орташа дәулеттілікке», яғни бай деуге келмейтін, алайда отбасының қандайда бір мүлігінің болу дәрежесіне жету талпынысы;

4. Сяокан – мінсіз «Датун» қоғамына жетудің өтпелі кезеңі.

Осы мағыналарды қамтыған «сяокан» ұғымы Қытайдың социалистік даму кезеңіне жетті.

ҚХР құрылғаннан кейінгі «сяокан» ұғымының жандануы мен интерпретациясы.

Мао Цзэдун тұсында конфуцийшілдік қудалауға түссе де, марксистік теорияны қытайлық тәжірибеге қолдану барысында «датун» концепциясы кеңінен қолданыс тапты. Қытай тарихында социалистік дәстүрдің болғандығын дәлелдеу үшін конфуцийшілдіктің осы ұғымы насихаттау жұмыстарында қолданылды. «Үлкен секіріс» пен халықтық коммуналарды құрған кезде насихат органдары кез-келген жеке меншік түрін жоятын коммунистік қоғамның құрылысының бастапқы кезеңі туралы айтып, Қытайда «датун» идеалы іс жүзінде жүзеге асырыла бастағандығы жайлы насихаттады. «Сяокан» термині болса, Мао Цзэдун шығармаларында теріс мағынада қолданды, яғни байлық пен жеке меншіктің нысаны ретінде қабылданды [125:10]. Эгалитаризмге талпынған Мао Цзэдун тұсында «кедей болу – даңқты болу» ұраны аса танымал болды. Материалдық прогресс «капитализмнің құйрығы» деп саналды, сондықтан «сяокан» ұғымы бұл кезеңде социалистік құрылыс мақсаттарына сай емес деп саналды. тек Мао Цзэдун қайтыс болғаннан кейін ғана оның эгалитаризм туралы идеясы қайта қарастырылып, экономикалық дамуды ілгерілету үшін бірінші кезекте материалдық әл-ауқатты көтеру қажеттігі айқындалды. Дәл осы кезеңде «сяокан» ұғымы Қытайдың даму жолын анықтау үшін қолданысқа еніп, жаңа мазмұнға ие болды.

«Сяокан» термині ҚКП-нің ресми саяси сөздік қорына Дэн Сяопиннің бастамасымен енген болатын және де бұл кездейсоқ болмады. Қытайда социализмді құруды мақсат етіп қойған Дэн Сяопин тек марксистік теорияға бұлтарсыз жүгіну мемлекеттің вестернизациясына алып келеді, ал маоистік тұжырымдарды ғана ұстану идеологиялық дауларға, ешбір практикалық нәтижелерге алып келмейтінін түсінді. Сондықтан да Дэн Сяопин «қытайлық ерекшеліктегі» социализмді құру барысында дәстүрлі концепцияларға да жүгінуді дұрыс деп қабылдады. «Сяокан» ұғымын қолдану арқылы Дэн

Сяопин қытайлық қоғамды экономикалық даму мен модернизация міндеттері айналасында біріктіріп, идеалистік серпіннен шынайы мақсаттарға бет бұруын қамтамасыз етті.

Дэн бастаған экономикалық реформалар Қытайды идеологиялық жағынан босатуды қажет етті. Яғни «социализм кедейлікті білдірмейтіндігін» негіздеп, экономикалық даму мен материалдық әл-ауқаттылықтың өсуін, экономикалық дамудың алғашқы кезеңінде экономикалық даму эгалитарлы үдеріс еместігін, «кейбір адамдар алғашқы болып байи алатындығын» теориялық тұрғыдан заңдастыру қажет болды. Бұл талаптарға «сяокан» ұғымы жақсы сәйкес келді. Қытайдың модернизация үдерісін жобалау барысында Дэн Сяопин дәстүрлі ой-сананың мәдени мұрасын қолданып, қарапайым халықтың күнделікті тілдік қорындағы ұғымды пайдалану арқылы қоғамдық дамудың мақсатын анықтады. «Сяокан» ұғымы саяси дискурста «төрт модернизация», «қытайлық үлгідегі модернизация ұғымдарымен» қатар қолданысқа түсті.

Конфуцийшілдік ұстанымдары үшін айыпталып, барлық саяси лауазымдардан босатылған Дэн Сяопин өзінің оңтүстіктегі айдауы барысында конфуцийшілдікті теориялық және практикалық жағынан да зерттеуге кіріседі. Дәл осы кезеңде Дэн Сяопин Сингапур мен Тайваньның тәжірибесімен етене танысады. Малайзиядан бөлініп шыққан соң қандай да бір табиғи ресурстарсыз қалған сингапурлықтар (халқының 75%-ы этникалық қытайлықтар құрайды) тарихи қысқа мерзім ішінде өз елдерін экономикалық дамыған мемлекетке айналдыра алды. Сингапурлықтар мұндай жетістіктерге өздерінің көшбасшысы Ли Куан Ю (елді 32 жыл аралығында басқарды) арқасында жетті. Өзінің жетістіктерінің себебін Ли Куан Ю келесідей түсіндірген болатын: «Біз қол жеткізген жетістіктер — бұл халықтық конфуцийшілдіктің арқасы» [125:203]. Алайда Конфуцийдің әлеуметтік утопияларына көңіл аударуға түрткі болған негізгі себеп – Тайвань аралында «сяокан» идеясын жаңғыртқан Гомиьданның нақты жетістіктері болды. Тайваньда «сяокан»-ды алғашқы болып іс жүзінде жүзеге асыруды бастаған Чан Кайши болды. Коммунистерден жеңіліс тауып Тайвань аралына бас сауғалаған Гомиьдан басшылары өздерінің әлеуметтік-экономикалық саясатының идеологиялық негіздемесін қайта қарастыруға мәжбүр болды. Чан Кайшидың идеялық көзқарастарының өзгеруіне конфуцийшілдіктің ізбасарлары, немесе басқа сөзбен айтқанда неоконфуцийшілдіктің іргетасын қалаушылар Дай Цзитао мен Чэнь Лифу үлкен әсер етті. Конфуциандық дәстүрде білім алған Чэнь Лифу Чан Кайши тұсында кеңесші рөлін атқарып, тайваньдық «сяокан» конфуциясының авторларының бірі болды. Чан Кайши да Кан Ювэй сияқты «сяокан» қоғамын өтпелі кезеңмен, яғни «датун»-ға жетер алдындағы міндетті тұрақтану кезеңімен сәйкестендіріп, бұл қоғамның экономикалық құраушы бөлігін анықтап өтті: «...тауарлар пайда үшін өндіріліп, адамдар еңбек ақысын алу үшін еңбектенеді. Кәсіпкерлер табысын өсіруге тырысса, еңбеккерлер жалақысының өсуіне тырысады» [126:57].

1972 жылдың қараша айында гомиьдандықтар «сяокан» қоғамын құрудың шешуші кезеңі деп «Сяокан жоспары немесе Тайвань провинциясында

кедейлікті жою Бағдарламасын» жариялады. «Жоспар» қайырымдылық шараларды кеңейтуді, жұмысқа тұру бойынша көмекті, кәсіби білім алу мен қайта дайындықты, аз қамтылғандарға тұрғын үй салуды, білім алу мен әлеуметтік қамсыздандыруды қамтамасыз етуді көздеді. «Жоспарды» жүзеге асырудың нәтижелері бойынша 1978 жылдың соңына қарай Тайваньда кедей отбасылар саны 70 мыңнан 2799-ге дейін қысқарды [28:47]. Тайваньдық «сяокан» жоспары жүзеге асырылған соң Калифорния университетінің профессоры Чжан Сюйсинь «егер ішкері Қытайда марксизмнің қытайлануы орын алса, онда Тайваньда демократияның еуропалық-американдық моделінің конфуцийленуі орын алды» деп пікір білдірді. Сол кезеңнің өзінде Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур мен Гонконг басшылары басқа капиталистік елдерден өздерінің ерекшеліктерін «конфуциандық капитализм» ұғымымен сипаттаған болатын [23:10].

«Сяокан» концептісі Тайваньда нақты нәтижелер берген кезде материктік Қытайда әлі де коммунистік «датун»-ға жетуді мақсат еткен революциялық кезең жалғасып жатты. «Мәдени революция» барысында, әсіресе «Линь Бяо мен Конфуцийді сынау» науқаны кезінде ҚХР рухани оқшаулауда қалып қойды. Ауыр саяси, әлеуметтік, экономикалық дағдарыстан шығу үшін халықты біріктіруші, мотивация беруші идеяны қалыптастыру қажет болды. 1976 жылы Дэн Сяопин саяси билікте қайта қалпына келгеннен соң ҚХР-ды дәстүрлі конфуцийшілдік жолына қайта түсірудің көпқадамды науқанын бастады.

Конфуцийшілдікте «мораль негізінде билеу» концепциясының негізгі қағидаларының бірі «халықты бағалау» болды. Яғни конфуцийшілдік ілім бойынша халықты «кеңпейілділік» негізінде басқарып, бірінші оны байыту керек, тек кейін ғана тәрбиелеу керек. Конфуций бұл жайында былай деген: «Мыңдаған әскери арбалары бар патшалықты басқаруға барынша байыпты қарап, сенімділікке арқа сүйеу қажет, шығындарға үнемді болып, адамдарға қамқор болу керек; халықты керекті кезде қолдана білу керек» [23:298]. «Егер қайырымды адам халықтың сеніміне кірмей жатып, халықты мәжбүрлей бастаса, онда халық бұл әрекетін қанаушылық деп қабылдайды» [127:38]. Бұл сөздерден шығаратын қорытынды, мемлекетті билеудің дәстүрлі тәртібі билеушіден тынбай халықтың материалдық әл-ауқатын ойлауды талап етті, себебі Аспанастын бағындыру үшін бірінші кезекте «халықтың жүрегін» жаулау қажет болды. Дәстүрлі конфуцийшілдік білім алған Дэн Сяопин басқарудың бұл қағидаларымен жақсы таныс болды. Осы себептен де ол мемлекеттің даму стратегиясын халықтың мүддесіне сәйкестендіріп қалыптастыруға тырысты.

Мәдени революция жылдарындағы мемлекет дамуының тұрақтап қалуын жою үшін билік басындағылардан дамудың жаңа бағдарламаларын ұсынуды талап етті. 1978 жылдың аяғында реформалар мен ашық есік саясатын жариялап, «төрт модернизацияны» жүзеге асыруға бағыт алған ҚКП алдында келесі бір міндет тұрды – халықты елді дамыту мақсатында жұмылдыру, халыққа рухани мотивация беру. Дэн Сяопин 1979 жылы осы мәселені шешу мақсатында қытайлықтарды «сяокан»-ға жетуге шақырды. Дэн Сяопин ежелгі

конфуцийшілдік утопияны Қытайдың шынайы жағдайына марсистік идеология шеңберінде қолданды. Шын мәнісінде, «сяокан» терминін қолдану сол кезеңдегі Қытайдың шынайы жағдайын нақты сипаттап, Қытайдың даму бойынша стратегиялық мақсаттарын дұрыс орналастыруға сәйкес келді. «Сяокан» концептісін қолдану арқылы Дэн мырза «ұлттық» және «әлемдік» шарттарды дәстүрлі мәдениетпен біріктіріп, «конфуцийшілдік негіздерге оралу» арқылы елдің дамуына жаңа жол ашты. Ол дәстүрлі және ұлттық сипатқа ие бағдарламалық ұрандар өзектілігін жоғалтқан таптық және интернационалдық ұрандарға қарағанда қажыған қытай қоғамын тиімдірек біріктіре алатындығын түсінді. Барлық қытайлықтарға таныс әрі түсінікті терминді қолданып, Дэн Сяопин «сяокан» ұғымына жаңа мағына беріп, оны жаңа деңгейге көтерді. «Сяокан»-ды «қытайлық ерекшелігі бар социализмді» құрудың нышаны деп жариялаған Дэн Сяопин халықтың күш-қуатын елдің модернизациясына бағыттауға үлкен үлес қосты. Дәстүрлі ұғымдағы «сяокан» идеясына қарағанда, Дэн Сяопин ұсынған «сяокан» концепциясының социалистік сипаты басым болды. Ол «сяокан»-ды коммунизмге жетер алдындағы социалистік кезең тұрғысынан сипаттап, кедейліктен арылып, модернизацияны жүргізу барысындағы Қытай міндетті түрде басынан кешіру керек кезең деп түсіндірді. Қытай сияқты экономикалық артта қалған кедей елден модернизацияланған елге айналу үдерісі міндетті түрде көп уақытты қажет етеді. Бұл уақыт аралығында адамдардың өмір сүру деңгейі арасында, қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуында теңсіздік құбылысы орын алуы әбден мүмкін. Мұндай өтпелі кезеңде экономикалық дамудың заңдылықтарына «сяокан» ұғымы мағыналық жағынан сай келді [128:3]. «Сяокан» тұжырымдамасы Дэн Сяопиннің Қытайдың дамуына бағытталған амбициясының басты ұранына айналып, дамуға деген капиталистік әдістерге жартылай социалистік реңк берді. Нәтижесінде қытайлық модернизацияның мәні «сяокан қоғамы» деп жарияланды. Социалистік жолдан таймай, қытай қоғамының әр бір мүшесі модернизациялық үдеріске белсенді қатысуы ынталандырылды.

Дэн Сяопиннің үлкен саяси тәжірибесі және саяси қызметке ғылыми тұрғыдан қарау керек деген ұстанымы (фактілерге сүйеніп ақиқатты іздеу, ежелгі және заманауи дәуірлерден тек пайдалы тұстарын қолдану, Қытайдың шынайы жағдайына сай келетін әдіс-тәсілдерді іздестіру) Қытай дамуының бірегей стратегиясын қалыптастыруға алып келді. Дэн Сяопин «сяокан» қоғамын социалистік модернизацияның жақын арадағы мақсаты деп атады. Ресейлік ғалым Н.А. Абрамовтың пайымдауы бойынша, «сяокан» терминін қолдану барысында Дэн қытайлық стратегема қағидасын қолданды. Конфуциандық терминді жаңа жағдайда қолдану №14 – «мәйітті алып оған жан бітіру» (借尸还魂 jie shi huan hun) стратегемасына сәйкес келді. Бұл стратегеманың мәні – ежелгіге тиесілі болған затты қайта жаңғыртып, мақсатқа жетуде қолдану. Абрамов «Дэн Сяопин ежелгі конфуциандық терминді қолдана отырып ҚХР халқын ортақ мақсатқа біріктірген мемлекет алдына жаңа міндет қойды» деп жазады [130]. Дэн реформалар мен модернизацияның жаңа

бағытына біршама прагматикалық сипат беруге тырысты. «Сяокан қоғамы» концепциясын Қытайдың дамуының бір бағыты деп жариялауы таза қолданбалы сипатқа ие болды. Елді модернизациялау үшін бірінші кезекте өндірістік күштерді дамыту қажет болды. Мао Цзэдун тұсында қалыптасқан эгалитарлы бағытталған әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі жеке адамдардың ынтасын көтеруге мүлдем қауқарсыз болды. Реформалардың бастапқы кезеңінде шаруалар ауылдың озық өндірістік күштерінің өкілдері болғандықтан, социализм қағидаларын ұстана отырып, капиталистік әдістермен экономиканы дамыту қажет болды. Экономикалық өнімділікті өсіру арқылы елді қырқынды дамыту үшін халықтың еңбекке, табысқа деген ынтасын көтеру маңызды мәселеге айналды. Кейбір адамдарға бірінші болып баюға рұқсат беру арқылы мемлекетті жаппай өркендеуге жеткізу үшін «жеке меншік», «табыс», «байлық» ұғымдарын идеологиялық тұрғыдан негіздеу қажеттілігі туындады. Осы жағдайда «сяокан» ұғымы халық үшін түсінікті әрі қабылдауға жеңіл ұран болды. Бұл тұжырымдаманың қытай қоғамының коммунизмге қарай қозғалысын сипаттайтын партиялық құжаттардағы абстрактілі ұрандармен салыстырғанда шынайылығы басым болды [28:49].

«Сяокан» тұжырымдамасы ҚКП басшыларының реформалар жүргізу арқылы елді модернизациялаудың жолын іздестіру барысындағы ой-толғаулардан бастама алып, біртіндеп ұлттық стратегия деңгейіне дейін көтерілді. Социалистік модернизацияның мақсаты ретінде жарияланған «сяокан» концепциясының жаңартылған мазмұнда қалыптасуы мен дамуын бірнеше кезеңге бөліп қарастырсақ болады:

1) *Дэн Сяопиннің «сяокан қоғамы» туралы идеясының тұжырымдалуы және практикалық қолданылуы.*

1979 жылдың желтоқсан айында Жапонияның премьер-министрі Масаеси Охира бастаған жапондық делегациямен кездесу барысында Дэн Сяопин социалистік модернизацияның қытайлық үлгісі туралы әңгіме қозғағанда бірінші рет «сяокан» сөзін қолданды. Дэн Сяопин: «Біз жүзеге асыруға тырысып жатқан төрт модернизация – бұл қытайлық үлгідегі модернизация. «Төрт модернизацияның» қытайлық концепциясы сіздер түсінетін модернизация емес. Біз бұл жерде «сяокан отбасын» (小康之家) меңзеп отырмыз. Осы ғасырдың соңына қарай біз модернизация ісінде белгілі бір мақсаттарға қол жеткізсек те, біздің жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) жан басына шаққандағы орташа көрсеткіші әлі де біршама төмен болып қала береді. Үшінші әлемнің бай мемлекеттерінің дәрежесіне дейін көтерілу үшін, мысалы айталық жалпы ұлттық өнімнің жан басына шаққандағы орташа көрсеткіші 1000 АҚШ долл. құрайтындай, бізге әлі де көп күш салу керек», - деп айтқан [70:302]. Бұл сөзінде Дэн Сяопин модернизацияның қытайлық концепциясының жапондықтан ерекшелігін атап көрсеткені бекер емес. Жапонияда реформаторлық қозғалыстың негізін ірі өнеркәсіпкер және конфуциандық «Төрт кітаптың» керемет білгірі Сибусава Эйити (1840–1932) қалаған болатын. Ол ерте конфуцийшілдік концепцияларды қолдану арқылы елдің модернизациясын жүргізуді жоспарлаған. Реформалардың идеологиялық

негіздемесін Сибусава өзінің «”Лунь юй” және бухгалтерлік есеп-қисап» еңбегінде толықтай жазып кеткен. Бұл еңбек кейін жапондық менеджменттің басты еңбегіне айналды. Сибусава Эйти Жапонияның модернизациясына үлкен үлес қосып қана қоймай, сонымен қатар «Жапонияның өндірісі мен банктерінің атасы» деген атаққа ие болып, «конфуциандық капитализмнің» негізін қалап кетті. Жапондық премьермен әңгіме барысында Дэн Сяопин Қытайды конфуциандық жолға қайта түсіріп жатқанымен, оның реформалары жапондық реформалардан ерекшеленетіндігін баса айтып өтті. Яғни Жапониядағы «конфуциандық капитализмге» қарағанда Қытай «қытайлық ерекшелігі бар социализмді» немесе басқа сөзбен айтқанда «конфуциандық социализмді» құратындығын анық білдірді [125:12].

Дэн Сяопин «сяокан» ұғымын Қытайдың реформалар басындағы мүшкіл жағдайының жақсаруы тұрғысынан сипаттады. «Сяокан» терминін ол бірнеше тіркесте қолданды: «сяокан отбасы» (小康之家), «сяокан жағдайы» (小康的状态) және «сяокан мемлекеті» (小康的国家). Кейінгі сөздерінде Дэн Сяопин ғасыр аяғына қарай жету керек мақсатты сипаттаған кезде «сяокан деңгейі» (小康水平), «сяокан өмірі» (小康生活) тіркестерін де қолданды. Алайда ҚКП-ның саяси сөздік қорына «сяокан қоғамы» (小康社会) тіркесі енді. Дэн Сяопин «сяокан» ұғымын қолдана отырып мемлекеттік дамудың экономикалық жағына аса назар аударды: төрт модернизацияны жүзеге асыру, өндірісті төрт есе ұлғайту, адам басына шаққандағы ЖІӨ-ді 1000 АҚШ долларына дейін (кейін 800 АҚШ доллары деп өзгертілді) жеткізу. Қытай XX ғасырдың аяғына қарай салыстырмалы түрде артта қалған дамушы ел болса да, халықтың өмірі біршама жақсарады деген Дэн Сяопиннің жаңа интерпретациясы социалистік жүйеге, оның «социализм кедейлікті меңземейді» пайымдауына сай келді.

Ғасыр аяғына қарай «сяокан қоғамын» құруды Дэн Сяопин алғашқы кезеңде «қытайлық үлгідегі модернизацияны» жүзеге асырумен тең көрді. Алайда, 1980 жылы 25 желтоқсанда Орталық комитеттің жұмыс кеңесінде сөйлеген сөзінде ол: «Егер бүкіл ел тығыз ұйымшылдықта жоспарлы түрде біртіндеп алға қарай жылжитын болса, онда жиырма жылдан кейін біздің ел заманауи экономиканы дамыту ісінде сяокан деңгейіне жететіндігіне, кейін тағы алға жылжып, модернизацияның неғұрлым жоғары деңгейін жүзеге асыратындығымызға сенімді бола аламыз», - деп айтқан [70:443]. Бұл сөзімен Дэн Сяопин модернизация кезеңмен және біртіндеп жүзеге асырылу керек идеясын алдыға тартып, «сяокан қоғамын» құруды модернизацияның түпкілікті жүзеге асырылуынан бөлек қарастыра бастағандығын аңғаруымызға болады. Яғни «сяокан қоғамын» құру идеясы модернизацияның ақтық мақсатынан кезеңдік мақсатына ауыстырылды.

1982 жылы ҚКП-нің XII съезінде Дэн Сяопин «XX ғасырдың аяғына қарай елдің ЖҰӨ-ін екі есе көбейту... Халықтың өмір сүруінің материалдық жағдайын сяокан деңгейіне жеткізу» міндетін қойды [70:416-417]. Алғаш рет «сяокан» ұғымы партиялық съезд барысында қолданылып, Қытайдың ұлттық экономикалық және әлеуметтік дамуындағы негізгі мақсат пен маңызды кезең

деп қабылданды. «Сяокан» ұғымы Қытайдың идеологиялық және қоғамдық-саяси өміріне интеграциялана бастады.

Дэн Сяопин «сяокан» ұғымын қолданған кезде оны тек ішкі даму мәселесін шешу мақсатында ғана емес, сонымен қатар Қытайды басқа дамыған елдермен горизонталды салыстыру контекстінде де қолданған болатын. Бұл кезеңде біз «сяокан» ұғымы мағыналық жағынан дәстүрлі «кішігірім тыныштық»-тан қарапайым қытайлық отбасылардың материалдық деңгейінің күнкөріс деңгейі төмен (вэньбао) деңгей мен байлық (фуюй) арасындағы салыстырмалы түрде жақсы өмір сүру жағдайына көтерілгендігін көрсететін «орта дәулеттілік» мағынасына қарай ауысқанын және кейіннен бұл ұғым «отбасы» шеңберінен шығып, кең мағынадағы қоғамдық дамудың халық бай да емес, кедей де емес деңгейі тұжырымдамасына дейін көтерілгендігін көреміз. Яғни классикалық канондардағы және қарапайым халықтың санасындағы бұлыңғыр жақсы өмірге деген талпыныстан «сяокан» ұғымы Қытайдың модернизациялық үдеріс барысындағы даму баспалдағы мағынасына ие болды. Дэн Сяопин «сяокан» ұғымын қолдану арқылы алғаш рет қытайлық модернизацияның стратегиялық мақсатын сандық жағынан және көрнекі түрде анықтады.

1983 жылы шілде айында жапондық делегациямен әңгімелесу барысында Дэн Сяопин *«төрт модернизацияның басты мақсаты осы ғасыр аяғына қарай сяокан деңгейіне жету...сяокан деңгейі деп отырғанымыз, ЖҰӨ тұрғысынан айтар болсақ, адам басына 800 АҚШ долл. теңестіріледі... Социалистік бөлініс қағидасына сәйкес, сяокан деңгейіне жету жалпыға ортақ болу керек»* екендігін ерекше атап өтеді [70:64]. Бұл кезеңде «сяокан» концепциясы социализм қағидаларымен одан ары тығыз байланысқа түседі. «Сяокан» деңгейінің сандық өлшемдері анықталады: ЖҰӨ көрсеткіші адам басына шаққанда 800-1000 АҚШ долларын құрауы қажет. Кейін, 1985 жылдың қыркүйек айында, Дэн Сяопин: *«Қазір адамдар Қытайда орын алған өзгерістер айқын екендігін айтуда. Мен шетелдік қонақтарға бұл әзірге кішігірім өзгерістер деп айтудамын. Бұл жетістіктер екі еселенгенде «сяокан деңгейіне» қол жеткізіледі, сонда бұл орташа өзгерістер болады»,* - деп айтқан [70:143].

1987 жылдың қазан айында ҚКП-ның XIII съезді барысында модернизацияны жүзеге асырудың үш қадамды стратегиялық жоспарын қабылданып, «сяокан» деңгейі социалистік модернизация стратегиясының ресми түрде «екінші қадамы» деп анықталды. Қытайлық сипатқа ие, халыққа етене таныс болған бұл ұғым кең қолдауға ие болды. Бұл мақсат Қытайдың сол кезеңдегі жағдайына сәйкес келді және аталмыш мақсатқа жету жолында қытай халқын біріктіре алды. Марксизмнің негізгі қағидаларына қайшы келмейтін бұл ұғым социалистік модернизация тәжірибесіне енгізілу арқылы марксизмнің қытайлық жағдайға бейімделуінің үлгісін көрсетті.

Дэн Сяопин «сяокан қоғамын» құру мақсатын социалистік модернизацияның стратегиялық жоспарының бір бөлігі ретінде анықтап кеткеннен бастап бұл тұжырымдама әрдайым кемелдену мен байытылу үдерісінде болды. Социалистік құрылысты жүргізу барысында ҚКП «сяокан

қоғамы» тұжырымдамасын тереңінен түсініп, оны жаңа мазмұнмен толықтыру үстінде болды. Дэн Сяопин тұсында адамдардың өмір сүру деңгейін «жан басына шаққандағы 800 АҚШ долларына» жеткізу ретінде түсінілген «сяокан» тұжырымдамасы 1990 жылы өткізілген ҚКП ОК-ның XIII съезінің 7-ші шақырылымында ары қарай дамытылып, адамдардың тек материалдық өмірінің жақсаруымен ғана емес, сонымен қатар мәдени өмірінің, қоғамдық әл-ауқатының, еңбек шарттарының және әлеуметтік қызметтерінің жақсаруымен де байланыстырылды. 7-ші пленум барысында берілген анықтамаларға сәйкес «сяокан қоғамы» - «адамдардың негізгі қажеттіліктерге деген сұранысы қамтамасыз етілетін өмір сүру деңгейіне жеткен қоғамды ғана емес, сонымен қатар бай материалдық өмірді, тұтынудың рационалды жүйесі орнаған, тұрмыс үй жағдайы біршама жақсарған, мәдени өмірі түрленген, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамсыздандыру жағдайы дамыған қоғамды» білдірсе, «сяокан деңгейі» - «адамдардың негізгі қажеттіліктеріне кепілдік берілген, өмір сүру сапасы жақсарған, біршама ауқатты өмір сүру деңгейіне жеткен, жеке тұтынушылық деңгейі өскен, әлеуметтік қамсыздандыру және еңбек жағдайы жақсарған деңгей» деп анықталды [3:19]. Бұл берілген анықтамалар «сяокан қоғамын» құру мақсатын анық, оған жету жолын шынайы, ал идеяның өзін тартымды жасады. «Ұлттық экономикалық және әлеуметтік дамудың онжылдық (1990-2000 жж.) жоспарын және сегізінші бесжылдық (1990-1995) жоспарды қабылдау мәселелері бойынша Компартия Орталық Комитетінің Ұсыныстары» «вэньбао деңгейінен сяокан деңгейіне көшу» туралы ұсыныс болды. Ол тұтыну құрылымын қайта қарастыруды, тұрғын үй жағдайын жақсартуды, мәдени өмірді байытуды, қоғамдық денсаулық сақтау деңгейін одан ары көтеруді, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін үздіксіз жақсартуды меңзеді. «Жалпыға ортақ сяокан» (zongti xiaokang) қоғамын құру қолға алынды.

2) Партияның XV-ші съезінен бастап XVII-ші съезіне дейін «сяокан қоғамын» құрудың «кешендік» жоспары

Партияның XV-ші съезінен бастап XVII-ші съезіне дейін «сяокан қоғамы» тұжырымдамасының көрсеткіштерінің өзгеруі мен мазмұнының кеңею кезеңі болды.

2000 жылы өткен партияның XV съезінің 5-ші шақырылымында ҚКП басшылары: «Біз жан-жақты экономикалық және әлеуметтік дамуға қол жеткізу және халықтың орташа дәулетті өмірін қамтамасыз ету арқылы модернизацияның үш қадамды стратегиялық жоспарының алғашқы екі мақсатына қол жеткіздік. Ендігі кезекте біз жоспардың үшінші мақсатына жетуге талпынуымыз қажет» деп атап өткен болатын [121:39]. Партияның басшылығымен Қытай 2000 жылы жан басына шаққандағы ЖІӨ-ді 1980 жылмен салыстырғанда төрт есеге ұлғайту міндетін асыра орындау арқылы Дэн Сяопиндік «сяокан деңгейіне» жетті. Алайда халықты «сяокан» деңгейіндегі өмірмен қамтамасыз ету мақсаты орындалғанымен, қытай халқының әл-ауқаты ол кезеңде әлі де төмен деңгейде және толыққанды әрі теңестірілмеген дәрежеде болды. Яғни Қытайдың халқы толықтай емес, тек қалалық тұрғындары «сяокан» деңгейіне жеткендігі айтылды. Ауылдық аймақтардың

тұрғындарының кірістері әлі де төмен және жылына 300 АҚШ доллардан аспайтындығы да анықталды. Қытай экономикасы да түбегейлі жақсара қойған жоқ еді. «Сяокан» деңгейі шектеулі ғана дәрежеде жүзеге асырылды. Осы жағдайда партия «сяокан қоғамсын» құру мақсатын жалғастыру туралы шешім қабылдады.

ҚКП-ның XVI-шы съезінде (2002 ж) партия «сяокан қоғамын» құру мақсатын «жан-жақты сяокан қоғамын құру» (全面小康社会) мақсатымен алмастырды. «Жан-жақты сяокан қоғамы» тұжырымдамасы Дэн Сяопин теориясының жалғасы болды. Бұл дегеніміз, социалистік модернизацияның мақсаты жоғарылап, модернизация қарқыны жеделдетілгенін білдірді. Жаңа мақсаттың қойылуы сонымен қатар Қытайдың социалситік модернизацияға деген стратегиялық көзқарасының кешенді бағытқа ауысқанын, қытайлық ерекшелігі бар социализмді құру жоспарының нақтылана түскенін көрсетті. ҚКП ОК «сяокан қоғамы» тұжырымдамасына негізделген социалистік қоғамды құруға жаңа талаптар қойды. XVI съезде «жан-жақты сяокан қоғамын» құрудың мақсаты «2020 жылға қарай ЖІӨ көрсеткішін 2000 жылмен салыстырғанда төрт еселеу және негізінен индустриаландыруға қол жеткізу» деп анықталды. Цзян Цзэминнің XVI-шы съезде жасаған баяндамасында «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы кең, ауқымды мағынаға ие болып, таза экономикалық сипаттамаларға қоса, «үш саланы біріктіру» (三位一体) жоспарының негізінде қытайлық ерекшелігі бар социализмді құрудың саяси, әлеуметтік және мәдени-рухани мәселелерін де қамти бастады [124:235]. Яғни XXI ғасырдың басында «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы экономикалық шеңберден шығып, қоғамдық дамудың барлық саласын қамти бастады және ішінара ұғымнан кешенді ұғымға трансформацияланды. Бұл өз алдына партияның өз стратегиялық мақсаттарын тереңінен түсіне бастағандығын меңзеді, яғни ҚКП «сяокан қоғамы» тұжырымдамасына жалпы әлеуметтік құрылыс тұрғысынан қарай бастады.

2007 жылы Қытай Коммунистік партиясының XVII-ші съезінде «жан-жақты сяокан қоғамын» құруды жалғастыру бағыты нақтыланды. Партия «экономикалық құрылыс, саяси құрылыс, мәдени құрылыс және әлеуметтік құрылысты» қатар жүргізуді, яғни «төрт саланы біріктіру» (四位一体) ұсынылды. Қытайдың экономикалық және әлеуметтік дамуы қытайлық ерекшелігі бар социализм құрылысына барған сайын жоғары талаптар қойып, жаңа теориялық инновациялардың енгізілуін қажет етті. Дамудың негізгі мақсатына Ху Цзиньтао ұсынған «үйлесімді қоғам» (和谐社会) тұжырымдамасы қосылды. Үйлесімді қоғам құрудың негізін «адамды жоғары бағалау» (以人为本), «дамудың ғылыми концепциясы» (科学发展观) сияқты идеялар құрады.

Бұл кезеңде «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы «кешенділікке» (全面) бағыт алды: теңдестірілген, үйлестірілген және тұрақты даму негізгі мақсат деп жарияланды. «Сяокан» ұғымы негізінен дамудың сандық сипатын берсе, «жан-жақты» ұғымы дамудың сапалық сипатын берді. «Сяокан қоғамын» құру контекстінде «жан-жақтылық» ұғымы үш мәнге ие болды. Біріншіден, кешенді қамтуды білдірді. Яғни «сяокан» деңгейі қоғамдық өмірдің барлық тұстарын

қамтып, әр саладағы даму деңгейі «сяокан» деңгейіне жеткізілуі тиісті болды. Екіншіден, халықты кешенді қамту. «Сяокан қоғамы» бұл барлығы мұқтажсыздықта өмір сүретін қоғам деген сөз, яғни «жан-жақты сяокан қоғамын» құру халықты толықтай қамтығандығын, ешбір адам одан сырт қалмайтындығын білдірді. Үшіншіден, өңірлік қамтудың жан-жақтылығы. Объективті тарихи факторлар салдарынан түрлі өңірлердің даму деңгейі мен қарқыны әр түрлі, сондай-ақ қала мен ауылдар арасындағы айырмашылық та біршама үлкен. «Жан-жақты сяокан қоғамын» құру үшін өңірлер арасындағы және қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты жойып, бүкіл қоғамда бірізділікке қол жеткізу қажет болды.

3) *Партияның XVIII-ші съезінен бастап «сяокан қоғамын» құруды берік түрде ілгерілету*

2012 жылы партияның XVIII-ші, ал 2017 жылы XIX-шы съездері өтті. XVIII-ші съезд баяндамасының тақырыбы – «Жан-жақты сяокан қоғамын құру үшін күресу» (为全面建成小康社会而奋斗) болса, XIX-шы съезд баяндамасының тақырыбы – «Жан-жақты сяокан қоғамын құруда жеңіске жету» (决胜全面建成小康社会) болды. Бұл кезеңде басты екпін «жан-жақтылық» ұғымымен қатар «аяқтау» сөзіне түсірілді. Яғни Қытай өз мақсатына жақындап қалғандығын көрсетті. Егер алдыңғы съездерде қолданған «құру» (建设) сөзі жүзеге асырылуы және жалғасуы тиісті үдерісті білдірсе, бұл кезеңде қолданған «құруды аяқтау» (建成) сөзі үдерістің өзін ғана емес, сонымен қатар аталмыш үдерістің сәтті нәтижесін де білдірді. Яғни мақсатқа қол жеткізіліп, алынған нәтижелер сәтті болу шартын меңзеді. Бұл кезең ҚКП-ның халықты «сяокан қоғамын» құруға жетелеуде басты шешуші кезеңі болды. Бұл амбицияға толы міндетті орындау үшін Си Цзиньпин бастаған партияның Орталық комитеті ірі инициативаларды жүзеге асыруды қолға алды. «Сяокан қоғамын» ҚКП-ның 100-жылдық мерейтойына қарай құруды аяқтау (2021 ж.) «қытайлық арманға» жетудің маңызды қадамы деп көрсетілді. «Жан-жақтылық» ауқымы кеңейтіліп, «бес саланы бірге дамыту» жоспары негізінде «сяокан қоғамын» құру қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамту міндеті экономика, саясат, әлеуметтік тұрақтылық пен мәдениет салаларын ғана қамтып қоймай, қоршаған ортаны қорғау мәселесі де қосылды. Си Цзиньпин «сяокан қоғамы» мақсатына жетудің үш негізгі көрсеткіштерін анықтап, өзінің саяси билігінің негізіне енгізді: үлкен тәуекелдерді басқару, кедейлікті жою және экологиялық өркениетті қалыптастыру [73].

«Сяокан қоғамын» құруда негізгі екпін отбасылардың өмір сүрі деңгейін көтеруге қойылса, «жан-жақты сяокан қоғамын» құру барысында екпін жалпы қоғамның жетілуіне, қоғамның дамуына ауыстырылды. Дегенмен, барлық аудандар мен адамдар бірдей «сяокан» деңгейіне қол жеткізеді дегенді білдірмеді. Бұл тұста «жағдайға қарай әрекет ету» және «шынайылықтан ақиқат іздеу» қағидаларына сүйену керектігін білдіреді.

Тарауды қорытындылайтын болсақ, Қытай жағдайында модернизация белгілі бір үлгіге бағытталған дамуды емес, керісінше өзіне тән дәстүр, әлеуметтік-тарихи ерекшеліктеріне қарай өзінің қоғамы шеңберінде дамудың

нақты міндеттерін шешуге бағытталған жоба болып табылады. XIX ғасырдың ортасында Батыстың техникалық және технологиялық басымдылығы ықпалымен, кейін 1949 жылдан бастап социалистік идеялар әсерімен жүргізілген модернизация уақыт өте өзіндік ерекше сипатқа ие болып, жаңа қытайлық модельдің қалыптасуына алып келді.

Өзінің негізгі параметрлері бойынша қытайлық модернизация дамудың қуып жетуші моделін көрсеткенімен, модернизация жолына түскен басқа елдерден ерекшелігі өзінің құндылықтар жүйесін сақтап қалуында. Модернизация жолына кеш түскендіктен, Қытай даму жолында өзге елдерден ерекшеленетін жаңаша үлгі қалыптастыру мүмкіндігіне ие болды. XX ғасырдың басында қытайлық қоғамның модернизациясы жаңа тарихи жағдайларға бейімделудің қажеттілігінен туындаған болатын. Қытай модернизациясы бастапқы кезеңде Батысқа еліктеуден басталып, кейін өзінің ұлттық артықшылықтарына негізделген параллелді даму жолына түсті. Қытай «қуып жетуші» модернизациядан «өзіндік негіздегі» модернизация жолына түсу керектігін және кез келген модернизация негізінде адами фактор жатқандығын уақытылы түсінді. Қытайда модернизация елдің «қалпына келу» идеясымен сәйкестендіріліп, басты мақсат модернизация арқылы ұлттық жаңдануға қол жеткізу болды.

Қытай Халық Республикасының социалистік модернизациясы бұл Қытайды ірі әлемдік державаға айналдырған ұзақ әрі қиын үдеріс. 1949 жылы ҚХР құрылғаннан бері ҚКП экономикалық өсім, әлеуметтік тұрақтылық пен мәдени дамуға қол жеткізу үшін түрлі саясаттар мен бағдарламаларды жүзеге асырып келді. Социалистік модернизация үдерісі «үлкен секіріс», «мәдени революция» сияқты дағдарыс кезеңдерінен де, «реформалар мен ашық есік саясаты» сияқты көтерілу кезеңдерін де басынан кешірді. 1978 жылы Қытайда басталған модернизацияның жаңа толқыны нәтижесінде ұлттық ерекшелікті және ұлттық рухтын жандану қажеттілігін ескеретін дамудың прагматикалық концепциясы құрылды. Модернизацияның дәл осы кезеңінде дәстүр мен замануилық ұғымдары бір-біріне қарсы қойылмай, керісінше дәстүрлі қытайлық мәдениет модернизация концепциясының жүйе құраушылық факторына айналды. Қытайдағы социалистік модернизация жолы марксистік ілімнің, батыстық тәжірибенің және қоғамдық даму туралы дәстүрлі қытайлық мұраның бірігуі негізінде қалыптасқан. Социализмнің институционалды және саяси артықшылықтарын конфуцийшілдікке негізделген мәдени мұрамен үйлестіре отырып Қытай ұлттық бірлікке қол жеткізу арқылы жалпы дамуға қол жеткізе алды. Әлеуметтік күштердің барлық түрлерін мемлекеттік қуатты нығайтуға және халықтың әл-ауқатын көтеруге жұмылдыра алған Қытай модернизация үдерісінде үлкен жетістіктерге жетті.

Модернизацияның қытайлық үлгісі өзгеріске келмейтін қатып қалған үлгі емес. Ол тарихи жағдайға, шынайы тәжірибеге, дамудың мақсаттары мен объективті шарттарына байланысты әрдайым даму мен толығу үстіндегі динамикалық үлгі болып табылады. Қытайдың социалистік модернизациясын жүргізу жоспары ұлттық жандануды мақсат етіп қойған алғашты кезеңде

маолық «төрт модернизация» (1964-2000 жж.) жоспары, кейін Дэн Сяопиндік «үш қадамдық» даму (1980-2050 жж.) стратегиясы көмегімен жүзеге асырылды. Бүгінгі таңда Қытай «қос жүзжылдық мақсаттарға» (2000-2050 жж) қол жеткізуге бар күшін салып, Си Цзиньпиннің «екі кезеңдік» (2020-2050 жж.) «жаңа дәуірдегі заманауи социалистік мемлекет» стратегиясын ұстануда. Аталмыш стратегиялар мен мақсаттардың бір-бірін толықтырып, кезекпен жүзеге асырылуы қытайлық ерекшелігі бар социалистік модернизация үдерісінің сабақтастығын, бірегейлігін көрсетуде. Бұл тұжырымдамалар Қытайдың дамуында қол жеткізілуі тиісті нақты стратегиялық мақсаттарды анық көрсеткен жол карталар болып табылады [11:146].

Қытай жүзеге асырып отырған социалистік модернизация кешенділік пен жан-жақтылық сипаттарға ие модернизация. ҚХР құрылғанынан ХХІ ғасыр ортасына дейін толықтай жүзеге асырылып бітуі тиісті модернизацияның 100 жылдық мерзімінің тек жетпіс жылы өтті. Бірінші отыз жыл мерзімде саяси ізденістер жүргізілсе, келесі қырық жылда сәтті экономикалық даму жүзеге асырылса, ендігі қалған уақыттың басты мақсаты әлеуметтік құрылысты нығайтып, әлеуметтік дамуды ілгерілету болмақ. Ал бұл үдерісте «сяокан қоғамын» құру социалистік модернизация мақсаттарына толықтай жетуді қамтамасыз ететін басты фактор екені анық.

Жалпы, «сяокан» ұғымы қытайлық санада тереңнен бекіген, жақсы өмірге деген талпыныстан туындаған оңды мағынадағы ұғым болып табылады. Эволюциялық даму барысында бірнеше кезеңнен өткен ұғым әр кезеңде өзіндік мағынаға ие болғандығын байқауға болады. Ерте кезеңде «сяокан» соғыстар мен дүрбелең кезеңінен кейін орнайтын біршама бейбіт, тыныш заман мен кішігірім дәулеттілікке қол жеткізілген кезең деп түсінілді. Кейін Кан Ювей «сяокан» кезеңін хаос пен дүрбелең кезеңнен идеалды қоғам «датун»-ға жетер жолдағы аралық кезең деген сипаттама берді. 1980-ші жылдары Дэн Сяопин «сяокан» ұғымын жаңа мағына беріп, социалистік модернизацияның түпкілікті мақсаттарына жетудегі дамудың кезеңдік мақсатына айналдырды. Дэн Сяопин «сяокан» ұғымын қолдану арқылы қытайлық модернизацияны да «үш қадамнан» тұратын кезеңдерге бөліп, «сяоканды» «вэньбао» мен «фуюй» кезеңдерінің арасындағы өтпелі кезең деп түсінірді. Тыныштық пен тұрақтылық, елді қорғау мен өзін-өзі сақтау, үйлесімділік пен теңдік, социализм мен модернизация ұғымдарын қамтитын «сяокан» тұжырымдамасы Қытайдың даму стратегиясын құраушы маңызды тұжырымдамалардың бірі.

Әлеуметтік-саяси және экономикалық концепцияларға ұлттық, қытайлық сипат беруге тырысушылық ҚКП саясатына тән нәрсе және бұл дәстүр өткен ғасырдың 30-шы жылдарынан-ақ өз бастамасын алды. ҚКП басшылығы саяси теориялар мен өзінің саясатын тек зиялылар ғана емес, қарапайым халық та түсініп, бұқараның қолдауын алуға әрдайым тырысты. Социалистік қоғам қағидалары халық арасында кеңінен таралып, патриотизм, ұлттық мақтаныш сезімдерін дамыту, социализм идеалдарын қабылдауда «жат жұрттық» сезімнен арылту үшін ҚКП басшылығының оларды қарапайым түсінікті тілге аудару тәжірибесі өте нәтижелі болды [131].

«Сяокан қоғамы» концепциясы Дэн Сяопин теориясында ерекше орын алады. Дэн Сяопин теориясы тұрғысынан қарайтын болсақ, «сяокан қоғамы» концепциясы «ой сананы босату (解放思想)», «практика ақиқат негізі (实事求是)» қағидаларының нақты көрінісі. Социализм теориясы тұрғысынан қарайтын болсақ, «сяокан қоғамы» концепциясы «социализм дегеніміз не, социализмді қалай құру керек» деген сауалдардың нақты жауабы болып табылады. Дэн Сяопин «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын ұсына отырып, оны марксизмнің қоғамдық даму теориясымен ұштастырып, «қытайлық ерекшелігі бар социализм» теориясының негізгі тұжырымдамасына айналдырды. «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасы социализмнің алғашқы кезеңіндегі экономикалық, саяси және мәдени астары бар экономикалық және әлеуметтік дамуды жүзеге асырудың маңызды даму сатысы болып табылады.

«Сяокан» ұғымы ҚХР-дың қоғамдық дамуының маңызды категориясына айналып, «қытайлық ерекшелігі бар социализмді» құру концепциясының орталық мәселесі болумен қатар, Қытайдың дәстүрлі ой-санасының жаңа тарихи жағдайдағы жалғасы болып табылды. «Орта дәулеттілік» концепциясына өзгертілген «сяокан» ұғымы елді модернизациялау бойынша басталған реформалардың символы іспеттес болды. «Сяокан» тұжырымдамасы Қытайдағы модернизация концепциясының әдіснамалық философиялық қағидалары ретінде теориялық негіздемесінің бір бөлігіне айналып, «қытайлық ерекшелігі бар социализм» теориясының идеологиялық өзегін құрады. Аталмыш тұжырымдама қытай мәдениетінің «өркениеттік» факторын алдыңғы қатарға шығарып, қазіргі заманғы идеялардың, нормалардың, құндылықтардың, ұғымдардың жеке және қоғамдық санада еркін қабылдануына ықпал ете отырып Қытайда модернизацияны ілгерілетуде басты фактор болып табылады. «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасы жаһандық модернизация үрдісіне сай келетін әрі Қытайдың шынайы жағдайына негізделген заманауи тұжырымдама. Бүгінгі таңда «сяокан» ұғымының ҚХР-дың идеологиялық және қоғамдық-саяси өміріне толықтай сіңгендігі жайлы сеніммен айтсақ болады. Қоғам, экономика, мәдениеттің дамуымен қатар «сяокан қоғамы» тұжырымдамасының да мазмұны байытылып, теориялық және практикалық даму барысында аталмыш тұжырымдама «жалпы» деңгейден «жан-жақты» деңгейіне көтеріліп, дамудың «үш салалық» дәрежесінен «бес салалық» дәрежесіне көшіп, «құру» үдерісінен «аяқтау» үдерісіне көшірілді, яғни мазмұны мен логикалық контекстісі тереңдеу үдерісінде әрдайым байытылып отырды. Мұны ҚКП ОК-нің 11-ші шақырылымының 3-ші пленумының (1978 ж.) шешімдерінен бастап 2021 жылға дейін өткізілген ҚКП съездерінің материалдарынан анық аңғаруға болады.

Реформалар басталғалы бері тәжірибе негізінде «сяокан қоғамын» құру заңдылықтарын түсіну партия тарапынан әрдайым кеңейтіліп және байытылып отырды. Тәжірибе көрсеткендей, «сяокан қоғамын» құру идеясы Қытайдың экономикалық және әлеуметтік даму кезеңіндегі өзгерістерге және осы өзгерістер барысында халықты толғандыратын мәселелерге толықтай сәйкес келуде. Бұл идея қытайлық коммунистердің социалистік модернизация

заңдылықтарын толығымен меңгергендігін білдіреді және ғылыми социализмнің дамуына қосқан үлкен үлесі болып табылады.

2. ҚХР-ДА «СЯОКАН ҚОҒАМЫН» ҚҰРУ ҮДЕРІСІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Сяокан қоғамы» концепциясы «сяокан» ұғымы пайда болған ерте заманнан Қытайдың социалистік модернизациясының мақсатына айналған бағдарламалық жоспарға айналғанға дейін ұзақ даму үдерісін басынан кешірді. Қарапайым халықтың жақсы өмірге деген талпынысын білдірген бұл ұғымның негізгі мәні бейбітшілік пен тыныштықта, кедейліктен арылған азын-аулақ баршылықта өмір сүру болды. Концептуалды даму барысында мағынасы кеңейген «сяокан» ұғымы ҚХР-дың социалистік модернизациясы барысында теориялық тұрғыдан жаңадан құрастырылып, практикалық жүзінде жүзеге асыру қолға алынды. Қырық жылдан астам уақыт ішінде түпкі мәні халықтың өмір сүру жағдайын жақсартуды меңзеген «сяокан» қоғамы концептісінің мағынасы біршама кеңейіп, құрылымдық компоненттері де көбейе түсті. ҚХР-да «сяокан қоғамын» құру үдерісінің негізгі құрылымдық компоненттері қандай? Қытай үшін «сяокан қоғамын» құрудың мәні неде? «Сяокан қоғамын» құру үдерісі бір партиялық билік режиміне қаншалықты сәйкес? Зертеу жұмысымыздың осы тарауында жоғарыдағы сұрақтарға жауаптар берілмек.

2.1 «Сяокан қоғамын» құрудың әлеуметтік-экономикалық факторлары

1978 жылы Қытайда басталған әлеуметтік-экономикалық реформалар бірнеше кезеңмен жүзеге асырылды. Мемлекеттік реформалар аясында «сяокан қоғамын» құру қытайлық ерекшелігі бар социалистік жүйені орнату мен нығайтудың заңды қажеттілігі болды. Бұл реформалар экономикалық дамуды тежеуші болып табылатын аса орталықтандырылған жоспарлы экономиканы өзгертіп, социалистік нарықтық экономиканы құрып, социалистік өндіргіш күштерді босату мен дамытуды көздеді. Ерекше тарихи жағдайда басталған қытайлық реформалар мен ашық есік саясаты өзінің түпкілікті нақты мақсатын 2020 жылда құрылуы тиісті «сяокан» қоғамын құру идеясында тапты.

«Сяокан қоғамын» құру мақсаты елді модернизациялаудың мақсаттарымен сәйкестендірілді және модернизациялық стратегияның маңызды концептуалды негізін құрай бастады. «Сяокан қоғамын» құру мазмұны жағынан модернизацияның әмбебап мақсаттарын қамтығанымен қатар, Қытайдың өзіне тән ерекшеліктеріне сай ішкі дамудың мақсаттарын да қатар қамтыды. Ашып айтатын болсақ, «сяокан қоғамы» концепциясы «қытайлық үлгідегі» модернизацияның «төрт модернизация» концепциясымен тығыз байланыста болды және қоғамның аралық қалпын меңзеді. «Төрт модернизацияны» жүзеге асыру барысында «сяокан қоғамын» құру Қытайдың кедей және артта қалған бейнесін түбегейлі өзгертуге бағытталған үлкен науқан бастамасы болды.

Қытайлық тұжырымдама ретінде «сяокан қоғамының» негізгі мақсаты «ортақ баюға» жету және қытай халқының жақсы өмірге қол жеткізуіне ықпал ету болып табылады. Алайда, экономикалық және әлеуметтік дамуды өлшеуші нақты көрсеткіш ретінде бұл тұжырымдама ұлттық күш-қуат ұғымымен байланыстырылды. Сондықтан да «сяокан» тұжырымдамасы мемлекет дамуын

меңзейтін және қытайлық қоғамның индустриалануы, урбанизациялануы мен модернизациялануының деңгейлерін сипаттайтын ұғым десек те болады. Алғашында Қытайда даму тек экономикалық өсім тұрғысынан ғана түсінілгендіктен, «сяокан қоғамы» стратегиялық мақсаты бастапқыда тар мағынада және тек сандық сипатта түсінілді.

Кез-келген мемлекеттің экономикалық дамуы немесе Қытай жағдайында «модернизациясы» – бұл экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің кешенді үдерісі. Бұл өзгерістерді анықтау немесе өлшеу үшін бірқатар күрделі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер жүйесі қажет. Алайда, дамудың ресми стратегияларында маңызды рөл ойнай бастаған «сяокан» тұжырымдамасы 1980-ші жылдарда қытайлық БАҚ беттерінде көпшілік алдында талқыланып немесе ғылыми ортада зерттелген емес. Қытайлық шенеуніктер мен ғалымдар «сяокан» ұғымының дәстүрлі мағынадағы «бай да емес, кедей де емес» интерпретациясымен шектелді. Дэн Сяопиннің өзі де «сяокан» ұғымын алғаш қолданғанда халық оның конфуциандық негізін еш кедергісіз түсінеді деп ойлап, замануи әлеуметтік ғылымдар контекстінде терминнің мағынасын ресми түсіндіру бойынша жұмыстар орын алмады. Дэн Сяопиннің идеясына сай «сяокан қоғамы» қытайлықтарға келесідей артықшылықтарды алып келуі тиісті болды: «Экономикамыз дамып, ғасыр соңына қарай жалпы ұлттық өнімді төрт есе көбейту арқылы жан басына шаққандағы көрсеткішті 1000 АҚШ долларына жеткіземіз. Қытайдың ішкі нарығы кеңейіп, сыртқы әлеммен экономикалық қарым-қатынасымыз, соның ішінде сауданың дамуы, кең перспективаларға ие болады» [70:303]. Социалистік модернизацияның «екінші стратегиялық қадамының» мақсаттық көрсеткіші болған «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы уақыт өте Қытай модернизациясындағы бетбұрыс кезеңінің басты тұжырымдамасына айналды. «Сяокан қоғамын» сипаттау барысында Дэн Сяопин «төрт еселеу» (翻两番) және «жан басына шаққандағы ЖІӨ 1000 АҚШ доллары» туралы бірінші кезекте айтқандықтан, Дэн Сяопиннің «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы негізінен тек экономикалық көрсеткіштерге жетуге деген талпыныс деп түсінілді. Яғни Дэн Сяопиндік интерпретацияда «сяокан» экономикалық өсім мен теңдік терминдері аясында тар мағынада ғана қабылданды. Алайда «сяокан қоғамын» сипаттау барысында Дэн Сяопиннің «сяокан отбасы үшінші әлем елдері ішінде біршама бай мемлекет деңгейіне жету керек, мысалы, халқының жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімінің көлемі 1000 АҚШ доллар айналасындағы» деген сөзінде «мысалы» дегеннің сөзі ЖІӨ көрсеткіші маңызды болғанымен, жалғыз көрсеткіш емес екендігін білдірді. Дэн Сяопин «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын экономикалық шеңберден шығарып, халықаралық саясаттың дипломатиялық аспектілерін қамтитындығын да көрсетуге тырысқан. Өзінің бір сөзінде «біздің экономикамыз халықаралық тұрғыдан бәсекелестік күшіне ие болуы керек, сондықтан да халықаралық деңгей тұрғысынан өлшену керек» деп айтып өткен Дэн Сяопин «сяокан қоғамы» тұжырымдамасының деңгейлік көрсеткіштерін анықтауда халықаралық даму стандарттарын қолдануға тырысты [70:270].

Дэн Сяопин «сяокан» концепциясының негізін теориялық тұрғыдан ғана қалаған жоқ, сонымен қатар «сяокан қоғамының» нақты сипаттамаларын да берген болатын. 1983 жылы ақпан айында Дэн Сяопин оңтүстікте орналасқан Цзянсу, Чжэцзян провинциялары мен Шанхай қаласына іс-сапармен барып қайтады. Пекинге қайтып келген соң ол көрген, білгенін пайымдап, Сучжоу мысалында «сяокан қоғамының» сипатын төмендегідей берді:

«Біріншіден, халықтың тамақ, киім, бірінші қажеттілік заттары мәселесі шешіліп, негізгі өмір сүру жағдайларына кепілдік берілген;

Екіншіден, тұрғын үй мәселесі шешілген, адам басына орта есеппен 20 шаршы метрден келеді. Жер аздығынан үйлер жоғары қарай өсіп, кішігірім қалалар мен ауылдарда екі не үш қабатты үйлер саны көбейіп бара жатыр;

Үшіншіден, жұмыспен қамту мәселесі шешілген. Қалалар мен ауылдарда жұмыссыздар саны азайған;

Төртіншіден, халықтың сыртқа ағымы тоқтады. Ауыл тұрғындарының ірі қалаларға кету үдерісі тоқтады;

Бесіншіден, бастауыш және орта білім беру жалпыластырылып, білім беруді, мәдениетті, дене шынықтыру мен спортты, қоғамдық әл-ауқаттың басқа аспектілерін дамытуды өз бетінше жоспарлау үшін мүмкіндіктер пайда болды;

Алтыншыдан, адамдардың рухани бейнесі өзгеріп, қылмыс біршама азайған» [70:37].

Әлеуметтік-экономикалық дамуды жоспарлауға үйреніп қалған қытайлық басшылық үкіметтік түрлі зерттеу орталықтарында, жоспарлау комитетінде, Қоғамдық ғылымдар академиясының институттарында перспективалық бағдарламалар мен жоспарларды құру бойынша жұмыстар жүргізілді. «Сяокан қоғамын» құрудың да жоспарлы бағдарламасын құру бойынша ізденістер жүргізіле бастады. Экономикалық даму ретінде дәстүрлі түрде, әсіресе ХХ ғасырдың 50-60-шы жылдарында, капиталды жинақтау арқылы материалды өндірістің ұлғаю үдерісі түсінілген. Осы негізде дамудың экономикалық көрсеткіші ретінде бірінші кезекте «жан басына шаққандағы шынайы ЖҰӨ» өсімі қолданылды. 1970-ші жылдары экономикалық даму кедейлікті, табыстар арасындағы айырмашылықты және жұмыссыздықты қысқарту немесе жою тұрғысынан қайта қарастырылды. Тек ЖІӨ тұрғысынан экономикалық дамуды қарастыру тым шектеулі деп танылып, даму мәселесімен айналысатын экономистер дамуды көп өлшемді үдеріс ретінде анықтап, бұл үдерісті тек көптеген әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер кластерімен ғана өлшеуге болатынын алдыға тартқан болатын. 1991 жылы Қытайдың ұлттық табысты есептеу тәжірибесі БҰҰ-ның ұлттық есептер жүйесіне сәйкестендіріліп, премьер-министр Ли Пэн «сяокан» ұғымын анықтау барысында алғашқы болып ЖІӨ көрсеткішін 1990 жылдың тұрақты бағаларымен байланыстырды. Дәл сол кезеңнен бастап қытайлық жоспарлаушылар «сяокан» тұжырымдамасын халықаралық деңгейде қабылданған әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер шеңберінде түсіндіре бастады. Тұжырымдама табыстар өсімімен ғана байланыстырылып қоймай, дамушы елдерде қолданылған әлеуметтік-экономикалық прогресті өлшеудің кең спектрін қамти бастады.

1992 жылы Мемлекеттік статистикалық бюро Қытайда алғашқы «Сяокан индексі» деп аталатын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің жүйесін құрастырды. Бюро Қытайдың «ерекше әлеуметтік сипаттамаларын» көрсеткен әлеуметтік-экономикалық дамудың жалпы жиынтық көрсеткіштерінен құралған алғашқы «Сяокан индексі» негізгі 3 сала бойынша (экономикалық жағдай, өмір сүру сапасы, адами капитал) 12 көрсеткішті қолданған (Кесте 1):

Кесте 1 Қытайдың алғашқы «Сяокан индексі»

№	Көрсеткіш атауы	Жалпы үлесі	Сяокан стандарты
1	Жан басына шаққандағы ЖІӨ (юань)	15	2,400
2	«Үшінші» сектор үлесі (%)	8	36
3	Джинни коэффициенті (0-1)	9	0.33
4	Кедейлер үлесі (%)	5	5
5	Орташа табыс (юань)	14	1,400
6	Тұрғын үйдің орташа алаңы (м.кв.)	10	15,5
7	Жан басына шаққандағы тәуліктік калория тұтыну мөлшері (калория)	4	2,600
8	Жан басына шаққандағы ақуызды тәуліктік тұтыну мөлшері (грамм)	5	75
9	Энгель коэффициенті (%)	8	48
10	Мәдениет, білім, демалыс шығындары (%)	5	16
11	Орташа өмір сүру ұзақтығы (жыл)	10	70
12	Орта біліммен қамтудың жалпы коэффициенті (%)	6	57

Дереккөзі: [132]

Бұл индекстегі мақсаттық көрсеткіштер бастапқы кезеңде маңызды болғанымен, оларда біршама кемшіліктер болды және қарқынды экономикалық даму себебінен қысқа уақыт аралығында өзінің өзектілігін тез жоғалтты. 1991-1995 жылдар аралығындағы экономикалық өсім нәтижесінде жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші 1995 жылы 2 600 юаньды құрап, 2000 жылға белгіленген көрсеткіштен асып түсті. «Орташа тұрғын үй алаңы» көрсеткіші қарапайым көрсеткіш болғанымен, ол түрлі типтегі тұрғын үйлерді статистикалық бағалау қиындығына байланысты күрделі мәселе болды. «Сяокан» стандарты бойынша жан басына шаққандағы тұрғын үй алаңы қалалық тұрғындар үшін 9 шаршы метрді, ал ауыл тұрғындары үшін 18 шаршы метрді құрауы қажет болды. Кестедегі 7-ші және 8-ші көрсеткіштер халықтың табыстарының қарқынды өсуімен өз өзектілігін тез жоғалтты. Кейбір көрсеткіштер ұқсас өзгерістерді сипаттағандығынан бір-бірін қайталап отырды. Мысалы, жан басына шаққандағы ЖІӨ мен орташа табыс мөлшері, Джинни коэффициенті мен кедейлер үлесі, тәуліктік калория тұтыну мен Энгель

коэффициенті. Кесте 1-ден байқап отырғанымыздай, табыс, тұрғын үй және өмір сүру ұзақтығы «сяокан» көрсеткішінің жалпы үлесінің 49% құрап отыр. Қытайдағы отбасылардың табысының басым бөлігі тамақ пен негізгі күнкөріске жұмсалатындықтан, «Сяокан индексі» қытай халқының дәстүрлі талпынысының жарқын айнасы болып табылады, яғни адамдар алдымен негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз етіп (вэньбао), содан кейін ұзақ өмір сүруге (чаншоу) талпынады.

«Сяокан индексінің» ең үлкен кемшілігі оның көрсеткіштерінің басым бөлігі негізінен материалдық әл-ауқаттылықпен байланысты болып, адами дамудың аспектілеріне аз көңіл бөлінгендігі. Бастапқы кезеңде «сяокан» ұғымы шаруалардың «тойып тамақ ішу» менталитетімен байланысты мәселе болғанымен, елдің дамуы оның мазмұнының кеңейіп, әлеуметтік ортаның басқа да мәселелерін қамту керектігін айқын көрсетті. 1980-ші жылдары Дэн Сяопин «сяокан» ұғымын қолдана бастағанда экологияның нашарлауын болжай алған жоқ. Дегенмен, экономикалық даму үдерісі нәтижесінде орын ала бастаған теріс әлеуметтік құбылыстар мен материалдық прогресс арасындағы қайшылықтарды шешу міндеті «сяокан» тұжырымдамасына артылды.

«Сяокан» тұжырымдамасына мемлекеттік даму стратегиясы тұрғысынан караған қытайлық ғалымдар 1995 жылы қытайлық қоғамның кедейшіліктен «сяокан» деңгейіне кезеңдік өтудің жоспарын құрды (Кесте 2). Кезеңге бөлудің негізі ретінде «Энгель заңына» сәйкес келетін шкала алынған, яғни адамның табысы мен шығындарының арақатынасының көрсеткіші. Бұл заңның негізгі мәні – табыс өскен сайын отбасылық бюджетте тамаққа кететін шығын азаяды, киім, жылу мен жарыққа кететін шығын аз өзгереді де, ал мәдениет пен білімге, заманауи қызметтерге шығын барған сайын көбейе түседі. Яғни «сяокан» қоғамы концепциясының теориялық қалыптасуының бастапқы кезеңдерінде басты мәселелер жеткілікті және мол тамақ пен киім-кешек, материалды өмірдің жақсаруы мен тұтынушылық деңгейінің көтерілуі болды.

Кесте 2. ҚХР халқының әл-ауқатының көтерілу кезеңдері

Энгель коэффициенті %		Әл-ауқатының деңгейіне қарай қоғамның сипаты		Елді модернизациялаудың экономикалық стратегиясының қадамдары
1	>60	绝对贫困 jué duì pín kùn	Абсолютті кедейшілік	Бірінші қадам (1981-1990 жж.)
2	51-ден 59-ға дейін	温饱 wēn bǎo	Тамақпен және киіммен қамту	
3	41-ден 50-ге дейін	小康 xiǎo kāng	Орташа әл-ауқат (орташа дәулеттілік)	Екінші қадам (1991-2000 жж.)

4	31-ден 40-қа дейін	富裕 fù yù	Әл-ауқатты (жалпы әл-ауқатты)	Үшінші қадам (2001-2050 гг.)
5	< 30	最富裕 zuì fù yù	Бай	

Дереккөзі: [9]

Партиялық және мемлекеттік органдардың шешімінің негізінде ҚХР Қоғамдық ғылымдар Академиясының президенті Ма Хун бастаған қытайлық экономистер тобы «Сяокан деңгейіне жету» бағдарламасын ұсынды. Қытайлық экономистер тобы бұл тұжырымдаманы капиталистік «тұтынудың жоғары деңгейі – жоғары шығындар» моделінен ерекшеленетін тұтыну мен өндірістің қытайлық ерекшелікке ие моделі ретінде дамытуға тырысты. Бағдарламада «болашақта біз кедейлік құбылысын жойып, тұтынушылықтың ерекше моделін қалыптастырамыз» деп көрсетіліп, бұл модельдің келесідей сипаттамалары берілді:

1. Халық киімі баршылық, тамақта тоқшылық, бейбіт және тыныш жағдайда өмір сүреді... жан басына шаққандағы тұтыну тауарлары мен қызметтерінің өндірісі артады.

2. Адамдардың өмірі жайлы болады, алайда ысырапшыл емес. Біз тек өндірісте бар күшімізбен үнемдеуге ғана тырыспаймыз, сонымен қатар тұтынушылықта да шынайы пайдаға тырысамыз. Капитализмде «тұтынушылықтың жоғарғы деңгейі – жоғары шығындар» қағидасы жүзеге асырылады. Біз тұтынушылықтың мұндай моделіне жол бермеуіміз керек. Біз табыстардың аса жоғары емес деңгейінде біршама салыстырмалы жақсы деңгейде халықтың қажеттіліктерін өтей алатын, халықтың табыстарын үздіксіз және біртіндеп көтеретін, тұтынушылықтың социалистік моделін қалыптастыруға шақыратын қытайлық «сяоканды» құруымыз керек [39:84].

«Сяокан қоғамы» әлеуметтік дамудың түрлі аспектілерін қамтығанымен, ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында негізінен экономикалық құрылыс шеңберінде жүзеге асырылуы тұрғысынан қарастырылғандығы байқауға болады. Қытай әлеуметтік даму экономикалық дамудың ажырамас бөлігі екенін мойындай отырып, экономикалық өсу өмір сүру сапасын жақсартудың басты алғышарты болып табылатындығын алға тартып, еңбек өнімділігін арттыру мен шетелдік инвестицияны тарту арқылы бірінші кезекте экономикалық дамуға басымдылық берді. Дамыған әрі тұтас өндірістік жүйе «сяокан қоғамын» құруға қолайлы жағдай қамтамасыз ететіндігіне сеніммен қаралды. Осы себептен ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында «сяокан қоғамын» құрудың ең негізгі критерийі ЖІӨ көрсеткіші болды.

Қытай жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту барысында бірсыпыра мәселелерге тап болды: халықтың жоғарғы сұраныстары мен артта қалған қоғамдық өндіріс арасындағы қайшылық, үлкен аймақаралық айырмашылықтар, кедей халықтың және қарт адамдардың жоғары үлесі, жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері. Қоғам ішінде үкімет «жаңа» байларға басым назар аударып, ауылдық өңірлердегі кедейлер

мәселесін назардан тыс қалдыруда деген сыни көңіл-күй белең ала бастады. Қытайлық қоғам барған сайын материалистік қоғамға айналуға деген пікірлер де айтылды. Бұл теріс әлеуметтік үрдістерді шешу мақсатында үкімет «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын саяси құрал ретінде пайдаланды. Мемлекет басшылары туындаған қиындықтарды «сяокан қоғамын» құру барысында жеңуге болады деп сендірді. Бұл мақсатқа жету үшін үкімет жалпы ішкі өнімді еселеу қажеттілігін мойындап, сонымен қатар елдің жиынтық қуатын және халықаралық бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай күшейту, индустрияландыруды аяқтау, нарықтық экономиканың жетілген жүйесін және ашық экономикалық жүйені қалыптастыру, қалалық тұрғындардың үлесін ұлғайту, өндіріс пен ауыл шаруашылығы, қала мен ауыл, жеке аймақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтардың өсуіне жол бермеу, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру, қоғамды толық жұмыспен қамту, халықтың табысын ұлғайту сияқты шараларды қолға алу керектігін атап өтті. Дамудың сапалық аспектілері, әсіресе әлеуметтік мәселелер алдыңғы қатарға шыға бастады.

2000-шы жылға қарай Қытай «сяокан қоғамының» басты экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізгендігімен, халықтың жалпы тұрмыс жағдайы мен өмір сүру сапасы әлі де төмен деңгейде болды. Ресми мәліметтер бойынша, Қытайдың ірі қалалары әлеуметтік даму көрсеткіштері бойынша жоспарланған «сяокан» деңгейіне толықтай жеткенімен, екінші және үшінші дәрежелі қалалар мен ауылдық аймақтардың «сяокан» деңгейі төмен екендігін мойындалды. Аймақтық жағынан да «сяокан» критерийлерін орындау біркелкі болмады: шығыс аймақтарда міндет толығымен орындалса, орталық және батыс аймақтарда көрсеткіштер төмен болды. Дегенмен, «сяокан» тұжырымдамасы барлық ресми құжаттарда кеңінен қолданылып, орталық мәселе қатарында қала берді. Осы себептен «сяокан қоғамын» құруды аяқтау мерзімі кейінге шегерілді.

XXI ғасырда экономиканың өсімі мен қоғамның дамуы ілгерілеуімен қатар «сяокан қоғамының» экономикалық-әлеуметтік мазмұны өзгеріске түсті. ҚКП-ның XVI съезінде «сяокан қоғамына» жоғары талап қойылып, адам саны 1 млрд-тан асатын Қытай өз алдына «жан-жақты сяокан қоғамын» құру міндетін қойды. Өзгертілген бұл мақсат ішінара және теңдестірілмеген «сяоканның» төменгі деңгейінен теңдестірілген әрі кешенді «сяоканның» жоғары деңгейіне өтуді көздеді. Цзян Цзэминь төраға Дэн Сяопиннің «сяокан қоғамы» идеясын ары қарай дамыта отырып, «жан-жақты сяокан қоғамын құру» концепциясын ұсыну арқылы бұл идеяның мазмұнын кеңейтіп, кемелдендірді. Бұған дейін адамдардың материалды өмірінің жақсаруын және экономикалық өсімнің сандық жағын ғана сипаттап келген тұжырымдама барлық салалары біркелкі дамудағы қоғамды сипаттауға өзгерді. «Жан-жақтылық» ұғымы қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтыды: экономика, саясат, мәдениет, ғылым, құқықтық жүйе, мораль, экология, мемлекеттің қорғаныс қабілеттілігі және т.б. Яғни таза экономикалық сипаттамалардан тыс, бұл ұғым қытайлық ерекшелігі бар социалистік құрылыстың сонымен қатар саяси, әлеуметтік және мәдени-рухани мәселелерін де қамтыды. Бұл тұжырымдама материалдық және рухани

дамуды біріктірді. «Сяокан қоғамы» бұл кезеңнен бастап ҚКП-ның әлеуметтік идеалын жүзеге асырудың бір кезеңі ретінде қабылдана бастады. Цзян Цзэминь баяндамасына сәйкес «жан-жақтылық» дегеніміз әл-ауқаттылықтың жақсаруы ғана емес, сонымен қатар табыстардың әділ бөлінісін қамтамасыз ету, Қытайдың барлық аумақтары мен барлық халқы «сяокан» деңгейіне жету керектігін білдірді. Өз баяндамасында Цзян Цзэминь сонымен қатар Қытайда «жан-жақты сяокан қоғамын» құру үшін орталық және батыс аймақтардың, ауылдық аймақтардың дамуын қарқындатып, модернизация жемісін әрбір азаматқа теңдей бөлу социалистік қағиданы жүзеге асыру керектігі айтылды [110:115]. Ішкі саясаттың бұлай бағытталуы экономикалық өсімнің жоғарғы қарқынын сақтап қана қоймай, оның сапалық жоғарылау мәселесін де алдыңғы қатарға шығарды.

Ел экономикасының трансформациялануы мен халқының әл-ауқатының өсуіне байланысты «сяокан қоғамын» құрудың ауқымы кеңейіп, сандық көрсеткіштері ауысты. ҚХР-дың жаңа басшылары Қытайды «сяокан» деңгейінің Дэн Сяопин орнатып кеткен базалық межесінен неғұрлым жоғары көрсеткіштерге жеткізу саясатын қолға алды [108:637]. XVI съезд барысында жасалған баяндамада «жан-жақты сяокан қоғамын» құрудың тек бір ғана сандық көрсеткіші ұсынылған болатын – 2020 жылға қарай ЖІӨ көрсеткішін 2000 жылмен салыстырғанда төрт еселеу. Дамуды жоспарлау бойынша Мемлекеттік комиссияның директоры Цзян Пэйян өз кезегінде 2020 жылға қарай орындалуы тиісті үш сандық көрсеткішті ұсынды: біріншісі – орта табысты елдердің орташа деңгейіне сәйке келетін жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткішін 3000 АҚШ долларынан асыру, екіншісі – урбанизация деңгейін 50%-дан асыру, үшіншісі – ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған халықтың үлесін индустриаландыру есебінен 50%-дан 30%-ға қысқарту [10:3]. Осы көрсеткіштер негізінде партия 11-ші бес жылдық жоспарын қабылдады. Сонымен қатар, «сяокан қоғамын» құрудың мақсаттарын анықтай отыра, XVI съезд алты сала бойынша «ілгерілеудің» қажеттілігін ашып көрсетті: экономикалық дамуды ілгерілету, демократияны ілгерілету, ғылым мен білімде прогресті ілгерілету, мәдени гүлденуді ілгерілету, әлеуметтік үйлесімділікті ілгерілету және халықтың өркендеуін ілгерілету.

2007 жылы өткен ҚКП-нің XVII съезінде ҚКП ОК Бас хатшысы Ху Цзиньтао мырзаның баяндамасында «сяокан қоғамын» құру жұмысына жаңа жоғары талаптар қойылды. Ху Цзиньтао баяндамасында «2020 жылға қарай Қытай индустриализацияға жетіп, жан-жақты ұлттық күшін нығайтып, әлемдегі жетекші ішкі нарыққа ие болады» деп айтылған [72]. Сол кезеңдегі «сяокан қоғамын» құрудың басты міндеттері мен шешілуі тиісті мәселелер төмендегідей болды: дамудың үйлесімділігін нығайту, қарқынды экономикалық дамуды қамтамасыз ету, 2020 жылға қарай 2000 жылмен салыстырғандағы жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткішін төрт еселеу, социалистік нарықтық экономика жүйесін жетілдіру, экономика өсінде ғылыми-техникалық прогрестің үлесін ұлғайту, жаңа социалистік ауылды құру жұмыстарын ілгерілету, қалалық тұрғындардың үлесін көбейту, социалистік демократияны

кеңейту, яғни азаматтардың елдің саяси өміріне араласуын біртіндеп кеңейту, мәдени құрылыстың масштабтарын ұлғайтып, ұлттың өркениеттілік деңгейін көтеру, заманауи азаматтық білім беру жүйесін жетілдіру, әлеуметтік саланың дамуын қарқындату, негізгі әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін құрып, орта табысты адамдар санын көбейтіп, абсолютті кедейлікті жою, экологиялық мәдениетті қалыптастыру [66]. Съезд «сяокан қоғамын» құрудың бұған дейінгі салыстырмалы түрдегі жеңіл міндеттерін жаңа, неғұрлым күрделі міндеттермен алмастырды. ЖІӨ көлемін ғана төрт еселеу жеткіліксіз болды, ендігі кезекте жан басына шаққандағы ЖІӨ-ді де еселеу міндеті қойылды. Егер ескі жоспарда ЖІӨ-ді еселеу теориялық жағынан жұмыс күші, капитал сияқты өндіріс факторларын қосымша қолдану арқылы жүзеге асыру мүмкін болса, жаңа жоспарды орындап шығу үшін инновациялар потенциалын қолдану қажеттілігі туындады.

Экология мәселесі «сяокан қоғамын» құру бойынша міндеттер қатарына қосылды. Экономикалық өсімге екпін қою Қытайда қоршаған орта мен ресурстарды қорғау мәселесін ұшықтырды. Табиғи ресурстарды және экологиялық ортаны қорғау динамикасын күшейту, сондай-ақ экологиялық мәдениетті қалыптастыру күнтәртібіне қойылды. Энергияны үнемдеуші және экокөрсетушілік құрылымдар мен тұтыну модельдерін енгізу арқылы рециркуляциялық экономиканы қалыптастыру және зиянды заттардың сыртқы ортаға шығарылуын бақылаудың нәтижелі жүйесін құру басты мәселе деп танылды.

«Сяокан» деңгейін бағалау үшін «жан басына шаққандағы орташа табыс» сияқты жалпы көрсеткіштер жеткіліксіз деп танылды, себебі олар шынайы дисбалансты нақты көрсете алмады. Көрсеткіштердің рационалды жүйесін құрау қажеттілігі алдыға тартылды. «Сяокан» деңгейін анықтайтын өмір сүру стандарттары көтеріліп, «жан-жақты сяокан қоғамын» құру стратегиясының нақты міндеттері айқындалды. Дамуды жоспарлау бойынша Мемлекеттік комиссия 2020 жылға келесідей сандық көрсеткіштерді ұсынды: 1) жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші 5000 АҚШ долларына жеткізу; 2) жұмыспен қамту құрылымында бастапқы өнеркәсіп үлесін 30%-ға дейін қысқарту; 3) Қытайда урбанизация деңгейін 60%-ға дейін жеткізу [10:4]. «Сяокан қоғамына» қойылған жаңа талаптар қатарына экономикалық құрылымды оңтайландыру, экономикалық қайтарымды жоғарылату, ресурстарды тұтынуды қысқарту және қоршаған ортаны қорғау сияқты шарттар қосылды. Бұл сөзсіз даму сапасына жоғары талаптардың қойылғандығын және мақсатқа жету міндетінің қиындай түскенін білдірді.

XVII съездге дейін Қытайда экономикалық даму мен адам дамуы арасындағы тығыз қарым-қатынас еленбей келді. Ху Цзиньтао бастаған ҚКП билеушілерінің төртінші буыны бұл мәселені ортаға алып, «жан-жақты сяокан қоғамын» құру концепциясының мазмұнын кеңейтіп, «адам-негіз» және «дамудың ғылыми концепциясы» ұғымдарымен толықтырды. «Адам-негіз» идеясы «жан-жақты сяокан қоғамын» құру концепциясының маңызды басқарушы қағидасына айналғаннан кейін оның соңғы мақсаты қытай

халқының кең топтарының түпкілікті мүдделерін жүзеге асыру болды. Адами потенциалды дамыту басымдыққа ие болды. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуында адами потенциал бірінші кезектегі ресурс ретінде мойындала бастады. Жұмыскерлердің мәдени деңгейі мен біліктілігін көтеру арқылы жұмыс күшінің сапасын жақсарту көзделді. Осы контекстінде Қытайдың «мықты мәдени мемлекетке» айналу идеясы кең өріс жая бастады.

ҚКП-ның XVI және XVII съездерінің (2002 және 2007 жж.) материалдарын сараптай келе, елдің болашақ әлеуметтік-экономикалық дамуының жолы ретінде Қытай басшылығы ішкі сұранысты кеңейтіп, белсенді қаржылық және қалыпты монетаристік саясат жүргізуді көздегендігін байқауға болады. Ішкі сұранысты кеңейту үшін экономикалық белсенді халықтың үлесін көтерудің маңыздылығы артты. Марксистік-лениндік теория шеңберінде қарастырылып келген «тап» мәселесі «сяокан қоғамын» құру барысында эволюциядан өтіп, бұған дейін әлеуметтік, экономикалық және саяси рөлі мүлдем мойындалмаған «орта таптың» қалыптасуы дамудың заңды үдерісі деп танылды. «Сяокан» тұжырымдамасы жеке табыстардың өсіміне қойылған шектеуді жойып, қоғамды іскери белсенділікті арттыруға бағыттады. Экономиканың жеке секторы, оның ішіндегі кіші және орта бизнес, экономикалық өсім мен халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін маңызды қозғаушы күшке айналды. халықтың әл-ауқатының өсуі нәтижесінде тұтынушылық сұраныс та пропорционалды түрде өсті. Жеке кәсіпкерлік қытайлық қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік іргетасы болып табылатын орта таптың қалыптасуының ажырамас шартына айналды. Частный сектор экономики является важнейшим источником, XVI съезд барысында Цзян Цзэминь «қоғамның жоғарғы қабатының өсімін бақылау, ортаңғы қабатын кеңейту және төменгі қабатын қысқарту» мақсатын ресми жариялады [63:964]. Осы кезеңнен бастап ҚКП «үйлесімді орта тап» дискурсын қолдап, экономикалық тұрғыдан қанағаттанған орта тапты қалыптастыруды көздеді. Адамдарды орта тапқа сәйкес жаңа әлеуметтік нормалар бойынша өмір сүруге ынталандырып, тұтынушылық қабілеттерін көтеру міндеті алдыға қойылды. Алайда, «сяокан қоғамы» Қытайда орта таптың қалыптасуымен тікелей байланыстырылғанымен, мақсаттық және сандық көрсеткіштерде көрініс таппады.

2007 жылы Ұлттық статистикалық бюро 2003 жылдан бастап құрастыра бастаған «Сяокан қоғамын құру мониторингтік жүйесінің индекстерін» XVII съезде қойылған жаңа талаптарға сәйкес қайта қарастырды. 2008 жылы Қытайдың Ұлттық статистикалық бюросы мен Статистикалық ғылымдар институты бірігіп «Сяокан қоғамын құру статистикасын бақылаудың жалпы көрсеткіштер жүйесін» құрастырды. Қысқаша «Сяокан көрсеткіштерінің жүйесі» деп аталған бұл жүйе «сяокан» тұжырымдамасының мазмұнының ашатын экономикалық даму, әлеуметтік үйлесімділік, өмір сүру сапасы, демократия мен заң, мәдениет пен білім беру, ресурстар мен қоршаған орта сияқты алты саланы қамтып, барлығы 23 көрсеткіштен құралды (Кесте 2.3).

Кесте 3. Сяокан көрсеткіштерінің жүйесі

№	Сала	Көрсеткіш	2020 жылға арналған мақсаттық көрсеткіш	Мазмұны
	Экономикалық даму	Жан басына шаққандағы ЖІӨ	≥ 31400 юань	Берілген көрсеткіштер экономикалық өсім, техникалық инновациялар, өндіріс құрылымы, демографиялық құрылым мен жұмыспен қамту мәселесі тұрғысынан экономикалық дамудың жалпы сипаттамасын береді.
		ЖІӨ-дегі ҒЗТКЖ шығыстарының үлесі	$\geq 2.5\%$	
		ЖІӨ-дегі экономиканың үшінші секторының қосылған құнының үлесі	$\geq 50\%$	
		Қала тұрғындарының үлесі	$\geq 60\%$	
		Қаладағы жұмыссыздық деңгейі	$\leq 6\%$	
	Әлеуметтік үйлесімділік	Джини коэффициенті	≤ 0.4	Берілген көрсеткіштер табыстар арасындағы айырмашылық, қала мен ауыл арасындағы айырмашылық, аймақтық айырмашылық, әлеуметтік қамсыздандыру мен гендерлік теңсіздік тұрғысынан әлеуметтік үйлесімділіктің жағдайын сипаттайды.
		Қала және ауыл тұрғындарының табыстарының ара қатынасы	≤ 2.8	
		Аймақтық экономикалық дамудың теңсіздік коэффициенті	$\leq 60\%$	
		Базалық әлеуметтік қамсыздандырумен қамтылғандар үлесі	$\geq 90\%$	
		Орта мектеп түлектерінің жыныстық ара қатынасы	$= 100\%$	
		Өмір сүру сапасы	Жан басына шаққандағы табыс деңгейі	

		Энгеля коэффициенті	$\leq 40\%$	тұтыну құрылымы, тұрғын үй жағдайы, денсаулық сақтау мен адамдардың денсаулығының жағдайы тұрғысынан халықтың өмір сүру сапасын сипаттайды.
		Жан басына шаққандағы пайдалы тұрғын үй алаңы	$\geq 27 \text{ м}^2$	
		5 жасқа дейінгі балалардың өлім деңгейі	$\leq 12\%$	
		Өмір сүру ұзақтығы	$\geq 75 \text{ жас}$	
Демократия және заң		Азаматтардың демократиялық құқықтарына көңіл толушылық	$\geq 90\%$	Берілген көрсеткіштер Қытайдағы социалистік демократия мен құқықтардың жағдайын сипаттайды.
		Әлеуметтік қауіпсіздік индексі	$\geq 100\%$	
Мәдениет пен білім беру		Мәдениет индустриясының ЖІӨ-дегі қосылған құнының үлесі	$\geq 5 \%$	Бұл көрсеткіштер мәдениет, әлеуметтік қызмет көрсету мен білім беру индустриясы тұрғысынан мәдениет пен білім берудің дамуын сипаттайды.
		Жалпы шығындар ішінде үй шаруашылықтарының мәдени, білім беру және рекреациялық шығындарға жұмсайтын шығынның үлесі	$\geq 16\%$	
		Білім алу жылдараның орта көрсеткіші	$\geq 10.5 \text{ жыл}$	
Ресурстар мен қоршаған орта		ЖІӨ бірлігіне энергияны тұтыну	≤ 0.84	Берілген көрсеткіштер ресурстарды тиімді пайдалу мен қоршаған орта сапасы тұрғысынан тұрақты даму жағдайын
		Егістік алқаптарының индексі	$\geq 94 \%$	
		Қоршаған орта сапасының индексі	$= 100\%$	

				сипаттайды.
--	--	--	--	-------------

Дереккөзі: [129]

Кестеде келтірілген 23 көрсеткіш Қытай дамуының түрлі тұстарын көрсетіп, қоғамдық дамуды жан-жақты сипаттауда қолданылды. 2008 жылдан бастап үш жыл бойында бақылау жүргізіліп, есептер Статистикалық басқарманың ішкі құжаттары ретінде ғана пайдаланылды. Тек 2011 жылы ғана ашық түрде жарияланды. Бақылауға сәйкес, 2011 жылы жарияланған есепте Қытай 2010 жылғы көрсеткіштер бойынша «сяокан» қоғамын құрудың 80,1%-ын орындап қойғандығы мәлімделді (Кесте 4). Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, 2000 жылы бұл көрсеткіш 59,6%-ды құраған болатын. Алты сала бойынша оңды өсімді көрсету Қытайдың сол кезеңдегі экономикалық және әлеуметтік дамуы қарқынды болғандығын көрсетуде [75].

Кесте 4. 2000-2010 жылдар аралығында «жан-жақты сяокан қоғамын құру» бойынша жетістіктер көрсеткіші, %

	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010
Жан-жақты сяокан қоғамын құру	59,6	60,7	61,8	63,0	64,8	67,2	69,9	72,8	74,7	77,5	80,1
Экономикалық даму	50,3	52,2	54,4	56,3	58,2	60,6	63,4	66,6	69,1	73,1	76,1
Әлеуметтік үйлесімділік	57,5	59,6	57,1	56,3	59,9	62,8	67,6	72,1	76,0	77,7	82,5
Өмір сүру сапасы	58,3	60,7	62,9	65,5	67,7	71,5	75,0	78,4	80,0	83,7	86,4
Демократия және заң	84,8	82,6	82,5	82,4	83,7	85,6	88,4	89,9	91,1	93,1	93,6
Мәдениет пен білім беру	58,3	59,1	60,9	61,8	62,2	63,0	64,1	65,3	64,6	66,1	68,0
Ресурстар мен қоршаған орта	65,4	64,6	66,3	67,2	67,7	69,5	70,6	72,6	75,2	76,8	78,2

Дереккөзі: [75]

Билік басына Си Цзиньпин бастаған ҚКП басшыларының бесінші буынының келуімен «сяокан қоғамын» құру үдерісінде жаңа бетбұрыс орын алды. 2012 жылы өткен партияның XVIII съезінде «жан-жақты сяокан қоғамын» құрудың мақсаттарын толықтыру және нақтылау арқылы «құру» үдерісінен «құруды аяқтау» кезеңіне аяқ басқандығы туралы жарияланды. Ел ішіндегі және ел сыртындағы жағдайдың өзгеруіне байланысты ҚКП-ның бұл кезекті съезді «сяокан қоғамын» құру мақсатын байыта және кемелдендіре түсті. «Сяокан қоғамына» қойылған жаңа талаптар келесі мәселелерді қамтыды: экономика тұрақты дамыту; мәдениеттің «жұмсақ күшін» жетілдіру; өмір сүру деңгейін көтеру; ресурс үнемдеуші және экологиялық таза қоғам құру.

ЖІӨ-нің өсу қарқынының баяулауына байланысты «жаңа қалыпты жағдай» (新常态) стратегиясы әзірленіп, экономикалық дамудың сандық көрсеткіштерін төмендету арқылы сапасын көтеру көзделді. Бұл стратегия «сяокан қоғамын» құру үдерісіне де өз әсерін тигізді. ҚКП ОК-ның XVIII

шақырылымының 5-ші пленумы (2015 ж.) жоспарланған уақытқа «сяокан қоғамын» құруды аяқтаудың «жол картасын» қабылдап, негізгі экономикалық көрсеткіштерді жоспарлады. Пленум шешіміне сәйкес 2020 жылға қарай Қытай ЖІӨ көлемін және жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткішін 2010 жылмен салыстырғанда екі еселеу керек болды, яғни ЖІӨ көлемі 80 трлн юаньды, ал жан басына шаққандағысы шамамен 60 мың юаньды (ағымдағы бағам бойынша 9230 АҚШ доллары) құрауы қажет [108:637].

Пленум барысында «сяокан қоғамын» толыққанды дәрежеде құрылуына ауылдық аймақтардың экономикалық артта қалушылығы негізгі кедергі ретінде айқындалды. Қытай 2020 жылы «сяокан қоғамын» құру не құрмау мәселесі ауылдық тұрғындар, аграрийлер мен шаруаларға тікелей байланысты деп айтылды. Осы мәселеге байланысты маңызды шешім қабылданды – абсолютті кедейлікті жою мақсаты. Си Цзиньпин ҚХР үкіметі 70 млн-нан аса адамның өмір сүру деңгейін «кедейлік шегінен» жоғары көтеруге ұмтылатындығын айтып, «жан-жақты сяокан қоғамын» құру жұмысын абсолютті кедейлікті жоюмен, партия мен үкіметтің қызметімен, ҚКП-ның түпкілікті міндеттерімен және социализмнің мәнімен тығыз байланыстырды [133:114]. Осылайша Си төраға заманауи кезеңде кедейшілікпен күрестің маңыздылығы мен өзектілігін ашып көрсетті. Нәтижесінде, ҚКП ОК-нің XVIII-ші шақырылымының 5-ші пленумінде 2020 жылға қарай елдің барлық ауылдық тұрғындары кепілді түрде абсолютті кедейліктен арылады деп жарияланды. Ауылдық аймақтардағы кедейлікпен күрес мәселесін шешудің жолы ретінде халықты тегін білім берумен, медициналық көмекпен және тұрғын үймен қамтамасыз ету, ауыл тұрғындарының экономикалық белсенділігін көтеру ұсынылды.

Жоғарыда аталған мәселелерден бөлек, пленумда экономикалық өсімді қозғаушы факторлар қайта қарастырылды. Өнеркәсіптердің негізгі өндірістік қорларына, инфрақұрылымға инвестиция, экспорттың үлкен көлемі және біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен жұмыс күшін тарту сияқты экономика өсіміне ықпал ететін тәсілдердің нәтижелілігі төмендеген соң, Қытай басшылары экономикалық өсімнің жаңа резервтерін іздеу қажеттілігін мойындады. Пленумда жаңа тәсілдер ретінде халықтың сатып алушылық қабілеттілігін арттыру арқылы ішкі нарықты кеңейту, қызмет көрсету саласының ұсыныстарын кеңейту және экологиялық таза өндіріс салаларын дамыту ұсынылды. Ішкі нарықты дамыту үшін экономикалық белсенді халық санын ұлғайту мәселесінің өзектілігі артты. XX ғасырдың 70-ші жылдарының соңынан бері жүргізіліп келе жатқан «бір бала» саясаты халықтың жас құрылымының нашарлауына (15-65 жас аралығындағы халық үлесінің азаюы) ғана алып келіп қоймай, экономикалық белсенді халық санының азая бастауына да әсерін тигізді. «Сяокан қоғамын» құрудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін орындау үшін қытайлық үкімет пленум барысында демографиялық саясатты жұмсарту туралы шешім қабылдап, екі балалы отбасы саясатына көшуді жариялады [32: 118].

БХӨЖ-дің 12-ші шақырылымының 5-ші сессиясында ҚХР Мемлекеттік кеңесінің премьері Ли Кэцян сөйлеген сөзінде ел ішінде жалпы кәсіпкерлік

және инновациялық қызметті тұрақты түрде кеңейту қажеттілігі туралы айтып өтті [134:42]. Бұл шаралар жұмыспен қамтуды ынталандырудың және дамудың ескі қозғаушы күштерін жаңасына алмастырудың, экономикалық құрылымдарды жаңғыртудың әрі халықтың әл-ауқатын көтерудің тиімді тәсілдері деп танылды. Үкімет қаладағы жұмыссыздық көрсеткішін 6%-дан асырмау міндетін қойып, жұмыспен қамту мәселесіне ерекше назар аударды. Жалпы, Қытайдың Мемлекеттік статистикалық басқармасының мәліметтері негізінде меншік түрі бойынша жұмыспен қамтудың динамикасын сараптай келе келесі қорытындыға келуге болады: Қытайда жұмыспен қамтылғандардың ең көп саны ұлттық дербес және жеке кәсіпорындарға келеді. 12-ші бесжылдық соңында жұмыспен қамтылғандардың 71,3%-ы осы кәсіпорындарда қызмет атқарды. Дербес және жеке кәсіпорындардың саны да жыл сайын өсімді көрсетіп отырды. Мысалы, 2016 жылы олардың саны 80 млн-ға жетіп қалды [134:43]. Нарықтың жеке субъектілері елдің теңгерімді және тұрақты дамуында маңызды рөл ойнағандықтан, мемлекет тарапынан кіші және орта бизнесті қолдау белсенді түрде жүргізілді.

2017 жылы өткен партияның XIX съезінде жасалған есептік баяндамада халықтың өмір сүру сапасын көтеру мәселесіне ерекше назар аударылып, бұл мәселеге жеке тармақ арналды. Мәселені шешу үшін жеті негізгі бағыттар айқындалды: 1) халықтың әлеуметтік мобильділігіне тікелей әсер ететін негізгі фактор – білім беру саласын дамыту; 2) жұмыспен қамту сапасын көтеру және кірістерді ұлғайту; 3) әлеуметтік сақтандыруды кеңейту; 4) кедейлікпен күресті күшейту; 5) қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін дамыту; 6) халықтың әлеуметтік қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету; 7) халықтың қоғамдық қауіпсіздігіне кепілдік беру [32:125]. Сонымен қатар тұрғын үй бағасын шектеу бойынша шаралар да қабылданды. Атап айтсақ, қосымша тұрғын ауданына салық орнатылды, екі пәтерден артық пәтер алуға тыйым салынды және екінші пәтер сатып алу барысында алғашқы жарнаны төлеу нормасын тұрғын үйдің жалпы сомасынан 60%-ға дейін көтерді. Сондай-ақ ипотекалық несие ставкасын көтерді.

Дэн Сяопиннен бастап Си Цзиньпинге дейінгі кезеңде «сяокан қоғамы» тұжырымдамасының әлеуметтік-экономикалық мағынасының кемелденіп, толығымен анық байқауға болады. Алғашында халықтың материалдық өмір сүру деңгейінің көтерілуіне бағытталған «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы біртіндеп кеңейіп, экономикалық даму мен кедейлік мәселесін ғана қамтымай, мәдени және рухани даму, үйлесімді және теңгерімді даму, инновациялық даму, экологиялық даму мәселелерін де қамтитын тұжырымдама дәрежесіне көтерілді. Яғни «сяокан қоғамы» тұжырымдамасының негізіне экономикалық өсім әлеуметтік теңдік және қоршаған ортаны қорғау мақсаттарымен теңгерімді жүзеге асырылуы керек деген идея қаланды. Мемлекет басшылары қабылдаған дамудың бағдарламаларын сараптау нәтижесінде «сяокан қоғамының» төмендегідей сипаты мен құру жолдарын анықтап шықтық:

1) *Өндірістік.* Өндірістік құрылымды оңтайландыру және кеңейту; ішкі және ең алдымен тұтынушылық сұранысты кеңейту бағытын берік ұстану; экономикалық өсу нысандарында негізінен капитал салымдары мен экспорт есебінен даму түрінен тұтыну, капитал салымдары және экспорт есебінен үйлестірілген даму түріне, екінші индустрия есебінен ынталандырудан үйлестірілген бірінші, екінші және үшінші индустрия есебінен ынталандыруға көшу; материалдық ресурстардың шығындарын ұлғайту есебінен дамудан негізінен ғылыми-техникалық прогресс есебінен даму түріне көшу; жұмысшылардың сапасын және басқарушылық инновацияны арттыру. Өндірістің базалық салаларын және инфрақұрылымдық құрылысты күшейту, қазіргі заманғы энергетикалық өндірістерді және кешенді тасымалдау жүйесін дамытуды жеделдету.

2) *Аграрлы.* Қала мен ауылдың дамуын бірыңғай жоспарлауды жүзеге асыру, жаңа социалистік ауылдың құрылысын ілгерілету. Аграрлық сектордың базистік жағдайын күшейту, өнеркәсіп күштерімен ауыл шаруашылығын ынталандырудың және қала тарапынан қолдаумен ауылдың көтерілуін қамтамасыз етудің ұзақ мерзімді тетігін қалыптастыру, қала мен ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын үйлестірудің жаңа схемасын жасау. Мемлекеттік бағдарламалар аясында ауыл шаруашылығына, ауылға және шаруаларға қолдау көрсету динамикасын күшейту, егістік жерлерді қатаң қорғау, агросекторға оның ғылыми-техникалық прогресін ынталандыру, оның жиынтық өндірістік қуатын арттыру және мемлекеттің астық қауіпсіздігін сенімді қамтамасыз ету үшін инвестицияларды ұлғайту. Шаруа табысын ұлғайтуға назар аудара отырып, кенттік және болыстық кәсіпорындардың дамуын қамтамасыз ету, уездік экономиканы ұлғайту, шаруалардың көп арналы жұмысқа орналасу қозғалысын жүзеге асыру.

3) *Ресурстарды үнемдеуші және экологиялық.* Энергетикалық және басқа ресурстарды үнемдеуді және экологиялық ортаны қорғауды күшейту, тұрақты даму мүмкіндіктерін арттыру, қоршаған ортаға қолайлы ресурстық экономикалық қоғам құру, индустрияландыру мен модернизацияны дамыту стратегиясында экологияның маңыздылығын арттыру және бұл істі әрбір ұйымға және әрбір отбасына жеткізу, нәтижесінде ресурс үнемдеуші, қоршаған ортаға оңды қарайтын және климат өзгерістеріне бейімді қоғам құру. Айналмалы экономиканы барынша дамыту. Энергетикалық және басқа ресурстарды үнемдеуге және экологиялық ортаны қорғауға бағытталған заңдар мен шараларды жетілдіру, тұрақты даму жүйесі мен механизмін қалыптастыруды жеделдету. Энергия ресурстарын үнемдеу және ауаға зиянды шығығарындыларды азайту үшін жауапкершілік жүйесін іс жүзінде жүзеге асыру. Экологиялық таза және жаңартылатын энергия ресурстарын дамыту, жер және су ресурстарын қорғау, энергетикалық және басқа ресурстарды пайдаланудың ғылыми негізделген жүйесін қалыптастыру, оларды пайдалану тиімділігін арттыру

4) *Интеграциялық.* Өңірлердің үйлесімді дамуын ынталандыру, аймақтық дамудың архитектуралық оңтайландыру. Өңірлік даму деңгейіндегі

алшақтықты қысқарту үшін өндіріс компоненттерінің өңіраралық ұтымды қозғалысын бағдарлай отырып, негізгі қоғамдық қызметтерді теңестіруге ерекше назар аудару. Өңірлік дамудың бас стратегиясын жалғастыру, елдің батыс өңірлерін ауқымды игеруді тереңдету, солтүстік-шығыс және басқа да ескі өнеркәсіптік базаларды толығымен жандандыру, орталық өңірлердің өрлеуін жан-жақты ынталандыру, шығыс өңірлердің озыңқы дамуын белсенді қолдау. Бұрынғы революциялық тірек базаларын, ұлттық, шеткі және кедей аудандарды дамытуға қолдау динамикасын күшейту. Урбанизация үдерісін жалғастыру және қала мен ауылдың дамуын бірыңғай жоспарлау, ұтымды орналастыру, жерді үнемдеу, шағын қалалардың дамуын ынталандыру қағидасы бойынша ірі қалалардың қолдауымен ірі, орта және шағын қалалардың, қалалық типтегі кенттердің үйлесімді дамуын қамтамасыз ету.

5) *Әкімшілік-нарықтық.* Негізгі экономикалық және заманауи нарықтық жүйені жетілдіру. Қоғамдық меншік секторының басымдылығы негізінде экономиканың әртүрлі секторларын бірлесіп дамытудың негізгі экономикалық жүйесін сақтау және жетілдіру. Мемлекеттік мүліктің әртүрлі түрлерін басқару тетігі мен жүйесін жетілдіру. Ұжымдық және кооперативтік шаруашылықтардың дамуын қамтамасыз ете отырып, ұжымдық меншік кәсіпорындарын реформалауды ілгерілету. Нарыққа тең құқықты рұқсатты кеңейту, қаражатты жинақтау үшін жағдайларды жақсарту, институционалдық кедергілерді алып тастау және сол арқылы экономиканың жеке секторларын, орта және шағын кәсіпорындарды дамытуға ықпал ету. Мүліктік құқықтардың қазіргі заманғы режимі негізінде экономиканың аралас секторын дамыту.

б) *Инновациялық.* Қытай экономикалық және әлеуметтік дамуды ілгерілетуде ғылыми-техникалық прогресс пен инновацияларға арқа сүйейтін кезеңге қадам басты. Басты мақсат инновациялық елді құру болып табылады. Ол үшін жаһандық білім мен технологиялық ресурстарды толыққанды пайдаланып, қоғамның ғылыми-техникалық күштерін барынша жұмылдырып, адамдардың білім капиталын көрету қажет. 2020 жылға қарай Қытай білім беру саласындағы модернизацияны негізінен жүзеге асырып, адами ресурстары мықты мемлекеттер қатарына қосылу керек. Білім мықты мемлекеттің негізі болғандықтан, Қытай әлемдегі ең ірі жалпы білім алу, өмір бойы білім алу, белсенді білім алу қоғамын құруы қажет. Әлеуметтік-экономикалық дамуды тежейтін негізгі технологиялар саласында инновациялық серпіліс жасауға инвестицияларды ұлғайту арқылы іргелі зерттеулерді, техно зерттеулерді қолдау. Ғылыми-техникалық жетістіктерді нақты өндіргіштік күштерге айналдыруды ынталандыру. ЖІӨ-дегі ҒЗТҚЖ шығындарына қаражат үлесін ұлғайту.

Атақты қытайлық ғалым Ху Аньган Қытайдың даму стратегиясын «мықты мемлекет, бай халық» (强国富民) сөз тіркесімен сипаттап, бұл стратегия негізінде халықтың әл-ауқатын жоғары деңгейге көтеруді көздейтін «сяокан» тұжырымдамасы БҰҰ-ның мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін анықтау мақсатында құрастырған «адами потенциалдың даму индексі» (HDI – Human Development Index) көрсеткіштерімен ұқсас келетіндігін

айтқан [9:115]. Ғалымның болжамы бойынша реформалар нәтижесінде Қытайдың HDI көрсеткіші 2020 жылға қарай 1982 жылғы көрсеткіш 0,456-дан шамамен 0,760-ға дейін көтерілуі мүмкін. Бұл көрсеткіш негізінде елдегі өмір сүру ұзақтығы 77 жылды, ал білім алу ұзақтығы 11,7 жылды құрауы керек.

«Сяокан қоғамын» құру үдерісі нәтижесінде, Ху Аньган берген баға бойынша, Қытайда дамудың «тоғыз қоғам және бір жол» (九个社会, 一道路) концепциясы қалыптасты. Бұл дегеніміз қоғам тоғыз түрлі бағытта ортақ бір жолмен дамуда: ортақ даму мен ортақ баю қоғамы, жалпы ұлттық білім алу қоғамы, ұлттық денсаулық және спорт қоғамы, адамдар қанағатпен өмір сүретін және еңбек ететін қоғам, ресурс үнемдеуші және экологиялық таза қоғам, ашық, инновациялық және білім қоғамы, үйлесімді және тұрақты қоғам, социалистік демократиялық және құқықтық қоғам, Қытай мәдениетінің өркениеттік және адамгершілік қоғамы ортақ бір жолмен дамуда – бейбіт даму, әлемде бейбітшілікті сақтау және үйлесімді әлем құру жолы [10:52]. Қытайдың дамуы әлемнің дамуынан жеке қарастырыла алмайды. Қытайдың дамуы сонымен қатар әлем дамуына да үлесін қосары сөзсіз. Қытайдың дамуы ішкі және сыртқы саясаттың бірін-бірі өзара толықтыру нәтижесінде жүзеге асуы қажет. Ішкі саясатта Қытай байыған және үйлесімді қоғам құруға тырысса, сыртқы саясатта ортақ дамыған және үйлесімді әлем құруға тырысуда. Тек бейбіт және тұрақты жағдайда ғана Қытай ішкі дамуында алдыға қойған мақсаттарына қол жеткізіп, «сяокан қоғамын» құру үдерісін сәтті аяқтай алады.

«Сяокан қоғамын» құру халықтың өмір сүру деңгейінің орташа табысты мемлекеттер деңгейіне дейін біршама көтерілуін ғана емес, сонымен қатар білім беру деңгейінің жоғарылап, өмір сүру көрсеткішінің ұзақтығының көтерілуін, абсолютті кедейліктің жойылуын меңзейді. Әлеуметтік және экономикалық салалардың нығаюы өз кезегінде мемлекеттік күш-қуаттың нығаюына алып келді. Бұл дегеніміз Қытай «сяокан қоғамын» құру арқылы аймақтық державадан жаһандық держава дәрежесіне біртіндеп жақындау жолында деген сөз. Яғни «сяокан қоғамын» құру стратегиясы дәстүрлі қытайлық «бай халық – мықты мемлекет» қағидасының жүзеге асырылуы деп айтсақ болады.

Қорытындылай келе, заманауи қытайлық саясаттануда «сяокан қоғамы» Қытайда тұрақты ұлттық мемлекеттіліктің құрылуына бағытталған ірі мақсаттарды жүзеге асырудың интеграциялық бағдарламасы ретінде қарастырылатынын байқауға болады. ҚХР басшылығы бұл тұжырымдаманы әлеуметтік үйлесімділікке жетудің біршама тиімді тетігі ретінде қолданды. «Сяокан қоғамын» құру саясатының негізгі бағыты сақталумен қатар (кедейлікті жою, ЖІӨ-ді еселеу), сандық көрсеткіштері әрдайым өзгеру, өсу үстінде болды және сапалық көрсеткіштері кеңейіп отырды. «Сяокан қоғамы» бұл өзінің ілгері дамуында әлеуметтік, экономикалық және экологиялық көрсеткіштердің үйлесімділігіне ұмтылған, экономикалық тұрақтылық пен саяси тұрақтылықты негізгі басымдылығы ретінде қарастыратын қоғам түрі болып табылады.

2.2 «Сяокан қоғамын» құру аясында кедейлікпен күрес саясатының жүзеге асырылуы

Социалистік модернизацияның негізгі мақсаттарының бірі Қытай халқын кедейліктен арылту, әл-ауқатының деңгейін арттыру, материалдық тұрмыс жағдайын жақсарту болып табылды. Дэн Сяопин өз уақытында «кедейлік – бұл социализм емес, социализм кедейлікті түбегейлі жою керек» деп айтқан болатын [70:247]. Кедейлікті жою қоғамның үйлесімді дамуы үшін қажетті социализмнің басты талабы және реформалар жылдарында мемлекеттің күнтәртібіндегі маңызды мәселе болды. «Сяокан» тұжырымдамасы социализм қағидаларымен берік байланыстырылғандықтан, «сяокан қоғамын» құруға бағытталған ұзақ мерзімді стратегиялық жоспардың негізгі бөлігін кедейлікті жою мәселесі құрады. Бұл тараушада біз «сяокан қоғамын» құру барысында жүргізген кедейлікпен күрес мәселесін сараптап өтеміз.

Кедейлік – адамзат дамуының қиын әрі көп қырлы мәселелерінің бірі. Америкалық қытайтанушы Дэвид Шак қытайлық кедейліктің тарихын жазу барысында «қытайлық тарихтың басым бөлігінде халық негізінен кедейшілікте өмір сүріп келді» деп ерекше атап көрсетеді [135:273]. Шак бұл жағдайды империяның экономикалық және саяси институттарының құрылымымен түсіндірді. Өндірістің дәстүрлі тәсілдері халықты жайлы өмірмен толыққанды қамтамасыз ете алмады. Экономикасы ауыл шаруашылығына негізделген империя болғандықтан Қытай халқының басым бөлігін шаруалар құрады және олардың әл-ауқаты жерден алынатын өнім көлеміне, табиғи жағдайларға тікелей байланысты болды. Қытай тарихында әрдайым орын алып отырған ашаршылық кезеңдер кедейліктің тұрақтап қалуының бір факторы болды.

Қытай жерінде кедейлікпен күрес науқанын келесі кезеңдерге бөлсе болады: 1) 1949 жылы Қытай Халық Республикасы құрылған кезеңнен бастап 1978 жылғы реформалар басталғанға дейінгі социалистік даму шеңберіндегі жалпы кедейлікпен күрес; 2) 1978 жылы реформалар мен ашық есік саясатын жүзеге асыру аясында жүргізіле бастаған дамуға бағытталған кедейлікпен күрес; 3) 2013 жылдан бастап жүргізілген мақсаттық кедейлікті қысқарту саясаты. Әр кезеңге толықтай тоқтала өтсек.

Кедейлікті жою мәселесін ҚКП марксизм теориясының шеңберінде Қытай Халық Республикасы құрылғанға дейінгі кезеңде-ақ тереңінен зерттей бастады. Жер иеленудің феодалдық жүйесі мен шаруаларды қанаушылық кедейліктің негізгі себептері деп танылды. ҚХР құрылған алғашқы жылдарынан-ақ бастап елде кедейлікпен күрес саясаты қолға алына бастады. Бұл кезеңде қоғам ішіндегі теңсіздікті азайтып, кедейлікті жоюға бағытталған жүйелі және институционалды реформалардың алғашқы талпыныстары жүзеге асырылды. Кедейлікпен күрес науқанының негізін жер реформасы қалап, ҚКП ірі жер иеленушілерге тиесілі жерлерді шаруаларға үлестіріп берді. Реформаның нәтижесінде 2000 жыл бойында қызмет етіп келген империялық институттар жойылды. Бірінші кезектегі міндеттер халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, жұмыссыздық пен сауатсыздыққа қарсы күрес мәселелерін шешу болды. Алайда жүргізілген жұмыстар оңды нәтиже бермеді. Халықтың басым бөлігі

кедейлікте өмір сүруді жалғастырып келді. Себебі Мао Цзэдун кезінде астық мемлекетке бекітілген бағамен мәжбүрлі түрде сатылып, шаруашылықтар коммуналарға біріктірілді. Шаруалар еңбектің көлемі мен сапасын санау үшін қолданылған көрсеткіштер жиынтығы – «жұмыс ұпайлары» жүйесіне сәйкес өтемақы алып отырды. Бұл саясаттың нәтижесінде шаруалардың табысы төмен болып қала берді.

Кедейлікпен күресте негізгі күш-жігер мен онды нәтижелер соңғы қырық жылда, яғни реформалар мен ашық есік саясаты жүргізілген кезеңде байқалды. Идеологиялық бұғаудан босаған қытайлық басшылық «кедейлік – социализм емес» қағидасын ұстана бастады. «Сяокан қоғамын» құру мен жан-жақты экономикалық және әлеуметтік дамуды жүзеге асыру талпынысында Қытайдың үкіметі кедейлер арасындағы азық-түлік пен киім-кешек мәселесін шешу мақсатымен кең көлемдегі кедейлікпен күресті жоспарлап, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. 1978 жылдан бастап 2010 жылға дейінгі кезеңде кедейлікпен күрес саясатының дамуы үш сатыдан өтті: 1. Халықтың кедей жіктерінің жағдайын жақсартуға бағытталған институционалдық реформалар кезеңі (1978-1985) 2. Кедейлікпен күрес жөніндегі саясатты кең ауқымда дамыту кезеңі (1986-1993) 3. Кедейлікпен күрес кезеңі (1994-2010) [133:112]. Халықтық коммуналарды таратып, шаруалардың жауапкершілік жүйесін енгізіп, бірыңғай сату-сатып алу жүйесін және ауылшаруашылық тауарларды тарату жүйесін реформалады. Бұл қадамдар кедейлік мәселесін шешуді біршама жеңілдетті және ауылдық экономиканың көтеріліп, ауыл аймақтарындағы кедейлер санының біртіндеп азаюына алып келді.

Нарықтық механизмдердің енгізілуі және шаруашылықтардың табиғи және адами ресурстармен қамтылуындағы айырмашылықтар ауылды аймақтардағы теңсіздікке алып келді. Ескі революциялық аудандарда, аз ұлттардың саны басым аудандарда, шекаралық аймақтарда кедейлік айқын байқалды. Осы себептерден қытайлық басшылық 1980-ші жылдардың ортасынан бастап кедейлікпен күрес бойынша жауапкершілікті күшейтіп, мақсаттық науқандарды кеңінен жүргізуді қолға алды. 1986 жылы Мемлекеттік кеңес кедей аймақтарды экономикалық дамыту бойынша Жұмыс тобын құрды. Бұл топ Қытайдағы кедейлікпен күрес бойынша алғашқы арнаулы агенттік болды. Топтың мүшелері Мемлекеттік кеңестің барлық ведомстволарында қызмет атқарады. Топ негізінен кедей аудандарды дамытуға қолдау көрсету бойынша заңнамалық және нормативті актілерді құрастырумен, қаржыны орналастырумен, кедей аудандарға көмек көрсету бойынша жұмыстарды бақылаумен айналысады. Бұл ұйымнан бөлек, елдің барлық провинцияларында сәйкесінше органдар қызмет атқарады.

1990-шы жылдарда ҚХР Үкіметі кедейлікті қысқарту бойынша шаралардың алғашқы мемлекеттік бағдарламаларын қабылдаған болатын. 1994 жылдың наурыз айында Үкімет «Кедейлікпен күрес бойынша жеті жылдық бағдарламаны» (国家八七扶贫攻坚计划) жариялады. Бұл бағдарлама кедейлікпен күресте нақты мақсаты, міндеттері, шаралары мен мерзімдері көрсетілген құжат болды. Аталмыш бағдарлама 1994 жылдан бастап 2000

жылға дейінгі жеті жыл ішінде 80 миллион адамды абсолютті кедейліктің құрсауынан шығаруға бағытталған. Бағдарлама Қытай мемлекеті адамдық, материалдық және қаржылық ресурстарын жинақтап, қоғамның барлық топтарын жұмылдырып, 2000 жылдың аяғына қарай ауылдық өңірлердің кедей халқының азық-түлік пен киім-кешек мәселесін шешу үшін тынбай еңбек ету керектігін нақты айқындады [133:114]. Қытайлық үкімет алдыға қойған бұл стратегиялық мақсатына жету үшін көптеген қаражат пен күшін жұмсады. Алайда ХХ ғасыр соңында елде әлі де ондаған миллион ауылдық тұрғындар кедейлік құрсауында қалып, кедей халықтың саны Қытай мемлекеті үшін алаңдаушылық тудыртты. Мәселені қиындатқан факт – кедейлердің көп бөлігі ескі революциялық аймақтарда, этникалық аймақтарда, шекараға жақын аймақтарда және табиғи жағдайы нашар, жетуге қиын аймақтарда өмір сүргендігі. Бұл аймақтардың негізгі жағдайы өте қиын болды, кедейлік деңгейі терең болғандықтан оларды дамыту көп қаражатты қажет етті [37:76]. Ауқымды күш-жігер жұмсалғанына қарамастан, ХХІ ғасырға Қытай толыққанды шешілмеген кедейліктің проблемасымен аяқ басты.

Белгілі бір дәрежеде және белгілі бір аймақтарда сақталып отырған кедейлік мәселесін шешуді тездету үшін Қытай 2001 жылдың мамыр айында кедейлікпен күрес және даму жөніндегі Орталық жұмыс конференциясын ұйымдастырды. Конференция барысында ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығына Қытайдың кедейлікпен күресу және ауылдық жерлерді дамыту бойынша кешенді жоспарлары қарастырылды. Бұл конференциядан кейін Қытай үкіметі 2001-2010 жж. арналған «Кедейлікпен күрес және ауылдық жерлерді дамытудың бағдарламасы» атты құжатты ресми түрде жариялады. Бұл құжатта үкімет басшылары алдыңғы он жылға арналған Қытайдың кедейлікпен күресі мен ауылдық аймақтарды дамыту саясатының мақсаттарын және жетекші идеологиясын баяндады. Бұл бағдарламалар ауылдық өңірлердің тұрғындарының табыстарын көтеруге мүмкіндік берді [136:118]. Кейін, 2011 жылдың желтоқсан айында ҚКП Орталық комитеті мен ҚХР Мемлекеттік кеңесі «2011-2020 жылдарға арналған кедей ауылдық өңірлердің дамуына арналған бағдарламаны» жариялап, кедейлікті жою бойынша нақты шараларды қабылдаудың қағидалары мен стандарттарын айқындады.

Кедейлікпен күрес кедей ауылды аймақтарды дамыту бойынша келесідей саяси ұстанымдарды қалыптастырды: біріншіден, қаржылық көмекті бөлу кезінде кедей аймақтар бірінші кезекте тұрды; екіншіден, кедейлікпен күреске бар күшті салу. Осы саяси ұстанымдар негізінде кедейлер санының азаюына оңды әсер еткен төмендегідей шаралар қолданылды:

- өндірістің ауыл шаруашылығына қолдау көрсетуі;
- қаланың ауылға қолдау көрсетуі;
- ауылшаруашылық салығын жою;
- шаруаларға субсидия беру;
- инфрақұрылымдық нысандарды салу және ескірген тұрғын үйлерді жаңарту;
- ауыл тұрғындарының білім деңгейін көтеру үшін жеңілдіктер беру;

- жаңа үлгідегі медициналық қызмет көрсету және қарттық бойынша сақтандыру жүйелерін қалыптастыру.

Жаңа үлгідегі қарттық бойынша әлеуметтік сақтандырудың жүйесі 2009 жылдан бері енгізіліп, бүгінгі таңда белсенді жұмыс атқаруда. Бұл үлгідегі сақтандырудың қаражаты жеке салымдардан, ұжымдық шаруашылықтардың субсидияларынан және үкіметтің жәрдем ақшасынан құралады. Орталық және батыстық аймақтардың зейнетақы қоры негізінен орталықтан берілетін дотация негізінде құрылса, шығыс аймақтар үшін мұндай дотация тек 50% құрайды [34:809].

Қытайда кедейлік мәселесін шешуде соңғы онжылдық кезең аса ерекшеленеді. Партияның XVIII-ші съезінен (2012 ж.) бастап кедейлікпен күрес жұмысы ерекше қарқынмен жүргізіле бастады. Мұндай белсенділік ел үкіметінің ауысуымен, партия басшылығының бесінші буыны – Си Цзиньпиннің билік тізгініне келуімен байланысты болды. Партия, мемлекет пен қоғам жаңа қарқынмен кедейлікпен кең көлемде күресуге жұмылдырылды. Бас хатшы Си Цзиньпин кедейлікпен күрес міндетін алдыңғы қатарға шығарды және өз басшылығымен ірі көлемді кедейлікпен күрес кампаниясын бастады. Партияның Орталық Комитеті кедейлікті жою міндетін «сяокан қоғамын» құру стратегияның бір бөлігі ретінде және де аталмыш қоғамды құру үдерісінің маңызды көрсеткіші ретінде алға тартты. Бұл Қытайдың «жан-жақты сяокан қоғамын» құру жолындағы шешуші кезең және маңызды нышан болды [133:115].

ҚКП-нің XVIII съезді қарсаңында Қытайда 100 млн-ға жуық кедей тұрғындар болды. Қытайлық ғалымдардың елдің кедей аймақтарының жағдайын зерттеулері келесідей мәлеметтер берді: 1) Елдегі кедейліктің басты себептерін негізгі 4 типке бөліп жіктеуге болады: аурулар, табиғи апаттар, білім беру мәселесі және отбасында жұмыс қолының (асыраушының) болмауы. Түрлі аурулар себебінен туындаған кедейлік ең кең таралған түрі; 2) Қытайдың кедей халқының орналасуы тым біркелкі емес және негізгі бөлігі елдің батыс аймақтарында орналасқан. 14 ең кедей деп танылған ауылдық аймақтар қол жетімсіз таулы және қыратты аймақтарда, үстірттерде орналасқан, сондықтан бұл жерлерде даму өте шектеулі. Реформалар саясатының басталуы, экономикалық даму және кедейлікке қарсы күрестің күшеюі салдарынан кедей халықтың саны азайғанымен, аймақтық кедейлік түбегейлі өзгерістерге ұшырамады, керісінше нарықтық экономиканың дамуы және «алдымен кейбір адамдар мен аймақтар бірінші болып байысын» деген Дэн Сяопиндік стратегиясының жүзеге асырылуына байланысты одан сайын нашарлай түсті [38:64]. Цзянь Цзэминнің тұсында басталған «Батыс аймақтарын дамыту» бағдарламасы осы аудандардағы кедейлікпен күресте аса тиімді болмады. Бұл жағдайдың барлығы үкіметтен бірқатар шаралар қабылдауды және кедейлікпен күрес әдістерін қайта қарауды, сонымен қатар жаңа қаржылық саясатты бастауды талап етті. Кедейлікпен күрестің ескі тәсілдері халықтың қажеттіліктер деңгейін қамтамасыз етуде тек «вэньбао» деңгейіне дейін ғана

көтеріп, өз мүмкіндіктерін сарқып алғандықтан, жаңа жағдайларда кедейлік мәселесіне неғұрлым терең ғылыми тұрғыдан келу міндеті тұрды.

ҚКП Орталық комитеті төраға Си Цзиньпиннің басшылығымен кедейлікпен күресте шешуші шабуылды жүзеге асыра бастады. 12-ші бесжылдықта (2011–2015 жж.) кедейлікпен қарқынды күресте біршама алдыға жылжулар байқалды, атап айтқанда мұқтаж халықтың саны жыл сайын 10 млн адамға қысқарып отырды. Кедейлік коэффициенті төмендеп, жылдық ЖІӨ-нің орташа өсімі 8%-ға жетті [29:31]. 2015 жылы төраға Си Цзиньпин 2020 жылы елде абсолютті кедейлікте өмір сүріп жатқан бірде-бір азамат қалмайды деп мәлімдеді. ҚКП-нің құрылуының 100-жылдық мерейтойына орай, яғни 2021 жылға қарай кедейлікті толықтай жою партияның Орталық комитетінің мемлекет үшін алдыға қойған негізгі мақсаты ретінде жарияланды [38:67]. Си Цзиньпин басшылығымен партияның Орталық комитеті Қытай халқының алдында осындай салтанатты міндеттемені алды.

Реформалар мен ашық есік саясаты жарияланған күннен бастап бүгінгі күнге дейін Қытайда кедейлік шегі бірнеше рет белгіленген болатын: 1986, 1994, 2001 және 2010 жылдарда. Қытайда кедейлік шегі инфляциялық факторларды ескере отырып өзгертіліп отыруда. Мысалы, 2010 жылы ескі кедейлік шегіне сәйкес елдегі кедейлер саны 26,88 млн адамды құрады, алайда жаңадан қабылданған кедейлік шегіне сәйкес олардың саны 165,67 млн адамға өзгерді [136:118]. Қытайдағы кедейлікпен күрес барысын қарастыруда басын анықтап алуға қажетті бір мәселе бар, ол – кедейлік сатысы. Әлемдік социологияда кедейліктің екі негізгі сатысы бөліп қарастырылады: абсолютті және салыстырмалы. Абсолютті кедейлік ретінде адам өзінің кірісіне тамақ, киім, тұрғын жай сияқты базалық қажеттіліктерін өтей алмайтын күй түсініледі. Мұндағы кедейлік шегінің сандық көрсеткіші ретінде ең төменгі күнкөріс деңгейі қарастырылады. Қытайда 2011 жылы кедейлік шегі жыл бойына адам басына 2300 юань шамасында бекітілді [137]. Абсолютті кедейліктің шегі болып танылған бұл критерий ҚКП Орталық комитетінің 18-ші шақырылымының 5-ші пленумында (2015 ж.) өмір сүрудің бес негізгі қажеттіліктеріне кепілдік беретін – «екі қамқорлық» пен «үш кепілдік» (两不愁三保证) критерийі атына ие болды. Яғни, халық тамақ пен киімді уайымдамай, қалыпты өмір сүруді қамтамасыз етудің 3 кепілдігі – 9-жылдық білім, негізгі медициналық қызмет және тұрғын үй қауіпсіздігімен қамтамасыз етіледі дегенді білдірді [37: 8]. Осыған сәйкес, ҚКП Орталық комитетінің 18-ші шақырылымының 5-ші пленумында кедейлікті жою бойынша қабылдаған міндеті тек абсолютті кедейлікті жоюға ғана бағытталғанын байқаймыз. Кедей халықтың басым көпшілігі ауылдық өңірлерде тұратындықтан кедейлікті жоюдың соңғы қабылданған бағдарламасы тек ауылдық өңірлердегі кедейлікті жоюға бағытталғанын ескерсек, онда Қытайдағы «сяокан қоғамын» құру елдегі кедейліктің толықтай жойылатындығын меңземейтіндігін, тек қана кедейліктің «төменгі» қабаты жойылатындығын білдіреді деген тұжырымға келуге болады.

ҚКП-ның XVIII-ші съездінен кейін Си Цзиньпин басқаруындағы Қытай үкіметі кедейлікпен күрестің инновациялық модельдері мен жолдарын енгізді:

экологиялық өтемақы бағдарламаларына инвестициялар кедейлердің әлеуметтік-экономикалық дамуға белсенді қатысуына жол ашты; халықтың кедей топтарын кедейлікпен күреске тарту үшін және кедейлікті қысқарту ісінде жауапкершілікті өз мойындарына да арту үшін ақпараттық бағдарламалар іске асырылды; кедей аудандардағы жергілікті экономиканы дамыту қолға алынып, нәтижесінде электронды коммерция, туризм, фотоэлектрлік өндіріс сынды жаңа салалар дами бастады [136].

2013 жылдың қараша айында Бас хатшы Си Цзиньпин өзінің Хунань өлкесіндегі сапарында кедейлікпен күрес мәселесін шешу үшін алғаш рет өзінің «тұл кедейлерді сүйемелдеу» (精准扶贫) немесе «нүктелі күрес» тұжырымдамасын ұсынған болатын [38:58]. Кейінірек Төраға әр түрлі жағдайларда бұл тұжырымдаманың мағынасын нақтылап, байытып, теориядан практикаға қарай бағытталған жүйелі идеяны қалыптастырды. Бұл тұжырымдама Қытайдың кедейлікпен күрес жөніндегі жұмысының маңызды басшылығына айналып қана қоймай, сонымен қатар Қытайдың «жан-жақты сяокан қоғамын» құруға бағытталған кедейлікпен күрес бойынша партиялық жұмыстың идеологиялық негізін қалады. Си Цзиньпин ұсынған күрес моделі кедейлікті жоюдың қытайлық ерекшелігі бар жаңа жүйесін қалыптастырды. Кедейлікпен нүктелі күресу стратегиясы ҚКП билігінің жан-жақты нығайтудың жаңа қаруына айналып, жеке жауапкершілік жүйесінің қалыптасуына, тәжірибе жүзінде кедейлік ауқымын азайтуға ықпал жасады.

Үш тараптың – партияның, үкіметтің, ғылымның қарқынды жұмысы қысқа мерзімде жаңа модельдің – кедейлікпен нүктелі күрес моделінің тұтас құрылымын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Кедейлікке қарсы нүктелі күрес стратегиясы төмендегі 6 негізгі бағытты қамтыды: 1) партияның басшылығы, ұйымның кепілдігін күшейту; 2) кедейлікке қарсы нүктелі күрестің стратегиясы; 3) инвестицияларды ұлғайту, кедейлікке қарсы күресті қаржылай қолдауды күшейту; 4) қоғамды жұмылдыру, барлық тараптардың күштерін шоғырландыру; 5) талаптардың қатаңдығын негізге алу, осы бағытта жұмысты ілгерілету; 6): бұқара – субъект бағытын жүзеге асыру, ішкі әлеуетті күштерді ынталандыру [133:120]. Алайда жаңа стратегияның басты қағидаты мен ерекшелігі «нүктелілік» тұжырымдамасы болды. «Нүктелілік» ұғымы, шын мәнінде, нақты жағдайды ескеруді және нақты мәселелерді талдауды, мақсатты жұмыс жүргізуді, белгілі бір мақсатқа ие болуды, тиімділікке қол жеткізу талаптарын білдірді. Яғни, кедейлікте өмір сүріп жатқан әр бір отбасының жағдайын жеке талдап, нүктелі түрде әр отбасыға жеке көмек көрсетуді меңзеді.

Жаңа тәсіл бүтіндей ауыл немесе уездерге емес, үй шаруашылықтары мен жеке адамдарға бағытталған арнайы кешенді шараларды жүзеге асыруды меңзейді. Бұл үшін кедей үй шаруашылықтарын тіркеудің ұлттық жүйесі құрастырылып, оған 128 мың ауыл мен 290 мың үй шаруашылықтары тіркелді. Жаңа тіркеу жүйесі Хунань, Хэнань, Сычуань, Гуйчжоу және Юньнань сияқты кедей аудандарды анықтауға мүмкіндік берді.

Кедейлікпен күрес саясатының жетістігі жан-жақты ойластырылған мақсаттық бағдарламаларға және қатаң әкімшілік бақылауға негізделді.

Сонымен қатар бұл жүйе келесідей салаларға арқа сүйеді: инфрақұрылым, қоныс аудару, білім беру, денсаулық сақтау, қаржы, кәсіпкерлік, туризм, интернет. Дамыған инфрақұрылымсыз кедейлікті жеңу мүмкін емес екенін түсіне отырып, Қытай сенімді және тиімді инфрақұрылым құруға басымды назар аударды. Кедейлікпен күрес аясында қытай кедей ауылдық жерлерде су және электрмен жабдықтау, суару, көлік байланысы, телекоммуникация жүйелері сияқты жобаларды жүзеге асырды. Автомобиль жолдары мен заманауи теміржол желілері дамытылды. Ерекше шалғай және жетуге қиын аудандардан салыстырмалы түрде қолайлы табиғи жағдайлары бар жерлерге тұрғындарды көшіру де күрделі міндеттердің бірі болды. 2016 жылдан 2018 жылға дейін Қытай билігі 8,69 миллион адамды жаңа мекендерге сәтті көшірді [133:120].

Білім беруді дамыту арқылы кедейлікпен күресті жедел қарқынмен алға жылжыту қолға алынды. Білім кедейлікті жоюға және «кедейліктің бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілуін» тоқтататын сенімді жолдардың бірі ретінде қарастырылды. Бұл саладағы басты бағыттардың бірі мектептегі білімнің қолжетімділігін арттыру болды. Ауылдық жерлерде көптеген мектептер салынды, көптеген мұғалімдер біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Сондай-ақ, Қытайда жоғары оқу орындарының саны мен жоғары білім алатын студенттер саны да артты. 2017 жылы көктемгі семестрінен бастап міндетті білім алатын қалалық және ауылдық оқушыларды оқу ақысынан және басқа да алымдардан босатудың, аз қамтылған отбасылардан шыққан мектеп-интернаттардың оқушыларына оқулықтарды тегін берудің және жәрдемақылар берудің біріздендірілген саясаты іске асырылатыны жарияланды. Елдің жетекші жоғары оқу орындарына қабылданған кедей аудандардағы ауылдардан келген талапкерлерінің саны 21,3%-ға өсті. 2017 жылға арналған бюджет шығыстары саясатының негізгі бағыттарының ішінде бірінші кезекке білім беру қойылды. Қоныс аудару да, білім беру де кедейлікпен күресудің қымбат әдісі болғандықтан, Қытай басшылары мұқтаж адамдарға көмектесу үшін инвестицияларды көбейтуді жалғастыру қажеттілігін мойындады. Бұл үкіметтік инвестициялардың жетекші рөлі мен Үкіметтің кедейлікті жою жұмысының субъектісі ретіндегі рөлінің маңыздылығын көрсетті [36: 42].

Қытайдағы кедейлікті жою шаралары денсаулық сақтау жүйесін жетілдірумен қатар жүрді. 2015 жылдан бастап Үкімет 3438 стандартталған қалалық медициналық орталықтардың және 14 мың ауылдық медициналық орталықтардың құрылысына қолдау көрсетті. 2018 жылдың соңында медициналық клиникалар Қытай ауылдарының 94% - да жұмыс істеді [133: 121].

Үлкен қаржылық инвестициялар мен ойластырылған саясаттың көмегімен кедейлікпен күрес жұмысы оңды нәтижелер берді. Әрбір өңірде кедейлікпен күрес жөніндегі жоспарлар мен жобалар әзірленді, сондай-ақ жергілікті жағдайларға сәйкес оларды іске асыру үшін тиісті қызметкерлер жіберілді. Алайда, кедей аудандарда әлі де ішкі мотивацияның жеткіліксіздігі, жобалардың нашар іске асырылуы және барлық деңгейдегі департаменттер арасындағы өкілеттіліктер мен жауапкершіліктердің анық бөлінбеуі сияқты

бірқатар қиындықтары да болды. Кедейлік деңгейін төмендетуге бағытталған мақсаттық қаржы саясатын жүргізу неғұрлым күрделі мәселелерге тап болады. «Сяокан қоғамын» құру жағдайында қаржылық кедейлікпен «нүктелі күрес» жүргізу үшін дұрыс фокус табу, одан әрі кірістер мен шығыстар құрылымын және бағалау көрсеткіштерін оңтайландыру, қадағалау мен жауапкершілікті енгізу, дұрыс қаржылық саясатты жүргізу өте маңызды болды. Дегенмен, қаржылық саясат саласында кедейлікпен күресуге кедергі келтірген бірқатар мәселелер де болды:

(1) Қаражат бөлінген жобалар аймақтық жағдайларға сәйкес келмеді және шығындар құрылымы орынсыз болды. Мысалы, кейбір кедей аудандарда қоныс аудару жобалары жүзеге асырылып қойғанына қарамастан, үкімет уақытында хабардар етілмегендіктің себебінен, қоныс аударуға қаражат бөліну жалғастырылып отырды. Нәтижесінде қаражат мұқтаж аудардарға кешіктіріліп жетіп жатты. Екіншіден, қаражатты бөлу кейбір кедей аудандардағы аймақтық жағдайларына сәйкес келмеді. Қаражаттың көп бөлігі инфрақұрылымды дамытуға жұмсалып, нағыз мұқтаж салалар қаржысыз қалып отырды.

(2) Ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығына байланысты қаражаттың тұрақты емес интеграциялануы. Ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығына қатысы бар қорлардың интеграциясын жүзеге асыруда негізінен туындаған қиындықтар: Біріншісі - қаражаттың шоғырлануы әр түрлі жобалар мен департаменттердің қатысуымен жүргізілді және көптеген көздерден түсіп отырды. Бұл белгілі бір дәрежеде тиісті шоттарды құруға кері ықпал етті; Екіншіден, интеграциядан кейін өкілеттіліктер мен міндеттер дұрыс ұйымдастырылмады, ал кедейлікпен күрес департаменттері көп міндетті режимде жұмыс істеді.

(3) Уездер мен ауылдар деңгейінде қаражатты жеткіліксіз пайдалану және қадағалау. Уездер мен ауылдар деңгейінде қаражатты пайдалануды бақылаудың нақты тәртібі болмады. Кейбір төменгі кадрлар экономикалық заңдылықтарды білмегендіктен келісімшарттарға күні жоқ немесе тиісті заңдарға сәйкес келмейтін шарттармен қол қойды. Ақырында, ауыл деңгейінде кедейлікке қарсы қорларды пайдалану кезінде қаражат қозғалысы туралы есеп жиі жасалмады. Бұл қаражатты төменнен жоғары қарай пайдалануды бақылауды біршама қиындатты.

(4) Кедейлікпен күрес бойынша қаржылық қорлар басқаруды тиімді жүргізе алмады. Кедей аймақтардың көпшілігі өнеркәсіп пен активтерден түсетін кірістер арқылы кедейлікпен күресуге көңіл бөлуді жөн көрді. Алайда, кедейліктің үлкен ауданы мен кедей адамдар санының көптігі кедейлікпен күресуге бөлінген қаражатты тиімді басқаруды қиындатты. Негізгі мәселелерге мыналар жатты: Біріншіден, өнеркәсіпті дамыту арқылы кедейлікпен күресу тәсілінде ең үлкен мәселе – кедей үй шаруашылықтары ұзақ мерзімді перспективаға ие болмады және табысын арттыру үшін мемлекет таратқан мал мен жемді сатты немесе тіпті сойды, осылайша кедейлікке қарсы өнеркәсіптік қорлар қажетті нәтижеге қол жеткізе алмады. Екіншіден, активтердің кірістерін қолдана отырып кедейлікпен күресу тәсілінде ең көп таралған жұмыс әдісі –

«мемлекет + кооператив + кедей үй шаруашылықтары» болды. Алайда, үкімет кәсіпорынның сипатын, кірісі мен сенімділігін алдын-ала түсіне алмағандықтан, сондай-ақ қарапайым дивидендтер фермерлерді өндіріске деген құлшыныстарын ашпағандықтан, кірісті жоғарылатуға қажетті нәтижелерге қол жеткізілмей жатты.

(5) Кедейлікпен күрес жөніндегі қорлар жұмысының тиімділігін бағалаудың сәйкесінше тетігінің болмауы. Кедейлікпен күреске бөлінетін қаражатты пайдалануды одан әрі реттеу мақсатында мемлекет тиісінше әр түрлі бағалау көрсеткіштерін шығарды. Кедей аудандардағы кедейлікке қарсы тиісті бөлімдердің бұл көрсеткіштерді жоғалтпауға тырысу мақсатында бюджеттік ресурстар туралы есеп беру кезінде кедейлікке қарсы қаражаттың нақты пайдаланылу тиімділігін әдейі азайтып көрсетуге әкеліп соқтырды. Төлемдер туралы құжаттар бөлінген қаржылармен синхронды жүргізілмеді, нәтижесінде оларды төменгі деңгейде бөлу және пайдалану қиынға соқты. Сонымен қатар, қаражатты пайдалану мақсаты нақты көрсетілмегендіктен немесе департамент функцияларының шектеулі болуы қаражатты тексеруді қиындатты, бұл өз кезегінде шоттардағы сәйкессіздіктерге әкеліп жатты [136:118-119].

Жоғарыда аталған мәселелерге қарамастан, Қытай үкіметі барлық кемшіліктерді уақытында анықтап, кедейлікпен күрес жұмыстарын бақылауды күшейтіп, үлкен нәтижелерге қол жеткізе алды. Қаржы салымы ұлғайған сайын көптеген кедей аудандар кедейлік шегінен шыға алды. Мемлекеттің кедей аудандарға көмегі негізінен мынадай аспектілерді қамтыды: шикізат экономикасын белсенді дамыту, эндогендік даму серпінін күшейту және динамиканы тұрақты түрде жақсарту. Кедей аудандарда сырттан «қан құюдан» өздерінің өндірістік салаларын құруға көшті. Бағдарлама кедей халықтың дүниетанымдық көзқарастарын өзгертіп қана қоймай, өндірісті ынталандырып, Шығыс және Батыс аймақтардың ресурстық артықшылықтарын толықтырды, Шығыс пен Батыстың дамуын үйлестірді және көптеген кедей адамдардың кедейліктен шығуына көмектесті [133:121].

Жан басына шаққандағы қолда бар кірісті (бастапқы бөлу мен қайта бөлуден кейін өз еркіне қарай тұтынушылық шығындар мен жинақ жасауға жұмсай алатын кіріс мөлшері) және осы кірістің әр аймаққа тиісті өсімін талдау кедейлікті қысқартуға жұмсалған күш-жігердің тиімділігі туралы нақты түсінік беріп, кедей аудандардағы шаруалардың өміріндегі нақты өзгерістерді түсінуге, әр аймақтың ауылдық аудандары арасындағы айырмашылықтарды салыстыруға мүмкіндік береді. Орталық үкімет 2013 жылы «кедейлікке қарсы нүктелі күрес» саясатын енгізгеннен бастап, ауылдық және кедей аудандарда жан басына шаққандағы қол жетімді табыс негізінен жоғарылап, 2019 жылы сәйкесінше 16021 юань мен 11567 юаньға жетті. Алайда, жалпы ел бойынша және кедей аудандардағы ауыл тұрғындарының бұл кірістері арасындағы айырмашылық та біршама өсті. Егер 2013 жылы жалпы ел бойынша ауыл тұрғындарының кірістері кедей аудандарындағы ауыл тұрғындарының кірістерінен 3,351 юань артық болса, 2019 жылы бұл айырма 4,454 юаньды құрады [133:121]. Бұл дегеніміз, аталмыш айырмашылықты қысқарту үшін кедей аудандардағы

ауылдарға әлі де қаржылық көмекті көрсетуді жалғастыру қажет дегенді білдіреді.

Қаржы инвестицияларының өсуі мен бүкіл партия мен қоғамның бірлескен күш-жігерінің арқасында Қытайдың кедей аймақтарындағы жағдай жақсаруда. Көптеген аудандар кедейліктен сәтті шығып, өркендеуге бет алды. 2010-2019 жылдардағы ұлттық кедейлік мониторингіне сәйкес Қытайдағы кедей адамдардың саны айтарлықтай азайды. Есепке сәйкес, Қытайда кедейшілікте өмір сүретін адамдардың саны 2010 жылдың аяғында 165,67 миллион адамнан 2019 жылдың соңында 55,11 миллион адамға дейін азайды. Кедейлік деңгейі 17,2% - дан 0,6% - ға дейін төмендеді [133]. Алайда кенеттен пайда болған жаңа COVID-19 коронавирустық пневмония эпидемиясы кедейлікпен күрес барысына айтарлықтай әсер етті және Үкіметтің мақсатты уақытылы орындауына үлкен қауіп төндірді.

Эпидемия белгілі бір дәрежеде кедей аудандарда күрес жұмыстарын қиындатты. Карантиндік шараларды енгізу кейбір ауыл жұмысшылары мен кедейлікпен күрес жөніндегі қызметкерлердің өз жұмыс орындарына уақытында келе алмауына, олардың жұмысының қиындауына әкелді. Олар кедейлерге дер кезінде нүктелі көмек көрсете алмады. Қызметкерлердің негізгі жұмысы індеттің алдын алуға және оған қарсы күреске бағытталды. Бұл сонымен қатар кедейлікке қарсы жұмыстың тиімді жүргізілуіне әсер етті. Кедейлікпен күрес жөніндегі жұмыс негізінен басқа жерлерге қоныс аударуға және өндірісті ынталандыруға негізделген болатын. Эпидемияның өршуі көктемгі егістік егуге қатты әсер етті. Ауыл шаруашылығы саласы үшін жем-шөп жеткізу және олардың өнімін өткізу тоқтатылды, бұл өз кезегінде мал шаруашылығы саласындағы ішкі және сыртқы проблемаларға әкеп соқты. Қалыптасқан жағдайда фермерлердің көпшілігі жұмыссыз қалды. Кедейлікпен күресудің тиімді шарасы болып табылатын қоныс аудару эпидемиядан зардап шекті және кедейлікпен күресудің әртүрлі арнайы жобалары, мысалы, қоныс аудару орындары мен инфрақұрылым объектілерін салу уақытында жүзеге асырыла алмады. “Chongqing Daily” газетінің хабарлауынша, 2020 жылдың наурыз айындағы жағдай бойынша Чунцин қаласының аудандары мен уездеріндегі кедейлікке қарсы жобалардың жағдайы нашар болды: 2020 жылдың қаңтарынан ақпанына дейін 4398 жобаны бастау жоспарланған болатын, бірақ іс жүзінде 1340 жоба ғана жүзеге асырылды [133:117]. Жобаларды орындаудың нақты деңгейі шамамен 30%-ды құрады. Экономика мен қоғам үлкен қауіп-қатерге тап болды және Қытайдың кедейлік аурудан туындаған, кедейлік ауруға байланысты қайта оралған және аурудың салдарынан кедейлік жойылмайтын бітпес айналымға түсу қаупі жоғары болды.

Алайда, COVID-19 пневмониясы эпидемиясының тигізген теріс әсеріне қарамастан, Қытай өзінің мақсатына жетуге деген сенімі мен бар қабілетін көрсетті. Саяси және институционалдық артықшылықтарын пайдалана отырып Қытайға індеттің таралуын бақылауға алуы үшін екі ай ғана уақыт қажет болды. Бұл кедейлікті жою бойынша жүйелі және ретке келтірілген жұмыстардың жүргізілуін қамтамасыз етті. Үкіметтің жоғары деңгейде ұйымдастырылған

індетке қарсы шаралары мен қатаң бақылауы алдыға қойылған мақсатты мерзімінде аяқтауға мүмкіндік берді. 2020 жылдың аяғында Қытай үкіметі қытайлық ерекшелігі бар социализмнің жаңа дәуірдегі негізгі мақсаты - абсолютті кедейлікті жоюға қол жеткізді. Кедейлік шегінің қазіргі көрсеткішінен төмен тұратын ауылдық жерлердегі 98,99 миллион адамның бәрі кедейліктен құтылды, барлық 128,000 кедей ауылдар мен 832 кедей уездер кедейліктің құрсауынан босатылды. Си Цзиньпин бұл науқанды «толық жеңіс», «адамзат үшін жасалған ғажайып» және Қытайдың әлемнің дамуына қосқан үлкен үлесі деп атады [138].

Кесте 5. Қытайда 1978-2020 жылдар аралығында ауылдық аймақтарда кедейлер санының қысқару динамикасы

Жыл	Ауылдық кедейлер саны, млн.адам	Ауылдық аймақтардағы кедейлік деңгейі (%)	Кедейлік стандарты (юаньмен)
1978	770.39	97.5	100
1980	765.42	96.2	130
1985	661.01	78.3	206
1990	658.49	73.5	300
1995	554.63	60.5	530
2000	462.24	49.8	625
2005	286.62	30.2	683
2010	165.67	17.2	2,300
2011	122.38	12.7	2,536
2012	98.99	10.2	2,625
2013	82.49	8.5	2,736
2014	70.17	7.2	2,800
2015	55.75	5.7	2,855
2016	43.35	4.5	2,952
2017	30.46	3.1	2,952
2018	16.60	1.7	2,995
2019	5.51	0.6	3,218
2020	0	0.0	-

Ақпарат көзі: [139]

Қытайдың кедейлікпен күрестегі бұрын-соңды болмаған жетістіктері кедейлікпен күресу жолын қытайлық ерекшелігі бар жолмен байыта түсті. Экономикалық даму Қытайдағы кедейлікпен күресте үлкен рөл атқарса да, кедейлікпен күресудің тұжырымдамалары мен Үкіметтің рөлі осы саясатта шешуші рөл атқарды. Кедейшілікпен күрес жөніндегі жұмыстың бірқалыпты ілгерілеуі ел көшбасшыларынан Үкіметтің көмегімен жоғарыдан төменге қарай егжей-тегжейлі жоспар әзірлеуді және мониторинг үшін тиімді кері байланыс тетігін құруды талап етті. Қытай реформалар мен ашықтық саясатын жүргізудің қырық жылдық мерзімінде 700 миллионнан астам адамды кедейліктен

күтқарып, нәтижелі механизмдер жиынтығын құра алды. Қытайдың кедейлікті жоюдағы үлкен жетістіктері бірнеше факторларға байланысты болды: біріншіден, Қытай үкіметі өз жолын тапты – қытайлық ерекшеліктері бар кедейлікті жою жолын; екіншіден, ұзақ мерзімді ел экономикасының өсуі кедейлікпен күресу үшін сенімді материалдық базамен қамтамасыз етті. Реформалар мен ашық есік саясатын жүргізуге бағытталған 40 жыл бойы жұмсалған күш-жігердің арқасында Қытайда салыстырмалы түрде үлкен материалдық негіз қалыптасты. Үшінші факторды кедейлікпен күрес саясатын жүргізуге берік негіз берген саяси және институционалдық артықшылықтар деп атауға болады. ҚКП басшылық еткен орталықтандырылған үкімет және құрылған нақты шаралар жүйесі, кедейлікті жою жөніндегі мақсатты бағдарламалар және қатаң әкімшілік бақылау кедейлікпен күрес ісінде өздерінің орасан зор жемісін берді. Төртінші фактор – жеке фактор – Си Цзиньпиннің кедейлікпен күрес жолындағы жаңа тұжырымдаманың авторы және жетекшісі ретіндегі тәжірибесі мен беделі. Алайда, кедей халықтың табыс деңгейін кедейлік шегіне дейін көтеру және одан асып түсіру бір мәселе, ал екінші мәселе – бұл деңгейді ұстап тұру және халықтың қайтадан кедейлікке ұшырауына жол бермеу үшін барлық жағдайды қамтамасыз ету. Бұл тұста Қытай үкіметін жаңа сынақтар күтуде және жағдайды теңестіру үшін қайтадан жаңа серпіліспен бар күшін салуға тұра келеді.

2.3 «Сяокан қоғамын» құрудың саяси аспектісі

Социализмнің қытайлық ерекшелігі елдің әлеуметтік-экономикалық өмірінде мемлекеттің жоғарғы үлесінің болуымен сипатталады. Бұл бірқатар себептермен байланысты құбылыс болып табылады. Біріншіден, Қытайда модернизациялық үдеріс біршама кеш басталғандықтан, қуып жетуші модернизацияның сипаты тарихи дамудың түрлі кезеңдерінен қалып қойған мәселелерді қатар шешуді талап етті. Бұл өз кезегінде ортақ мақсаттарға жету үшін ресурстар мен қоғамды жұмылдырудың қажеттілігін туғызды. Екіншіден, модернизациялық үдеріс бұрынғы институттарды жойып, бастапқы кезеңде әлеуметтік шиеленіске алып келуі мүмкін еді. Әлеуметтік-саяси тұрақсыздықтың алдын алып, ішкі жағдайды реттеу үшін мықты билік қажет болды. Үшіншіден, Қытайда модернизация үшін қажетті алғышарттардың (азаматтық қоғам, демократиялық дәстүр және т.б.) жоқтығы қоғамның барлық салаларында бір уақытта өзгертулер жүргізудің қиындығын туғызды. Мұндай жағдайда билік пен саясат қана стратегиялық мақсаттарды, өзгерістердің реттілігін анықтау қабілетіне ие болды. Қытайдағы саяси режим реформалардың бастамашысы ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы рөлін де қатар алып жүрді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қытайдағы модернизация үдерісіндегі мемлекеттің, нақты айтсақ Қытай Коммунистік партиясының (ҚКП) рөлі үлкен маңыздылыққа ие. «Сяокан қоғамын» құру үдерісін қарастыру барысында негізінен оның экономикалық тұстарына көп мән беріліп, саяси атрибуттары жайында аз сөз қозғалады. Ал шын мәнісінде «сяокан» тұжырымдамасы бір партиялық билік

режимінің, оның ішінде ҚКП-ның саяси легитимділік мәселесімен тығыз байланыста. Бұл тараушада біз саяси-экономикалық режим концепциясын қолдана отырып «сяокан қоғамы» дискурсын ҚКП билік заңдылығы мен саяси билігіне қиындықтар тудырған мәселелерді шешу мақсатында жүргізген әрекет ретінде қарастырамыз. Бұл мәселеде қытайлық мемлекеттің табиғатын, оның ерекше институционалды құрылымын, экономикалық реформалар мен Қытайдың дамуына әсерін қарастыру өте маңызды.

Қытайлық саяси-экономикалық режим елге тән ұлттық, мәдени, идеологиялық және әлеуметтік сипаттамаларымен тығыз байланыста дамыды. Қытайда модернизация концепциясының қалыптасуы негізінен мемлекет басшыларының модернизация мәселелеріне деген көзқарастары негізінде жүргендігі белгілі. Модернизация концепциясының саяси деңгейі ресми мақсаттардың қойылуына, модернизациялық кезеңдердің айқындалуына, оның идеологиясының қалыптасуына үлкен әсер етті.

Қытай қоғамында мемлекет ерекше маңызды рөл ойнайтындығы жақсы белгілі. Қытай билігі қашан да ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдайды назардан тыс қалдырмауға тырысатын. 1921 жылы Шанхайда ҚКП құрылған кезеңінен бастап қытайлық қоғамның ең прогрессивті саяси ұйымы болып табылады. ҚКП-ның құрылуы Қытай тарихында елеулі оқиға болды. Құрылған кезінен бастап ҚКП және партия мүшелері қытай халқының ұлттық жандануын өздерінің басты мақсаттарына айналдырды. Жаңа демократиялық революцияның бастапқы кезеңіндегі (1921-1949 жж) ұлт-азаттық күрес барысында ҚКП бұқара халық арасында жақсы беделге ие болып, өзінің болашақ саясатын жүргізуде халықты өзінің негізгі тірегіне айналдыра алды. Социалистік революция мен социалистік құрылыс жылдарында (1949-1978 жж) партия елді модернизациялаудың және халықтың өмір сүру деңгейін көтерудің жолдарын зерттеу мен іздестіру үстінде болды. Мао Цзэдун мен Дэн Сяопин социалистік модернизация мен ұлттық жандану риторикасы шеңберінде ҚКП-ны Қытайды ұлттық өрлеуге, бірлікке алып келетін жалғыз саяси партия ретінде көрсетуге тырысты. 1949 жылдан бастап билік басына келген алғашқы отыз жылдық кезеңінде ҚКП өзінің саяси легитимділігінің негізі ретінде революцияға арқа сүйеген болатын. Бұл кезеңде ортодоксалды марксизм, жеке басқа табыну, эгалитаризм мен мемлекеттік корпоративизм басымдылық танытқан болатын. Алайда Мао тұсындағы онжылдық саяси дүрбелең кезеңі партияның легитимділігін қатты әлсіретті. Экономиканың тұрақтап қалуы мен халықтың сенімсіздігі идеологиялық прагматизм мен утилитарлық негіздемені қажет етті [140: 10-12].

Саяси легитимділік тақырыбында үлкен еңбегімен танымал болған неміс философы Юрген Хабермас легитимділікті «қоғаммен танылған саяси тәртіп» ретінде сипаттаған. Ғалымның пікірі бойынша, саяси тәртіптің лайықтылығы халықтың «ұмтылысын» қанағаттандыра алатын әлеуметтік мақсаттардың ұйымдастырылуымен анықталады [141: 894]. Легитимділік дағдарысына тап болған әрбір әлеуметтік жүйе өзінің заңдылығына деген сенімді халық арасында оятуға тырысады. Мысалы М. Вебер басқарудың үш типін бөліп

көрсете отырып (дәстүрлі, харизматикалық, рационалды), индустриалды қоғамға басқарудың рационалды моделі, яғни қоғам мен билік арасында орнатылған келісім негізінде басқару тән деп көрсеткен [142:5]. Бұл өз кезегінде билік басында отырғандарды легитимділігін сақтап қалу мақсатында «ұжымдық ерікке негізделген» жаңа әлеуметтік мақсаттарды қалыптастыруға итермелейді.

Құрылған кезеңнен бері ҚКП-ның идеологиялық нұсқаулығы ретінде Маркс-Ленин-Маоның коммунизм мен социализм туралы доктринасы болды. Идеологиялық жұмыс Қытайда таптық күрес, буржуазиялық таптарды түбімен жою және жеке меншікті қысқарту мен теңсіздікті түбегейлі жою мәселелері айналасында жүргізілді. Бұл идеология және оның жүзеге асырылуы өз шарықтау шегіне жетіп, нәтижесінде «мәдени революция» деп аталған қоғамдық апатқа алып келді. «Мәдени революция» аяқталғаннан кейін коммунистік режим саяси легитимділік дағдарысына тап болды. ҚКП өзінің «таптық күрес» идеологиялық бағытын ұлттық экономикалық даму мен модернизация бағытына қарай ауыстыра бастады. Марксистік идеология ұстанымдарына берік қоғамға еркін нарықтық экономиканың элементтерін енгізе отырып партия саяси бірегейлігі мен алдыға қойған әлеуметтік мақсаттарын да біртіндеп өзгертті. Нарықтық экономикаға өту үдерісі елде табыстар айырмашылығы, әрқелкі экономикалық даму, жұмыссыздық сияқты мәселелердің туындауына себепкер болды. Билік легитимділігі мен саяси беделіне төнген қауіпке бетпе-бет келген партия басшылығы белсенді түрде жаңа басқарушылық идеологияның риторикалық қайта құрылуымен айналыса бастады. Идеологиялық трансформация барысында партиялық-мемлекеттік басшылық өзінің диктаторлық ұстанымының негіздемесін коммунизмге негізделген марксистік идеологиядан айқын түрде бас тартпай, конфуцийшілдік идеологияға негіздеуге көшті. Экономикалық өсім мен әлеуметтік тәртіп саяси күнтәртібінің басты тақырыбына айналды.

ҚКП өзінің саяси бағытына халық тарапынан қолдау алу мақсатында дәстүрлі мәдениеттің құндылықтарын пайдаланып, конфуцийшілдік идеяларды қайта жандандыруға кірісті. Алайда ежелгі идеялар мен тұжырымдамаларды ұсыну мен қабылдау жаңа әлеуметтік контекст шеңберінде орын алғандықтан, олар жаңартылған түрінде халыққа таныстырылды. Сондай ұғымның бірі Дэн Сяопин саяси дискурста енгізген «сяокан» тұжырымдамасы болды.

ҚКП легитимділігін экономикалық салаға негіздеп, әлеуметтік мақсаттарды ұйымдастырудың жаңа тәсіліне көшті. Мемлекетті дәстүрлі идеологиялық бағыттан ұлттық экономикалық өсім мен модернизацияға бағытталған жаңа идеологиялық бағытқа бұрды және Қытайдың экономикалық дамуында өзіне ерекше рөлді қамтамасыз етті. Яғни ҚКП реформалар кезеңінде өзінің билігін негіздеу үшін «эвдемониялық легитимділік» (eudaemonic legitimacy) тәсілін таңдады. Бұл дегеніміз «саяси режим өзінің билігін сәтті экономикалық нәтижелермен және қоғамның жеке мүшелеріне экономикалық игіліктерді беру мүмкіндігімен ақтайтын легитимділік тәсілі» [143:57]. Легитимділіктің бұл түрі экономикалық өсім немесе қоғамдық

тұрақтылық сияқты нақты мақсаттарға жетудегі биліктің нәтижелері оны бағалаудың негізі амалы екендігін білдіретін прагматикалық рационалдылықты қажет етеді.

Жалпы, экономикаға арқа сүйеу арқылы билік легитимділігін сақтау бір ғана Қытайға тән құбылыс болмады. С.Хантингтонның «саяси жетістіктер дилеммасы» идеясы Қытайдағы экономикалық реформалардың бастапқы кезеңдеріне сыни тұрғыдан сараптама жасауға жақсы негіз бола алады. Хантингтон қоғамдағы өзгерістер саяси және әлеуметтік жүйелердегі шиеленістерге байланысты деп тұжырымдайды. Ғалымның пікірі бойынша, автократиялық билеушілер өздерінің билігінің негізін реформалар жүргізу, экономикалық көрсеткіштерді жақсарту негізінде саяси қатысушылық пен демократиялық еркіндікті ынталандыру арқылы шайқалтып алуы мүмкін, алайда дәл осы нәтижеге бұл шараларды жүргізбеген жағдайда да келуі мүмкін [42:177]. Дәл осындай пікірді саяси экономиканың ірі теоретигі Роберт Бейтс те өзінің «Даму дилеммасы: Қауіпсіздік, Даму және Тарихқа оралу» атты еңбегінде айтып кеткен болатын. Билеуші режим ұлттық экономиканы тек өз билігін сақтап қалу мақсатында ғана дамытады, яғни мұндай жағдай экономикалық және саяси логика бір-біріне сай келгенде ғана орнайды деген. Р.Бейтс пікірі бойынша «саяси экономиканың логикасы бойынша саяси режим елдің экономикасын өзінің өміршеңдігін сақтап қалу жағдайында ғана дамытады, керісінше жағдайда, егер экономикалық даму режимнің сақталуына кедергі туғызса, онда дамуды тежейді» [142: 13]. Енді осы логиканы ҚХР-дың саяси-экономикалық жағдайына қолданатын болсақ, «мәдени революциядан» кейінгі елдің жағдайын еске түсірген жөн. Он жыл бойы елде орнаған террор халықтың жағдайын әбден қажытып, өндіріс күштерін тежеп, қоғамның дамуын бұғаулаған. Мұндай жағдайда билеуші режимге дұрыс саясат қолдану қажеттілігі туындады. Елдің даму деңгейін көтеру мақсатында билеуші элита билік басында қалу үшін экономикалық модернизация үдерісін іске қосуды қажет деп таныды. Яғни ұлттық экономиканы дамыту сол кезеңде саяси көшбасшылардың билікті өз қолында ұстап қалудың жалғыз жолы болды.

ҚХР құрылғанға дейін ұлтшылдық Қытайда мықты қозғаушы күш болған болатын. Мао өлімінен кейін қоғамда марксизмнің қатып қалған догмалары ақырындап саяси сахнадан кете бастаған кезеңде саяси ой-сананың ұлтшылдық элементтері партия үшін қайтадан маңыздылыққа ие бола бастады. Заманауи саяси режимнің негізін өзгеріссіз ұстай отыра дәстүрлі құндылықтарға бет бұру тұрақтылықты сақтап қалудың бір жолы болды. Компартия өзінің «тарихи басқарушылық миссиясын» негіздеу үшін әлеуметтік жауапкершілік пен басқарудың дәстүрлі идеяларын пайдалана отырып идеологиялық инновацияларды қолдануға мәжбүр болды.

Қытайлық экономист ғалымдар Чэн Фын мен Чжан Вей-вей Қытайдағы трансформациялық үдерістер барысындағы идеологияның рөлін зерттеп қарастырған. Ғалымдардың пікірі бойынша, Қытай – барлық саяси шаралар идеологиялық тұрғыдан негіздемені қажет ететін бір партиялық мемлекет және бұл елде идеология аса маңызды рөл ойнайды. Қытайда идеология өзін-өзі

заңдастыру, рационалдау және мүдделерді жұмылдыру сияқты инструменталды рөлге ие. Профессор Чжан өз еңбегінде «Дэн Сяопин басшылық жасаған реформаторлар тобы ортодоксалды доктринаны прагматикалық және модернизациялық идеологияға біртіндеп айналдырды және Дэн Сяопиннің «қытайлық ерекшелігі бар социализм» теориясы Қытайда реформалар бағдарламасын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін идеологиялық инновация болды» деп пайымдайды [144:122].

Батыстық ғалымдар марксистік идеологияның екі құрылымдылығы туралы көп ой қозғайды. Ғалымдардың пікірі бойынша, кез келген революциялық идеология екі компоненттен құралады: «мақсат мәдениеті» (goal culture) және «жеткізу мәдениеті» (transfer culture). Осы компоненттер негізінде коммунистік идеология «екі мақсатты мәдениетке» (twin-goal culture) ие болады деп тұжырымдаған. Идеологияның «мақсаттық мәдениеті» бұл – шынайылықпен кереғар келетін идеалдандырылған утопиялық мақсаттың бейнесі болып табылса, ал идеологияның «жеткізу мәдениеті» мақсатқа жетудің саясатын қалыптастырудағы нормалармен қамтамасыз етеді, яғни билік мақсатқа жету үшін қандай қадамдар жасау керектігін анықтап, билік қағидаларын ақтауға тырысады. Осы негізде коммунистік мақсат екі негізгі компонентке бөліп қарастырылса болады – коммунизмнің жоғарғы деңгейіндегі «соңғы мақсат» және социализмнің бастапқы кезеңіндегі «аралық мақсат» [145: 48].

Дәстүрлі қытайлық түсінікте билікке деген заңдылықты төрт ұғыммен сипаттауға келеді: Аспан мандаты (tian ming), адамгершілікке негізделіп билеу (ren zhi), халықтық келісім (min ben) және заң (he fa). Саяси легитимділіктің бұл когнитивті моделін келесідей түсіндірсе болады: Аспан мандаты бар билеуші адамгершілік қасиетке ие, және өзінің қол астындағыларға құрмет көрсете отырып, тәртіпті ұстана отырып, қол астындағылардың сеніміне ие бола алса, онда ол әділ әрі билікке құқығы бар деп саналады. Әділ билеуші өзінің легитимділігін нығайту үшін халыққа игілік алып келетін саясатты жүргізеді. Аспан мандатын нығайту үшін, конфуцийшілдер пікірі бойынша, билеушілер халық атынан шешім қабылдап, бұл шешімдер халықтың әл-ауқатына нұқсан келтірмеу керек. Қоғамдық игіліктерді жеткізуші ретіндегі үкіметке сенім қытайлық билеушілердің экономикалық басқарудағы белсенді рөл ойнауына мүмкіндіктер берді. Осы негізде «мәдени революция» жылдарынан кейін қалыптасу үстіндегі жаңа қоғамдық тәртіп жағдайында партия мен үкіметке легитимділік беретін жаңартылған идеология қажеттілігі туындады. Халық неғұрлым билеуші партияға мол сенім артса, партияның қоғамдағы позициясы сол ғұрлым нығайып, үлкен мақсаттарға қол жеткізуде мол мүмкіндіктер ашылары түсінікті болды. Алайда азаматтардың сенімін өзіне бұру оңай іс емес. Осы тұрғыдан Компартия өзін икемді саясат жүргізе алатын, өзінің билеуші парадигмасында қатып қалмаған, жаңашылдықты тез қабылдап, тез бейімделе алатын прогрессивті партия екендігін көрсетуге тырысты. Қытайлық көшбасшылар ҚКП-ның қолында биліктің сақталып қалуының негізгі шарты мен кепілі тұрақтылық екендігі, сол тұрақтылықты қамтамасыз етуші фактор тұрақты экономикалық даму екендігін де жақсы ұғынды. Дэн Сяопин

басқаруымен Коммунистік партияның негізгі міндеті экономикалық құрылыс пен индустриализацияны жүзеге асыру деп жарияланды. Партия өзінің «бастапқы мақсаттарына» сай халықтың түпкілікті мүдделерін білдіре отырып, халық жағдайын жақсартуды, ұлттық жандануды жүзеге асыруды өзінің жоғарғы мақсатына қойды.

Реформалармен бірге идеологияның жаңа эволюциясы басталып, идеологиялық жұмыс «сяокан» тұжырымдамасы айналасында жүргізілді. ҚКП ұсынған «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы қытай халқын өркендеуге алып келетін ұлттық экономикалық дамудың жаңа әлеуметтік мақсаты ретінде таныстырылды. Символикалық құрылым бола отырып, «сяокан қоғамы» дискурсы халықтың ресми көзқарасына әсер ететін мәндер жүйесін құрап қана қоймай, сонымен қатар билеуші партияны ұлттық экономикалық күш-қуаттың өсуіне және ұлттық жандануға апарар жолда басқарушылық рөлмен қамтамасыз етеді және партияның билікке заңдылығын қалпына келтіріп қана қоймай, қайта растайды деп күтілді. Идеологиялық стратегия тұрғысынан «сяокан» ұғымы социализммен тығыз байланыстырылды.

«Сяокан» тұжырымдамасы партия үшін сонымен қатар ұлттық бірегейлікті нығайтудың да құралы болды. Жарқын болашаққа деген талпынысты білдірген «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы ҚКП-ға Қытайдың әлеуметтік, экономикалық және саяси шынайылығын қалыптастыруға биліктің дискурсивті құралдарымен қамтамасыз етті. «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасын қолдану арқылы партия халықтың назарын реформалардың бастапқы кезеңіндегі ауыр экономикалық жағдайдан болашақта орнайтын және ұзақ жылдар бойы халық армандаған кезеңге қарай ауыстыру арқылы бірлік, ұжымшылдық, өткенін мақтан тұту, жарқын болашаққа ұмтылу сияқты сезімдерді оята алды. Болашақтың көрінісі қоғамда орын алып отырған әлеуметтік мәселелерден туындап, халықтың талап-тілектерін қанағаттандыратын қиялдағы қоғам негізінде қалыптасады. Ұлтшылдық туралы танымал еңбек жазған британдық саясаткер мен әлеуметтанушы Бенедикт Андерсон өзінің «Қиялдағы қауымдастықтар» (Imagined Communities) атты атақты еңбегінде қиялдағы қауымдастықты әлеуметтік, экономикалық және саяси айырмашылықтарына қарамастан «қарым-қатынас бейнесінде» өмір сүріп жатқан ұлт деп сипаттайды [16:20]. Андерсонның бұл философиясын жалғастырған американдық саясаткер Джордж Т.Крейн қауымдастық сезімін ояту үшін ортақ ұлттық экономикалық өмірдің бейнесін қалыптастыратын «қиялдағы экономика» ұғымын енгізді [146:217]. Крейн пікірі бойынша, ауыр кезеңдерді басынан өткеру тәжірибесі халықта «біз» деген ұғымды қалыптастыратындай, экономикалық жетістіктер де дәл солай ортақ даму сезімін қалыптасыруы мүмкін. Яғни экономикалық өмір де қиялдан туындап, ұлттық бірегейліктің маңызды аспектісін құрауы мүмкін. Бұл дегеніміз, ортақ экономикалық өмір бейнесінен бірлік сезімі оянады деген сөз. Экономикалық жетістіктер – ұлттық табысты екі еселеу; таңғажайып дамуға өз үлесінді қосу; жаһандық инвестициялардың орталығына айналу – мұның барлығы бірігіп жүзеге асырылған «ұлы іс» ретінде танылуы әбден мүмкін. Қытайлық саясаткерлер ұлттың ұлылығының сипаты ретінде

әрдайым «социалистік құрылыс» пен жаңа экономикалық өміршеңдікке сілтеме жасап келуде. Шынымен де, Дэн Сяопин қалыптастырып кеткен Қытайдың экономикалық өміріне деген көзқарас ресми қытайлық ұлтшылдықтың орталық элементін құрады десе болады. «Социализмнің алғашқы кезеңі» туралы концепция қытайлық экономиканың осал тұстарын және артта қалғандығын мойындай отырып, экономикалық дағдарыстағы халыққа тым үлкен үміт беруден гөрі «жеткілікті дәрежедегі жайлы өмірді» қамтамасыз ететін қарапайым үміт сыйлады. Андерсон мен Крейннің берген сипаттамаларын «сяокан қоғамы» тұжырымына қолданатын болсақ, онда ол қиялдағы экономикалық өмірмен өмір сүріп жатқан қиялдағы қоғамның бейнесіне толықтай сәйкес келетінін байқауға болады. Яғни ұлттық бірегейлікті, ортақ «біз» сезімін қалыптастыруда «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы ҚКП қолындағы нәтижелі құрал болды десе болады. Партия «сяокан қоғамын» құруды қытай ұлтын біріктірудің ұлттық экономикалық жобасы ретінде қабылдады. «Сяокан» тұжырымдамасы партия, мемлекет, ұлт пен халық арасындағы шекараны жойып, оларды бір бүтінге айналдырды, нәтижесінде партия мақсаты барша халықтың мақсатына айналды. Қиялдағы экономикалық өмір бейнесі қоғамдық тыныштықты қамтамасыз етіп қана қоймай, партияның «сяокан» саясатын жүргіуіне мықты негіздеме болды.

Ұлттық бірегейлік мәселесімен қатар «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы мемлекеттің қайта бірігуі идеясымен де тығыз байланыстырылды. «Мәдени революция» жылдарында антиконфуцийшілдік науқан барысында ҚХР дәстүрлі ұлттық мәдениетке мұрагерлікті Тайваньға беріп қойған болатын. ҚКП «сяокан» тұжырымдамасын өтпелі қоғамның моделі ретінде ресми қабылдауы Тайваньды тәуелсіз мемлекет ретіндегі идеологиялық негіздемесінен айырып, ҚХР «сяокан қоғамын» құру арқылы Тайваньды табиғи түрде өзіне қосылуына алып келеді деген көзқарас ұстанды. Қытайдың бірігуі мәселесінде партия ұстанып отырған «бір мемлекет – екі жүйе» тұжырымдамасының теориялық негізін партия қабылдаған «сяокан» идеясы толықтай күшейтті [16:18].

Қытайлық үлгідегі модернизацияның жүзеге асырылуын сипаттаған «сяокан» ұғымы партияның мемлекеттік дамуға деген жаңа көзқарасының негізін қалады. «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасының басты қалыптастырушысы болған ҚКП бұл қоғамға не кіретінін, не кірмейтінін шешетін басты орган болды. Партия басшылары «сяокан қоғамын» тек материалдық тұрғыдан анықтаудан аулақ болып, оны тең дәрежеде әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан сипаттауға тырысты. «Сяокан қоғамын» құрудың әр кезеңдерінде ҚКП халық мүддесі тұрғысынан әрекет жасап, халықтың қажеттіліктерін ескеріп отырды. Алдыға қойған мақсатқа жету үшін партия «сяокан қоғамын» құрудың үдерісі барысында ішкі және халықаралық жағдайды әрдайым терең сараптаудан өткізіп, айқын мақсаттар мен міндеттерді қою арқылы әр кезеңге қажетті саяси шешімдерді қабылдап, қажетті бағдарламалар мен жоспарларды жүзеге асыруға тырысып отырды. ҚКП дамудың әр кезеңінде пайда болған мәселелерді шешу және тәуекелдерді азайту арқылы «сяокан қоғамын» құрудың нәтижелілігін жоғарылатты. Партия белгілі

бір мерзімге арналған мақсаттарды қоя отырып, міндеттерді нақты айқындау арқылы нәтижеге бірнеше кезеңде жетудің прогрессивті тактикасын қолдану негізінде «сяокан қоғамын» құру үдерісін үздіксіз және нық қадамдармен іске асырды. «Сяокан қоғамын» құру үдерісінде партия экономикалық өсімге, кедейліктің қысқаруына және әлеуметтік тұрақтылыққа қол жеткізу үшін алдына үлкен міндеттер қойып, сәйкесінше саясат жүргізіп, түрлі бағдарламаларды жүзеге асырып келді.

«Сяокан қоғамы» дискурсы жоғарыдан төмен қарай жүргізілгендіктен, партия өзінің мемлекет пен халық үшін құрған жоспарына қоғамды сендіруге және ол жоспарды жүзеге асыруға қоғамды толықтай тартуға бар күшін салды. Өз мақсатын жүзеге асыру үшін ҚКП Қытайдың экономикалық дамуына өзінің қатаң бақылауын орнатты. Мемлекет экономикалық қызметте белсенді қатысушыға айналды. Экономикалық реформалар жүргізу арқылы партия Қытайда капитализммен «тәжірибе» жүргізіп, мемлекет пен халық үшін капиталды жинақтауда және байлықты қалыптастыруда капиталистік әдістердің тиімділігін жақсы ұғынды. Алайда бір партиялық саяси басқару жүйесін сақтап қалу маңыздырақ болды. «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасының аясында билік өкілдері жауапты партия басшылығының қол астында Қытай экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан тиімді және тұрақты дами алады деген аргументті алдыға тартты. Қытай Дэн Сяопиннің «өзеннен тастарды ұстау арқылы өту» қағидасы бойынша дамиды деп жарияланды. Өзеннің арғы бетінде бай және дамыған ұлт тұрды, ал оған жетудің амалы – бір қадам жасап, негіз болатын тасты тапқанда екінші қадамды жасап алдыға жылжу болды. Бұл қағидада келесі қадамды жасау еркін нарық тетіктерімен емес, партия бұйрығымен үйлестірілуі керек болды.

«Сяокан қоғамы» тұжырымдамасы алғашқы кезеңде экономикалық өсіммен, әсіресе ЖІӨ-нің еселенуімен тығыз байланыстырылуы да партия билігінің нығаюына мықты негіз болды. Экономикалық көрсеткіштер легитимділіктің нәтижелілік сипатын бағалаудың әрі халықты сендірудің құралы қызметін атқарды. Адамдарды сендіру – бұл легитимділікке ие болудың маңызды құрама бөлшегі. Қызметтің нәтижелілігін бағалау да легитимділіктің басты сипаттамасы болып табылады. Осы себептен, билеуші органдар экономикалық көрсеткіштерді өздерінің легитимділігін көтеру мақсатында қолданды десек болады. Яғни модернизациялық үдеріс барысында ЖІӨ көрсеткіштерін қолдану бұл көрсеткішті ҚКП билігін заңдастырудың символикалық құралына айналдырды [143:53]. ҚКП Қытайдағы «сяокан қоғамын» құру үдерісіне нақты сипат беру үшін ақтық мақсатты ЖІӨ көрсеткіштерімен көрсетті. ЖІӨ-ді еселеу мақсаты «сяокан қоғамын» құру үшін қандай шаралар қолдану керектігін айқын көрсетті. Бұл көрсеткіш «сяокан қоғамын» құрудағы құбылмалылықты жойып, тұрақтылықты қамтамасыз етті. ЖІӨ көрсеткішін Қытай модернизациясы мен «сяокан қоғамын» құрудың символы ретінде ұсынылуы Қытайдың капиталистік елге айналмай-ақ батыстық елдердің дәрежесіне жете алатындығын меңзеді. Яғни қытайлық билеушілер капиталистік көрсеткішті өздерінің социалистік бірегейлігіне сенімді арттыру

үшін, азаматтары алдында Коммунистік партияның билік құруын негіздеу үшін ұтымды пайдаланды.

«Сяокан қоғамы» дискурсының жоғарыдан төмен қарай жүргізілу сипаты сонымен қатар ҚКП мен халық арасындағы иерархиялық қарым-қатынастың орнауына да алып келді. Партия «сөйлеуші» субъект болды, ал халық «тыңдаушы» және партияның жарлықтарын «орындаушы» рөлінде болды. Егер ұлт «тәжірибе жүзінде өзінің дұрыстығын дәлелдеген ҚКП-ның теорияларын, басқарушы қағидаларын және саясатын ұстанатын болса, онда ұлы жетістіктерге қол жеткізе алады» деген үгіт-насихат қатты болды. «Сяокан қоғамы» тұжырымдамасы негізінде партия қоғаммен ымыраға келуге тырысты. Адамдарға байлық пен әлеуметтік қауіпсіздік сыйлау арқылы партия-мемлекет өзінің билігіне қолдау алуға тырысты. Бұл жағдайдағы экономикалық өсім мен әлеуметтік қауіпсіздіктің партия билігімен ассоциациялануы теориялық және логикалық тұрғыдан емес, негізінен идеологиялық тұрғыдан жүргізілді. Мемлекеттің экономикалық өсімін қамтамасыз ету үшін партия басшылығы кең көлемді экономикалық реформаларды жүзеге асырып, мемлекетті жоспарлы экономика жолынан нарықтық экономика жолына түсіріп, ірі социалистік нарықтық жүйені қалыптастырды. Қытайда социалистік нарық идеясы үлкен эволюциядан өтіп, экономиканың трансформациясы бірнеше кезеңнен тұрды: 1) 1979-1984 жж. – «жоспарлы экономика – негіз, нарықтық реттеу - қосымша» ұранымен жүргізілген реформалар барысында 1980 жылдың тамыз айында Қытай Шэньчжэнь, Чжухай мен Шаньтоуда және Сямыньде арнайы экономикалық аймақтар ашуды мақұлдады. 1984 жылдың мамыр айында Тяньцзинь, Далянь, Яньтай мен Циндао сынды қосымша 14 порттық қалаларды шетелдіктерге ашып берді; 2) 1985-1991 жж. – «жоспарлы тауарлы экономика» ұранымен жүргізілген реформалар кезеңінде мемлекеттік кәсіпорындар реформаның басты буынына айналып, бағалар реформасы жүргізілді; 3) 1992-2002 жж. – «социалистік нарықтық экономика» ұранын желеу еткен бұл кезең Қытайдың жаңа экономикалық жүйесінің құрылуын білдірді. Қытай радикалды нарықтық өзгерістерге бет бұрып, 1992 жылдың қазан айынан бастап ресми түрде социалистік нарықтық экономика құрылысы кезеңіне аяқ басты [54:22]. Кәсіпорындарды басқарудың жаңа жүйесі орнап, мемлекет тарапынан макрореттеудің және бақылаудың жүйесі қалыптастырылды, еңбек күші нарығында өзгерістер орын алып, жұмыстан босап қалған жұмысшылар экономиканың «үшінші саласында» (сауда, қызмет, қоғамдық тамақтану) өз бизнестерін аша бастады; 4) 2003 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін – «социалистік нарықтық экономиканы жетілдіру» кезеңі. Бұл жаңа кезеңде нарықтық экономиканың институционалды механизмдерін жетілдіру міндеті қойылып, ресурстарды бөлуде, кәсіпорындардың өміршеңдігі мен бәсекеге қабілеттілігінде, мемлекеттік макрореттеуді қалпына келтіруде нарықтың жетекшілік рөлі алға тартылды. Экономикада бастапқы кезеңде «жоспар мен нарықты үйлестіру» тұжырымдамасы басымдылықта болса, кейіннен «мемлекет нарықты реттейді, нарық кәсіпорындарды жетелейді» тұжырымына ауысты. Нарыққа бағытталған реформалар экономикаға толықтай таралып,

мемлекеттік секторда, салық жүйесінде, банк ісінде, шетелдік валюта саясатында үлкен өзгерістердің негізін салды. Социалистік нарықтық экономиканы құру стратегиясы үлкен жетістіктердің негізін қалап, Қытайдың экономикалық державалар қатарына қарқынды көтерілуіне септігін тигізді. Нәтижесінде партия авторитарлы қондырғы мен либералды базистің синтезін қалыптастырды. Нарықтық экономика ҚКП-ға халық арасында өзінің легитимділігін сақтап отыруға жаңа ресурс берді.

Экономикалық саладағы жетістіктер билеуші партияға өзінің таңдаған жолының дұрыстығына сенімін арттырып, билік тактикасын дұрыс таңдауға үлкен ықпал жасады. Әр кезеңнің қайшылығын партия билеушілері ұтымды шешуге тырысып отырды. Бір-бірін алмастырып отырған партия билеушілері «сяокан қоғамын» құру барысында идеологиялық инновацияларды жалғастырып, өздерінің саяси тактикалық бағдарламалары шеңберінде «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын шебер қолданып келді. Партия өзінің қызметін кеңейту арқылы «революциялық партиядан» «басқарушы партияға» айналып, қоғамда орын алып жатқан трансформациялық үдерістерді теориялық тұрғыдан негіздей алатын партия міндетін орындай бастады. Идеологиялық легитимділік, яғни халықтың сақталып отырған режиммен моральдық келісім тұрғысынан партия басшылығы қоғам ішінде өзінің қолдаушылар базасын кеңейту мақсатында біршама жұмыс жасады [147:194]. Мемлекеттің тұрақты экономикалық өсімін қамтамасыз ету үшін мықты әлеуметтік базис қажеттілігін уақытылы түсінген партия басшылығы қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгерісіне үлкен көңіл бөлді. «Сяокан қоғамының» құрылысына бұқара халықтың неғұрлым кең топтарын тарту үшін партия өзінің базасын кеңейтуге бағыт алды. Тауар-ақша қатынастарының қарқынды өркендеуі жағдайында социалистік модернизацияның теориялық базасы да кеңейтіле түсті. 1990-шы жылдары партия бас хатшысы Цзян Цзэминь партияға бизнес шеңберлерінен адамдарды тарту бойынша белсенді шаралар қолдана бастады. Дәстүрлі түрде өзін жұмысшылар мен шаруалар партиясы деп анықтап келген ҚКП доктриналық өзгеріске ұшырап, партия «үш өкілділікке» (三个代表) басшылық ету қажеттілігі алға тартылды. «Үш өкілділік» идеясы бірнеше стратегиялық міндеттерді орындауға бағытталды: партия беделін көтеру, партияның әлеуметтік базасын кеңейту, партияның идеологиялық негізін және саяси бағдарын жаңарту. ҚКП-ның құрылуының 80-жылдық мерейтойында (2001 жылы 1 шілде) Цзян Цзэминь өз сөзінде «үш өкілділік» тұжырымдамасына түсінік беріп, партия Қытайдың «алдыңғы қатарлы өндірістік күштерін», «алдыңғы қатарлы мәдениетін» және қытай халқының «басым көпшілігінің негізгі мүдделерін» білдіруге тиіс, осыған байланысты реформалар кезеңінде пайда болған жеке кәсіпкерлерді, жоғары білікті мамандарды, ғалымдар мен инноваторларды партия қатарына қосу қажеттілігін атап өтті [109:43]. Цзян Цзэминьнің «үш өкілділік» идеясы «сяокан қоғамы» концепциясын теориялық тұрғыдан байыта түсті. Жеке кәсіпкерлер де өзге жұмысшылар сияқты қытайлық ерекшелігі бар социализмді «құрушылар» болып табылады деген тезис партия қатарына жеке кәсіпкерлерді қабылдауға негіздеме болып, елдің

экономикалық өсіміне оңды әсерін тигізді. Авторитарлы билік пен бизнес орта арасында нәтижесінде симбиоз орнап, бұл өз кезегінде партия үшін мықты әлеуметтік тіректің пайда болуына алып келді. Партия қоғамның жеке топтары мен таптарының мүдделерін білдіруші органнан Қытайдың барлық халқының мүддесін білдіруші жалпы халықтық партияға айналды [148].

XXI ғасырға аяқ басқан Қытай социалистік нарықтық экономиканы одан ары жетілдіріп, қордаланып қалған әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарды және ішкі нарықты дамыту арқылы әлеуметтік мәселелерді шешуді қолға ала бастады. Бұған дейін реформалардың инерциясымен жүріп келген «сяокан қоғамын» құру үдерісі осы кезеңнен бастап қоғамдық дамудың маңызды концепциясына айнала бастады. Цзян Цзэминь төраға экономикалық өсім мен елдегі дамуды теңдестіріп, қоғамды тұрақтандырып, салалық, аймақтық және әлеуметтік тұрғыдан дамуды реттеу мақсатында «сяокан қоғамының» құрылысын кеңейтуді, жан-жақтастыруды ұсынды. «Жан-жақты сяокан қоғамын құрудың» жаңа концепциясы өсу қарқынын жылдамдатудан дамудың әлеуметтік бақытталған стратегиясына көшуді білдірді [54:24]. ҚКП «сяокан қоғамы» туралы өзінің түсінігін тереңдету және оған жету жолдарын нақтылау арқылы «сяокан қоғамының» мақсаттарын айқындап, партия өзінің негізгі басқарушылық рөлін нығайта түсті. «Сяокан қоғамы» туралы түсінігін «гүлденген, мықты және демократиялық» қоғамнан «мәдени дамыған және үйлесімді» қоғам деңгейіне дейін кеңейтіп, партия негізгі екпінді экономикалық өсімнен экономикалық дамуға, жоғары қарқынды дамудан жоғары сапалы дамуға қарай ығыстырды.

«Сяокан қоғамын» сәтті құру бірінші кезекте халықтың кең топтарының әл-ауқатына тікелей байланысты болды. «Сяокан қоғамын» құру үдерісіндегі жетістіктер тек әлеуметтік және экономикалық дамудың индекстерімен ғана емес, сонымен қатар адамдардың жеке бастарының жағдайларымен де өлшенуі әлдеқайда маңызды болды. Мұны дер кезінде түсінген партиялық басшылық адамға негізделген даму концепциясын ұстану қажеттілігін ұғынды. «Сяокан қоғамын» құрудың басты талабы адамға негізделу, халықтың негізгі мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталу жаңа ғасырдың талабы болды. ҚКП адамға бағытталған даму концепциясын өзінің басты мақсаты деп жариялап, халықтық мақұлдауды «сяокан қоғамын» құрудың критерийі ретінде қабылдау керектігі туралы айта бастады. «Сяокан қоғамын» жоспарда көрсетілген мерзімге қарай құру үшін қоғамның барлық салаларын біршама жетілдіру қажет болды. Бұл үшін Қытай басшылығы негізгі социалистік құндылықтарды, қоршаған ортаны қорғауды қоғам арасында насихаттай отырып, білім беру саласында, жұмыспен қамту мәселесінде, табыстарды бөлуде, әлеуметтік қамсыздандыру және денсаулық сақтау мәселелерінде біршама ілгері жылжуы қажет болды.

Партия билеушілерінің төртінші буыны - Ху Цзиньтао мен Вэнь Цзябао Қытайдың өсімін неғұрлым тұрақты қылуға және даму артықшылықтарын қоғам ішіне кеңінен таратуға тырысты. Ху Цзиньтао билігі кезеңінде әлеуметтік әділдік мәселесі басты назарда ұсталды. 2006 жылы ҚКП ОК-ның XVI шақырылымының 6-шы пленумында ресми түрде реформалардың бағытын

шектеусіз өсімнен теңгерімді дамуға бағыттау туралы шешім қабылдады [6:17]. «Ғылыми даму көзқарасы» (科学发展观) атты жаңа стратегия дамудың тұрақтылығы мен әділдігіне ерекше көңіл бөлді. Ху Цзиньтаодың жаңа саясатының көрінісі ретінде «үйлесімді қоғам» (和谐社会), «халықтың әлауқаты» (民生), «қала мен ауылдың кешенді және теңгерімді дамуы» (统筹城乡), «ауыл шаруашылығының, ауылдың және шаруалардың мәселелері» (三农问题) сияқты терминдер бағдарламалық құжаттарда жиі кездесетін болды. Жаңа стратегия қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті жоюға және халықтың экономикалық осал топтарын қорғауға бағытталды. Нақты шаралар қатарында ауыл шаруашылығы үшін қаржылық субсидиялар, ілеуметтік қамсыздандыру бағдарламалары, салықтарды азайту, минималды жалақыны көтеру, кедейлікпен күрес үшін шығындарды ұлғайту болды. Қытайлық реформа келесідей қос мақсатқа жету үшін қайта бағдарланды – «адам-негіз» (以人为本) идеясын алға тарту және «үйлесімді қоғамға» қол жеткізу [2:35].

«Үйлесімді қоғам» тұжырымдамасының ұсынылуы «сяокан қоғамын» құрудың теңгерімдік мәнін нығайта түсті. Ху төрағаның «үйлесімді қоғамы» әлеуметтік әділдікті орнына келтіріп, жалпыбеттік өркендеудің негізін салуға, Қытайдың «өндіргіштік дилеммасын» шешуге бағытталған бағдарламалық шешім болумен қатар саяси легитимділіктің инновациялық моделін құрастыруда маңызы зор болды. «Социалистік үйлесімді қоғам» концепциясы реформалар барысындағы ұшыққан әлеуметтік қайшылықтарды толықтай мойындады [14:42].

ҚКП билеушілерінің бесінші буынының өкілі Си Цзиньпин алдыңғы басшылардың саясатын жалғастыра отырып, «сяокан қоғамы» құрылысына өзіндік жаңалықтарды енгізді. 2012 жылы өткен ҚКП-ның XVIII-ші съезінде Бас хатшы «2020 жылға қарай жан-жақты сяокан қоғамын құрып бірінші жүзжылдықтың мақсатын орындау – бұл партияның қытай халқына және тарихқа берген салтанатты уәдесі» деп айтты [7:36]. Жаңа дәуірде, Қытайдың шынайы жағдайын есепке ала отырып және «сяокан қоғамын» құрудың ақтық кезеңінде тұрғанын жариялай отырып, партияның XVIII съезді «сяокан қоғамын» құрудың мақсатын 5 сала бойынша жүзеге асыруды ұсынды: тұрақты және салауатты экономикалық даму, халықтың демократияны тұрақты кеңейту, мәдени және «жұмсақ күшті» нығайту, халықтың өмір сүру деңгейінің жалпы көтерілуі, ресурс үнемдеуші және экологиялық таза қоғамды құру. ««Жан-жақты сяокан қоғамын» құру реформаларды тереңдету, заңның үстемдігі мен қатаң партиялық басқару шараларымен күшейтілген стратегиялық мақсат деп жариялана отырып, басты міндет абсолютті кедейлікті жою деп мәлімделді [15:8]. 2013 жылы жарияланған «тұл кедейлерді сүйемелдеу» (精准扶贫) тұжырымдамасы партиялық жұмыстың идеологиялық негізін қалады. Кедейлікпен нүктелі күресу стратегиясы ҚКП билігінің жан-жақты нығайтудың жаңа қаруына айналып, жеке жауапкершілік жүйесінің қалыптасуына, тәжірибе жүзінде кедейлік ауқымын азайтуға ықпал жасады [133:119].

Компартияның «сяокан қоғамын» құру барысындағы ерекшеліктерін бөліп қарастырсақ, келесідей тұстарын атап айтуға болады: теориялық негізде

бірлікті ұстану, модернизация мен Қытайдың шынайы жағдайын үйлестіру, ішкі реформаларды жүргізуді жалғастыру, даму мен тұрақтылыққа ұмтылу. «Сяокан қоғамын» құру барысында партия орталықтандырылған билікті ұстануға, халыққа арқа сүйеуге, мақсатқа жетуде сатылы және ретті саясат жүргізуге тырысты. Партияның сонымен қатар «сяокан қоғамын» құру барысында қателіктерді мойындап, олқылықтарды шешуге бағытталған ұстанымы үлкен тәжірибенің негізін қалады.

«Сяокан қоғамын» құру үдерісін басқара отырып ҚКП қытай халқын экономика, саясат, мәдениет, қоғамдық және экологиялық өркениет құрылысы салаларында шешуші жетістіктерге жетелеп алып келді. «Сяокан қоғамын» құру тәжірибесі негізінде партия қоғамдық дамудың басты мәселелерін көтеріп, оларды шешудің жолдарын қарастырып отырды. Бұл жетістіктер мен тәжірибе қытайлық ерекшелігі бар социализм ісінде қол жеткізілген табыстарды ҚКП билігінен бөліп қарастыруға болмайтынын көрсетеді. Партияның көшбасшылық қабілеті мен басқару деңгейін үнемі жетілдіруі қытайлық ерекшелігі бар социализм ісінің жеңіске жетуін қамтамасыз ете алатындығын дәлелдеуде. «Сяокан қоғамын» құру үдерісін басқара отырып, ҚКП сапа мен санды үйлестіру арқылы экономикалық дамуды ілгерілетіп, қытай халқын модернизация жолындағы аралық мақсатқа толыққанды жетуіне ықпал жасады. Тіпті 2020 жылы COVID-19 эпидемиясының таралуын қатаң бақылауға алып, пандемия салдарын барынша жеңілдету партиялық басшылық үшін бірінші кезектегі мәселе болды. Себебі ҚКП басшылығының бетпе-бет келген тәуекелдерге дер кезінде шара қолданып, жоспарланған мақсатқа уақытында жету қабілетінен бұқаралық санадағы беделінің сақталу мәселесі аса маңызды болды.

Қорытындылай келе, ешбір қоғам идеологиялық вакуумда өмір сүре алмайды. Басқарушы идеология саяси ортада өзінің легитимділігін жоғалта бастаған кезде саяси режим қоғамға жаңа әлеуметтік мақсаттар беретін жаңа идеология қалыптастыруға мәжбүрлі. Легитимділік дағдарысына тап болған ҚКП қытай халқына өркендеуді уәде беретін ұлттық экономикалық даму жобасын ұсыну арқылы өзінің легитимділігін қалпына келтірді. Экономикалық даму саясаты қытай халқының басым бөлігінің өмір сүру деңгейін жақсартқандықтан, партия өзін үлкен көлемдегі саяси билікпен қамтамасыз етті. Қоғам партия ұсынған «сяокан қоғамы» тұжырымдамасын оңды қабылдауының нәтижесінде партияның легитимділігі мен саяси бақылауы күшейе түсті. Қытай социализмнің бастапқы кезеңінде тұрғандығын алдыға тарта отырып және «сяокан» идеологиясын қоғамға енгізу арқылы партия халықты капиталистік шараларға тартумен қатар, партиялық биліктің сақталуының маңыздылығын да жеткізуге тырысты. Алайда жаһандық капитализмнің кең қанат жаюына байланысты ҚКП легитимділігі мәселесі алда жаңа қиындықтарға қарсы тұруына тура келеді. Өзінің легитимділігін экономикалық дамумен байланыстырған партия үлкен қысым астында қалып отыр. ҚКП алда да өзінің легитимділігін сақтау үшін өзгермелі ұлттық және халықаралық жағдайда әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайды үнемі қайта қарау үшін өзінің

риторикалық билік құралдарын қолдануы керек болары анық. Ендігі кезекте ҚКП халықты ары қарай жетелей отырып, ұлттық жанданудың екінші жүз жылдық мақсаты «заманауи социалистік мемлекет» құруға бет алуда. Бұл кезеңде де партияны үлкен тәуекелдер күтіп отырғаны күмәнсіз.

3. ҚХР-ДА «СЯОКАН ҚОҒАМЫН» ҚҰРУ ҮДЕРІСІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ТӘЖІРИБЕСІ

3.1 Қытайда «сяокан қоғамын» құрудың негізгі нәтижелері мен қытайлық қоғамның болашақ даму бағыты

2021 жылы 1 шілде күні өткен Қытай Коммунистік партиясының 100-жылдық мерейтойында Бас хатшы Си Цзиньпин ресми түрде: *«Партия мен халық атынан бүкіл партияның және бүкіл ұлттың қажымас қайраты мен күш-жігерінің арқасында біз бірінші жүзжылдықтың мақсаты – «жан-жақты сяокан қоғамын» құруды жүзеге асырғандығымызды мәлімдеу мен үшін үлкен мәртебе. Бұл – біз Қытайдағы абсолютті кедейшілік мәселесінің тарихи шешіміне қол жеткізгендігімізді білдіреді және ендігі кезекте екінші жүзжылдықтың мақсаты – Қытайды ұлы заманауи социалистік мемлекетке айналдыруға сенімді түрде аяқ басамыз»,* - деп салтанатты мәлімдеме жасады [1]. Қытай «жан-жақты сяокан қоғамын» құру үдерісін аяқтап, өз тарихында бір кезенді артта қалдырды. Экономикалық және әлеуметтік дамудың барлық көрсеткіштері бойынша Қытай біршама жетістіктерге қол жеткізгенін жоққа шығару қиын. Абсолютті кедейліктен арылып, «орта дәулеттілікке» жеткен Қытайдың жетістіктері расында да таңқалдырарлық. Қытай халқы бүгінде алдыңғы бірнеше буын армандаған және талпынған өмір деңгейіне қол жеткізді. Қытай халқының өмір сүру деңгейі «сяокан қоғамын» құру барысында қаншалықты жақсарды? Қытай ішкі даму контекстінде және халықаралық стандарттар бойынша қоғамдық даму саласында қаншалықты жетістіктерге жетті? Осы тарауда біз аталмыш сауалдарға жауап беріп, «сяокан қоғамын» құру барысында Қытай жеткен нәтижелерді сараптап, елдің болашақ даму бағыты бойынша болжамдар жасауға тырысамыз.

Бұл тараушада Қытайдың «сяокан қоғамын» құру шеңберіндегі әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелерін кешенді зерттеу үшін біз SWOT-талдау жүргіздік (Кесте 6). Төменде келтірілген SWOT-талдауда «сяокан қоғамын» құру үдерісінің мықты жақтарының (Strong) теріс тұстары бары да анықталып, олар әлсіз жақтары (Weak) тұрғысынан қарастырылды. Мүмкіндіктер (Opportunity) мен қауіп-қатерлер (Threat) де осы тұрғыда сарапталды. Қытай үкіметі «сяокан қоғамын» құрудың негізгі көрсеткіштері деп алты негізгі саланы (экономикалық даму, әлеуметтік үйлесімділік, өмір сүру сапасы, демократия және заң, мәдениет пен білім беру, ресурстар мен қоршаған орта) алып қарастырады. Төменде сол көрсеткіштер бойынша қол жетілген нәтижелерге талдау жасап өтеміз.

Кесте 6. «Сяокан қоғамын» құру үдерісінің SWOT-талдауы

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
1. Экономикалық өсім	1. Әлеуметтік және географиялық теңсіздік
2. Абсолютті кедейлікті жою	2. Жұмыссыздық мәселесі
3. Урбанизацияны қарқындатты	3. Экологиялық мәселе
4. Адами ресурстарды дамыту	


(білім беру, денсаулық сақтау) 5. Халықтың тұрмыс деңгейін көтеру	
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
1. Салыстырмалы кедейлікпен күрес 2. Ішкі нарықты дамыту 3. Ауыл шаруашылығын дамыту 4. Орта тап үлесін ұлғайту	1. «Орта табыс» қақпаны 2. Демографиялық мәселе 3. Саяси тұрақсыздық 4. Экономикалық өсім қарқынының төмендеуі
Ескерту: Кестені құрған Асыл М.Б.	

«Сяокан қоғамын» құру үдерісінің мықты жақтары:

Қытай «орта дәулетті» деңгейге өту барысында орталықтанған жоспарлы экономикадан динамикалық социалистік нарықтық экономикаға көшудің тарихи бетбұрысын жүзеге асырды. Нәтижесінде заманауи экономикалық жүйе қалыптастырылып, өндірістің бірінші, екінші және үшінші салаларының ара-қатынасы 1981 жылғы 33,4: 44,8: 21,8 көрсеткішінен әлдеқайда жақсарып, 2019 жылы 7,1: 39,0: 53,9 ара-қатынасын құрады. Бұл дегеніміз, Қытай дәстүрлі аграрлы қоғамнан заманауи индустриалды қоғамға айналды дегенді білдіреді [152:7]. «Сяокан қоғамын» құру барысында партия экономикалық даму мәселесіне ерекше мән берді, себебі бұл қоғамның негізінде мықты әрі тұрақты экономика жату керек деген көзқарас негізінде үкімет экономиканың дамуына, өндіргіш күштердің ұлғаюына бар күшін салды. Қытайдың экономикалық қуаты, ғылыми-техникалық потенциалы мен мемлекеттің жалпы ұлттық қуаты еселене түсті. Қытай тез қарқынмен дамып, экономикасы жоғары дамыған елдермен арасындағы айырмашылықты біршама жойды. «Сяокан қоғамын» құру барысында, 1978-2020 жылдар аралығында, Қытайда ЖІӨ өсуінің орташа жылдық қарқыны 9% шамасында болса (Сурет 1), жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіштерінің жылдық орташа өсу қарқыны 8,4% құрады, яғни әр 8,3 жыл аралығында ЖІӨ екі еселеніп отырды [76]. 2020 жылы Қытай COVID-19 пандемиясына қарамастан әлем бойынша оңды өсім көрсеткен жалғыз мемлекет болып, ЖІӨ бойынша 101,6 триллион юань көрсеткішіне жетті, бұл 2000 жылы жоспарланған көрсеткіштен 20 трлн юаньға асып түсті. Ірі өндірістік мемлекет, ірі тауар сатушы, ірі валюталық резервті ұстаушы деңгейіне көтеріліп, көлемі жағынан әлем экономикасында екінші орынды иеленуіне мүмкіндік алды. Жан басына шаққандағы ЖІӨ динамикасына назар аударатын болсақ (Кесте 7), «сяокан қоғамын» құру барысында тек оң өсімді ғана байқауға болады. 2020 жылы Қытайда жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші 72261 юаньды (10 358 АҚШ долларынан аса) құрады.

2021 жылы қыркүйек айында Мемлекеттік кеңес жариялаған «Қытайдың жан-жақты сяокан қоғамы» атты ақ тысты кітабына сәйкес, Қытай «сяокан қоғамын» құру барысындағы ең үлкен негізгі жетістігі – абсолютті кедейлік мәселесін шешуі. «Сяокан қоғамын» құру үдерісі барысындағы ең маңызды міндет толықтай абсолютті кедейлікті жою болды.

Сурет 1. Қытай Халық Республикасының жалпы ішкі өнімінің өсім қарқыны



Кесте 7. 1978–2020 жж. аралығындағы Қытайдағы ЖІӨ динамикасы

Жылдар	1978	1980	1990	2000	2005	2010	2015	2020
Жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші, АҚШ долл.	276	336	318	852	1728	4371	8016	10358
СҚП (сатып алу қабілетінің паритеті) бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші, АҚШ долл.	298	458	1278	3920	6852	7518	12612	16296

Ақпарат көзі [153]

Кедейлікпен күрес барша халықты «сяокан» деңгейіне жекізуде шешуші мәселе болғандықтан, Қытай үкіметі көптеген мақсаттық шараларды қолдану арқылы ауылдық аймақтарда 1978 жылы 700 миллионнан астам адамды 2020

жылы толықтай кедейлік құрсауынан босап шығуына негіз салды. Қытайдың жетістігі сонымен қатар әлем бойынша кедейліктің қысқаруына да септігін тигізді. ҚХР әлем бойынша бірінші мемлекет болып БҰҰ-ның тұрақты даму бойынша «2030 Күнтәртібінде» көрсетілген кедейлікпен күрес міндетін 10 жыл бұрын аяқтады [75].

Модернизация мен «сяокан қоғамының» басты көрсеткіштерінің қатарында тұрған урбанизация саласында да Қытай үлкен жетістіктерге жетіп, жақсы нәтижелер көрсетуде. Қытай заманауи әлем тарихында урбанизацияның ең ауқымды және қарқынды үдерісін басынан кешірді. 1978 жылдан 2020 жылға дейін қалалық тұрғындардың саны жыл сайын тұрақты түрде өсіп, 17,92%-дан 63,9%-ға дейін жетті, ал қалалар саны 132-ден 687-ге дейін өсті [75]. «Сяокан қоғамының» мақсаттық көрсеткіштерінің бірін құраған урбанизация деңгейі бекітілген 50-60 % көрсеткішіне сәтті жетті. Урбанизация қарқынының ілгерілеуімен өзара байланысты қалалық кластерлер пайда болуда. Олар экономикалық дамудың, модернизацияның мықты қозғалтқыш күшіне айналып, қалалардың нәтижелі қызмет етуіне және қала тұрғындарының өмір сүру деңгейінің көтерілуіне жақсы ықпал жасауда. Дегенмен, көптеген батыстық қоғамдармен салыстыратын болсақ, Қытайда урбанизация үдерісі индустриаландырудан артта қалып отыр. Мұның негізгі себебі үй шаруашылықтарын тіркеудің «хукой» (hukou) жүйесінде деп айтуға болады. Бұл жүйеде барлық адамдарға «шаруашылық» немесе «шаруашылық емес» дәрежесі беріліп, бұл өз кезегінде шаруалардың еркін миграциясына үлкен шектеу тудыруда және жұмысшы-мигранттарға қатысты дискриминацияның күшеюіне алып келуде.

«Сяокан қоғамын» құрудың ең негізгі мақсаты мен міндеті халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту болғандықтан, бұл үдерістің жетістіктерін де осы тұрғыдан сараптап, бағалаған дұрыс. Халықтың өмір сүру деңгейі адамның қоғамдағы материалдық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейі мен дамудың деңгейін көрсететін күрделі экономикалық категория болып табылады. Өмір сүру деңгейін анықтайтын негізгі компоненттер қатарында халық табысының шынайы мөлшері, тұтушылық шығындарының құрылымы, жұмыспен, тұрғын үймен қамтылуы, білім деңгейі сияқты көптеген көрсеткіштер бар.

«Сяокан қоғамының» көрсеткіштерінің бірі ретінде қабылданған Энгель индексы алдыға қойылған міндеттер бойынша 40% көрсеткішті құрау керек болған. Қытайдағы қалалық және ауылдық тұрғындардың Энгель коэффициентінің динамикасына назар аударсақ, коэффициенттің тұрақты түрдегі азаюын байқауға болады. Бұл халықтың әл-ауқатының жақсаруының нышаны болып табылады (Кесте 8). Қытайда реформалар басында бұл коэффициент 60% шамасында болса, 2020 жылы 30%-ға дейін түскен. Дамыған елдердегі Энгель коэффициентінің көрсеткіштерімен салыстыратын болсақ, мысалы АҚШ пен Канадада бұл көрсеткіш 20% шамасында болса, Жапония мен Ұлыбританияда 25% жақын, онда Қытай «сяокан қоғамын» құруда алдыға

қойылған бұл көрсеткішті толықтай орындап, бүгінгі таңда «фуьой» (жалпы дәулетті) қоғамының бастапқы кезеңіне аяқ басты десе болады (Кесте 8).


Кесте 8. ҚХР-дағы 1978-2020 жылдар аралығындағы Энгель коэффициентінің динамикасы

Жыл	Қалалық тұрғындар	Ауылдық тұрғындар
1978	57,5%	67,7 %
1990	54,2 %	58,8 %
2000	38,6%	48,3%
2010	31,9%	37,9%
2016	29,3 %	32,2 %
2020	29,2%	32,7%

Ақпарат көзі: [75]

Қытай экономикасының қарқынды дамуы ел азаматтарының материалдық жағдайын түбегейлі өзгертті. 2000 жылдан 2020 жылға дейінгі аралықта Қытайда жан басына шаққандағы қолда бар табысы шамамен 700%-ға өсті. Қытайда бұл көрсеткіш 1978 жылдан (171 юань) бері тұрақты өсімді көрсетіп, 2020 жылы COVID-19 пандемиясы жағдайында жан басына шаққандағы қолда бар табыс орта шамамен 2,1%-ға өсіп, жалпы мемлекет бойынша 32 189 юаньға жетті (Сурет 2). Соңғы онжылдықтар барысында ел бойынша жалақының өсімі жылына шамамен 10% айналасында болды. 2016 және 2020 жылдар аралығында экономикалық дамудың қарқыны төмендесе де, қалалық тұрғындардың мемлекеттік және жеке секторлардағы жалақысы орта есеппен сәйкесінше 6,8% -дан 10,9%-ға өсімді көрсетті.

Сурет 2. Жан басына шаққандағы Қытай халқының қолда бар табысының өзгеруі (юаньмен)



Ақпарат көзі:[75]

Реформа жылдарына дейін Қытай халқы кедейлердің жоғарғы үлесімен ғана емес, сауатсыздар санының көптігімен де ерекшеленген болатын. Реформа басталғаннан кейін және «сяокан қоғамын» құру науқаны жарияланғаннан соң халықты ағарту жұмысына, білім беру сапасына ерекше назар аударыла бастады. Міндетті білім алуға жастарды барынша тарту шаралары жүргізілді. Білім беру халықтың қоғамдық өмірге толықтай арасуында негізгі рөл ойнауда. Сапалы білім жақсы жұмыс тауып, табысты ұлғайтудың мүмкіндігін арттыра түсері сөзсіз. Бүгінгі таңда Қытай сауатсыз және жартылай сауатсыз елден білім берудің әлемдік орталығының біріне айналды. Білім беру саласын дамытудың нәтижесінде Қытайдың жалпы деңгейі әлемнің орта және жоғары деңгейіне дейін көтерілді. Қытай әлемдегі ең ірі білім беру жүйесін қалыптастырып, мектепке дейінгі және жалпы білім беру көрсеткіші 84%-дан асса, тоғыз жылдық міндетті білім берумен қамтылу көрсеткіші 95% құрады. 2020 ж. 218,4 млн адам жоғарғы білімді болды. Орта мектеп түлектерінің жоғарғы біліммен қамтылу коэффициенті 2,7%-дан 51,6%-ға дейін өсті. Бүгінгі таңда әлемдегі әр бір бесінші студент Қытайдан болып келеді [75].

Әлеуметтік өркениет барлық бағыт бойынша дамытылып келді. Мемлекеттік мәдени қызметтер жүйесі мен қызмет көрсету сапасы әлдеқайда жетілдірілді. 1978 жылдан бастап 2019 жылға дейін қоғамдық кітапханалардың саны 1,6 есе көбейіп, саны 1 218-ден 3 196-ға дейін өтті; оқырмандардың саны да сәйкесінше өсім көрсетіп, 77,87 млн-нан 901 млн-ға дейін жетті; мемлекеттік мәдени мекемелердің саны 6 893-ден 44 073-ға жетсе, мұражайлар саны 13,7 есеге көбейіп 5 132-ге дейін жетті. Қытайда Интернет жүйесімен қамту жұмысы кеңінен жүргізіліп, ауылды аймақтарға дейін Интернет желісі тартылып, тұтынушылар саны 2020 жылы 940 миллион адамды құрады. 2000 жылғы 23 миллион көрсеткішінен 40 есе асып түсті [152:15].

Қытайда әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік көмекті қамтитын әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің әлем бойынша ең үлкен жүйесі қалыптастырылды. 2021 жылдың маусым айына қарай кәрілік бойынша базалық сақтандыру 1 миллиард адамды қамтыса, жұмыссыздық бойынша сақтандыру 222 миллион адамды, ал өндірістік дарақат бойынша сақтандыру 274 миллион адамды қамтыды. Базалық медициналық сақтандыру 1,3 миллиард адамды, халықтың 95% пайызын қамтып отыр[75].

Медициналық қызмет көрсету саласы да Қытайда біршама дамыды. Медициналық мекемелер саны жылдан жылға көбейіп, медициналық қызметкерлер саны да арта түсті. Қоғамдық денсаулық сақтаудың базалық жүйесі құрылды. Жан басына шаққандағы денсаулық сақтауға мемлекет тарапынан бөлінетін субсидия көлемі 2009 жылы 15 юаньды құраса, 2020 жылы 74 юаньды құрады. Қоғамдық денсаулық сақтаудың тегін медициналық көмек саны 12-ден 19-ға ұлғайды. Медициналық қызметтің көлемінің ұлғаюы Қытайда өмір сүрудің орта жасының ұлғаюына да алып келді: 1981 жылы 67,8 жас болса, 2019 жылы 77,3 жасқа жетті. Бұл көрсеткіш әлемдік көрсеткіштен (73 жас) жоғары болып табылады. Нәресте өлімінің саны 1970-ші жылдардың

соңында 1000 адамға 37,6% болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 1000 адамға 5,4% дейін төмендеді [75].

«Сяокан қоғамын» құру барысында халықтың тұрғын үй жағдайы біршама жақсарды. 2019 жылы қалалық тұрғындардың жан басына шаққандағы тұрғын үй алаңы 39,8 шаршы метр құраса, ауылдық тұрғындарға бұл көрсеткіш 48,9 шаршы метрге дейін жетті. 1978 жылдары бұл көрсеткіштер сәйкесінше 4,2 шаршы метр және 8,1 шаршы метр шамасында болатын. Мемлекет тұрғын үй қауіпсіздігін нығайтып, мемлекет тарапынан қаржыландырылатын тұрғын үйлердің 80 миллионнан аса данасын салды. Қалалық тұрғындарға қол жетімді баспана қамтамасыз ету мақсатында құрылыстық жобалар іске қосылып, 200 миллионнан астам кедейлердің баспана жағдайын жақсартты. Дегенмен, тұрғын үй алаңының өсуі халықтың баспана мәселесін толықтай шешпеді. Бүгінгі таңда Қытайда жылжымайтын мүлік нарығы ең қымбат нарықтардың бірі болып табылуда. Экономиканың өсуі, табыстардың ұлғаюымен қатар тұрғын үй сатып алуға жұмсалатын шығын көлемі де жылдан жылға өсуде. Табыстардың үлкен айырмашылығы жағдайында тұрғын үй сатып алу мәселесі бүгінгі таңда Қытайдағы өткір әлеуметтік мәселенің біріне айналып отыр. Мысалы 2012-2018 жылдар аралығында үй сатып алумен байланысты шығындардың үлесі 484%-ға өскен. Өмір сүру құны туралы әлемдегі ең үлкен мәліметтердің Numbeo базасының мәліметтері бойынша, Қытайда бірінші деңгейлі қалалардағы тұрғын үй бағасының жылдық табысқа қатынасы келесі сандарды көрсетеді: Шэньчжэньде 43,15, Пекинде — 42,47, Шанхайда — 33,36 және Гуанчжоуда — 30,52 [108:638].

«Сяокан қоғамы» концептісі ұлттық экономикалық және әлеуметтік дамудың маңызды кезеңі болып табылғанымен, горизонталды халықаралық салыстыруда да үлкен мәнге ие. Қытайда «сяокан қоғамын» құру барысындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің динамикасын халықаралық контекстінде салыстыру Қытайдың әлемдегі орны мен рөлін ғылыми тұрғыдан нақтырақ түсінуге мүмкіндік ашады. Қытайдың 1978-2020 жылдар аралығындағы өз ішіндегі экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштері салыстыру арқылы бұл аралықта үлкен өзгерістер орын алып, біршама даму байқаймыз. Алайда жаһандық тұрғыдан өмір сүру сапасы Қытайда қаншалықты өзгергені де аса маңызды.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап өмір сүру сапасын жақсарту мәселесі халықаралық деңгейде маңыздылыққа ие бола бастады. Нәтижесінде түрлі халықаралық ұйымдар өмір сүру сапасын бағалаудың жүйелерін ұсынды. «Өмір сүру сапасы» көрсеткіштері алғаш рет 1990 жылы Біріккен Ұлттар ұйымы (БҰҰ) Даму бағдарламасы негізінде «Адамзат дамуының индексы» (HDI – Human Development Report) бойынша баяндамада жарияланды. «Адамзат дамуының индексы» жыл сайын 180-нен астам ел бойынша сараптама нәтижелерін жариялап келуде. HDI категориялары негізінен үш өлшемде қарастырылады: ұзақ және сау өмір, білімге деген қол жетімділік, өмір сүрудің лайықты деңгейі. Яғни бұл көрсеткіштер мемлекет азаматтары салауатты өмір салтын ұстанады ма, әлеуметтік қызметке қажетті білімге ие ме,

экономикалық қызметінен жеткілікті табыс таба алатынды ма деген сауалдарға жауап береді. Негізгі көрсеткіштері өмір сүру ұзақтығымен, орташа кәсіби дайындық деңгейімен және жан басына шаққандағы ішкі ұлттық табыспен өлшенеді [78].

2019 жылдың көрсеткіштері бойынша Қытайдың HDR-ы 0,761-ға тең, 189 ел мен аймақтар ішінде 85-ші орынды иеленіп тұр. 1990 жылғы 0,499 көрсеткішімен (144 ел ішінде 105-ші орын) салыстыратын болсақ, 52,5%-ға өсімді көреміз. 1990 жылдан 2019 жыл аралығында өмір сүру ұзақтығы 7,8 жылға ұзарып, 76,9 жылды құрады. Орташа дайындық деңгейі 3,2 жылға ұзарды. Жан басына шаққандағы ішкі ұлттық табыс көлемі 993,4%-ға ұлғайып, 1469 АҚШ долларынан 16 057 АҚШ долларына дейін өсті [78].

2012 жылдан бастап БҰҰ әлем бойынша 150-ден астам елдер ішінде өмірге қанағаттанушылық пен эмоционалды толқу бойынша зерттеулер жүргізіп, жыл сайын «бақыт индексы» бойынша есептер жариялауда. «Бақыт индексы» алты пункт бойынша есептеліп шығарылады: жан басына шаққандағы ЖІӨ, әлеуметтік қолдау, өмір сүру ұзақтығы, шешімдерді қабылдау еркіндігі, соңғы үш жыл ішіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейі мен жомарттық деңгейі. 2012-2013 жылдар аралығында Қытай «Бақыт индексі» бойынша 93-ші орында тұрса, 2014-2016 жылдар аралығында 79-шы орынға көтерілді. Алайда 2017-2019 жылдар аралығында 94-ші орынға түсіп қалып, кейінгі жылдары қайта қалпына келіп, ақырындап 84-ші орыннан бүгінгі таңда 72-ші орынға көтерілді [79].

«Сяокан қоғамын» құру үдерісінің әлсіз жақтары:

«Сяокан қоғамының» мақсаттарының ішінде әлеуметтік үйлесімділік, яғни теңгерімді әрі тең даму, табыстар айырмашылығын жою мәселесі маңызды орын алып келді. Алайда ауылдық және қалалық тұрғындардың табыстарының арасындағы айырмашылық мәселесі толық шешімін таппады, керісінше ұшығып кетті. Қытай табыстар арасындағы теңсіздік мәселесінде әлем бойынша алдыңғы қатарда тұр. Мұны біз келесі цифрлардан көре аламыз: 1978 жылы табыс айырмашылығы 2,5 есені құраса, 1990 жылдары бұл көрсеткіш 2,2 есеге түсті. 2007 және 2008 жылдардағы жаһандық қаржылық дағдарыс кезеңінде қала мен ауыл тұрғындарының табыс мөлшерінің айырмашылығы 3,3 есені көрсеткен болатын, алайда кейінгі жылдардағы экономикалық даму бұл көрсеткіштің төмендеуіне алып келді. 2010 жылы 2,9 есеге көрсеткіштен 2020 жылы 1978 жылдың көрсеткіші 2,5 есеге қайтып оралды [154:58]. Әлемдік елдермен салыстыратын болсақ, аймақаралық теңсіздік үлесі жоғары мемлекеттер қатарындағы Бразилия мен Ирландияның (Әлемдік валюталық қорының мәліметі бойынша) өзінде бұл көрсеткіш 1,7 есе айналасында [80]. Яғни Қытайдағы жағдай жоғары дәрежедегі диспропорцияны көрсетуде.

Әлеуметтік үйлесімділік бойынша Қытайда аймақаралық теңсіздік мәселесі де күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі болып қалуда. ЖІӨ-нің басым бөлігі әлі де үш негізгі ауданға келуде – Янцзы өзенінің атырауы (Шанхай, Чжэцзяна солтүстігі мен Цзянсу оңтүстігі) – 53 трлн юань, Қытай оңтүстігіндегі Чжуцзян өзенінің атырауы – 27,6 трлн юань және Пекин–Тяньцзинь–Хэбэй аймағы – 9,6 трлн юань. Басқа сөзбен айтқанда, өндірістің

басым бөлігі әлі де теңіз жағалауы аймақтарында шоғырланған. Сонымен қатар аймақтар арасындағы табыс мөлшерінде де үлкен айырмашылықтар орын алууда. Мысалы, Пекинде орташа табыс мөлшері жылына 57000 юаньды құраса, Шанхай – 58000 юань, ал кедей провинцияларда бұл көрсеткіш 4–5 есе төмен: Ганьсуда – 16000 юань, Тибетте – 15400 юань, Гуйчжоуда – 16700 юань. Ай сайынғы зейнетақы мөлшері жағынан да аймақтар арасында айырмашылық сақталып отыр – Пекинде зейнетақы мөлшері 4500 юаньды құраса, Цзилинде 2600 юань айналасында [34:808].

Қытай «сяокан қоғамына» салыстырмалы жоғары Джини коэффициентімен кірді. Табыстар теңсіздігінің өлшеуіші болып табылатын Джини коэффициентін Қытай үкіметі 0,3 пен 0,4 аралығында сақтауға тырысты. Алайда 2019 жылы Джини коэффициенті мақсаттық көрсеткіштен асып түсіп 0,46 құрады [108:638]. Қытайдың Ұлттық статистикалық бюросының мәліметтері бойынша табысы жоғары халықтың 10%-ы жалпы активтердің үлесінің 45%-ын иеленуде, ал табысы төмен халықтың 10%-ы жалпы активтердің тек 1%-ын иеленуде [34:810]. Әлемдік стандарттар бойынша табыс айырмашылығы 0,3-тен аспау керек, себебі 0,5 көрсеткіші әлеуметтік тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін қауіпті көрсеткіш деп саналады. Әлемдік банктің «Әлемдік теңсіздік базасында» берілген мәліметтер бойынша халықтың 1%, 10% және 50% иелігіндегі жалпы активтердің үлесі 2021 жылы сәйкесінше 30,5%, 67,8% и 6,4% құрады [155]. Дәл осы жылғы АҚШ-тың көрсеткіштері 35,9%, 71,1% и 1,5% құрап, мүлктік теңсіздік жағынан АҚШ әлемдегі елдер қатарында ең жоғарғы көрсеткішті көрсетті, ал Қытай АҚШ деңгейіне таяп қалды.

Еңбек нарығы тұрақталып, жұмыспен қамту сапасы өсіп, бұрындары негізінен сауатсыз немесе жартылай сауатты болған еңбекке жарамды халық бүгінгі таңда орта есеппен 10,8 жылдық мектеп білімі бар. Жұмыспен қамту құрылымы да үлкен өзгерістерге ұшырап, жұмыс күшінің 47,7 пайызы бүгінгі таңда экономиканың үшінші саласында шоғырланған, ал жұмысшылардың 61,6 пайызы қалаларда еңбек етуде [75]. 2020 жылы жұмыссыздық деңгейі 4,7% көрсеткішті көрсеткенімен, Қытайда жұмыссыздық мәселесі шешімі қиын болып қала беруде. Бұл жұмыссыздық деңгейін нақты өлшейтін әдіснамамен тікелей байланысты. Қытайда бұл жағынан екі үлкен кемшілігі бар. Біріншіден, ауылдық аймақтардағы жұмыссыздық есепке алынбайды. Бұл қытайлық жериеленушілік жүйеден мұра болып қалған мәселе. Мемлекет тарапынан бөлінген жерлерде ауылдық тұрғындар жұмыс істемесе де, ресми түрде олар ауылдық жериеленушілер деп есептеліп, жұмыспен қамтылғандар қатарына қосылады. Екіншіден, ауыл тұрғындарының басым бөлігі еңбек мигранттары ретінде қалаларға көшіп кеткен. Қытайлық «хукоу» тіркеу жүйесі қалаға табыс табуға кеткендерді ауылдық тұрғындар деп есепте қалдыра береді. Қытайда 290 млн жуық еңбек мигранттары бар, оның ішіндегі 170 млн ауылдық тұрғындар [156]. Еңбек мигранттарының жұмыссыздық деңгейін шынайы өлшеу қиынға соғуда, себебі олардың көбісі не жұмыс орнын жиі ауыстырады, не бейресми жұмыс істейді. Алайда COVID-19 пандемиясы кезінде олардың

көбісі жұмыстарын жоғалтқандары анық. Жұмыссыз мигранттардың саны статистикаға енбей қалуы салдарынан жұмыссыздық деңгейі де нақты жағдайды шынайы сипаттай алмайды. Үкімет жұмыспен қамту мәселесіне басымдылық беріп отырғанымен, көптеген сарапшылар бұл басымдылық қалалық аймақтарға беріліп, ауылдық жерлер назардан тыс қалып отырғанын айтуда.

Қарқынды экономикалық даму елде экологиялық мәселенің ұшығуына алып келді. Қытай топырақ эрозиясы, жайылым жерлердің тоқырауы, ормандардың шабылуы, атмосфера мен су бассейндерінің ластануы сияқты өткір экологиялық мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Қоршаған ортаның ластануы, әсіресе солтүстік өңірлерде, өткір мәселелердің бірі. Экологиялық өркениетті дамытуға мемлекет үлкен күш жұмсауда. Жасыл даму концепциясын жүзеге асыруда халықтың санасы мен белсенділігі біршама өсті. Экологиялық өркениеттің институционалды жүйесінің қалыптасуы ілгерілеп, ұлттық парктерді енгізу бойынша пилоттық бағдарламалар жүзеге асырыла бастады. Ресурстарды барынша үнемдеу бойынша Қытайдың талпынысы энергоресурстардың шығынын азайтуға бағытталуда. Экологияны қорғау мен қалпына келтіру бойынша үлкен жобалар іске асырылып, орман алқаптарын ұлғайту бойынша жұмыстар жалғасын табуда. Дегенмен, Қытайдың экологиялық проблемасы өршіп тұрған деңгейде қалып отыр.

«Сяокан қоғамын» құру барысында Қытай алдында туындаған мүмкіндіктер:

«Сяокан қоғамын» құру Қытайдың экономикасы мен қоғамның түрлі салаларында алуантүрлі мүмкіндіктерге жол ашты. «Сяокан қоғамын» құруға ұмтылыс экономикалық өсімді ынталандырды. Адамдардың кедейліктен арылуы және орта таптың қалыптасуы тауарлар мен қызметтердің кең ауқымына сұранысты туғызды. Бұл өз кезегінде экономикалық белсенділік пен кәсіпкерліктің артуына алып келді. Сұраныс пен ұсыныстың

Абсолютті кедейлік мәселесін Қытай үкіметі шешкенімен, салыстырмалы кедейлік мәселесі әлі де сақталып тұр. Бұл негізінен елде кедейліктің қандай стандарттары қолданылатындығына байланысты. Дамыған елдерде кедейліктің стандарты ретінде салыстырмалы кедейлік көрсеткіштері қолданылады. Салыстырмалы кедейлік адамдар қоғам өмірінде белсенді араласуға мүмкіндігінің жоқтығымен және адамдардың басым көпшілігіне әдеттегі деп қабылданатын игіліктерді пайдалана алмаумен сипатталады. Салыстырмалы кедейлік деп қоғам бойынша орташа көрсеткіштен табысы төмен адамдар үлесін айтады. Шартты түрде салыстырмалы кедейлік қолда бар табыстың орташа көрсеткішінің 40, 50 немесе 60 пайызын құрайды. Мысалы, АҚШ-та кедейлер қатарына 40 миллион адам жатқызылып, мемлекет бойынша кедейлік деңгейі 12% құраса, Ұлыбританияда кедейлер саны 10 миллион адамды құрап, кедейлік деңгейі 15% құрайды. 2020 жылдың мамыр айында премьер-министр Ли Кэцян БХӨЖ жабылу салтанатына орай берілген пресс-конференцияда «Қытай халқының жартысына жуығының, 600 миллион адам, ай сайынғы табысы 1000 юань шамасында» деп мәлімдеген болатын [108:640]. Бұл

мәлімдеме Қытайдың кедейлік мәселесінен толықтай арылмағандығын, ендігі кезекте үкімет алдында салыстырмалы кедейлік пен субъективті кедейлік мәселесін шешу міндеттемесі тұрғандығын білдіреді.

«Сяокан қоғамын» құру нәтижесінде туындаған қауіп-қатерлер:

Қытайда «сяокан қоғамын» құрудың мықты және әлсіз тұстары туралы айта отырып, бүгінгі таңда қоғам бетпе бет келіп отырған жаңа мәселелер мен тәуекелдерді де айта кету маңызды. Бүгінгі таңда реформалар елді экстенсивті дамыту потенциалын толықтай тауысты. ҚХР өз дамуында жаңа кезеңге келіп жетті, ендігі кезекте интенсивті дамудың факторларын іске қосу қажет. Ол дегеніміз ғылымды қажетсінетін, ресурс үнемдейтін технологияларды дамыту, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру, көптеген өнеркәсіптік өндірістердің ұйымдастырылуын өзгерту, Қытай жағдайына және оның мүмкіндіктеріне сәйкес келетін тұтыну құрылымы мен қала мен ауылдағы өмір салтын қалыптастыру. Қытайдағы реформалар көптеген аспектілер бойынша біркелкі және бір қарқында жүргізіліп жатқан жоқ. Экономикалық өсіммен салыстыратын болсақ, саяси және әлеуметтік реформалар экономикалық реформалардан әлдеқайда артта қалуда.

Соңғы онжылдықтар бойында Қытайдың өсімін қамтамасыз етіп келген негізгі күштер экспорт пен инвестициялар болса, ендігі кезекте ішкі тұтыну болмақ. Қытай басшылары бастаған экономиканы қайта теңгеру саясаты жалғастырылып жатқанымен, үй шаруашылықтарының тұтыну деңгейі әлі де төмен, бар болғаны ЖІӨ-нің 35% ғана құрауда. Салыстыра кетсек, Экономикалық Үлгілік және Даму Ұйымы елдерінде бұл үлес 60% - 70% құрайды [154:129]. Жалпы, Қытайдың «орта табыс» қақпанына түсу қаупі жоғары. Бұл құбылыс жұмыс күшінің құны төмен экспортқа бағытталған елдерге тән. Яғни еңбекақы теңсіздігі ішкі сұранысты ынталандыратын орта таптың қалыптасуына кедергі келтіруі мүмкін.

Қоғамдағы байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық пен әлеуметтік мәселелер саясат, экономика, қоғам мен мәдениет сынды салалардағы құрылымдық қайшылықтарға алып келу қаупі өте жоғары. «Хукоу» жүйесі шеңберінде халықтың еркін миграциясына кедергі келтірілгендіктен қоғамда табыс айырмашылығы мәселесі өршіп кетті. Ал қытайлық үкімет кейбір аймақтарға саяси басымдылық бергендіктің себебінен аймақаралық айырмашылық та ұлғайып кетті. Одан бөлек, жылжымайтын мүлікке байланысты экономикалық өсім активтердің бағаларының күрт өсуіне алып келіп, салдарынан табыс пен қаржы айырмашылығын өршітіп жіберді. Тереңдеп әрі кеңінен жайылып бара жатқан поляризация мен жылжымайтын мүлік бағасының өсуі салдарынан халықтың экономикалық және әлеуметтік өмір сүру қабілеті демографиялық мәселелерге (неке және бала туу) де өз әсерін тигізді.

Экономикалық өсімді сақтаудың негізі ретінде жүргізіліп келген демографиялық саясат (бір отбасы – бір бала) халықтың жас құрылымы мәселесінің ұшығуына алып келді. 2021 жылы халықтың табиғи өсімінің қарқыны 0,34% құрады, бұл дегеніміз нөлдік өсімге жақындап қалды деген сөз.

Бұл Қытайдың халықтың теріс өсімі кезеңіне аяқ басу мүмкіндігін көрсетуде. 2019 жылдың өзінде 65 және одан да жоғары жастағы адамдардың үлесі 14,2% көрсетіп, Қытайдың халықаралық дәрежеде қартаю қоғамына өткендігін меңзеген болатын. Халықтың қартаюы демографиялық жүктемені күшейтуде. 2050 жылға қарай 60 және одан жоғары жастағы адамдардың үлесі халықтың 30%-ын құрайды деп болжамдауда [32:146]. Бұл болашақта Қытайда жұмыссыздық мәселесі емес, жұмыс күшінің тапшылық мәселесін ұшықтыруы мүмкін. 15 пен 65 жас аралығындағы халық санының азаюы, қарттардың көбеюі экономикалық белсенді адамдардың санының азаюына да алып келуде. Мұндай жағдай әлеуметтік сақтандыру қорларына үлкен жүк түсіріп қана қоймай, ішкі нарықтың дамуына, тұтыну көлеміне де кері әсерін тигізеді сөзсіз.

Қытайдың үй шаруашылықтарын панелді зерттеу (CFPS - China Family Pannel Studies) 2010 жылдан бастап жүргізілуде. Екі жылда бір рет жүргізілетін зерттеу жұмыстары Пекин университетінің Әлеуметтік ғылымдар институты қызметкерлерімен жүргізіледі. Бүгінгі таңда 2018 жылға дейінгі зерттеу қорытындылары ашық қолжетімділікте. CFPS зерттеулерін негізінен қоғамдық өмірде маңызы өте жоғары жемқорлық мәселесі, қоршаған ортаны қорғау, теңсіздік мәселесі, жұмыспен қамту мәселесі, білім беру, медициналық қызмет көрсету, тұрғын үй мәселесі, әлеуметтік қамту мәселесі бойынша жүргізеді. 2012-2018 жылдар аралығында өткізілген зерттеулер нәтижесі бойынша, әлеуметтік салада біраз оңды өзгерістерді байқауға болады. Қытайлық жұмысшылардың орташа айлық табысы шамамен 39%-ға, яғни 1 990 юаньнан 2 761 юаньға дейін өскен. 2012 және 2018 жылдар аралығында өткізілген сауалнамаларға сәйкес әлеуметтік теңсіздік мәселесі қытайлықтарды ең қатты алаңдатып отырған мәселенің бірі. Соңғы 2018 жылдың мәліметтеріне сәйкес, қытайлықтар келесі мәселелерге де алаңдаушылық білдірді: экологиялық мәселелердің ұшығуы (6,906 адам), дансаулық сақтау мәселелері (6,793 адам), жемқорлық мәселелері (6,762 адам) және білім беру мәселесі (6,696 адам). Бұл мәселені жан-жақты қарастыратын болсақ, «сяокан қоғамын» құру барысында адамдардың санасы біраз өзгеріске ұшырап, қытайлықтар тамақ пен киімнен жоғары дәрежедегі мәселелерге назар аудара бастағандығын байқауға болады. CFPS мәліметтерінің негізінде халықтың өмір сүру сапасының өзгерісін бағалайтын болсақ, онда келесідей қызықты фактіні байқауға болады: орташа табыстың өсімі негізінен әдеттегі ауқаттылар табында орын алды, алайда өмір сүру сапасына деген көңіл толмаушылық та дәл осы топқа жататын адамдар арасында ерекше байқалады. Алдында таптар арасындағы табыстардың айырмашылығын қысқарту міндеті тұрған ҚКП бұл жағдайда үлкен тығырыққа тірелген тәрізді, себебі табысы неғұрлым өскен тап өкілдерінің өмір сүру сапасына деген талаптары да өсуде. Бұл өз кезегінде қоғам ішінде қалыптасқан жағдайға деген қанағаттанбаушылықты туындатуда [157].

Аталған ішкі құрылымдық қайшылықтарға байланысты Қытай үкіметі бүгінде дағдарыс алдында тұр. Егер үкімет «сяокан қоғамын» құрдық деп мәлімдеп, ары қарай халықтың өмірін жақсарту шараларын қолға алмаса, онда

тұрақты экономикалық даму мен социалистік мақсаттарды жүзеге асыру қиынға соқпақ.

Қытайлық қоғамының болашақ даму траекториясы:

Қытай үкіметі «сяокан қоғамын» құруды аяқтауы Қытайдың дамуы осымен барлық мақсаттарға қол жеткізді дегенді білдірмейді, қайта керісінше «сяокан қоғамы» құрылысының аяқталуы Қытайдың даму траекториясында жаңа кезеңнің бастамасын білдіреді. Қытай модернизацияның жаңа сатысына көтеріліп, экономикалық құрылымның дамуы, халықтың өмір сүру деңгейі, әлеуметтік дамудың көтерілуі, ұлттық күштің өсуі кезеңдік өзгерістерге ұшырайды деп күтілуде. Ендігі кезекте Қытайдың социалистік модернизациясы екінші стратегиялық қадамнан үшінші стратегиялық қадамды – 2049 жылға қарай, яғни ҚХР-дың 100-жылдық мерейтойына орай, «мықты социалистік елді құру» мақсатын жүзеге асыруға қарай бет алады. Дамудың келесі кезеңі әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталғанын біз Қытай үкіметінің модернизацияның бұдан да жоғары деңгейіне жетуге, гүлденген, инновациялық және тұрақты қоғам құруға бағытталған мемлекеттің болашақ дамуының жаңа тұжырымдамасынан көре аламыз. 2021 жылдың наурыз айында ҚХР Мемлекеттің кеңесінің Даму орталығы «ҚХР-дың 14-ші бес жылдық (2021–2025 жж.) пен 2035 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасының ұзақ мерзімді мақсаттық негізгі ережелері» атты құжатты жариялады. 19 бөлімнен тұратын бұл құжатта 13-ші бес жылдықтың негізгі нәтижелері көрсетіліп, 14-ші бес жылдыққа және одан кейін 2035 жылға дейінгі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыт-бағдарлары белгіленді [67]. Құжатта елдің дамуында әлі де теңгерімсіз даму мәселесі сақталып отырғандығы, реформалардың маңызды бағыттары бойынша қиындықтар әлі де бой көрсетіп жатқандығы, ауыл шаруашылығының базасы тұрақсыз екендігі, қала мен ауыл арасында және табыстар арасында үлкен айырмашылық сақталып отырғандығы мойындалды. Сонымен қатар, 2035 жылға қарай орындалуы тиісті ұзақ мерзімді міндеттер көрсетілген: жаңа типтегі индустриаландыру, ақпараттандыру, урбанизация, ауыл шаруашылығының модернизациясы, модернизацияланған экономикалық жүйені қалыптастыру. Аталған міндеттерді орындау барысында Қытайдың жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші әлемнің орташа дамыған елдер деңгейіне дейін көтеріліп, орта табысты әлеуметтік топтың үлесі біршама ұлғайып, негізгі қоғамдық қызметтер халықты түгелімен қамтып, тұрғындардың өмір сүру деңгейі жағынан қала мен ауыл арасындағы айырмашылық біртіндеп азаюы қажет деп көрсетілген.

14-ші бес жылдық материалдарында ел 2025 жылға қарай жетуі тиісті мақсаттық көрсеткіштер берілген. Барлық көрсеткіштер келесі бес топқа бөлінген: 1) экономикалық даму; 2) инновациялық драйверлер; 3) халықтың әлауқаты; 4) экологиялық көрсеткіштер; 5) қауіпсіздік кепілдігі [158:3]. Яғни 14-ші бес жылдық барысында басты екпін экономикалық өсімнің сапасын көтеруге және мемлекеттің сыртқы тәуекелдерге тұрақтылығын арттыруға бағытталады деген сөз. Инновациялық белсенділікті көтеру, экологиялық көрсеткіштерді

жақсарту, урбанизация мен кедейлікпен күресті сапалы басқару арқылы әлеуметтік тұрақтылықты нығайту алдыңғы қатарға шығарылып отыр.

Жақын бес жылдықта мемлекет келесідей көрсеткіштерге жетуді көздеп отыр: урбанизация деңгейі – 65%; ЖІӨ өсімі мен еңбек өнімділігі бойынша көрсеткіштер COVID-19 пандемиясына байланысты белгісіздіктен жалпы тұрғыдан берілген – ЖІӨ үшін өсімнің рационалды деңгейін сақтау, ал еңбек өнімділігін ЖІӨ өсімінің қарқынынан жоғары деңгейде ұстап отыру; ғылыми-техникалық инновацияларға шығындарды 7%-дан асыру; 2025 жылға қарай әр 10000 адамға 12 патент пен өнертабыстар болуы қажет; цифрлік экономиканың үлесі 13-ші бес жылдықтың 7,5% көрсеткішімен салыстырғанда 10% дейін өсуі қажет. Жан басына шаққандағы табыстар ЖІӨ-ның қарқынымен бірдей өсіп, жұмыссыздық 5,5%-дан аспауы қажет, ал білім алудың орташа ұзақтығы 10,8 жылдан 11,3 жылға дейін жеткізілуі тиісті. Кәрілікке байланысты базалық әлеуметтік қамсыздандыру 2020 жылдың 91%-нан өсіп, 2025 жылға қарай халықтың 95% қамтуы қажет [34:817].

Экономикалық даму саласында 14-ші бес жылдыққа арналған даму жоспарының негізін экономиканың «қос айналым» (双循环) стратегиясы қаламақ. 2020 жылдың мамыр айында ҚКП Саяси бюросының тұрақты комитетінің отырысында алғаш рет сөз қозғалған бұл стратегия 14-ші бес жылдық жоспарына енгізіліп, жоғары деңгейдегі маңыздылығы бекітілді. Бұл стратегия халықаралық ынтымақтастық («сыртқы айналым» немесе сыртқы нарық) көмегімен ішкі өсім көздеріне («ішкі айналым» немесе ішкі нарық) басымдылық беру арқылы дамуды меңзейді. Бүгінгі таңда Қытай экспортқа бағытталған мемлекет болудан бас тартуда. Осыған орай жақын жылдарға арналған басты міндеттердің бірі – тәуелсіз және бақыланатын өнеркәсіптік бірліктер мен жабдықтау тізбектерінің жүйесін дамыту. Бұл жоғары қосылған құны бар импорттық өнімді кезең-кезеңімен отандық өнімге ауыстыруға және өнеркәсіпті модернизациялауды жеделдетуге мүмкіндік береді. ҚХР экономикасының өсу қарқыны бәсеңдеген жағдайда және сыртқы саяси және макро экономикалық ортаның күрделенуі барысында ішкі сұранысты ынталандыру және құрылымдық реформаларды жүзеге асыру экономика саласында аса маңызды болып отыр. Бұл стратегияны жүзеге асыру үшін ішкі сұранысты ынталандыру басты міндеттердің біріне айналуда. Қуатты ішкі нарықты қалыптастыруда орта табысты әлеуметтік топтардың рөлінің маңыздылығына екіпін қойылды. Қытайлық мамандардың пікірі бойынша, «қос айналымды» экономиканың қалыптасуына қауіп төндіріп отырған факторлардың алдыңғы қатарында экономикалық даму мен әлеуметтік дамудағы теңгерімсіздік мәселесі және аймақтық диспропорция мәселелері тұр [158:6].

«Қос айналым» стратегиясының сәттілігі ішкі тұтынуды ынталандыруға тікелей байланысты. «Сяокан қоғамын» құру барысындағы табыстардың өсуі тұтынушылық үлесінің өсіміне алып келді. Соңғы жылдары қытайлықтар жинақтауға қарағанда тұтынуда өте белсенділік танытты. 2018 жылдағы мәліметке сай, қытайлық үй шаруашылықтар өздерінің табыстарының шамамен

51% тұтынуға жұмсауда, бұл 2012 жылдағы көрсеткіштен 8,9%-ға көп [34:819]. Дегенмен, ішкі нарықты дамыту үшін сұранысты ұлғайтып, тұтыну үлесін әлі де көтеру қажет. Алайда Қытайда табыстары жоғары үй шаруашылықтардан табыстары төменгі үй шаруашылықтарға байлықты бөлудің фискалды құралдары жоқ. Экономикасы дамыған елдердегі сияқты төменгі және орта табысты үй шаруашылықтарды экономикалық қиындықтардан сақтай алатын дамыған әрі мықты әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі де толыққанды қалыптаспаған. Бұл механизмдерсіз Қытай орта таптың өсімімен байланысты жоғарғы тұтыну деңгейіне жету қиынға соқпақ. Бұл мәселену шешу үшін Пекин жаңа саясатты қолға алды.

Қытай экономикасын қайта теңгерімдеу қарқынын күшейтіп, тұтынуды ұлғайту арқылы экспорт пен инвестицияға деген тәуелділікті азайтуға алып келеді деген көзқарасты ұстанып отырған үкімет басымдылықты төмен табысты халықтың жағдайын көтеруге және орта табысты топтың үлесін ұлғайтуға беріп отыр. Абсолютті кедейлікті жойдық деп мәлімдеген Қытай үкіметі ендігі кезекте ауыл мен қаладағы салыстырмалы кедейлікпен күресті жалғастырмақ деп күтілуде. Халықтың әл-ауқатын көтеру мен әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мақсатында үкімет жаңа саяси қадамдарды жасауда. Қордаланған мәселелердің ауырлығын сезінген қытайлық үкімет «хукоу» жүйесін реформалап, жеке секторды бақылауға алу арқылы байлықты қайта бөлу мәселесін қолға алуда. 2021 жылдың наурыз айында өткізілген үкіметтік отырыста халық саны 3 миллионнан аспайтын кіші және орташа қалаларда «хукоу» жүйесі жойылды. Сонымен қатар интернет платформамен, жылжымайтын мүлікпен айналысатын компаниялардың, жеке білім беру компаниялардың жұмыстарына санкциялар мен бақылаулар орнатылды.

«Қос айналым» стратегиясы Қытайдың экономикалық саясатының жалғыз жаңалығы емес. Компартия «қос айналым» стратегиясының мақсаттарына жетуге жәрдемдесетін және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарды шешуге септігін тигізетін жаңа саяси науқан жариялады – «ортақ баю» (共同富裕). «Ортақ баю» социализмнің мәні мен ҚКП-ның мақсаты деп жарияланып, Қытайдың болашақ кезеңге арналған даму бағытын білдірді [108:634].

Си Цзиньпин ұсынған «ортақ баю» концепциясы негізінен жаңа концепция емес. «Сяокан» тұжырымдамасы сияқты, «ортақ баю» термині де түп тамырымен конфуцийшілдік утопиялық идеал «Датунға» жақын келеді. Коммунистік партияның ресми құжаттарында «ортақ баю» тұжырымдамасы 1953 жылдан бері кездесіп келеді және бірінші болып бұл тұжырымдаманы алдыға тартқан басшы Мао Цзэдун болатын. Кейін Дэн Сяопин «кедейлік – социализм емес, социализмнің негізгі сипаты ортақ баю» деген тезисін қалыптастырды [70: 182, 220]. «Сяокан деңгейіне қол жеткізілген кезде «ортақ баю» мәселесін көтеруге болады» деген Дэн Сяопиннің болжамы орындалып, Си Цзиньпин 2021 жылдың шілде айында Қытай «сяокан қоғамын» құруды аяқтағандығы жайлы ресми жариялағаннан кейін, 17 тамыз күні Орталық қаржылық комитетінің отырысында «ортақ баюды» жүзеге асырудың жол

картасын ұсынды. Негізгі мақсат кірістерді бөлу құрылымын реформалау және үкіметтің қоғамның эллиптикалық құрылымын қалыптастыруды бақылау мүмкіндігін күшейту арқылы орта табысты таптың үлесін ұлғайту болып табылады [159].

Қытайлық биліктің ұсынған «ортақ баю» саясаты халық арасында табыстардың айырмашылығын жоюға бағытталған социализмнің негізгі талабы және қытайлық модернизацияның басты ерекшелігі. Си Цзиньпин «ортақ баю» стратегиясы тек экономикалық мақсат қана емес, сонымен қатар билеуші партияның саяси негізі екенін де атап өткен болатын. Үкімет халықтың негізгі қажеттіліктерін ескере отырып, экономикалық және әлеуметтік дамудың қағидаларына сәйкес прогреске қол жеткізу арқылы аумақтық, ауыл мен қала және табыстар арасындағы теңсіздік мәселесін шешуге толықтай қауқарлы болу керек деп атап өтеді. ҚКП ОК-ның жаңа «екі қадамдық» стратегиялық жоспарына сәйкес 2020 жылдан 2035 жылға дейін Қытай «ортақ баюға» нық қадам жасай отырып социалистік модернизацияны негізінен аяқтау керек [108:637].

«Сяокан қоғамын» құрудың іргетасына негізделе отырып, «ортақ баюдың» негізгі міндеттері халықтың игіліктерді неғұрлым көбейту және нәтижелі бөлу болып табылады. «Ортақ баю» бұл тек материалды даму емес, сонымен қатар рухани даму. Партияның риторикасында «ортақ баю» абсолютті теңдікті білдірмейді, бұл тұжырымдама шеңдерінде «сяокан қоғамында» сияқты табыстар арасында айырмашылықтың болуына жол берілген, тек айырмашылық арақатынасының біршама азаюы көзделген. «Ортақ баюға» қол жеткізу стратегиясы мемлекеттік қызмет көрсетуді туралау мәселесінен бөлек, табыстарды бөлу механизмін де қамтиды. Табыстарды бөлу механизмін бақылау мен қайта ұйымдастыру мәселесі ҚКП ОК-ның Қаржы-экономикалық комиссиясының 10-шы отырысында көтеріліп, халық арасында экономикалық игіліктерді бөлудің жаңа «үш реттік бөлу» (三次分配) атты саясаты қабылданды. Бұл тарихи отырыста Си Цзиньпин: «бірінші, екінші және үшінші бөліністі үйлестіретін базалық институционалды механизмді құрып, зәйтүн тектес бөліністің құрылымын қалыптастыруымыз қажет» деп ұсыныс жасады [159]. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин «ортақ баюды» жүзеге асыру үшін байлықты қайта бөлудің негізгі механизмі деп жариялаған «үш реттік бөлу» қағидасын алғаш рет 1994 жылы қытайлық экономист Ли Инин ұсынған болатын. Өз еңбектерінде Ли Инин табыстарды бөлудің үш «күші» туралы айтқан: нарық, мемлекет және мораль. Ли Инин пікірі бойынша, табыстардың бірінші бөлінісі адамның өз еңбегімен тапқан табысына негізделген, екінші бөлініс үкімет басқаруымен жүргізілетін салық жүйесі мен әлеуметтік қамсыздандыру жүфесіне негізделген, ал үшінші бөлініс «моральдық күш» әсерімен жеке тұлғалардың немесе кәсіпорындардың өз табыстарынан қайырымдылыққа бөлуге негізделген [108:638]. Корпоративтік қайырымдылық Қытайда тек бертін уақыттан бері бастама алған құбылыс. Үкімет қайырымдылықтың маңызын тек 2008 жылы Сычуань провинциясында болған ірі жер сілкінісінен кейін ғана мойындай бастады. Алайда Дүниежүзілік қайырымдылық индексіне

(The World Giving Index) сәйкес, 2010 және 2019 жылдар арасындағы Қытайдың көрсеткіші 126 ел ішінде ең төменгі болды. 2020 жылы ғана COVID-19 пандемиясы жаһандық қайырымдылықтың дамуына үлкен нұқсан келтірген кезеңде Қытайдың рейтингісі көтеріліп, 114 ел ішінде 95-ші орынға көтерілді [22].

«Ортақ баю» саясаты мен «үш реттік» бөлу қағидасы жарияланғаннан кейін Қытайдың миллиардерлері мен ірі өнеркәсіптері өздерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктерін көрсету үшін қомақты қайырымдылық аударымдар жасады. Бұл жағдай қоғам ішінде және Қытайдан сырт бұл жөнінде қызу талқылауларға алып келді. Си Цзиньпин Мао жолына түсіп, эгалитаризм саясатын жүргізуге тырысуда, жаңа бастама нарықтың тәуелсіздігіне қауіп төндіруде деген теріс пікірлер көп тарады. Орта деңгейлі табыстармен сипатталатын «сяокан» экономикасынан жоғары деңгейлі табысты заманауи социалистік елге айналу үдерісі қиын әрі ұзақ жолдың бірі. Партиялық көшбасшылыққа негізгі екпінді түсіріп отырған «ортақ баюға» бағытталған реформалар партияның легитимділігін нығайту мақсатында халықты біріктіруші жаңа саяси идеология екендігіне күмәніміз жоқ. Қытай әлеуметтік тұрақтылықты нығайту үшін қоғамда бай мен кедейлер арасындағы теңсіздіктің ұлғайып кетуіне жол бермеу мақсатында «ортақ баюды» барынша жүзеге асыруға нық сенім танытуда. Си Цзиньпинь «Qiushi» журналында жарияланған мақаласында «ортақ баюдың» төрт негізгі қағидасын және оны жүзеге асырудың алты бағытын таныстырып өтті. Төрт негізгі қағидаға төмендегілер жатқызылады: 1) байлықты инновациялар арқылы, еңбекқорлықты қолдай отырып жинақтау (экономиканың сапалы жақсаруын қолдау, білім беру деңгейі мен білім алу мүмкіндігінің теңдігі негізде адами капитал мен кәсіби кадрларды дайындау, жағымсыз әлеуметтік феномендардың (内卷, 躺平) алдын алу, әлеуметтік мобильділікті қамтамасыз ету); 2) Базалық (социалистік) экономикалық жүйе (ортақ байлықтың рөлін күшейту, «үш реттік» бөлуге екпін жасау, заңсыз түрмен келген байлық үшін қатаң жазалау); 3) шынайы жағдайға сәйкес іске асыру (мемлекеттік саясаттың ғылыми жүйесін құрастыру, азаматтар үшін пайданы ұлғайту, дамыған елдермен айырмашылықты ескере отырып жүзеге асырылуы мүмкін мақсаттар мен саясатты орындау, инклюзивті дамуды қамтамасыз ету); 4) мақсатқа біртіндеп жету («ортақ баю» бұл ұзақ мерзімді мақсат, оны біртіндеп жүзеге асыру керек, ортақ баюдың Чжэцзян провинциясындағы көрнекі аймағының құрылуын қамтамасыз етіп, жергілікті жағдайға сай әдіс-тәсілдерді іздестіру) [160]. «Ортақ баю» саясатын жүргізудің алты негізгі бағыты да Қытайдың ішкі дамуының ерекшеліктеріне негізделіп құрастырылған (Кесте 10).

Кесте 10. «Ортақ баю» саясатын жүргізудің негізгі бағыттары

Бағыттың атауы	Мазмұны
Теңгерім, үйлесімділік пен дамудың инклюзивтілігі	Теңдікті, үйлесімділік пен дамудың инклюзивтілігін атап көрсету үшін

		<p>социалистік нарықтық экономикалық жүйені жақсарту. Аймақтар арасындағы теңгерімді даму: аймақтық даму стратегиясын жетілдіру, аймақ ар арасындағы жан басына шаққандағы қаржылық шығындар айырмашылығын қысқарту мақсатында трансферлік төлемдер жүйесін жетілдіру. Дамуы төмен деңгейдегі аймақтарға қоодау көрсету. Салалар арасындағы теңгерімді дамуды қамтамасыз ету: монопольді индустрияны реформалау, қаржы, жылжымайтын мүлік және экономика арасындағы үлесімді даму.</p>
	<p>Қайталама (жанама) табыс иерархиясын кеңейту</p>	<p>Индивидуалды қолдау арқылы төмен табысты топтарды орта табысты топтарға айналдыру Орта табысты топтарды қалыптастыру мақсатында жоғарғы білім беру жүйесін жақсарту Кіші және орта бизнес пен өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға бизнес ортаны, салықтық жеңілдіктерді және қаржыландыру көздерін жетілдіру Старптаптар есебінен байлықты ұлғайту «Хукоу» жүйесін реформалау арқылы шаруалар отбасына қалада еңбек етіп, балаларының білім алуына жағдай жасау Жылжымайтын мүлік, ауылшаруашылық жері мен қаржылық активтер сияқты түрлі активтердің есебінен түсетін табысты ұлғайту</p>
	<p>Негізгі мемлекеттік қызметтердің теңестірілуіне ықпал жасау</p>	<p>Төменгі табысты адамдардың әлеуметтік қамсыздандырылуын күшейту Төменгі табысты отбасылардың балаларына білім алу шығынын азайтып, білім берудің сапасын жақсарту Медбикелік күтімді жақсарту және медициналық қызмет көрсету ауқымын кеңейту</p>

		<p>Әлеуметтік көмек стандартындағы айырмашылықты азайту, әлеуметтік көмек үшін өмір сүру кепілдігінің минималды деңгейін көтеру</p> <p>Жылжымайтын мүлік жүйесін жақсарту: жылжымайтын мүлікке қатысты спекуляцияны тоқтату, ұзақ мерзімді жалға беру саясатын жетілдіру. Мемлекеттік жалға берілетін тұрғын үй саясатын кеңейту.</p>
	Жоғарғы табыстарға бейімділікті күшейту	<p>Жеке адамдардың табыстарына салықты және жоғары табысты үй шаруашылықтарының активтерін бақылауды жетілдіру</p> <p>Жылжымайтын мүлікке салық салу саласындағы рефомалар мен заңнамаларды белсенді түрде алдыға жылжыту</p> <p>Негізсіз табыс үшін жаза қолдану, ішкі транзакциялар, нарықпен манипуляция жасау және т.б. заңсыз әрекеттерге жол бермеу</p> <p>Зияттық меншікті қорғау арқылы табысты заңды қорғауды күшейту</p> <p>Антимонопольды бақылауды күшейту</p>
	Ментальды деңгейде ортақ баюға жәрдемдесу	<p>Негізгі социалистік құндылықтарды, Отансүйгіштікті, ұжымшылдық пен социалистік тәрбиені нығайту.</p> <p>Қоғамдық мәдени жобаларға қолдау көрсету және қоғамдық мәдени қызмет көрсету жүйесін жетілдіру.</p> <p>Ортақ баюға байланысты дұрыс қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал жасау, радикалды көңіл-күйлердің таралуына жол бермеу</p>
	Шаруалар мен ауылдық қауымдастықтардың ортақ баюына жәрдемдесу	<p>Ортақ баюда ең үлкен мәселе ауылдық өңірлердің мәселелері болып табылады. Ауылдық аймақтарда ортақ баюға ынталандыру жұмыстары біраз кедергілермен жүруі мүмкін.</p> <p>Халықтың осл топтары мен кедейлікке қайта түсіп кетуі мүмкін</p>

	деген ауылды аймақтарды қатаң бақылауға алу Ауыл шаруашылығын индустрияландыруды қолға алу Ауыл шаруашылығының базалық нысандарын нығайту, қоғамдық қызмет көрсету жүйесін жетілдіру

Дерккөззі:[160]

«Ортақ баюды» жүзеге асыруда да қытай үкіметі біртіндеп әрекет ету тактикасын таңдады. Ішкі тұтынуға негізделген, орта таптың үлесін ұлғайтуды мақсат тұтқан, табыстардың эллиптикалық құрылымын қалыптастырып, табыстарды «үш реттік» бөлу қағидасын бойынша қоғамға теңдей бөлуге назар салған қытай үкіметі болашақта нәтижелі экономикалық құрылымды қалыптастыруға бар күшін салуда. «Сяокан қоғамын» құру барысында қалыптастырған көрсеткіштер мен бағалау жүйесі сияқты, «Ортақ баюдың бас жоспары» да көп күттірмей үкімет тарапынан таныстырылады деп күтілуде. Дегенмен, «ортақ баюды» жүзеге асыру бүгінгі күнде бастапқы кезеңде тұр және оның негізгі көрсеткіштері, мақсаттары әлі де талай өзгерістерге ұшырап, бірнеше рет толықтырылады деп санаймыз. Қазіргі кезеңде қытай үкіметі ішінде және ғылыми ортада салыстырмалы кедейліктің стандарттарын орнату, оны өлшеу мен бақылаудың мәселесі белсенді талқылануда. Дамыған елдердегі салыстырмалы кедейлік деңгейін анықтауда ортақ бір стандарт қолданылса, Қытай жағдайында бұл мүмкін емес. Ауыл мен қала арасындағы табыстар айырмашылығы әр категорияға жеке стандартты орнатуды қажет етуде. Салыстырмалы кедейліктің базалық деңгейінің анықталмағандығы себебінен қытай үкіметі жақын арада әлсіз дамыған аймақтардың тұрғындарының және төмен табысты азаматтардың табыстарын өсіруге бар назарын салады деп күтілуде. Сол арқылы 14-ші бесжылдық барысында біртіндеп салыстырмалы кедейлікті бақылаудың жалпы ұлттық жүйесі қалыптасады деген болжам бар.

Қытайлық үкімет салыстырмалы кедейлікті білім беру, медициналық қызмет көрсету, еңбекпен қамту және кәрілерге қамқорлық көрсету сияқты мемлекеттік қызметтерді және экологиялық орта, мәдениет пен өмір сүру сапасы сияқты мәселелерді қамтитын кең концепция ретінде қарастырып отыр. Осыған орай Қытайда салыстырмалы кедейлікпен және теңсіздікпен күрес қысқа мерзімді перспективада ауылдық аймақтарда, даму деңгейі төмен және халқының табыстары төмен аймақтарда институционалды реформа жүргізуге бағытталады деп күтілуде.

Мао Цзэдун сұлбасын салып, Дэн Сяопин жоспарын құрап, Си Цзиньпин жүзеге асыруға кіріскен «ортақ баю» мақсатына жету үшін «қытайлық үлгідегі модернизация» бүгінгі таңда басынан үш кезенді өткеріп, төртіншісіне аяқ басты: 1) 1978–1990 жж. — кедейліктен «вэньбао» деңгейіне өтті; 2) 1990–2000 жж. — «вэньбао» деңгейінен «сяокан» деңгейіне жетті; 3) 2000–2021 жж. — «сяокан» деңгейінен «сяокан қоғамына» өтті; 4) 2021–2030 жж. — «сяокан

қоғамынан» «ортақ байыған» (гунтун фуюй) қоғамға аяқ басу кезеңі. Бұл уақыт аралығында Қытайдың мемлекеттік күш-қуаты (ЖІӨ көлемі жағынан) біршама көтерілді: 1978 жылғы 10-шы орыннан 2000 жылғы 5-ші орынға дейін және 2010 жылы 2-ші орынға дейін. Болашақта енді Қытай АҚШ-ты озып 1-ші орынға шығады деп күтілуде. Нәтижесінде Қытай ХХІ ғасыр ортасына қарай «әлемдік фабрика» дәрежесін алдыңғы «әлемдік нарық» дәрежесіне өзгертпек.

Қытайлық ғалым Ху Аньган болжамы бойынша алдағы уақытта Қытай өндіріске негізделген экономикадан қызмет көрсету саласы дамыған экономика түріне ауыспақ. 2030 жылы ЖІӨ көлемі бойынша 1-ші, 2-ші және 3-ші салалар бойынша қатынас 5:33:62 құрамақ. Бұл дегеніміз, 80 жыл ішінде Қытай ауылшаруашылық экономикадан өндірістік экономикаға, қуатты мемлекеттік өнеркәсіп экономикасына, ақыр соңында үшінші сала экономикасына сапалы өтуді қамтамасыз етті деген сөз [34:818].

Жалпы айтатын болсақ, «сяокан қоғамын» құру барысында Қытай халқының өмір сүру деңгейі біршама көтерілді. Дегенмен, кез-келген экономикалық даму қиындықтарсыз жүрмейді. «Сяокан қоғамын» құру барысындағы негізгі қиындықтарды атап өтетін болсақ, жалпы тұрғыдан алып қарағанда ең негізгі кедергі ауылды аймақтар мен ауыл тұрғындары болды. «Сяокан қоғамын» құрудың көрсеткіштеріндегі қиындықтар ауыл тұрғындарының табыс мөлшері, өмір сүру сапасы көрсеткіштерінде туындаған болатын. «Сяокан қоғамын» құру барысындағы құрылымдық трансформацияда қиындық туғызған мәселелер аймақ аралық айырмашылық пен экономикалық дамудың теңгерімі мәселелері болды. Осы тұрғыдан айтатын болсақ, Қытай қоғамының «сяокан» деңгейіне жету үдерісі провинция мен аймақтардың ілгері-кейінді даму үдерісі деп айтсақ болады. «Сяокан қоғамын» құрғанмен де, Қытай әлі де дамудың салыстырмалы түрдегі төменгі сатысында тұр. Алда әлі «бай қоғам» құрудың, модернизацияны толықтай аяқтаудың үлкен міндеті тұр.

3.2 Қытайдағы «сяокан қоғамын» құру үдерісінің Қазақстан үшін тәжірибесі

ХХІ ғасырда модернизацияның қуып жетуші моделінен «өзіндік» негізде дамудың жолына көшу мәселесі аса өзекті болып отыр. Осы тұрғыда Қытайдың модернизациялық тәжірибесі үлкен маңыздылыққа ие. Дамушы әлемнің барлық мемлекеттері Қытайды қарқынды экономикалық өсуді қалай жүзеге асыру үлгісі ретінде қарастыруда. Дегенмен, Қытайдың модернизация, экономикалық трансформация бойынша тәжірибесі экономикасы өтпелі кезеңде тұрған елдер үшін қаншалықты жарамды деген мәселе де ғалымдар арасында қызу пікірталас тудыруда. Ғалымдардың бір тобы өзге елдер экономикалық дамудың қытайлық моделінің кейбір тұстарын өздерінде қолдана алады десе, екінші бір топ қытайлық модельдің бірегейлігін алдыға тартып, басқа елдерде мүлдем қолдануға келмейді деп негіздеуде. Әрине, Қытай модернизациясының моделін тікелей көшіру мүмкіндігі жағынан айтатын болсақ, онда Қытайда жүргізіліп отырған трансформациялық тәжірибенің әлеуметтік-экономикалық және географиялық жағдайлардың ауқымдылығына байланысты басқа елде айнытпай

қайталау мүмкін еместігі бірден анық. Дегенмен, Қытай жаһандық вестернизацияға балама ретінде жаңа социалистік әмбебаптылықтың моделін құрастыруға тырысып жатқандығын ескеретін болсақ, кештетілген модернизацияны жүзеге асыру мен ұлттық негіздегі даму модельдерін қалыптастыру тәжірибесі тұрғысынан қытайлық модель дамушы елдерге біршама жақсы үлгі бола алады. Өздерінің ішкі жағдайларына бейімдеу арқылы қытайлық модельдің оңды тұстарын пайдалану дамушы елдерге үлкен мүмкіндіктер ашпақ.

Егер Қазақстан мен Қытай модернизациялары арасында салыстырмалы талдау жүргізетін болсақ, онда келесі ұқсас факторларды байқауға болады: мемлекеттің көпұлттылығы, реформа басында екі елдің де экономикасы марксистік экономикалық теорияға негізделген әкімшіл-әміршіл сипатта болуы және екі ел де реформаларды жүргізу арқылы нарықтық экономикаға өтуі. Аталған ортақ параметрлерді ескермесек, екі елдің модернизациясындағы басты айырмашылық реформаларды жүргізудің стратегиясында болды деп айтса болады. Қазақстан да, Қытай да экономикасы өтпелі елдер болып табылғанымен, Қытайдың жоспардан нарыққа өтуі эволюциялық сипатта жүзеге асырылып, бұл үдеріс мемлекет бақылауында, нақты айтсақ, ҚКП бақылауында жүргізілсе, Қазақстанда бұл үдеріс революциялық сипатта жүрді. Мемлекет нарықтық экономикаға көшу үдерісін бақылаудан шеттетілді. Қазақстанда реформалардың мақсаты жеке сектор басымдылыққа ие аралас экономиканы құру, либералды нарықтық экономиканы бекіту және экономиканың ашықтығына қол жеткізу болды. Ал қытайлық реформалардың бастапқы кезеңдегі мақсаты қоғамдық сектор мен мемлекеттің реттеудің басымдылығын сақтай отырып экономиканың көп қабатты жүйесін құру болды. Басқа сөзбен айтқанда, Қазақстанда бастапқы кезеңде мақсат ескі жүйені толығымен жою болса, Қытайда өз жүйесін сақтап қалу мақсатында реформалау болды. Стратегиялардың ерекшелігі екі елдің реформалаудың түрлі тактикасын таңдауға алып келді. Қазақстан ішкі реформаларды Ресей үлгісімен, радикалды түрде, яғни «шок терапиясы» жолымен жүргізсе, Қытай біртіндеп реформалау жолын таңдады. Бір ізділігі жоқ стихиялық либералды экономикалық саясат жүргізу нәтижесінде өткен ғасырдың 90-шы жылдарының аяғына қарай Қазақстанда инфляция жоғарылап, халық кедейленіп, жемқорлық күшейіп, бұқараның реформаларға наразылығы туындады. Бұл экономикалық дамудың жаңа баламалы жолын іздестіруге алып келді. Ал Қытайда керісінше қарқынды экономикалық даму байқалды.

Қытай даму деңгейі жағынан ТМД елдерін әлдеқашан басып озып, көптеген көрсеткіштер бойынша Еуропа Экономикалық Үнтымақтастық және Даму Ұйымы (ОЕСД) елдеріне жақындап қалды. Қытайлық басшылар ҚХР-да құрылған социализм үлгісінің ұлттық ерекшелігін әрдайым ерекше атап өтіп, өзге елдің ішкі жағдайына қол сұқпау қағидасын ұстану негізінде өзінің даму моделін үлгі ретінде ұсынбағанымен, әлеуметтік-экономикалық дамудың қытайлық тәжірибесі әлемдік маңызға ие екені сөзсіз. Көп жағдайда дамудың қытайлық үлгісін қате интерпретациялап жатады немесе тіпті қарапайым

деңгейде, тек жоғары дәрежеде орталықтандырылған және экономикалық интервенциялық мемлекеттегі күшті көшбасшылықты ғана білдіреді деп түсіндіреді. Алайда Қытайдың өркендеуінің тәжірибесі жалғыз билік моделінде ғана емес. Қытайда модернизацияны жүргізу барысында прагматизм, ішкі жағдайға шынайы көзқарас пен ұлттық ерекшеліктерді ескеру өте маңызды рөл ойнады. Қытай реформаларының атасы Дэн Сяопиннің елді модернизациялаудағы басты ұстанған қағидасы – «елдің өзіндік ерекшеліктерін ескеру» болды. Яғни, қандай да бір мемлекеттің даму жолы сәтті болғанымен, оны өз елінің дамуы үшін айна-қатесіз көшіріп алуға келмейді. Дамудың бірыңғай әмбебап моделі жоқ. Әр мемлекеттің өзіндік бірегей активтері мен жеке мәселелері бар. Әр ел даму жолында сәттілікке қол жеткізу үшін өзінің саяси және қоғамдық жүйесінің ерекшеліктерін ескеру қажет. Осы тұрғыдан Қытайдың тәжірибесін Қазақстан дамуы үшін зерделеу маңызды болып табылады. Себебі, біздің ел де әлеуметтік әділдік пен халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруына ұмтылуда. Осы негізде Қазақстан Республикасы өзінің объективті жағдайына толықтай жауап беретін модернизация моделін қалыптастыруы өте маңызды. Еліміздің сәтті дамуы үшін ұлттық негізіміздегі модернизация моделін іздеп табу халқымыздың өмір сүру жағдайының жақсарып, өмір сүру сапасының көтерілуіне ықпал ететіні сөзсіз анық.

1978 жылы Дэн Сяопин реформаларды бастаған кезінде Қытайдың Оңтүстік Корея, Сингапур, Тайвань сияқты қарқынды дамушы көршілеріне қарап, өз елі де дәл сондай жетістіктерге жетеді деп сенді. Қытайдың өзге елдермен арасындағы экономикалық айырмашылықты қысқарту мақсатында «сяокан» тұжырымдамасын жүзеге асыруды ел ішінде кеңінен жүргізді. «Сяокан» идеологиясы мемлекеттік сектор мен жеке кәсіпкерлікті дамыту арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу арқылы қытайлық қоғамдағы теңгерімсіздіктің жойылуын меңзеді. Бұл мақсатқа жету үшін кең көлемді реформалар қолға алынды. Қытайлық реформалар бұрын-соңды болмаған дамуға алып келіп, реформалардың негізін құраған төмендегідей бірқатар негізгі қағидалар тізбегін қалыптастырды:

1) *Шағын фермерлер мен ауылдық жерлерден бастау.*

Ішінара азық-түлік дағдарысына алаңдаушылыққа байланысты Қытай реформаларды ауылды жерлерден бастап, ұжымдық шаруашылықтарды таратып, шағын фермерлердің мүмкіндіктерін кеңейтуге көңіл бөлді. Егін күрт өсті. Бірақ қытай ауылшаруашылық нарықтарын жай ғана «босатып» қойған жоқ, мемлекет әлі де бағаны, тыңайтқыштарды тарату және жеткізу жүйесін бақылауды жалғастырды. Тек 1990 жылдары ғана фермерлік секторды нарықтандырыла бастады. Жоғары кірістер мен өнімділік жаңа өнімдерге сұранысты ынталандырды, жинақ пен инвестицияны арттырды және ауыл тұрғындарына зауыттық жұмыспен айналысуға мүмкіндік берді. Ауылдық жерлерде өнеркәсіп жоғары деңгейге көтерілді. Жергілікті шенеуніктердің көмегіне сүйене отырып, кенттік және ауылдық кәсіпорындар 1980-1990 жылдары Қытай экономикасының ең серпінді бөлігіне айналды. Бүгінгі таңда Норе Group (агробизнес), Нуануан (кондиционерлер) және Chery

(автомобильдер) сияқты жетекші компаниялар әлі күнге дейін ауылдық жерлерде орналасқан. Қытай ауылдарының 95% -ы жолдар, электр қуаты, су құбыры, табиғи газ және телефон желілерімен қамтылған болса, көптеген дамушы елдер ауыл шаруашылығы мен ауылдық инфрақұрылымға созылмалы түрде инвестиция салмай, өздерінің ауылдық жерлерін елемей келуде.

2) Білім инфрақұрылымына қомақты қаражат салу.

Егер 1949 жылы Қытайда сауатсыздық деңгейі 80% құраса, бүгінде Қытайда білікті мамандар мен білімді жұмыс күші бар. Студенттік жастағы қытайлықтардың төрттен бірінен астамы қазір жоғары оқу орындарында білім алууда. Қытай негізгі мектеп білімі шеңберінен асып түсетін жоғары білім инфрақұрылымына басымдық беруде. Ол шетелдік технологияларды игеруге, әлемдегі ең жылдам суперкомпьютер құруға, ғарышкерлерді ғарышқа жіберуге және өзінің спутниктік навигация жүйесін дамытуға көмектесетін озық зерттеу орталықтарын құруда.

3) Бірліктің басымдылығы

Қытайдың мемлекеттің жүйесі авторитарлы болып табылғанымен, оның көптеген басшылары іс жүзінде үлкен жауапкершілікті сезінеді. Керісінше, әрдайым сайлау өткізілетін кейбір дамушы елдерде лауазымды қызметкерлер аралық есеп беру міндетін елемегендіктен, жауапкершіліктері де төмен болып жатады. Қытай біртұтас мемлекет ретіндегі ұзақ тарихқа ие. Осы негізде пайда болған ұлттық бірегейлік сезімі көшбасшыларда олардың отандастары өздерінен сұрау салар сезімін туғызады. Бұл Қытайды колониалды тарихы бар және ұлттық бірегейлік толық қалыптасып үлгермеген дамушы елдерден ерекшелейді. Қытайлық көшбасшылар өздерінің билікке заңдылығын сайлаушылардың дауысы арқылы емес, өздерінің көрсеткен нәтижелері негізде негіздейді. Коммунистік идеология әлсірегеннен кейін билеуші партия өсім мен табыстардың ұлғаюын қамтамасыз ете алатын шенеуніктерді алға жылжытуда және жауапкершілікті соларға артуда. Дамудың бес жылдық жоспарларын құру және олардың нәтижелерін қортындылау партия бағытының және жұмысының артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіп, қателер бойынша жұмыс жасауға жақсы тәжірибе қалыптастырды. Модернизация үдерісін кезеңдерге бөлу, кезеңдік мақсаттарды белгілеу, міндеттерді анықтау нәтижеге бағытталған жұмысты жүргізудің оңды тәжірибесін қалыптастырды.

4) Инклюзивті дамуға ұмтылатын құзыретті үкімет құру.

Қытай мемлекетінің үш ерекшелігі Қытайдың өз сценарийіне сүйене отырып, барлық басқа дамушы елдерден неге асып түскенін түсіндіреді. Біріншіден, Қытай басқа дамушы елдерге қарағанда әлдеқайда үлкен мемлекеттік әлеуетке ие. Екіншіден, дамушы елдердің стандарттары бойынша Қытай негізгі аспектілерде ерекше инклюзивті болып табылады. Экономикалық өсу тауарлардың кең таралуына алып келді, әр бір бала мектепте міндетті білімін алууда, ал әр бір дерлік ауылда асфальтталған жолдар мен электр қуаты бар. Үшіншіден, мемлекет дамуға қатысты өсуді, инвестицияларды, экспортты, технологияларды және адами капиталды қалыптастыруды ынталандыруға бағытталған саясатты жүзеге асыру барысында толық күшін салуда. Керісінше,

көптеген дамушы елдерде мемлекет - жемқор, епсіз, баяу, тұрақсыз болып келуде, бұл өз алдына ұлттық дамуға ең үлкен кедергі болып табылады

5) Байлыққа жол ашу.

Инвесторлар мен өзінің кәсіпкерлерінің қуанышына орай, Қытай жолдарға, порттарға, теміржолдарға, электр энергиясына, телекоммуникация желілеріне және әуежайларға үлкен қаражат жұмсауда. Қытай әлемдік деңгейдегі көлік және экспорттық қуаттардың өте маңызды екенін жақсы түсінеді. Заманауи инфрақұрылым бизнесті жүргізу шығындарын төмендетіп, экспорт көлемін ұлғайтуға жақсы жағдай қалыптастырды. Электр, су құбырлары және телефондар жүйесінің құрылысына салынған инвестициялар халық тұрмысының жақсаруына, әлеуметтік теңсіздіктің азаюына оңды ықпал тигізді.

6) Жаңалықтарды енгізу алдында сыннан өткізу.

Жаңалықтарды жаппай енгізетін көптеген дамушы елдерден Қытайдың айырмашылығы кез келген өзгеріске сақтықпен қарауынды. Қытайдың шенеуніктері жаңа саясатты тексеру және қолдау үшін эксперименттерді, сынақтар мен қателіктерді, жергілікті пилоттық бағдарламаларды және нақты деректерді қолданады. «Тәжірибе – ақиқат өлшемі» марксистік диалектикалық философияның қағидасын Дэн Сяопин реформалардың негізгі әдіснамасы ретінде қолданғаны белгілі. Бір жүйеден екінші жүйеге көшу үстіндегі елдер үшін саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалардың қандай да бір моделінің дұрыс-бұрысын шешуде бұл қағида өте маңызды. Мысалы, реформалардың алғашқы кезеңінде нарықтық бағаны кеңінен енгізудің орнына Қытай ынталандыруды көтеретін, бірақ сәтсіздіктерді шектейтін «қос баға» жүйесін қолданды. Өндіріс өскен сайын нарықтандыру да ақырындап жүргізілді. Мемлекеттік кәсіпорындардың түбегейлі реформасы да осындай сақтықпен өтті. Жекешелендіру мәселесінде де Қытай аса үлкен сақтықты көрсетті. Отандық нарық субъектілерінің заңды құқықтары мен өзара әділ белсенділігін қамтамасыз ету арқылы халықтың кәсіпкерлік және еңбек белсенділігін ынталандырды. Ұлттық өндірістер мен отандық кәсіпорындарды дамыту реформалардың негізін қалағанымен, басты мақсат болмады. Басты мақсат – елдің әл-ауқатын көтеру болды. Қытайлық коммунистер социалистік идеология мен мемлекеттік жоспарлауды нарықтық бәсекелестікпен ұштастыра алды. Өзін-өзі үздіксіз жетілдіру, нәтижелерді объективті тұрғыдан бағалау, қателермен жұмыс жасау, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешу жолдарын үздіксіз іздестіру, ішкі және сыртқы жағдайды ескеру қытайлық коммунистердің экономикалық дамуды басқарудағы жаңашыл тәсілінің негізгі сипаттары болып табылады. Қытай социалистік идеологияны, нарықтық механизмдерді, ұлттық мүддені біріктіре отырып қытай халқына жаңа жағдайлар қалыптастырды.

7) Өзгерістерді біртіндеп, кезеңмен іске асыру.

Қытай жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу жолында бірден экономика бағытын жаппай нарықтық экономикаға көшіріп жіберген жоқ, елдің даму қарқынына сай оңтайлы түрде біртіндеп өзгертіп, саяси реформа мен экономикалық реформа қатар жүргізілмеді. Қытай абсолютті

мемлекеттік социализмнен шығуды біртіндеп, әрбір қадамын терең сараптау негізінде, халықтың әлеуметтік қажеттіліктерімен сәйкестендіре отырып жүзеге асырды. Алғашқы кезеңде ең басты назар тек ел экономикасына салынды. Билік ең алдымен өз экономикасының басым тұстарын есепке алып, ұтымды өнеркәсіп саясатын жүргізді. Модернизацияның қытайлық үлгісі біртіндеп жүргізілген реформалар елде оңды өзгерістерге алып келетіндігін көрсетті. Модернизацияны жүзеге асыру барысында Қытай еңбек өндірісін көтеруге бар көңілін бөліп, адами және физикалық капиталға тез және үлкен инвестициялар құюға, жинақтардың үлкен нормасына екпін жасады. Алайда басты ерекшелігі – ұзақ мерзімді мақсаттарға кезеңмен қол жеткізу тактикасын қалыптастырды.

8) Қаржылық нарықтарды даму мен тұрақтылық мақсатында қолдана алу.

Қытай қаржылық нарықтарда орын алып отырған жағдайларға әрдайым араласып, қаржылық нарықтар елдің дамуы мен тұрақтылығына ықпал етуін көздеген. Пекин шектеусіз қаржылық нарықтарға күмәнмен қарап, оларды өздерінің ішкі саясатының мақсатына қарай пайдалануға тырысуда. Банктер мен пошталық сақтау жүйесіне ерекше мән беріп отырған Қытай үкіметі қаржылық нарықтағы бәсекелестікті шектеп келуде. Шағын және ауылдық салымшыларға тәуекелдер деңгейін төмендету мен ыңғайлылықты арттыру арқылы мемлекет әлемдегі ең жоғары жинақ деңгейлерінің бірін ынталандыруда (орташа үй шаруашылықтары үшін 40%). Мұндай жинақ әлемдегі ең жоғары инвестициялық деңгейлердің бірін қамтамасыз етіп келеді. Мемлекет сонымен қатар капиталдың қозғалысын және валюта бағамын қатаң бақылауда ұстауда және экспорттың бәсекеге қабілеттілігін қорғауда.

9) Бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату үшін саясатты қолдану.

Батыстық экономикалық ілім нарықтың либерализациясын талап етіп отырғанда, Қытай стратегиялық протекционизм мен өндірістік саясатты тәжірибеге енгізуде. Үкімет басшылары елінің экономикасы мен алдыңғы қатарлы технологияларды меңгеруде маңызды деп табылатын жеке салалар мен компанияларға ерекше мән беруде. Билік шетелдік ықпалды шектеу үшін реттеу саясатын қолданып келеді. Қытай экономикалық дамуды қарқындатудың динамикалық үдерісі мен өнеркәсіптерді әртараптандыру мемлекеттің елеулі қатысуын талап ететіндігін түсінді. Себебі жеке компанияларға кейде көптеген сыртқы факторларды жеңу үшін масштабы мен ынтасы жетпей жатады. Осындай жағдайларда мемлекеттік белсенді араласуы аса қажет.

10) Өзін-өзі қамтамасыз етуді ынталандыру

Қытай реформаларды өзін-өзі қамтамасыз ету жолы ретінде қарастырады. Керісінше, дамушы елдердің көпшілігі саясатты жүзеге асыру барысында көбінесе Батыстың ықпалында қалып жатады, ал бұл олардың әлеммен өз шарттарымен қарым-қатынас жасау қабілетіне нұқсан келтіреді.

«Рұқсат ету» саясатын жүргізудің орнына Қытай шетелдік компаниялардың өзінің ішкі негізгі нарықтарына қол жеткізу шарттарын өзі белгілеуде, агрессивті түрде жаңа технологияларды сатып алуда және

фирмаларды халықаралық бәсекелестікке дайындауда. Қытайда мемлекеттік қызметкерлердің үлкен штаты сақталып келеді және басымдық байлық құруға, яғни экспортты көбейтуге берілген. Қажетті ноу-хау, өзінің корпорациялары және қабілетті мемлекеті бар Қытай жаһандануға төтеп бере алатындығына сенімді. Сауда компаниялардың құрылуына, азаматтарының көпшілігінің пайдаға кенелуіне және Қытайдың халықаралық жағдайының нығаюына оңды әсер етуде.

Қытайдың «сяокан қоғамын» құру бойынша нақты тәжірибесі де дамушы елдер үшін сабақ болар құндылыққа ие. Елді дамыту мақсатында практикалық қолданысқа енгізуге болатын Қытай тәжірибесінен келесідей тұстарын қарастыруға тұрарлық:

- Тиімді басқару мен тұрақты саяси орта: Орталықтанған және тұтас партиялық басқару Қытайдың белгілеген мақсаттарға сәтті жетуіне негіз қалыптастырды. Көппартиялы демократиялық елдерде бұл тәжірибе құзыретті әкімшілік жүйе мен мықты әрі тиімді басқару тетіктерін қалыптастыру негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

- Ұзақ мерзімді жоспар құру және оған сай мақсаттарды белгілеу.

- Инфрақұрылымға инвестиция салу: Қытай транспорттық жүйелер, энергетикалық нысандар мен телекоммуникациялық жүйелерді қамтитын инфрақұрылымдық құрылыстарға үлкен қаржылық инвестиция құю арқылы экономикалық өсімін қарқындатты.

- Адами капиталды дамыту: білім беру, кәсіби дайындық пен денсаулық сақтау салаларына екпін қою арқылы еңбек өнімділігін ұлғайту экономикалық дамуға мықты негіз қалыптастырды. Қытай басшылары адамға бағытталған даму философиясын ұстануда, соның негізінде адамдарға арқа сүйеу арқылы адамдардың дамуын қамтамасыз етуге тырысуда.

- Ауылдық аймақтарды дамыту және кедейлікпен күрес: ауылдық аймақтардың инфрақұрылымын дамыту, халықтың білім алу мен медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру кедейлік феноменін қысқартуға үлкен септігін тигізді. Кедейлікпен күрестің «қытайлық тәсілі» практикалық нұсқаулық ретінде қолдануға лайық тәжірибе.

- Теңгерімді аймақтық даму: Қытай «сяокан қоғамын» құру барысында аймақтық диспропорцияларға ерекше көңіл бөліп, мемлекеттің жалпы дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін әлеуметтік-экономикалық диспропорциялардың алдын алу мақсатында дамуы жағынан артта қалған аймақтарға инвестиция құю шараларын қолданды.

- Экологиялық тұрақтылық: «сяокан қоғамын» құру тәжірибесі экономикалық даму мен адамдардың өмір сүру деңгейін көтеру қоршаған орта есебінен жүзеге асыруға келмейтіндігін көрсетті. Қытай экономикалық, әлеуметтік даму мен қоршаған ортаны қорғау арасындағы байланыс туралы түсінігін тереңдетіп, экологиялық мәселелерді шешуді даму жоспарына қосты. Экологиялық өркениет қалыптастыру бүгінгі таңда стратегиялық мақсат қатарында.

- Жемқорлықпен күрес: ҚХР-да «сяокан қоғамын» құру барысында, әсіресе Си Цзиньпин тұсында, жемқорлықпен күрес науқаны кеңінен жүргізілді. Бүгінгі таңда Қытайда жемқорларды ұстау, ұрланған қаражатты елге қайтару, көлеңкелі қаржылық схемаларды жою бойынша бірнеше мемлекеттік бағдарламалар сәтті жүзеге асырылды. Нәтижесінде қоғам ішінде сыбайлас жемқорлыққа деген қарсы идеология қалыптастырылды. Осы тұрғыдан кез келген дамушы мемлекет үшін Қытайдағы жемқорлыққа деген қоғамдық көзқарасты қалыптастыру тәжірибесі аса өзекті болмақ. Қазақстан үшін де мемлекет тарапынан мұндай жүйелі әрі мақсатқа бағытталған жемқорлықпен күрес стратегиясын қолға алу аса маңызды.

Қытай жоғарыда келтірілген қағидалар негізінде әлемдік модернизация үдерісінде үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Бұл қағидалар реформаларды жүргізудің негізгі тетіктері рөлін атқарды. Алайда модернизацияны сәтті жүргізуде қытайлық қоғамның ең үлкен жетістігі бұл жергілікті және ұлттық жағдайларды оңды пайдалана отырып, халықты ортақ мақсатқа жұмылдырып, мемлекеттің дамуына мықты әлеуметтік базис қалыптастыра алуында. Қытайлық модернизацияның маңызды ерекшеліктерінің бірі – елдің ішкі трансформациясын идеологиялық тұрғыдан негіздеу. Осы орайда Аспан асты елінің «қытайлық ерекшелігі бар социализмді» үйлестірудің трансформациялық тәжірибесін тереңінен зерттеу өте өзекті. Себебі ұлттық мәдени-философиялық негізде даму жолын қалыптастыру қай мемлекет үшін болса да маңызды мәселе.

Қытайдың дәйекті және серпінді дамуы саяси, әлеуметтік және философиялық құндылықтар негізінде қалыптасқан мемлекеттік идеологиясына тікелей байланысты екені еш күмән келтірмейді. Себебі «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы Қытайдың дәстүрлі ой-санасының жаңа тарихи жағдайдағы жалғасы болып табылады.

Белгілі қазақстандық тарихшы-қытайтанушы Н.Мұқаметханұлы кез келген мемлекеттің бітімі үш тұғырдан (саясат, экономика және мәдениет) тұратындығы туралы айтуда. Ғалым: «Саясат пен экономиканың қайнар күші мәдениетте. Мәдениет дегеніміз – ұлттық идеология, қоғамдық-этикалық мораль, халықтың жасампаздық қабілеті. Мемлекет осы үш тұғырдың диалектикалық қатынасын сәйкестендіре алғанда ғана төрт аяғын нық басып, теңселмей алға басатын болады», - деп пайымдауда [161:3]. Қазақстанда болса әлі күнге дейін модернизация үшін мықты рухани іргетас қаланған жоқ. Ұлттық идеяны қалыптастыру бағытындағы ізденістер әлі де сәтті нәтиже бермеуде. Қытайда, мысалы, жаңа идеяны ойлап тауып, оны жаңа мазмұнмен толықтыру қажеттілігі болған жоқ, олар ежелгі тұжырымдаларды жаңалатып, жандандырып, заманауи ағымға сәйкестендіріп, оларды жүзеге асырудың технологияларын ғана қалыптастырды. Қытайлық тәжірибе ұлттық дәстүр мен адамзаттың ұзақ ғасырлар бойы жинақтаған ірі жетістіктерін сәтті синтездеу тұрғысынан да құнды болып табылады. Қытай мәдени-өркениеттік бірігейлікті сақтаудың және жан-жақты модернизация жүргізудің әдісін қалыптастырды десе болады. Реформаларды жүзеге асырудың «өзеннен тастарды ұстау арқылы өту» қағидасы негізінде Дэн Сяопин жоспарлы экономикаға нарықтық

механизмдерді енгізу барысында реформаның мәні мен мазмұнына әлеуметтік әділдік пен үйлесімділік қағидасын кіргізіп, оны «сяокан» ұғымы негізіндегі дәстүрлі құндылықтар мен қытайлық философиясы арқылы түсіндірді. Конфуций: «Аспан астының көркеюі мен күйреуіне әрбір азамат жауапты» деген болатын. Сол үшін де халықты ортақ мақсатқа жұмылдыру бірінші кезектегі мәселенің бірі. Мемлекеттік бағдарламалардың негізгі фокусы «сяокан қоғамын» құруды ұсыну арқылы экономикалық белсенді топтарды экономикалық әрекеттерге ынталандыруға шоғырланды. Неге Қазақстан үкіметіне де реформалар нәтижесінде құрылуға тиісті әлеуметтік жүйені қарапайым халыққа түсінікті тілде сипаттап, жеткізбеске?

Қоғамның әрбір мүшесі модернизацияның мақсаттарын нақты түсініп, модернизациялық үдерісте белсенді рөл ойнауы қажет. Кезінде атақты экономист Л. Эрхард «егер халық олардың мәнін түсініп, жүзеге асырылуына қатыспаса, кез келген реформалар сәтсіздікке ұшырайды» деген көзқарасын білдірген болатын [162:99]. Көптеген мемлекеттердің даму тәжірибесі көрсетіп отырғандай, дамудың қандай жолы таңдалғаны маңызды емес, бастысы ол жол бірінші кезекте халықпен мақұлдануы керек. Сонда ғана даму қоғамдық күшпен бірлесе отырып іске асады. Социолог У.Томас теориясында «шынайлық ретінде қабылданған нәрсе өз салдарында да шынайы болады» деп айтылған. Қазақстан болашағына қатысты, жоғарыдан жүргізіліп жатқан модернизацияның мақсаты мен нәтижелеріне қатысты шынайылық қандай екенін халық бұлыңғыр түсінуде. Біздің қоғамда модернизация «жақсарту, жетілдіру» деген қарапайым мағынада түсінілуде. Қоғамымызда бүгінгі таңда әлем бас тартқан «Батысты қуып жетуші» модернизациялық ұстаным мен экономикалық өсім доктринасы басымдылықта. Модернизацияның аймақтық жобалары әлсіз дамыған, мемлекеттің әлемдегі орны мен даму міндеттері туралы қоғамның түсінігі де бұлыңғыр. Қытайда болса реформалардың идеологиялық насихаты үлкен көлемде жүргізілуде. Іс-әрекет стилін, ойлау тәсілін өзгерту қиын нәрсе, алайда халықтың күш-жігерін біріктіретін идеяның болуы адамдардың қоғамдық өмірдегі пассивтілігін жоюға алып келуі мүмкін. Қытайда «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы халықты біріктіруші, жұмылдырушы идея болып табылады.

Ресейлік ғалым Е.О. Сони́на пікірі бойынша «Модернизация, өз негізінде, саяси шешімді емес, ғылыми-әдіснамалық шешімді қажет ететін мәселе. Модернизация концепциясы «ұзақ бейімделуден өтетін идеялық концепттердің жүйесі. Ол техникалық және экономикалық сипаттан гөрі әлеуметтік-мәдени сипаты жоғары үдеріс» [163]. Яғни әлеуметтік модернизация құндылықтар жүйесінің радикалды өзгерісін қажет ететін үдеріс болып табылады.

Қазақстандықтардың құндылықтар жүйесінде бүгінгі таңда материалдық құндылықтардың басым түсуін байқауға болады. Біздің ойымызша, елімізде «тұлға – қоғам – мемлекет» қарым-қатынас жүйесімен тығыз байланысты нормативті құндылықтар жүйесінің қалыптасуы мен дамуына ерекше көңіл бөлу керек. Халықтық бастаманың дамуына жақсы алғышарттар қалыптастыру аса маңызды. Қоғамымызда модернизациялық серпіліске объективті ресурстар

жеткілікті, тек экономикалық өсім нәтижелілігін көтеруге позитивті фактор табу керек. Мұндай позитивті фактордың рөлін ұлттық идеология ойнауы әбден мүмкін. Ұлттық идеология ұлттық мәдени-философиялық ойлардың негізінде қалыптасып, заманауи сарында болғаны дұрыс. П. Штомпка: «Модернизация – бұл инновациялар мен әлеуметтік жады, дәстүрдің араласуы» деп жақсы айтқан болатын [164:120]. XX ғасырда модернизация теориясының классиктері (С. Хантингтон, Ш. Эйзенштадт және т.б.) бұл көзқарас аясында дәстүрдің маңыздылығын ерекше атап өткен, алайда олар Қытай көрсеткендей модернизация мәдени-тарихи тамырларсыз мүмкін емес деген ой қорытып үлгермеді. Қазақстандық сарапшы А.Амребаев пікірінше: «Қазақстан үшін либералды реформалар процесінде біртіндеп жоғалған әлеуметтік әділеттілік, адамгершілік, қоғамдық борыш, еңбекқорлық, тәртіп, идеалдарға деген сенім дағдарысты сипаттайтын белгілер болып табылады. Осы жағдайда қоғамда болып жатқан өзгерістерге мән бере алатын жаңа сенім мен этикалық кодтарды іздеудің қоғам үшін өзектілігі аса жоғары. Өзіндік ұлттық, мәдени және философиялық негіздегі жолды іздеп табу аса өзекті мәселе» [61]. Расымен де, мемлекеттің кез келген ұлттық идеологиялық негізінің бүлінуі, сайып келгенде, мемлекеттік жүйенің ыдырауына алып келеді. Біздің жаңарып келе жатқан мемлекетіміз үшін өткеннің жалған идеологияларына немесе бүгінгі күннің технократтық жансыз схемаларына емес, мағынасы мен мазмұны жағынан жаңғыртылып жатқан ұлттық өзіндік сананың мәдени парадигмасына сүйенетін тұрақты идеологиялық негіздің болуы өте маңызды. Атақты «мысықтың ақ-қарасы маңызды емес, тышқан ұстаса болды» қағидасы қытайлық басшылыққа заманның алдыңғы қатарлы жетістіктеріне икемді және жоғары талғампаздықпен қарап, кең тараған доктриналардың шырмауына түспей және архаикалық өткеннің бұғауында қалмай, өзіндік жаңа идеология қалыптастыруға көмектесті. Біз де қытайлықтар сияқты «өзге» тәжірибесіне сыни көзқарас танытып, оны өз жағдайымызға икемді пайдалануды үйренуіміз қажет.

Дәстүрге сүйену дегеніміз – дәстүрге оралу емес, керісінше дәстүрді мұра ету, насихаттау және жаңарту. Қазіргі заманның табалдырығында тұрып, біз дәстүрлі мәдениетімізге көңіл бөліп, мәдениетіміздің үздік ойларын бойымызға сіңіруіміз керек. Қазақ халқының философиясында Конфуций сияқты елінің, халқының тыныштығын, әл-ауқатын, мемлекеттік бүтіндігін ойлаған қазақ ғұламалары көп болған. Ұлттық идеологияны қалыптастыруда солардың бай мұрасын қолдансақ болады. Мысал ретінде Асан Қайғыны алсақ та болады. Асан Қайғының «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманды» аңсауы Конфуцийдің «датунға» ұмтылысымен салыстыруға келеді. Ал Конфуцийдің «сяокан қоғамының» мазмұны: экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруы, елдің ішкі және сыртқы тұрақтылығы, мемлекет қауіпсіздігі Асан Қайғының «Жерұйық» идеясына сәйкес десек қателеспеспіз. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында қоғамды біріктіруші тұжырымдама ретінде «Мәңгілік ел» идеясы ұсынылып отыр. Өркениетке ұмтылу, экономикалық өрлеу және халықтың әл-ауқатының көтерілуі сияқты басты

бағыттарды ұстанып отырған бұл тұжырымдама ұлттық өміршендікті, қазақ халқының мәңгілігін насихаттап отырғанымен, халқымыздың психологиялық көңіл-күйін қалыптастыруда және болашақ жарқын өмірге деген құлшынысын оятуда рөлі толық ашылмай тұр. 70 жыл бойында социалистік идеологияның құрсауында болып, коммунизмге жете алмаған халықтық сананы абстрактылы идеялармен алға жетектеу бүгінгі күні аса қиын мәселе. Сондықтан жаңа ештеңе ойлап таппай, халықтың қоғамдық санасында тереңінен бекіген идеяларды жандандырып, заман талабына сай жаңа мазмұнмен толтыру әлдеқайда үлкен нәтижелік берері анық. Мұны Қытай мысалында жақсы көріп отырмыз. «Мәңгілік ел» тұжырымдамасын Қазақстан модернизациясының түпкілікті мақсаты ретінде көрсете отырып «Жерұйық қоғамы» идеясын аралық, кезеңдік мақсат ретінде қолданып, оны әлеуметтік-экономикалық дамудың нақты көрсеткіштерімен сипаттау керек. Біз де «қазақи» «сяокан қоғамын» құруымызға ұмтылыс жасасақ болады.

Қытай қырық жылдан астам уақыт бұрын модернизация кешенді үрдіс екенін түсініп, оған қатысты жан-жақты тәсілдер қолдана бастады. Әлемдік сахнада бәсекеге қабілетті болуға ұмтылатын елдер ерте не кеш экономиканы, өндірісті, саяси режимді модернизациялау қажеттілігіне тап болады. Модернизация – өте ауыр, қайшылыққа толы үдеріс. Қоғамда орын алатын трансформациялық үдерістер кей жағдайларда қоғаммен қабылданбай, модернизациялық үдерістер сәтсіздікке ұшырап жатады. «Модерн, модернизация» ұғымдарының тарихи-мәдени бастаулары орын алған елдерден өзге елдердің барлығында да модернизация экзогенді сипатта жүреді. Бұл экономикалық және саяси модернизацияны жүзеге асырумен қатар модернизация негіздерін теориялық-концептуалдық және рухани тұрғыдан негіздеудің ізденістерін жүргізу қажет дегенді білдіреді. Ғасырлар бойы қытайлық дәстүрлі мәдениет адамдардың бойында тәрбиелеп келген құндылықтар қоғамдыға модернизациялық үдерістің негізін қалай алды. Қытай басшылары қоғамдық дамуды үйлестіру үшін дәстүрлі рухани мәдениеттің элементтерін замануи сарында өте ұтымды пайдалануда.

Жалпы, Қытайдың социалистік модернизацияны іске асыру жағдайында «сяокан қоғамын» құрудың тәжірибесі дамушы елдер үшін құнды болуы әбден мүмкін. Инфрақұрылымға, технологиялар мен адами капиталды дамытуға инвестиция салу арқылы экономикалық дамуға басымдылық беру, кедейлікпен күресудің мақсаттық бағдарламаларын қабылдау, білім беру мен денсаулық сақтау салаларына инвестиция құю, инновация мен кәсіпкерлікті барынша ынталандыру, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін дамыту негізінде әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға тырысу – бұл «сяокан қоғамын» құрудың негізгі бағыттары болып табылады. Егер Қазақстан осы салалардағы негізгі мәселелеріне көңіл бөліп, оларды шешуге тырысса, онда қоғамдық даму ілгерілей түсері сөзсіз. Басынан кең көлемді реформалар кезеңін өткеріп отырған және алдыңғы қатарлы елдер қатарына қосылу мақсатын қойып отырған еліміз үшін қытайлық жетістіктердің тәжірибесі пайдалы болады деп сенеміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аталмыш зерттеу жұмысы Қытай модернизациясының концептуалды деңгейін зерттеуге екпін қойып, экономикалық саясат пен әлеуметтік контекст арасындағы байланысты зерттеу арқылы қытайлық модернизацияның бірегей сипаттарын анықтауға тырысты. Идеологиялық құрылымдарды есепке ала отырып реформалардың теориялық концепцияларын қарастыру негізінде Қытайды модернизациялау стратегиясының басты идеяларын сараптау модернизацияның теориялық платформасының дәстүрлі рухани мұрамен сабақтастығын айқын көрсетіп, бүгінгі таңда Қытайда орын алып жатқан әлеуметтік-экономикалық үдерістердің нақты сипатын ашып көрсетті. Диссертациялық зерттеу барысында тарихи ретроспективада жүргізілген сараптау жұмысы «сяокан» тұжырымдамасының эволюциясын көрсетумен қатар, ҚХР модернизациясы барысында «сяокан қоғамын» құру үдерісін кешенді тұрғыдан қарастырып, «сяокан» ұғымының әлеуметтік-экономикалық ерекшелігін айқындап, негізгі нәтижелерін бағалауға мүмкіндік берді. «Сяокан қоғамы» концепциясы бұл дәстүрлі қытайлық идеологиялық және мәдени мұраның ҚКП ұсынған саяси және теориялық концепцияларды халық арасында танымал қылудың икемді және шығармашылық қолданысы болып табылады. «Сяокан» тұжырымдамасы Дэн Сяопин бастамасымен ҚКП құрастырған және «төрт модернизация» мен «қытайлық үлгідегі модернизацияны» жүзеге асырудың өршіл жоспарына сәйкес келетін Қытайды модернизациялау үдерісінің жаңа сұлбасы.

ҚХР-дағы социалистік модернизация контекстінде «сяокан қоғамын» құру үдерісінің нәтижелерін қорытындылау негізінде төмендегі тұжырымдар жасалды:

1) Қытай қоғамының модернизациясы – күрделі әрі серпінді, экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени трансформацияның қайшылыққа толы үдерісі болып табылады. ХІХ ғасырда батыстық империалистік державалардың тарапынан ұлттық тәуелсіздікке төнген қауіп жағдайында қажеттіліктен туындаған модернизация үдерісі «ұлттық жандану» мақсатын алдыға қоя отырып, «мықты мемлекет – бай халық» идеясын жүзеге асыруды көздеді. Ұзақ мерзімді саяси және теориялық ізденістер нәтижесінде «қытайлық үлгідегі» модернизацияның ерекше моделі қалыптысты.

Теориялық-концептуалды деңгейде социалистік модернизация қытайлық ерекшелігі бар социализмді құру теориясының негізгі қағидаларының Қытайдың дәстүрлі құндылықтар мен конфуцийшілдіктен алынған идеалды қоғам (датун және сяокан) туралы түсініктеріне негізделген шынайы жағдайымен синтезінің нәтижесі болып табылады. Адамға бағытталған даму философиясын толыққанды көрсетіп отырған социалистік модернизация саясаты адамдардың өмірін жақсартуды, замануи социалистік қоғамды құруды көздейді.

2) Конфуцишілдік «сяокан» тұжырымдамасының Қытайдың әлеуметтік даму дискурсына енуі саяси мақсаттарға тікелей байланысты болды.

Социалистік өндіргіш күштерді босату және дамыту, орталықтандырылған жоспарлы экономикадан социалистік нарықтық экономикаға көшу, сондай-ақ қытайлық ерекшелігі бар социализмді құру жолын іздестіру нәтижесінде ұсынылған «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы қытайдың дәстүрлі құндылықтарына негізделіп, социалистік және капиталистік қағидаларды қамтитын көп деңгейлі және кешенді ұғым болып табылады.

Дәстүрлі конфуцийшілдіктен келген «сяокан» ұғымы ұзақ мерзімді эволюциядан өтіп, XX ғасырда Қытайдың модернизация бойынша талпыныстары шеңберінде дамудың бір кезеңі ретінде түсініле бастаған бұл ұғымды теориялық, саяси-бағдарламалық және тәжірибелі-қолданбалы тұрғыдан қарастыруға болады. Социалистік модернизацияның кезеңдік мақсаты деп жарияланған «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы қытайлық қоғамның дамуының маңызды әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші. 1980-ші жылдардан бастап әрдайым даму мен толықтырылу үстінде болған «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы «сяокан отбасы» деңгейінен «жан-жақты сяокан қоғамы» деңгейіне дейін эволюциядан өтіп, өзінде экономикалық дамуды, әлеуметтік прогресті, мәдени дамуды қамтитын көп қырлы тұжырымдамаға айналды. Қоғамның, экономиканың, мәдениеттің дамуымен қатар мағынасы тереңдей түскен «сяокан қоғамы» тұжырымдамасы бүгінгі таңда қытай ұлтының жандануымен тікелей байланысты, «қытайлық арманның» басты құраушы бөлігі және қытайлық ерекшелігі бар социализм теориясының өзегі болып табылады.

3) «Сяокан қоғамын» құру халықтың әлеуметтік-экономикалық деңгейінің көтерілуімен байланысты үдеріс. «Сяокан қоғамы» өмір сүру сапасы деңгейінің әрдайым көтерілуін қажет ететіндіктен бұл салыстырмалы сипатқа ие мақсат болып табылады. Негізгі сипаттамалары тұрғысынан «сяокан қоғамы» әлеуметтік-экономикалық және экологиялық даму арасында тепе-теңдік сақталған үйлесімді даму қоғамы. Бұл экономикасы шынайы әрі үздіксіз даму үстіндегі, қоғамдық тұрақтылық сақталған қоғам. Осы тұрғыдан «сяокан қоғамының» әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы Қытай үшін аса зор болып табылады. Қалыпты дамумен, табыстардың өсуімен, адами потенциалдың жоғарылауымен, абсолютті кедейліктің жойылуымен сипатталатын бұл тарихи үдеріс Қытайдың әлемнің басқа елдерімен арасындағы айырмашылықтың азаюына алып келді. Өндіріс күштерінің дамуы, халықтың өмір сүру деңгейінің көтерілуі, урбанизация қарқының өсуі Қытайды өнеркәсіптік жағынан артта қалған елден әлемдік көшбасшыға, бір кездері ең үлкен дәстүрлі ауыл қоғамы болып саналған елден қазіргі кездегі ең ірі қалалық қоғамға, ел мәдениеті мен ғылымы артта қалған материалдық базасы нашар елден бүгінгі күндегі жетекші экономикалық держава айналдырды.

4) ҚКП легитимділігі экономикалық дамуға тікелей байланысты. «Сяокан қоғамын» құру барысында онжылдықтар бойында партия қарқынды экономикалық дамуды тікелей өз бақылауында ұстап, кедейлікпен күрес жүргізу барысында қытай халқы саяси еркіндіктің шектелуіне қарсы келмеді. «Сяокан қоғамын» құру барысында қойылған мақсаттар мен жетістіктер

партияның халықпен қарым-қатынасының негізгі тәсілі болып келді. Легитимділігі «сяокан қоғамының» құрылуына тәуелді болған ҚКП қытай халқының өмір сүру деңгейін көтеру үшін бар күші мен ресурстарын салды.

5) Қытайда «сяокан қоғамын» құру модернизация үдерісінің бір кезеңі ғана болып табылады. Бұл үдеріс барысында Қытай үлкен жетістіктерге жеткенімен, әлі де шешімін толыққанды таппаған бірнеше мәселелер сақталып отыр: теңгерімсіз даму бүгінгі күнде де күрделі мәселелер қатарында қалып отыр; маңызды салалардағы реформалардың міндеті толықтай орындалып бітпеді; жоғары сапалы даму үшін инновациялық потенциал жеткіліксіз; ауыл шаруашылығын дамыту негіздерін әлі де нығайту керек; табыстар арасындағы теңсіздік пен ауыл мен қала және аймақтар дамуы арасындағы айырмашылық мәселесі сақталуда; қоршаған ортаны қорғау үлкен күшті талап етуде; адамдарды әл-ауқатпен қамтамасыз етуде және әлеуметтік басқаруда әлсіз тұстар әлі де орын алуда. Қытай социализмнің бастапқы кезеңінде тұр және алдында әлі де реформаларды толыққанды аяқтау, даму мен тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша үлкен міндеттерді орындау тұр. Қытай үкіметінің алдында халықты «ортақ баюға» жетелейтін ұзақ жолды жүріп өту міндеті күтіп отыр. Алдағы уақытта Қытай бірқатар әлеуметтік және экономикалық мақсаттарға қол жеткізуді көздеп отыр.

«Сяокан қоғамын» құруды аяқтай отырып Қытайдың модернизациясы дамудың жаңа кезеңіне өтуде. Экономикалық құрылыс, халықтың өмірі, әлеуметтік даму, ұлттық күш-қуат пен реформаларды жүзеге асыру жаңа кезеңдік өзгерістерге ұшырайды деп күтілуде. Бұл шешімнің беріктігін ҚКП басшылығының 14-ші бес жылдыққа және ұзақ мерзімге арналған жоспарынан айқын көре аламыз. Осының негізінде «сяокан қоғамын» құру Қытайдың замануи социалистік мемлекет құруына мықты материалдық іргетас қалағанын және сенімді кепілдік бергенін айта аламыз.

«Сяокан қоғамын» құру барысында Қытай өзіндік дискурс қалыптастырып, басқару мен ұлттық даму бойынша батыстық капиталистік қоғамнан мүлдем өзгеше жаңа нарративтің пайда болуына алып келді. Батыс елдері экономикалық даму мен халықтың өмір сапасының жоғарылауына екпін қойып отырғанымен, алдыға қойылған мақсаттар бір-бірінен оқшауланып келеді. Ал Қытай болса «сяокан қоғамы» концептісін жүзеге асыру арқылы қоғамның барлық салаларына басымдылықты бірдей дәрежеде беріп, барлық әлеуметтік салалардың көп қырлы дамуымен айналысуда. Осының арқасында Қытай тұрақты дамуды қамтамасыз етіп, халқының өмір сүру сапасын көтере алды.

«Сяокан қоғамы» - бұл қытайлық ерекшелігі бар социализмді құрудың маңызды жобасы. Қытайдың социалистік жүйесі үлкен институционалды артықшылықтарға ие екендігін көрсетті. Жалпыұлттық құрылым шеңберінде Қытай ірі жобаларды жүзеге асыру үшін бар күш-жігерін шоғырландырып, бар ресурстарын біріктіре алатындығын «сяокан қоғамына» жету арқылы дәлелдеп шықты. Партия бұл концептіге деген танымын тереңдей отырып, адамдардың жақсы өмірге деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін алдына жоғары мақсаттар қойды. Халық игілігі үшін ҚКП алда да бар күш-жігерін жұмсамақ.

Себебі ҚХР-да социалистік модернизация саясатын жүзеге асыру жалғасуда, ал бұл ҚХР басшылығы әлі де жаңа қиындықтарға тап болып, оны шешу жолдарын іздестіруге мәжбүр болатындығын білдіруде. Қытайда туындап отырған мәселелер мен оларды шешуде қолданып отырған жаңа әдістер қытайлық модернизацияның икемделгіш және жаңа жағдайларға тез бейімделгіш қасиетін көрсетуде.

Қытайда соңғы кезеңге дейін өз тәжірибесін әлемдік маңызды тәжірибе деп қарастырған емес. Қытайдың бірегейлігі оның өткен тарихымен байланысты деген көзқарас кең тараған болатын. Алайда модернизация үдерісінің сәтті нәтижелері қытайлық бірегейліктің сақталып қана қоймай, институционалдануына алып келді. Жаһандану елдерді байланыстырғанымен, олардың бірегейлігін жойған жоқ. Қытай сыртқы әлемнен үйреніп қана қойған жоқ, өзі де тәжірибесімен бөлісе алатын деңгейге көтерілді. Аймақтық және жеке міндеттерді орындай отырып Қытай әлемдік сахнада алдыңғы қатарлы орынды иемденіп, оның тәжірибесі жалпы өркениеттік маңыздылыққа ие болуда.

Қытай мен Қазақстандағы модернизация үдерісін салыстыра келе екі елде де экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизацияның толыққанды аяқталмағандығын аңғаруға болады. Алайда Қытай модернизацияның «қуып жетуші» түрінен бас тартып, «өзіндік негізде» дамуды таңдады. Қазақстаннан басты айырмашылығы, Қытай қоғамды модернизациялауда мықты идеялық-теориялық іргетасқа ие. Ал Қазақстан әлі да ізденіс үстінде. Біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси модернизациясының нәтижесі қандай көрініс берерін тереңінен зерттеуді қажет етеді.

Қазіргі төраға Си Цзиньпиннің жаңа «екі қадамды» даму стратегиялық жоспары Қытайдың болашақ дамуға деген бағыт-бағдары болып табылады. Дэн Сяопиннің «сяокан қоғамы» тұжырымдамасының Қытайдың дамуында тарихи және практикалық маңыздылығы жоғары болса, Си Цзиньпиннің жаңа тұжырымдамалары елдің дамуында жаңа кезеңнің бастамасын білдіруде. Қытайдың болашақ әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа кестесі мен жол карталары қалыптастырылуда. Бұл дегеніміз, Қытай өзінің ақтық мақсаты – ұлттық жандануға алдағы онжылдықтарда қол жеткізуі әбден мүмкін дегенді білдіреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Xi Jinping: Speech at the Congress to celebrate the 100th anniversary of the founding of the Communist Party of China [эл. ресурс] // Xinhuanet. July 15, 2021. URL: http://www.xinhuanet.com/politics/2021-07/15/c_1127658385.htm (қаралған күні: 10.01.2022)
2. 陈思 [Чэнь Си]. 邓小平“小康”目标的提出和内涵 [Дэн Сяопиннің «сяокан» мақсатының қойылуы және мазмұны] // 邓小平研究 [Дэн Сяопин зерттеулері]. – 2020. – Т.6. – С. 31-38
3. 马梦菲 [Ма Мэнфей]. 全面建成小康社会的理论逻辑, 历史逻辑与实践逻辑 [Жан-жақты сяокан қоғамын құрудың теориялық, тарихи және практикалық логикасы] // 理论与现代化 [Теория мен модернизация]. – 2020. – Т. 16-23
4. 姜体忠, 王彦波 [Цзян Тичжун, Ван Яньбо]. 从毛泽东的“大同”理想到邓小平的“小康” [Мао Цзэдунның «датун» идеалынан Дэн Сяопиннің «сяоканына» қарай] // 湖南师范大学社会科学学报 [Хунань педагогикалық университетінің қоғамдық ғылымдар журналы]. – 2007. – Т.2. – С. 41-45
5. 杜心灵, 赵彦云 [Ду Синьсинь, Чжао Яньюнь]. 小康社会的指标体系与综合评价 [Сяокан қоғамының көрсеткіштер жүйесі және жалпы бағалануы] // 统计与决策 []. – 2007. – Т.12. – С.61-64.
6. 肖贵清, 乔惠波 [Сяо Гуйцин, Цяо Хуэйбо]. 改革开放 40 年与小康社会建设 [Реформалардың 40 жылы және сяокан қоғамының құрылысы] // 探索 [Зерттеулер]. – 2018. Т.5. – С.14-22.
7. 蒲实, 黄文浩 [Пу Ши, Хуан Вэньхао]. 中国现代化进程中的小康社会: 历程、成就与经验 [Қытайдың модернизациясы барысындағы сяокан қоғамы: тарихы, жетістіктері мен тәжірибесі] // 行政管理改革 [Әкімшілік реформалар]. – 2020. – Т.9. – С. 30-38.
8. 虞崇胜 [Юй Чоншэн]. 美好社会: 接续与超越小康社会的新发展目标 [Керемет қоғам: сяокан қоғамын жалғастыруға және озып өтуге бағытталған дамудың жаңа мақсаттары]. // 理论与改革 [Теория мен Реформа]. – 2021. – №1. – С. 36-49
9. 胡鞍钢 (Ху Аньган). 2020 中国: 全面建成小康社会 [Қытай 2020: Жан-жақты сяокан қоғамының құрылуы].- 北京: 清华大学出版社 [Бейжин: Цинхуа университетінің баспасы], 2012. ISBN 978-7-302-29721-5
10. Hu A., Yan Y., Tang X., Liu S. 2050 China: Becoming a Great Modern Socialist Country. – Springer Nature, 2021.
11. Yi Z. From Building a “Xiaokang Society” to Building a “Modern Socialist Country in All Respects”, Social Sciences in China, – 2022. – Т. 43. – С.132-148.
12. 朱宪臣 [Чжу Сяньчэнь]. 从“总体”到“建成”: 小康社会思想的逻辑进路 [Жалпыдан құрылғанға қарай: сяокан қоғамы идеясының логикалық даму жолы] // 实事求是 [Шиши чиюши]. – 2014. – Т. 3. – С. 15-23

13. 史为磊 [Ши Вэйлей]. 中等收入阶层与小康社会 [Орта табысты топ және сяокан қоғамы] //中共中央党校学报 []. – 2013. – №. 2. – С. 73-76.
14. 杨长福,黄晓玲 [Ян Чанфу, Хуан Сяолин]. 中国共产党领导全面建成小康社会: 历程、经验及启示 [ҚКП-ның жан-жақты сяокан қоғамын құрудағы көшбасшылығы: тарихы, тәжірибесі және шабыты] // 重庆社会科学 [Чуньчин қоғамдық ғылымдары], – 2020. – Т. 11. – С. 30-46
15. 刘安琳 [Лю Аньлин]. 中国共产党领导全面建成小康社会的“理”与“路”[ҚКП-ның жан-жақты сяокан қоғамын құруды басқаруының «себебі» мен «жолы»] // 山东青年政治学院学报 [Шаньдун жастар саяси институтының хабаршысы]. – 2020. – Т. 6. – С. 7-11
16. Cai B. Official discourse of a ‘well-off society’: Constructing an economic state and political legitimacy //Discourses of cultural China in the globalizing age. – 2008. – Т. 1. – С. 13-26.
17. Бергер, Я. М. Экономическая стратегия Китая / Я. М. Бергер ; Российская академия наук, Институт Дальнего Востока РАН. – Москва : Издательство "Форум", 2009. – 560 с.
18. Борох О.Н. Чэнь Дайсунь и теоретические основания экономической реформы // Проблемы Дальнего Востока. – 2020. – №6. – С.74-90 DOI:10/31857/S013128120012838-2
19. Виноградов, А. В. Китайская модель модернизации: Поиски новой идентичности. – Москва: Научно-образовательный форум по международным отношениям, 2008. – 364 с.
20. Делюсин Л.П.. Реформы в Китае и марксизм // Восток. – 1992. – №5.
21. Титаренко М.Л. Китай: цивилизация и реформы. – Москва: Республика, 1999.
22. Лукьянов, А. Е. Институты Конфуция: планетарный философский дар // Философские науки. – 2019. – Т. 62, № 12. – С. 83-106.
23. Переломов Л.С. Конфуцианство и современный стратегический курс КНР. – Москва: Изд-во ЛКИ, 2007.
24. Переломов Л.С.. Конфуцианство в политической культуре стран дальневосточного региона// Культурное наследие в современной политической и социальной практике стран Дальнего Востока и Юго-Восточной Азии. Сборник статей. / Отв. ред. Б.Г. Доронин. – СПб.: СПбГУ, Восточный ф-т; Изд-во РХГА, 2011. — 203 с.
25. Переломов Л.С. Конфуций: Луньюй. – Москва: Восточная литература, 1998
26. Мартынов Д. Е. Конфуцианское учение и маоизм. – Казань: Изд-во Казанского государственного университета, 2006.
27. Смирнов Д. Особенности трансформации идейно-политической основы модернизации КНР в условиях перехода к рыночной экономике // Проблемы Дальнего Востока. – 2011. – №5. – С. 20-24.
28. Барский К. М. Что такое сяокан? // Восток. - 1992.- №5.- С. 44-51

29. Бальчиндоржиева О. Б. Среднезажиточное общество в КНР: основные этапы его строительства // Евразийство и мир. – 2018. – № 1. – С. 30-34. – DOI 10.18101/2306-630X-2018-1-30-34.
30. Никитюк В. А. Принцип «сяокан» в деятельности Дэн Сяопина: построение социализма с китайской спецификой. // Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2019. – № 4-1. – С. 22-25. – DOI 10.24411/2500-1000-2019-10698.
31. Войцехович А. А. Сяокан – социализм с китайским лицом // Международный научно-исследовательский журнал. – 2018. – № 1-3(67). – С. 36-40. – DOI 10.23670/IRJ.2018.67.029.
32. Островский, А. В. Китай становится экономической сверхдержавой. – Москва : Издательство МБА, 2020. – 496 с.
33. Островский А. В. КНР планы 13-й пятилетки: как построить общество «сяокан» к 2020 году // Азия и Африка сегодня. – 2016. – № 8(709). – С. 2-9.
34. Островский А.В. Долгосрочные цели Китая: исторический скачок к экономической мощи и обществу всеобщей зажиточности // Ориенталистика. – 2022. – 5(4). – С.805-821.
35. Селищев А. С. Экономическая терапия по-китайски (часть 6) // Проблемы современной экономики. – 2020. – № 2(74). – С. 216-222.
36. Пивоварова, Э. П. О некоторых трудностях на важнейшем этапе построения в Китае общества малого благоденствия «сяокан» // 13-я пятилетка (2016-2020 гг.) – важнейший этап построения в Китае общества малого благоденствия «сяокан», Москва, 01 апреля 2017 года / Отв.ред.А.В. Островский; сост.П.Б. Каменнов. – Москва: Федеральное государственное бюджетное учреждение науки Институт Дальнего Востока Российской академии наук, 2018. – С. 36-42.
37. Бони, Л. Д. Китайская деревня накануне 70-летия образования КНР (Решающая битва за сяокан) // Проблемы Дальнего Востока. – 2019. – № S5-1. – С. 73-86. – DOI 10.31857/S013128120007129-2.
38. Бони, Л. Д. Китай: модель адресной борьбы с бедностью // Экономика КНР в годы 13-й пятилетки (2016-2020) : Сборник статей / Составитель П.Б. Каменнов, отв. редактор А.В. Островский. – Москва : Федеральное государственное бюджетное учреждение науки Институт Дальнего Востока Российской академии наук, 2020. – С. 57-79
39. Наумов И.Н. Понятие «сяо кан» и проблемы подъема народного благосостояния // Проблемы Дальнего Востока. – 1997. – № 6
40. Pye, L.W. The Mandarin And The Cadre: China's Political Cultures. - Ann Arbor: Center For Chinese Studies, University Of Michigan, 1988.
41. Eisenstadt, S.N. Modernization: Protest and Change. - Englewood Cliffs, N.J.: Prentice-Hall, 1966.
42. Huntington S. P. Political order in changing societies. – Yale university press, 2006.
43. Inglehart R., Welzel C. Political culture and democracy //New directions in comparative politics. – Routledge, 2018. – С. 141-164.

44. Fairbank J.K. China: Tradition and Transformation.- World Affairs Press, 2002
45. Mühlhahn K. Making China Modern: From the Great Qing to Xi Jinping. – Harvard University Press, 2019.
46. Dessen A. National Socialism in China: Rejuvenating the Nation, Socialist Modernisation, and the Mistaken Comparison with Nazism // Monde chinois. – 2020. – №. 2. – С. 72-87.
47. Rošker J. S. Modern Confucianism and Chinese theories of modernization // Philosophy Compass. – 2015. – Т. 10. – №. 8. – С. 510-522.
48. Boer, R.. Socialism with Chinese Characteristics. - Springer Singapore, 2021
49. Smith C. A. et al. Datong and xiaokang //Afterlives of Chinese communism: Political concepts from Mao to Xi. – ANU Press, 2019.
50. Lietzow, R. Building a «Xiaokang Society» - China’s Poverty, Peasantry, Post-Socialism. Доступен по адресу:<http://www.sirjournal.org/op-ed/2019/6/25/building-a-xiaokang-societychinas-poverty-peasantry-post-socialism>
51. Алдабек Н.Ә., П.Е. Бектурганова, А.Е. Сериккалиева, Д. Дауен, М. Асыл. Модернизация Китая и Казахстан: монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2014 – 348 с.
52. Мұқаметханұлы Н. Батыс және Қытайдағы модернизация концепциясы жөнінде // Всемирная история и Казахстан в ХХІв.: материалы Респуб. науч.-теор.конф., посвященной 15-летнему юбилею кафедры истории древнего мира и средних веков (29 ноября 2006). – Алматы, 2007. – С.163-169
53. Дәуен Д.Б. Қытайды модернизациялау жолы: реформаторлар және революционерлер идеясы // Вестник КазНПУ, серия «Социологические и политические науки» - 2019.- №1(65)
54. Сериккалиева А.Е. Социально-экономическое развитие Китая. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 162 с.
55. Д.К.Жекенов. Қытай Халық Республикасы «төртінші буын» басшыларының сыртқы саясаты (2003-2013)» монография, - Алматы: Қазақ университеті, 2017. -182 б.
56. Zhekenov D., Jakubaeva S. Overview Of The Modern Chinese Science Through The Prism Of The “Chinese Dream” // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – 2020. - №3 (73). – 76-87 б.
57. Султанов, К. С. Реформы в Казахстане и Китае: Особенности сходства, различия, успехи, проблемы. - Астана : Елорда, 2000. - 472 с
58. Сыроежкин К.С. Китай ищет новую модель развития // ANALYTIC. – 2011. - №1. – С.12-25.
59. Бурханов К. Н., Булекбаев С. Б. Казахстанский путь в дилемме: Восток или Запад? - Астана : Елорда, 2010. - 336 с.
60. Китай в ХХІ веке: актуальные тенденции развития ключевых сфер жизни: Становление мирового лидера / под ред.А.С.Каукенова. – Т.1. – Алматы, 2008. – 234 с.
61. Амребаев А. 40 лет «реформ и открытости» в Китае: уроки для Казахстана. https://forbes.kz/process/expertise/40_let_reform_i_otkryitosti_v_kitae_uroki_dlya_kazahstana/

62. Еспаев С.С. Инновационная экономика Казахстана и Китая; опыт и перспективы. – Алматы, 2008. – 350 с.
63. 中国共产党重要会议纪事 (1921-2006) [ҚКП маңызды жиындарының тарихнамасы]. – 北京: 中央文献出版社 [Бейжин, Орталық әдеби баспа], 2006. – 1147 с.
64. 十三大以来重要文献选编 [Он үшінші съезден бері қабылданған маңызды құжаттардың таңдамалылары]. 北京: 人民出版社 [Бейжин: Халықтық баспа], 1993
65. XVIII съезд Коммунистической партии Китая (8–14 ноября 2012 г.). – Москва, 2012. – 312 с.
66. Документы XVII Всекитайского съезда КПК. – Пекин: Издательство литературы на иностранных языках, 2007
67. 中华人民共和国国民经济和社会发展第十四个五年规划和 2035 年远景目标纲要 [Долгосрочные целевые основные положения программы социально-экономического развития КНР на 14-ю пятилетку (2021-2025 гг.) и на 2035 г.] <https://www.ndrc.gov.cn> (дата обращения: 05.03.2022)
68. Мао Цзэдун. Избранные произведения. - Пекин, 1969. Т.4
69. Дэн Сяопин. Основные вопросы современного Китая. – Москва., 1988. – 188 с.
70. Дэн Сяопин. Избранное. В 3 т. – Пекин: Издательство иностранной литературы, 1994-1995.
71. 江泽民[Цзянь Цзэминь].全面建设小康社会, 开创中国特色社会主义事业新局面- 在中国共产党第十六次全国代表大会上的报告. [Жан-жақты сяокан қоғамын құру, қытайлық ерекшелігі бар социализм ісіне жаңа жағдай қалыптастыру – ҚКП-ның XVI жалпыұлттық съездінде жасалған баяндама]. 北京: 人民出版社 [Бейжин, Халықтық баспа], 2002.
72. Jintao H. Full text of Hu Jintao’s report at 17th Party Congress //Xinhua News. Consultado el. – 2012. – Т. 20. – С. 2007-10.
73. Си Цзиньпин. Добиться решающей победы в полном построении среднезажиточного общества, одержать великую победу социализма с китайской спецификой в новую эпоху. Полный текст доклада, с которым Си Цзиньпин выступил на 19-м съезде КПК. http://russian.news.cn/2017-11/03/c_136726299.htm 18қазан, 2017.
74. Xi J. Speech at the Meeting Marking the 95th Anniversary of the Founding of the Chinese Communist Party. Interpret: China, Original work published July 1, 2016, <https://interpret.csis.org/translations/speech-by-president-xi-jinping-at-a-ceremony-marking-the-95th-anniversary-of-the-founding-of-the-communist-party-of-china/>
75. 中国全面建成小康社会进程统计监测报告(2011) [Қытайда жан-жақты сяокан қоғамын құру процесінің статистикалық мониторингі туралы есеп] http://www.stats.gov.cn/ztc/ztfx/fxbg/201112/t20111219_16151.html
76. 中华人民共和国国务院新闻办公室[ҚХР Мемлекеттік кеңесінің ақпараттық басқармасы]. «中国的全面小康» 白皮书[«Қытайдың жан-жақты сяоканы» Ақ

- тысты кітап] <http://www.scio.gov.cn/zfbps/32832/Document/1713886/1713886.htm> (2021. 9. 28)
77. Национальное бюро статистики: Китайская статистическая аннотация. - Пекин: China Statistics Press, 2019
78. UNDP. "Human Development Reports 2020 China," <http://hdr.undp.org/sites/default/files/CountryProfiles/CHN.pdf>
79. World Happiness Report 2021 <https://worldhappiness.report/ed/2021/happiness-trust-and-deaths-under-covid-19/>
80. A Map of Inequality in Countries <https://blogs.imf.org/2019/11/06/a-map-of-inequality-in-countries/>
81. Suisse C. Global Wealth Report 2021. 2021. – 2021.
82. CAF: World Giving Index 2021 <https://www.cafonline.org/about-us/publications/2021-publications/caf-world-giving-index-2021>
83. Tsai W. From Tradition To Modernity: A Socio-Historical Interpretation On China's Struggle Toward Modernization Since The Mid-19th Century.// Occasional Papers/Reprint Series in Contemporary Asian Studies. - 1986. -№1 (72). – С.12-45
84. Хайлбронер Р. Философы от мира сего. Великие экономические мыслители: их жизнь, эпоха и идеи. - Москва: «Колибри», 2008.
85. Бальчиндоржиева О.Б., Жамьянов Э.Б. Утопия и утопические идеи в социальной реальности // Вестник Бурятского государственного университета. Философия. – 2019. - №2. – С.83-90
86. Современные теории социального благополучия/учеб.пособие. Изд-во: Академия естествознания. 2016
87. Федотова В.Г. Хорошее общество. – Москва: Прогресс-Традиция, 2005. – 544 с.
88. Федотова В.Г. Неклассические модернизации и альтернатива модернизационной теории // Вопросы философии. – 2002. - №12. – С.8
89. Inglehart R. Changing values, economic development and political change //International Social Science Journal. – 1995. – Т. 47. – С. 379-379.
90. Huntington S. The clash of Civilizations and the Remarking of World Order.- New York, 1996
91. Rostow, W. W.The process of economic growth, - Norton, New York, 1960.
92. Black, C.E. Comparative modernization: a reader. – The Free press, New York & London, 1976.
93. Sztompka, P. The sociology of social change. – Blackwell, Oxford, 1993.
94. Marx, K. The economic and philosophic manuscripts of 1844. – International Publications, New York, 1964.
95. Weber, M. The protestant ethic and the spirit of capitalism. – Charles Scibner's Sons, New York, 1958.
96. Weber M. Religion of China. – N.Y.: Free Press, 1968.
97. Алферов А.А. Несколько слов о том, что есть современность // Terra economicus. – 2011. – Т. 9, №3. – С. 82.

98. 鲁晓 [Лу Сяо]. 论中国早期的防御现代化 [Қытайдың қорғаныстық модернизациясын талдау] // 江海学刊 [Цзянхай ғылыми журналы]. – 1996. - № 6. – С. 113-118
99. Дун Чжэнху, Дун Юнпин и др. Революционная и модернизационная парадигмы новой и новейшей истории Китая в историографии КНР // Восточная и Южная Азия в современном мире (внутриполитические и внешние факторы развития). Реферативный сборник. – Москва: Изд-во Института научной информации по общественным наукам РАН, 2010. – С. 172.
100. Обзорный доклад о модернизации в мире и Китае (2001–2010). Гл. ред. Хэ Чуаньци. - Москва., 2011.
101. Castells M. Globalisation and Identity. A Comparative Perspective // Transfer. – 2006. – № 1 . С. 62–63
102. Мельников И.И. Выдающийся опыт КПК – достояние всего мира // Проблемы Дальнего Востока. – 2021. – №3. – С.7-12. DOI: 10.31857/S13128120015438-2
103. Hsu, I. C. The rise of modern China (fifth edition). – Oxford University Press, New York & Oxford. 1995. p. 569
104. Grasso, J., Corrin, J. & Kort, M. Modernization and revolution in China. – Allen & Unwin, Sydney. 1991
105. Романова Г.Н. Экономические реформы в Китае, их отличие от реформирования в России // Россия и АТР. – 2008. –№ 4. – С. 69 – 70
106. Как управляется Китай. Эволюция властных структур Китая в 80-90-е гг. XX в. – Москва: Издательство Института стран Дальнего Востока РАН, 2001.
107. A History Of Common Prosperity // <https://chinamediaproject.org/2021/08/27/a-history-of-common-prosperity/>
108. Асыл М. Б., Кольцов П. М., Мукаметханулы Н., Дауен Д. Б. От общества "сяокан" к обществу "всеобщей зажиточности": развитие политики Китайской Народной Республики по искоренению бедности // Oriental Studies. – 2022. – Т. 15, № 4. – С. 636-648.
109. Mühlhahn K. Making China Modern: From the Great Qing to Xi Jinping. – Harvard University Press, 2019. 503 p
110. Assyl M., Dauyen D. Historical significance and current state of the “xiaokang society” creation in the People’s Republic of China // Al-Farabi Kazakh National University. Journal of Oriental studies. – 2021. – Т. 98. – №. 3. – С. 112-119.
111. М.М.Ковалев, Лю Цэпин. Китай в XXI веке: обгоняющая модернизация. Монография. – Минск: Издательский центр БГУ, 2011 г.
112. Li T. The paradox of catching up: rethinking state-led economic development. – Palgrave Macmillan, Houndmills, 2005.
113. 诗经 . 大雅 . 民老 [Ши цзин. Үлкен орда жырлары. Халық қиналуда] https://shijing.5000yan.com/daya-shengminzhishi/minlao_8092.html
114. 礼 运 大 同 篇 [Лиюн. Датун туралы үзінді]. <https://baike.baidu.com/item/%E7%A4%BC%E8%BF%90%E5%A4%A7%E5%90%8C%E7%AF%87/1209270>

115. Лицзи. Глава Лиюнь («Действительность установлений») / пер. И.С. Лисевича// Древнекитайская философия. Собрание текстов в 2 т.– Москва: Мысль, 1973.– Т. 2.
116. 小 康 . 《 礼 记 》 片 段 [Сяокан. «Лицзиден» үзінді] https://baike.baidu.com/item/%E5%B0%8F%E5%BA%B7/10209192?fromModule=search-result_lemma-recommend
117. Китайские социальные утопии. / Отв.ред.Л.П.Делюсин, Л.Н.Борох. – Москва: Наука, 1987.
118. Assyl M.B. The role and place of the Confucian concept of “xiaokang” in China's contemporary development» // Uzbekistan-China: Development Of Historical, Cultural, Scientific And Economic Relations» Proceedings of the international scientific conference. – Ташкент: ТМШУ баспасы. – 2022. - Т.1. - 249-253 б.
119. 孟 子 [Мэн Цзы]. 尽 心 上 [Минсиньшан] <https://mengzi.5000yan.com/lhw/shang/197.html#:~:text=%E9%B8%A1%E3%80%81%E7%8B%97%E5%92%8C%E7%8C%AA%E7%9A%84,%E5%A5%94%E6%B3%A2%E4%BA%8E%E9%81%93%E8%B7%AF%E4%B8%8A%E4%BA%86%E3%80%82>
120. Лисевич И.С. Традиционная китайская культура // Культурология. – 2002. – № 3(22). – С. 61-65
121. 王处辉, 宣朝庆 [Ван Чу хуэй, Сюань Чаоцин]. 中国小康社会观论略 [Қытайдың сяокан қоғамы туралы түсінігіне кіріспе] //社会学研究 [Әлеуметтік зерттеулер]. – 2004. – 2. – С.35-41
122. 中国历史上的“小康论” [Қытай тарихындағы «сяокан» дискурсы]. <http://www.aqrc.net/index/dy/show/id/686.html>
123. Мэн, Ю. "Датунизм" как исток "социализма с китайской спецификой" (к актуальным аспектам политической теории Кан Ювэя) // Государственное и муниципальное управление. Ученые записки. – 2022. – № 2. – С. 295-303.
124. Лян Цзянь. Роль государства в процессе создания общества «сяокан» // Социология. – 2019. – №1. – С.232
125. Культурное наследие в современной политической и социальной практике стран Дальнего Востока и Юго-Восточной Азии. Сборник статей. / Отв. ред. Б.Г. Доронин. — СПб.: СПбГУ, Восточный ф-т; Изд-во РХГА, 2011.
126. Меликсетов А.В. Социально-экономическая политика Гоминьдана (1927–1949). – Москва, 1977
127. Мэн-цзы. – Санкт-Петербург: Изд-во Петербургское востоковедение, 1999.
128. Nolan P. China's Rural Areas: Building a Moderately Prosperous Society. – Routledge, 2017.
129. Xianchun X. The system of xiaokang indicators: A framework to measure China's progress //Presentation at The Third OECD World Forum Busan. – 2009.
130. Абрамова Н. А. Политическая культура Китая: традиции и современность: автореф. дисс. ... д-ра филос. наук / Н.А. Абрамова. - Улан-Удэ: Изд-во Бурятского государственного университета, 2003.
131. Сяокан: от утопии к реальности <https://history.institute/mirovyih-tsvilizatsiy-istoriya/syaokan-utopii-realnosti-102421.html>

132. Leung J. C. B. *Moving Toward Xiaokang in China // Social Development in Asia*. – Dordrecht : Springer Netherlands, 2000. – С. 11-22.
133. Асыл М.Б., Дәуен Д.Б. Сяокан қоғамын құру барысындағы кедейлікпен күрес: қытайлық тәжірибе // ҚазҰПУ Хабаршысы: тарихи және әлеуметтік-саяси ғылымдар сериясы – 2022. - №2 (73). - 111-122 б.
134. Чуванкова, В. В. Китай: роль малого и среднего бизнеса в построении общества "сяокан" // *Азия и Африка сегодня*. – 2018. – № 4(729). – С. 40-47
135. Schak D. *Encyclopaedia of Modern China*. - Queensland: Griffith University, 2009
136. Han Yulian, An Jin. *Research on the Fiscal Policy of Targeted Poverty Alleviation under the Background of Building a Well-off Society in an All-round Way // Journal of Inner Mongolia University of Finance and Economics*. - 2020. - №6. – С.117-120.
137. 我国将农民扶贫标准提高至人均纯收入 2300 元/年 [Китай повысил стандарт борьбы с бедностью для фермеров до уровня чистого дохода на душу населения в 2300 юаней в год.] <https://news.qq.com/a/20111129/001142.htm> (2011. 11. 29)
138. Xi J. *Speech at the National Poverty Alleviation Summary and Commendation Conference*. [Electronic resource]. URL:http://www.xinhuanet.com/politics/2021-02/25/c_1127138102.htm[in Chinese]
139. 张启良 [Чжан Цилян]. 全面小康背景下的农村贫困定义及脱贫标准 [Определение сельской бедности и критерии ее искоренения в контексте комплексного благосостояния] // *社会学研究* [Әлеуметтік зерттеулер].- 2021. – Т.6. – С. 32-37
140. Weatherley R. *Politics in China since 1949: Legitimizing authoritarian rule*. – Routledge, 2007. – Т. 11.
141. Heath J. 'Legitimation crisis' in the later work of Jürgen Habermas // *Philosophy and Social Criticism*. – 2009. – Т.8. – С.891-919
142. Bates R. *The Development Dilemma: Security, Prosperity, and a Return to History*. – Princeton University Press, 2018.
143. J. Heijster. *Imagining Modernization: The Symbolic Embrace of GDP in China // Chinese Political Science Review*. – 2020. – V.5. – 50–73 pp
144. Zhang W. W. *Ideology and Economic Reform Under Deng Xiaoping 1978-1993*. – Routledge, 2013.
145. Wallace A. F. C., Fogelson R. D. *Culture and personality // Biennial Review of Anthropology*. – 1961. – С. 42-78.
146. Crane George T. *Imagining the economic nation: Globalisation in China // New Political Economy*. – 1999. – V. 4(2). – С. 215-232
147. Schubert G. *One-party rule and the question of legitimacy in contemporary China: Preliminary thoughts on setting up a new research agenda // Journal of Contemporary China*. – 2008. – Т. 17. – №. 54. – С. 191-204.
148. Лэмpton Д. Система власти в Китае. Почему Пекину все труднее управлять страной. [Электронный ресурс] // Наименование ресурса: Информационный портал «Россия в глобальной политике». Режим доступа:

<http://globalaffairs.ru/number/Sistemavlasti-v-Kitae-16398> (Дата обращения 02.11.2014).

149. Chen F. Economic transition and political legitimacy in post-Mao China: Ideology and reform. – State University of New York Press, 1995.

150. Johnson C. Change in Communist Systems. – Stanford University Press, 1970.

151. Yong X. The Chinese road in the light of historical continuity //Social Sciences in China. – 2017. – Т. 38. – №. 2. – С. 5-20.

152. Fuzhan X. The theory and practice of completing a moderately prosperous society in all respects //Social Sciences in China. – 2021. – Т. 42. – №. 3. – С. 4-23.

153. Statista. China's share of global gross domestic product (GDP) 1980-2028
Доступен по адресу: <https://www.statista.com/statistics/270439/chinas-share-of-global-gross-domestic-product-gdp/>

154. Yeon W. et al. Moderately Prosperous Society in All Respects: An Economic Study of Chinese People's Quality of Life //KIEP Research Paper. – 2021. – 180 p.

155. World Bank, World Inequality Report Доступен по адресу: <https://wid.world/>

156. M. Huisman. After COVID-19, Can China Still Become 'Moderately Prosperous'? Reaching "xiaokang shehui" status is a crucial goal for the CCP. Is it still achievable? Доступен по адресу: <https://thediplomat.com/2020/06/after-covid-19-can-china-still-become-moderately-prosperous/>

157. China Family Panel Studies 2018 Доступен по адресу: <https://www.iss.pku.edu.cn/cfps/xgxw/cfpsdt/1346448.htm>

158. Кашин В. Б. и др. Китайские эксперты о новом пятилетнем плане КНР //М.: Высшая Школа Экономики. – 2021. 25 с.

159. Xi Jinping Presided over the Tenth Meeting of the Central Finance and Economics Committee // Xinhuanet. August 17, 2021.
URL:http://www.xinhuanet.com/politics/leaders/2021-08/17/c_1127770343.htm

160. 习近平 [Си Цзиньпин]. 扎实推动共同富裕 [Ортақ баюға берік түрде ықпал ету] Доступен по адресу: [.http://www.qstheory.cn/dukan/qs/2021-10/15/c_1127959365.htm](http://www.qstheory.cn/dukan/qs/2021-10/15/c_1127959365.htm)

161. Мұқаметханұлы Н. Біздің ұлттық саясатымыз өте әлсіз // Қазақ елі. – 2008. - №5/6. – 3 p.

162. Антипьев А.Г. Препятствие на пути модернизации «архаичного» российского общества // Вестник Пермского университета. – 2010. – Выпуск 3. – С.99-105

163. Сони́на Е.О. Концепт «модернизация» в политическом дискурсе России: проблема интерпретации // Вопросы управления. – 2013. – № 3 (24)

164. Штомпка П. Модернизация как социальное становление (10 тезисов по модернизации) // Экономические и социальные перемены: факты, тенденции, прогноз. – 2013. – № 6 (30). – С. 119-126